

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 811.512.1-112 (043.3)

Қолжазба құқығында

ОСПАНГАЗИЕВА НАЗГУЛЬ БАҚЫТОВНАНЫҢ

**Түркі тілдеріндегі фонологиялық айырым белгілерінің тарихи
негіздері**

«6D021300 – Лингвистика»

Филология докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
профессор, академик З.М. Базарбаева
(Алматы, Қазақстан)

Шетелдік ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
профессор Н.С. Новрузова
Баин славян университеті
(Баку, Азербайжан)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	5
1 ТҮРКІ (ҚАЗАҚ) ФОНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	13
1.1 Тіл біліміндегі фонема теориясының қалыптасуы мен зерттелуі.....	13
1.2 Тарихи фонологияның негізгі ұғымдары мен даму принциптері.....	25
1.3 Фонология мен морфонологияның өзара байланысы мен айырмашылығы.....	39
1-тарау бойынша тұжырым.....	49
2 ТҮРКІ ТІЛДЕРІ ФОНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕР ЖҮЙЕСІН ТАРИХИ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ.....	51
2.1 Түркі тілдерінің жіктелуінің негізгі ғылыми бағыттары мен теориялық көзқарастар.....	51
2.2 Түркі тілдері фонологиялық жүйесіндегі айырым белгілердің даму жолы.....	62
2.3 Фонемалардың бірөлшемді және көпөлшемді айырым белгілері.....	91
2-тарау бойынша тұжырым	88
3 ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ВОКАЛИЗМ МЕН КОНСОНАНТИЗМ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ.....	90
3.1 Түркі тілдеріндегі фонологиялық айырым белгілерінің тарихи өзгерістері.....	90
3.2 Түркі тілдеріндегі дауысты фонемалардың айырым белгілерінің дамуы мен қалыптасуы.....	97
3.3 Түркі тілдеріндегі дауыссыз фонемалардың айырым белгілерінің дамуы мен қалыптасуы.....	119
3-тарау бойынша тұжырым	141
ҚОРЫТЫНДЫ.....	143
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	147

АНЫҚТАМАЛАР

Фонетика (грек. *phone* дыбыс) – тілдің дыбыстық жүйесін, яғни жасалу жолдары мен естілуін зерттейтін тіл білімінің саласы.

Фонология (грек. *phone* дыбыс, *logos* ілім) – тіл дыбыстарын атқаратын қызметіне қарай зерттейтін тіл білімінің саласы. Сөз мағынасы мен тұлғасын ажыратуға себі бар тілдің кішкене дыбыстық көрінісі.

Тарихи фонетика – тілдің дыбыстық құрамы мен заңдылықтарының пайда болу, даму тарихын зерттейтін фонетиканың саласы.

Диахрония (грек. *dia* арқылы, *chronos* уақыт) – тіл жүйесінің тарихи дамуын тіл білімінің объектісі түрінде зерттейтін тіл білімінің саласы.

Вокализм (лат. *vocalus* дауысты) – тілдің белгілі бір даму жүйесіндегі дауысты дыбыстар жүйесі.

Консонантизм (лат. *consonantig* дауыссыз) – тек салдыр немесе салдыр мен үн қатысы арқылы жасалатын, буын құрай алмайтын дыбыстар.

Фонема (грек. *phonema* дыбыс) – сөздер мен морфемаларды бір-бірінен мағына және форма жағынан ажыратуға көмектесетін тілдің дыбыстық жүйесіндегі негізгі типтік бірлік, яғни дыбыс типі.

Морфема (грек. *morphe* форма) – ары қарай жіктелмейтін, ең кішкентай белгі ретінде танылатын негізгі тіл бірліктерінің бірі.

Морфонема (морфофонема) – морфонологияның ең кіші қарапайым бөлігі, морфеманы құрайтын ең шағын элемент.

Морфонология – әр түрлі морфемалардың фонологиялық құрылымын зерттейтін тіл білімінің саласы.

Синхрония (грек. *synchronos* бір мезгілдік) – тілдің тарихи дамуының белгілі бір кезеңдеріндегі қалпы.

Сингармонизм (грек. *syn* бірге, *harmonia* үндесу) – үндестік заңы. Бұл түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіндегі басты заң.

Комбинаторлық өзгерістер (лат. *combinare* қосу, тіркестіру) – сөйлеу кезінде дыбыстардың бір-біріне әсер етуінен пайда болатын фонетикалық өзгерістер.

Деривация (лат. *derivatio* жасалу) – бастапқы тіл бірліктерінің негізінде басқа тіл бірліктерін жасау процесі.

Ларингал (грек. *larynx* көмей) – көмей дасыссыз дыбыс.

Аллофон (аллафона) – фонеманың варианты, фонеманың сөйлеу үстінде кездесетін әр түрлі реңктері.

Сөйлеу аппараты – дыбысты жасауға қатысатын сөйлеу мүшелері (өкпе, кеңірдек, дауыс шымылдығы, көмей, ауыз қуысы, тамақ қуысы, мұрын қуысы, тіл, кішкене тіл немесе тілшік т.б.).

Сипаттамалы фонетика – тілдің өмір сүріп тұрған дәуіріндегі дыбыстық жүйесін қарастыратын фонетиканың саласы.

Архетип (грек. *architypon* түпкі форма, көне форма, прототип) – кейін туған формаларды туыс тілдердегі заңдылықтар сәйкестігі негізінде қайта жаңартатын салыстырмалы-тарихи тіл біліміндегі бастапқы тілдік форма.

Архифонема (грек. *archiphone* басқы фонема) – жұп дыбыстарға тән ортақ акустика-артикуляциялық қасиеттер.

Фонетикалық транскрипция – ауызша айтылған сөздің дыбысталуын неғұрлым дәл беру үшін қолданылатын жазу тәсілі.

Фонемалардың айырым белгілері – фонемаларды бір-бірінен ажырататын белгілер.

Фонемалардың негізгі белгілері – фонемалардың варианттарына ортақ, фонетикалық өзгерістерге ұшырамайтын негізгі белгілері.

Фонетикалық заңдар (дыбыстық заңдар) – тілдің дыбыстық материясының қызметі мен дамуының заңдылықтары.

Диахрониялық типология (грек. *dia* арқылы, *chronos* уақыт) – салыстырылатын тілдердің материалын ұқсастығына қарап емес, категориялды-мазмұндық құрылымы тұрғысынан зерттейтін типологиялық бағыт.

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақ тіл білімінің ғылым ретінде қалыптасып, дамып келе жатқанына бірнеше ғасырдан астам уақыт өткені белгілі. Осы кезең аралығында қазақ тіл білімінің түрлі бағыты дамып, жаңа білімдер жүйесімен толықты. Алайда қазақ тілінің тарихи тұрғыдан қарастырылуы кенжелеп қалды. Осыған байланысты қазақ тіл білімінің, оның ішінде фонетика саласының тарихи тұрғыдан қарастырылуы өзекті болып табылады. Тілдегі дыбыстардың қалай пайда болғанын және уақыт өте қалай өзгергенін тарихи тұрғыдан зерттемей тұрып, оның лексикалық ерекшелігін, грамматикалық ерекшелігін ғылыми түрде түсіндіру мүмкін емес. Осы тұрғыдан алғанда, түркі тілдерінің фонологиялық жүйесін, оның ішінде фонемалардың айырым белгілерін тарихи аспектіде зерттеу – тілдің құрылымдық жүйесін терең тануға мүмкіндік беретін маңызды бағыттардың бірі.

Түркі тіл білімінде дыбыстардың даму жүйесін тарихи аспектіде қарастыру С.Е. Малов, К.К. Юдахин, А.К. Боровков, И.И. Мещанинов, Н.А. Баскаков, И.И. Ильминский, М.А. Терентьев, В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, И. Лаптев, Н. Сазонтов, Г.В. Архангельский, Е.Д. Поливанов, В.В. Катаринский сияқты ғалымдардың зерттеулерінен бастау алады. Ал қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Т. Шонанұлы, Х. Досмұхамедұлы, Е. Омаров, Қ. Кемеңгерұлы және т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Жалпы тіл білімінде фонемаларды бір-бірінен ажырататын ерекшеліктерін дифференциалдық (лат. *differe*ns – ажырату) белгілері деп атайды. Ал қазақ тіл білімінде олар фонемалардың айырым белгілері деп аталып жүр. Сондықтан да біз өз зерттеуімізде қазақ тіліндегі фонемалардың айырым белгілерін қолданып, оны тарихи аспектіде қарастырамыз. Бұл – тілдің дыбыстық жүйесінің даму үдерісін терең түсінуге мүмкіндік беретін маңызды бағыт. Түркі тілдерінің көне дәуірден бүгінге дейінгі тарихи дамуында фонемалардың қызметі тұрақты түрде өзгеріп отырады. Бұл өзгерістердің нәтижесінде кейбір дыбыстардың айырым белгілері жойылды, ал кейбірінде керісінше, жаңа белгілер қалыптасты. Мұндай диахронды өзгерістерді зерттеу арқылы тілдегі фонемалық жүйенің эволюциясын, сонымен қатар морфонологиялық үдерістерді, дыбыс құбылыстарының рөлін анықтауға болады. Сондай-ақ түркі тіл білімінде өзінің даму барысында түрлі өзгерістерге түсіп, жаңарып отыратын фонеманың табиғатын, даму жолдарын анықтайтын дыбыстардың фонетика-фонологиялық құбылысын тарихи тұрғыда қарастырудың маңызы зор.

Айырым белгілер теориясы фонемаларды ажырататын ең кіші фонологиялық бірліктерді талдауға жол ашады. Бұл теорияны тарихи-диахронды аспектіде зерттеу түркі тілдерінің дыбыстық жүйесінде орын алған өзгерістерді ғылыми негізде сипаттауға мүмкіндік береді. Мәселен, түркі

тілдерінде бір кезеңде дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке, еріндік-езулік, ашық-қысаң, созылыңқы сияқты негізгі айырым белгісі қызмет етсе, тілдің даму барысында бұл белгілердің бірі өзгеруі мүмкін. Зерттеу барысында қазақ тілінің фонетикалық жүйесі де осы тұрғыда қарастырылады. Қазақ тіл білімінде фонетика саласы кеңінен зерттелгенімен, фонемалардың тарихи тұрғыдағы айырым белгілеріне жеткілікті назар аударылмаған. Сондықтан бұл жұмыста түркі тілдеріндегі жалпы заңдылықтарды негізге ала отырып, қазақ тіліндегі фонемалық жүйенің даму жолдары, оның ішінде дыбыстардың қандай айырым белгілерге ие болғаны және бұл белгілердің қандай өзгерістерге ұшырағаны тарихи тұрғыдан талданады. Осылайша, түркі тілдеріндегі айырым белгілердің тарихи эволюциясын зерттеу – тек фонологияның ғана мәселесі емес, жалпы тіл дамуын, морфологиялық құрылымды, синтаксистік жүйені және тілдер арасындағы типологиялық ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсіну үшін де маңызды. Бұл зерттеу қазіргі түркітану ғылымында өзекті болып табылады, себебі дауысты және дауыссыз дыбыстардың тарихи дамуы жеке бірілік ретінде қарастырылмайды, айырым белгілер кешенді түрде жан-жақты анықталады.

Нақты айтқанда, тарихи-фонологиялық зерттеулер түркі тілдеріндегі дыбыстық жүйелердің ұқсастығы мен айырмашылығын анықтауға, олардың даму барысындағы ішкі заңдылықтарды ашуға көмектеседі. Бұл, әсіресе, түркі тілдеріндегі фонеманың дыбыстық құрамын, қызметін және өзгеру механизмін салыстыра отырып сипаттау үшін маңызды. Айырым белгілердің функциясы, олардың дыбыстық құбылыстармен байланысы, дыбыстардың дистрибуциясы мен позициялық өзгерістері тілдің тарихи даму кезеңдерін саралауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұндай зерттеу фонеманың тарихи негізін, оның түркі тілдеріндегі өзара ерекшелігі мен ұқсастығын түсіндіруге жол ашады. Түркі фонологиясында фонеманың өзара ұқсастығы мен ерекшелігін анықтау арқылы айырым белгілердің тарихи тұрғыдан даму жолын көрсетуге болады. Сол сияқты Орхон-Енисей, Талас көне түркі жазба ескерткіштеріндегі таңбалардың айырым және ортақ белгілері де зерттеуді қажет етеді. Себебі түркі тілдерінің эволюциясына сәйкес салыстырмалы зерттеулер нәтижесінде байқалатын фонеманың ерекшелігін анықтау үшін тілдік деректер көне түркі жазба ескерткіштеріне сүйеніп қарастырылады. Сол себептен де дауысты, дауыссыз дыбыстардың түркі тілдеріндегі айырым белгілерін көрсету, айырмашылықтарын ажырату салыстырыла зерттелгенде ғана нәтижелі болады.

Түркі тілдерінің фонема құрамы әртүрлі болатыны белгілі. Өйткені туыстас тілдердің даму, өзгеру, қалыптасу заңдылықтары ортақ болғанымен, тілдің даму барысында олар бір-бірінен ерекшеленіп кетеді. Сондықтан түпнегізі бір тілдерді бір-бірінен ажыратып, жеке қарастыруға болмайды. Түркі тілдеріне тән дауыстылардың жуан-жіңішке болып үндесуі сонау түркі дәуірінен келе жатқан құбылыс. Көне жазба ескерткіштеріндегі сөздердің бірыңғай жуан, не жіңішке түбірлі болуы, әрі осыған орай қосымшаның да соңғы буынымен үндесіп жалғануы қазіргі түркі тілдерінде өз жалғасын тауып

отыр. Осымен байланысты жұмыста түркі тілдерінің ішінде ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт, қырғыз, өзбек, түрік тілдерінің фонема құрамы мен айырым белгісі қарастырылды.

Түркі тілдерінің дамуы сонау көне замандардан басталып, қалыптасу кезеңіне дейін бірнеше дәуірлерді бастан өткергендігі анық. Осы тұрғыдан келгенде, бұл зерттеу жұмысында түркі тектес халықтардың тілдерін салыстыру негізінде олардың өзіндік ерекшеліктерін анықтау көзделеді. Жұмыста аталған түркі тілдерінің фонема теориясы мен олардың тарихи даму жолы жан-жақты сараланып, тілдік жүйелердегі ортақ заңдылықтар мен ерекшеліктер айқындалады. Бұл өз кезегінде зерттеудің ғылыми-теориялық өзектілігін арттырып, түркі тіл біліміндегі фонологиялық мәселелерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Жұмыста аталған мәселелер **зерттеудің өзектілігін** көрсетеді. Сондай-ақ түркі тілдерінің өзіндік табиғатын тану үшін салыстырмалы-салғастырмалы әдістің маңызы зор. Себебі фонетикалық құбылыстардың сипаты бір тілдің дыбыстық жүйесін екінші тілмен салыстыру барысында ғана айқын көрініп, үшінші бір тілмен салғастырғанда олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары нақты анықталады. Тілдің дыбыс құрамын анықтап, оның дыбыс жүйесін сипаттап шығу тек айырым белгілер теориясы арқылы ғана орындалады десек, онда айырым белгілер теориясының түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі үшін де маңызы зор. Сол себепті де оны зерттеп, салыстыру бұл жұмыстың **өзектілігін** арттырады.

Қазақ тілінің фонетикалық жүйесі бірден фонологиялық сипатқа ие болмаған, ол тілдің даму кезеңіне сәйкес толығып, функциясы кеңейіп, фонемалық қызметке ие болған. Әр тілдің фонематикалық құрылымының өзгеруі – оның дыбыс жүйесінің үздіксіз дамуының нәтижесі болып табылады. Осымен байланысты тіл білімінің өзінің даму барысында түрлі өзгерістерге түсіп, жаңарып немесе қайта қалыптасып жататын дыбыстар табиғатының даму жолын анықтайтын тарихи зерттеулер аса қажет. Оның ішінде дыбыстар жүйесіндегі дауысты, дауыссыздарды диахрондық аспектіде қарастырудың мәні ерекше. Осыған байланысты фонетика-фонология құбылыстарының нәтижелерімен бірге байырғы дыбыс жүйелерінің дамуына себеп болған механизмдер де тарихи факторлар арқылы анықтауды қажет етіп отыр. Зерттеу жұмысымызда қазақ тілінің дыбыс жүйесі түркі тілдерінің (ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт, қырғыз, өзбек, түрік) дыбыстарымен өзара салыстырылады. Түркі тілдеріндегі фонемаларды өзара бір-бірімен салыстыру фонологиялық деңгейде жүреді, яғни айырым белгілерінің тарихи негіздері анықталады және оған фонологиялық тұрғыдан талдау жасалып, сипаттама беріледі.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың басты **мақсаты** – түркі тілдеріндегі айырым белгілердің дамуын, тарихи өзгерісін анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін мынадай **міндеттер** қойылды:

– тіл біліміндегі фонема теориясының қалыптасу тарихын, негізгі зерттеу бағыттарын және фонология ғылымының даму үдерісіндегі теориялық-методологиялық негіздерін сипаттау;

– фонемалардың қызметі мен олардың тілдік жүйедегі орнына қатысты ғылыми тұжырымдарды жүйелеу;

– түркі тілдеріндегі фонологиялық айырым белгілерінің қазіргі қалпы мен олардың тарихи даму жолдарын, кезеңдерін сипаттау;

– фонемалардың бірөлшемді және көпөлшемді айырым белгілерін анықтау арқылы олардың вокализм мен консонантизм жүйелеріндегі қалпын сипаттау;

– түркі тілдеріндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың айырым белгілерін салыстырмалы-салғастырмалы әдіс арқылы зерттеп, олардың тарихи өзгерісін, типологиялық ұқсастығы мен айырмашылығын көрсету;

– түркі тілдеріне (қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, қырғыз, өзбек, түрік және қарашай-балқар т.б.) тән универсалды фонологизация құбылыстарының механизмін ашып, айырым белгілердің фонологиялық қызметін көрсету.

Зерттеудің нысаны. Түркі тілдеріндегі вокализм мен консонантизм жүйелерінің эволюциясы.

Зерттеу жұмысының пәні. Түркі тілдеріндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың фонологиялық айырым белгілерінің дамуы мен қалыптасуы.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы.

1 Жұмыста фонемалардың айырым белгілер теориясы түркі тілдерінің ғылыми және тілдік деректері негізінде алғаш рет диахронды аспектіде қарастырылды.

2 Фонемалардың тарихи кезеңдердегі позициялық өзгерістері негізінде фонологизацияланған түрлері анықталып, қазақ тілінің фонологиялық жүйесінің эволюциясы айқындалды. Фонемалардың айырым белгілері тілдің дамуына сәйкес мағынаны ажырату қасиетіне ие болатыны анықталды.

3 Бірөлшемді және көпөлшемді айырым белгілердің еліктеуіш сөздерден келуі қазақ тіл білімінде бірінші рет дәлелденді.

4 Позицияға байланысты фонема аллофондарының жеке фонемаға ауысуы зерттеліп, айырым белгілердің дамуының негізінде фонеманың фонематикалық мәнге ие болғаны көрсетілді.

5 Түркі тілдеріндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың ерекшелігі мен ұқсастығын салыстыру негізінде көне түркі тіліндегі айырым белгілердің өзгеру процесі айқындалды.

6 Қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, қырғыз, өзбек, түрік және қарашай-балқар т.б. түркі тілдеріндегі фонемалар ретроспекция арқылы салыстыра қарастырылып, олардың қызметі мен заңдылықтары, айырым белгілердің ерекшеліктері сипатталды.

Жұмыстың теориялық құндылығы. Еңбектің теориялық маңызы – қазақ фонологиясының айырым белгілер теориясына, қарама-қарсы, инвариант-

вариант теориясына акустика-артикуляциялық сипаттама мен салыстырмалы-типологиялық ізденістерге қосылған елеулі үлес болып табылады.

Зерттеудің теориялық маңызы – қазақ фонологиясын зерттеуде айырым белгілер теориясына, инвариант-вариант-вариация теориясына, сондай-ақ акустика-артикуляциялық сипаттама мен салыстырмалы-типологиялық бағыттағы ізденістерге елеулі үлес қосады. Зерттеу нәтижелері түркі тілдеріндегі фонемалардың қызметін, құрамын анықтап, салыстырмалы және тарихи фонетикаға өзіндік үлес қосады.

Қазіргі түркі тілдерінің үлкен бір бұтағын құрайтын қыпшақ, қарлұқ, оғыз тобындағы тілдер мен көне түркі дәуіріндегі жазба ескерткіштер тілін вокализм, консонантизм тұрғысынан зерделеу тарихи фонетика, диахрондық фонология, тарихи грамматика, лексикология, этимология проблемаларымен айналысуға жол ашады. Сондай-ақ, қазақ тілінің салыстырмалы және салғастырмалы тіл білімінің дамуына да ықпал етеді.

Жұмыстың практикалық құндылығы. Жұмыста алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарында түркітануға кіріспе, көне түркі тілі, түркі тілінің салыстырмалы фонетикасы мен грамматикасы, қазақ тілінің тарихи грамматикасы пәндері бойынша дәріс оқуда және тарихи фонетикадан студенттерге бағдарлама мен силлабус дайындауда пайдалануға болады.

Сонымен қатар түркі тілдері бойынша оқылатын арнаулы курстарда, «Тарихи грамматика», «Тіл тарихы», «Тарихи фонология», «Түркі тілдерінің фонологиясы» пәнінен дәріс оқу барысында, оқу құралдары мен тарихи-салыстырмалы сөздік құрастыруда т.б. пайдалануға болады.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи, салғастырмалы, типологиялық, ретроспекция мен реконструкция әдістері қолданылады. Сондай-ақ жұмыста фонематикалық талдау, компоненттік талдау, тілдің фонологиялық жүйесінің синхрондық кесігін талдау сияқты фонологиялық зерттеулер жүргізілді. Сонымен бірге ішінара қазіргі тілдік деректерді диахрондық және синхронды аспектіде зерттеу үшін фонемаларға акустика-артикуляторлық талдау жасалды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар.

– Тарихи фонетика мен тарихи фонологияның айырмашылығы, олардың зерттеу нысаны мен әдіснамалық негіздері жүйелі түрде сараланды. Тарихи фонетика жеке дыбыстардың эволюциясын, олардың артикуляциялық-акустикалық өзгерістерін сипаттауға бағытталса, тарихи фонология тілдің фонологиялық жүйесіндегі оппозициялар, айырым белгілер және олардың дамуын қарастырады. Осымен байланысты фонемалардың және оның айырым белгісінің тарихи өзгерісі диахрондық фонология тұрғысынан алғаш рет қарастырылды. Бұл тарихи фонологияның теориялық аясын кеңейтіп, фонологиялық айырым белгілердің қалыптасуын анықтауға мүмкіндік береді.

– Диахрондық фонология тұрғысынан келгенде қатаң дауыссыздардың бастапқы екені анықталды. Көне түркі жазбаларындағы қатаң <к>, <к>

дыбыстарының барлық позицияда жиі қолданылуы олардың прототиптік сипатын дәлелдейді, ал <т> → <д>, <қ> → <ғ> тәрізді өзгерістер қатаңдардың кейінгі ұяңдану позициясын көрсетеді. Ататүркі тілінде ұяң-қатаң оппозицияның болмағанын, оның кейін қатаң дыбыстардың позициялық ұяңдануы нәтижесінде қалыптасқанын ғылыми деректерден көруге болады. Жазба ескерткіштер мәтіндерінде сөз ортасында қатаң <т>, <қ> дыбыстарының ұяң <д>, <ғ> орнына жиі қолданылуы қатаңдардың бастапқы фонетикалық негіз болғанын дәлелдейді. Бұл ұяң айырым белгісіне қарағанда, қатаң айырым белгісінің бастапқы екенін көрсетеді.

– Тарихи фонология негізінде жуан айырым белгісінің бастапқы екенін кейбір дауыстылардың сөздің барлық позициясында жиі қолданысынан және қазіргі түркі тілдерінің тілдік деректерінен байқауға болады. Айталық, а фонемасы барлық түркі тілдерінде кездеседі және көне түркі жазба деректерінде осымен байланысты тілдік деректер сақталған. Бұл а фонемасының бастапқы екенін дәлелдейді. Сондай-ақ қыпшақ тілдерінің көпшілігінде е дауыстысы өзгеріссіз барлық позицияда қолданылса, қыпшақ-бұлғар тармағындағы татар мен башқұрт тілдерінде оның қысқандануы (е > і) вокализм жүйесінің редукциялық өзгерістерге ұшырағанын дәлелдейді. Ашық тіл арты о және тіл алды ө фонемалары қыпшақ-ноғай және қыпшақ тілдерінің көпшілігінде тұрақты сақталып, тек қыпшақ-бұлғар тілдерінде қысқандану нәтижесінде ө → ү ауысуы байқалады. Көне қыпшақ тіліндегі у – і қысандарының жуан-жіңішке болып жіктелуі қазақ тілінде де сақталып, дыбыстардың мағына айқындау қызметін (мысалы, *tys – tis*) жалғастырып отырғаны көрсетілді. Тарихи фонология тұрғысынан келгенде ä дауыстысының көне түркі кезеңінде а дыбысының реңкі ретінде қолданылғанын, кейінгі дәуірде дербес фонемаға айналғанын байқауға болады, бұл вокализм жүйесіндегі жуан-жіңішке айырым белгісінің тарихи даму жолын көрсетеді.

– Фонемалардың бірөлшемді және көпөлшемді айырым белгілері ғылыми тұрғыдан анықталды. Бірөлшемді белгілер фонеманың бір ғана артикуляциялық параметрімен анықталса, көпөлшемді белгілер екі не одан да көп параметрдің қатысуымен жасалатыны дәйекті түрде берілді. Түркі тілдерінде дауыстылардың негізінен бірөлшемді оппозициялар арқылы (жуан-жіңішке, ашық-қысаң, еріндік-езулік) айқындалатыны, ал дауыссыздар жүйесінің көпөлшемді белгілерге (жасалу орны, тәсілі, қатаң-ұяң, үндіге) сүйенетіні көрсетілді.

Зерттеудің дереккөздері. Диссертациялық жұмыстың дереккөздері ретінде Древнетюркский словарь (1969), Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков (1988), Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков (2001) пайдаланылды. Түркі тілдерінің тарихына қатысты іргелі зерттеу еңбектері мен ғылыми жарияланымдардан, мәліметтер алынды. Сондай-ақ дыбыстардың тарихына қатысты зерттелген диссертациялық жұмыстар дереккөз ретінде пайдаланылды.

Жұмыстың әдістанымдық негізі. Зерттеу жұмысын жазу барысында түркі тілдерін зерттеушілері А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, Н.К. Дмитриев, Э. Севортян, Э.Р. Тенишев, А.В. Дыбо қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, І. Кеңесбаев, К. Аханов, М.Т. Томанов, Ә. Құрысжанов, Ж. Аралбаев, Ә. Қайдаров, Ә. Ибатов, С. Исаев, Ә. Жүнісбек, Б. Сағындықұлы, Б. Қалиев, З. Базарбаева, Ж. Түймебаев, Г. Сағидолда, М. Ескеева, Р. Авакова, М. Сабыр, А. Фазылжан, Ж. Жұмабаева т.б. ғалымдар мен зерттеушілердің ғылыми еңбектері мен мақалалары қарастырылып, басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысының жариялануы. Зерттеудің негізгі нәтижелері шетелдік және отандық журналдарда 11 ғылыми мақала түрінде жарияланды. Оның ішінде Scopus дерекқорында индекстелетін журналда 2 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (ҒЖБССҚК) басылымдар тізбесінде енгізілген журналдарда 5 мақала және халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинақтарында 4 мақала жарияланды.

1. Syllable Theory and Diachronic Phonology: Vocalism and Consonantism in Turkic Languages // Eurasian Journal of Applied Linguistics 10 (1) (2024) 50-59 pp, 2024 (Scopus).

<https://ejal.info/menuscript/index.php/ejal/article/view/685/224>

2. The historical change of the vowels a/ə/e in turkic languages. // Theory and Practice in Language Studies, Vol. 14, No. 7, pp. 2037-2045, July 2024 (Scopus).

<https://tpls.academypublication.com/index.php/tpls/article/view/8427>

3. Түркі (қыпшақ) тілдеріндегі қысаң дауыстыларының тарихи негіздері // А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының TILTANYM журналы. (93) 2024 №1 34-43 бб.

4. Қазақ тіліндегі дыбыстық құбылыстар // А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының TILTANYM журналы. №4. Алматы, 2015 ж. 109-117 бб.

5. Қазақ тіліндегі дыбыстық құбылыстар мен морфонологиялық құбылыстардың сипаты // ҚазҰПУ хабаршысы. Филология сериясы. №3. Алматы, 2016 ж. 79-83 бб.

6. Қазақ тіліндегі дыбыстардың фонологиясы // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. 2017 ж. №1. 92-95 бб.

7. Дифференциалды белгілер немесе айырым белгілердің фонологиялық - абстрактілік ерекшеліктері // Наука и жизнь Казахстана. Филология сериясы. №3. Астана, 2018 ж. 257-260 бб.

8. Қазақ тіліндегі фонологиялық құбылыстар // Академик Ә. Айтбайұлының 80 жасқа толуына орай ұйымдастырылған «Академик Ә. Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалы. Алматы, 2016 ж. 161-166 бб.

9. Жалпы тіл біліміндегі сөйленім синтезінің зерттелуі // Сборник материалов Международной научно-практической конференции:

«Коммуникативное пространство полиэтнического общества: проблемы информационной безопасности». Алматы, 2016 ж. 28-33 бб.

10. Развитие и становление дифференциальных признаков фонем в казахском языке // XXV Международной научной конференции «Дмитриевские чтения», посвященной памяти Дмитрия Михайловича Насилова. 6 октября 2017 года, Москва. С. 466-473.

11. History of phonology of the Turkic-speaking people // Международная научная конференция 15-220 – апреля, СОФИЯ., 2017. С. 21-25.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан тұрады. Жұмыс соңында пайдаланылған әдебиет тізімі берілді.

1 ТҮРКІ (ҚАЗАҚ) ФОНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Тіл біліміндегі фонема теориясының қалыптасуы мен зерттелуі

Фонема қазіргі теориялық тіл білімінің негізгі ұғымдарының бірі. Фонема – гректің (phone) дыбыс деген сөзінен шыққан. Лингвистикада бұл термин – дыбыстық тілдің ең қысқа единицасы деген мағынада қолданылады. Фонема – әртүрлі сөз не морфеманың дыбыстық типін анықтаушы бірлік. Сондай-ақ ол морфеманың дыбыстық жамылғышын, айтылуын айқындайды. Нақтырақ айтқанда, фонема – дыбыстың айырымдық белгісін анықтайтын, сөз жасаушы қызмет атқаратын мағыналы бірлік әрі сөз жасаушы дыбыстар типінің жиынтығы болып табылады.

Жалпы тіл білімінде фонема теориясы туралы алғаш рет француз тілшілері Дефрише-Десигне, Л. Хаве сөз етеді. Ал орыс тіл білімінде бұл мәселе ХІХ ғасырдан бастап Фердинанд де Соссюр мен Бодуэн де Куртенэ еңбектерінде сөз болып, кейін сол кезеңдегі түрлі фонологиялық мектептердің зерттеулерімен жалғасын тапты. Олар Прага структурализм мектебі: Н.С. Трубецкой, Р. Якобсон; Француз фонологиялық мектебі: В. Малмберг, А. Мартине; Ағылшын фонологиялық мектебі: Д. Джоунз, Н. Суит; Америка фонологиялық мектебі: Л. Бумфилд, М.М. Суодеш; Копенгаген фонологиялық мектебі: Л. Ельмслев т.б.

Осы аталған мектептердің ғылыми тұжырымдарымен фонема теориясы қалыптасып, фонология саласының негізі қаланды. Демек, фонема ұғымы ХІХ ғасырдың аяғында пайда болып, ХХ ғасырдың 20 – жылдарынан бері қарай тіл білімінде жаңа сала ретінде қалыптасты. Осы аталған мектептердің ықпалымен фонема теориясы қалыптасып, фонология саласының негізі қаланды. Бұл мәселені әр мектептің өкілдері өз тұжырымдарына сүйене отырып, жеке қарастырды. Яғни олар фонеманы дыбыстан бөліп алып, оның функционалдық жағын зерттеуге баса мән берді. Соның нәтижесінде «дыбыс – тек физикалық құбылыс қана емес, сонымен бірге тілдің мағыналық қызметін атқаратын функционалды элемент, сондықтан ол функционалды тұрғыдан қарастырылуы тиіс» деген көзқарас қалыптасып, ғалымдар арасындағы пікірталастардан фонология ғылымы бой көтерді.

Фонема теориясы қалыптасқанға дейін тілтаным ғылымы бірнеше даму кезеңдерінен өтті. Уақыт өте келе «фонема» термині мен оның ұғымы қазіргі фонологияда қарастырылып, әрі ғылыми тұжырымдардың негізінде оның әріп пен дыбысқа толық сәйкес келмейтіні белгілі болды. Фонема туралы әртүрлі көзқарастардың негізінде тіл мен сөйлеу, парадигматика мен синтагматика, тілдік функция, дискреттілік, қарама-қарсылық, оппозиция сияқты жалпы тіл білімінің эксплициттік және имплициттік ұғымдары жатыр. Сол сияқты көптеген ғалымдар фонеманы дыбыс және материалдық-субстантты бірлік ретінде таниды, бірақ фонема дыбыстан функционалды қасиетімен

ерекшеленеді. Себебі фонология дыбыстық бірліктердің функционалды жағын қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, фонема мен дыбыс өзара функционалды жағынан ажыратылады: дыбыс – нақты айтылған, физикалық тұрғыда естілетін тілдік элемент, ал фонема – абстрактілі және функционалды бірлік. Фонема лингвистикалық бірлік ретінде парадигматика деңгейінде жүзеге асады, ал дыбыс сөз ағымында синтагматикалық деңгейде қарастырылады. Фонемалар өзара ішкі байланыстары арқылы парадигматикада көптеген оппозиция мүшелері ретінде біртұтас жүйе құрайды. Ал дыбыстар тек бір фонеманың әртүрлі айтылуы (аллофондары) ретінде көрініп, мұндай жүйе құра алмайды. Шағын бірліктердің сөз мағынасын түрлендіруі мен сөз өзгерту қызметі тіл білімінің функционалдық бағытының дамуына өз үлесін қосты. Фонемалардың үйлесуі мен реттелуі буынның құрылымдық ерекшеліктеріне, сөздің басы мен аяғының дыбысталу заңдылықтарына және әр тілге тән өзіндік факторларға байланысты.

Фонемалардың бір-бірімен тіркесуі сөз бен морфемалардың құрамында қарастырылады, сондықтан фонема дистрибуциясын зерттеу барысында оның қай позицияда кездесетіні, қандай фонемалардың өзара үйлесетіні, сондай-ақ олардың орын тәртібі мен санына тәуелділігі айқындалады. Осыған орай фонеманың іске асуына байланысты басым қызмет атқаратын және әлсіз дистрибуциялық түрлері анықталады, ал фонемалардың бір-бірімен үйлесуі сапасы мен саны жағынан әртүрлі болып келеді. Фонеманың осындай дистрибуциялық ерекшеліктерін айқындау оның табиғатын түсіндіруде шешуші рөл атқарады. Осыған байланысты фонема мен фонетиканың арақатынасы туралы түрлі таластар туындады. «Фонема мен дыбыс – әртүрлі құбылыстар. Дыбыс – сөйлеу мүшелері арқылы жасалып, ауа толқынының тербелісі түрінде естілетін, тілдің ең кіші бірлігі. Ал фонема – сөздің мағынасын ажырататын ең кіші бірлік. Фонеманың функционалдық жағын қарастыратын фонология – материалистік бағыттағы жаңа тіл ғылымының нәтижесі. Алайда буржуазиялық лингвистер фонема мен фонология терминіне айрықша мән беріп, фонеманы тек акустикалық жағынан ерекшеленетін дыбыс ретінде түсіндіреді. Олар Ф. Соссюрдың ізімен фонеманы акустика-биологиялық тұрғыдан дыбыс деп танып, оның әлеуметтік функциясын ескермей бөлек қарастырады.

Бодуэн де Куртенэ фонеманы морфеманың құрамында қарастырудың қажеттілігін айтады. Фонемалардың лингвистикалық мәнділігін морфеманың компоненті ретінде таниды. Ол фонеманы «тіл дыбыстарының психикалық эквиваленті» деп санайды [1]. Бодуэн де Куртенэнің теориясы фонологияның дамуына әсер етті және көптеген фонемаға берілген концепциялар ғалымның идеясын басшылыққа алды. Бодуэн де Куртенэнің фонема туралы ілімін оның шәкірті, академик Л.В. Щерба әрі қарай дамытты. Ол: «Сөзді және сөздің тұлғасын ажырататын дыбыс типі бар. Дыбыстың айтылу түрлері көп әрі шексіз, бірақ олар өзара орайласып, бір дыбыс типін құрайды. Біз оны фонема

деп түсінеміз», – деп, фонема жөніндегі теорияны қалыптастырды. Л.В. Щерба фонологияның мәні, фонеманың варианттары туралы былай дейді: «Фонемалар тілде дербес қолданылмайды, олар тек сөз құрамында ғана қызмет етеді. Сөз дыбыстардың тіркесінен құралады. Ал сөз ішінде фонема түрлі фонетикалық жағдайға, сөздегі орнына және екпіннің жайына қарай әртүрлі айтылуы мүмкін» [2, б. 270].

Бодуэн де Куртенэ мен Л.В. Щербаның фонема туралы ілімі Н.С. Трубецкой жетекшілік еткен Прага лингвистикалық мектепке өз әсерін тигізді. Осы аталған ғалымдардың пікірінше, «Берілген тіл тұрғысынан бірінен соң бірі қысқа фонологиялық електен ыдырауға болмайтын фонологиялық бірліктер фонемалар деп аталады» [1, б. 71]. Демек, фонемалар – белгілі бір тізбектер арқылы сөздерді құрайтын тілдің ең кіші фонологиялық бірлігі. Сондай-ақ Н.С. Трубецкойдың түсіндіруінше, фонологияда фонема негізге алынғаннан гөрі, мағына ажыратушы оппозиция басты қызмет атқару керек дейді. Ғалым «Основы фонологии» атты еңбегінде фонемалардың тіркесу ерекшеліктерін зерттей отырып, үш негізгі мәселені айрықша атап өтеді. Біріншіден, фонемалар жалпы алғанда әртүрлі позицияда тіркесе алады. Екіншіден, осы позицияларда тіркесетін фонемалардың белгілі бір жүйеде орналасуы қарастырылады. Үшіншіден, әртүрлі позицияда кездесетін фонемалардың саны анықталады [3].

Москва фонологиялық мектебінің негізін қалаушы А.А. Реформатский өз фонологиялық тұжырымында тіл табиғатын жіктеуде «тілді әлеуметтік және табиғи құбылыс, материя мен форма деп екіге бөліп қарастыруға болмайды» – деп атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, фонологияны зерттеу барысында тілдің біртұтастығы мен тұтастай жүйесін, сондай-ақ оның фонетика, грамматика және лексикадан тұратын құрылымдық ерекшеліктерін ескеру қажет [4].

Осы күнгі фонологиялық еңбектерде Р.И. Аванесов, П.К. Кузнецов, В.Н. Сидоров тіл дыбысының функциялық жағына мән береді де, оның акустика-артикуляциялық жағын ескермейді. Р.И. Аванесов пен В.Н. Сидоров «Очерк грамматики русского литературного языка» деген еңбегінде фонема модификациясының екі түрін көрсетеді, бірі – вариациялар, екіншісі – варианттар. Олар фонеманың комбинаторлық варианттарын вариациялар деп, ал фонеманың комбинаторлық алмасуын варианттар деп қарайды [5]. Дәл осы пікірді И.А. Батмановтың «Фонетическая система современного киргизского литературного языка» – деген еңбегінен де көруге болады [6].

Аталған ғалымдардың фонемаға қатысты тұжырымдарын бірнеше бағыттар негізінде қарастыруға болады. Осыған байланысты З. Кобалаева фонема теорияларын бірнеше топқа төмендегідей жіктейді [7]. Олар:

- Психологиялық теория: И.А. Бодуэн де Куртенэ, Л.В. Щерба, Э. Сепир;
- Физикалық теория: Д. Джоунз;
- Америкалық дескриптивистер: Л.В. Щерба және Ленинград мектебі;

- Функционалдық теория: Н.С. Трубецкой;
- Морфематикалық теория: А.А. Реформатский [4, б. 22].

Қазақ тіліндегі фонология теориясын Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Құдайберген Жұбанов және басқа да ғалымдар ХХ ғасырдың басында сөз еткен. Қазақ жазуын қалыптастыру мақсатында ХХ ғасырдың 1920 – 1930 жылдары еңбек еткен қазақ зиялыларының еңбектері бүгінгі қазақ тіл білімінің дамуы үшін айрықша маңызға ие [7, б. 23-32].

Фонема теориясы тек Еуропа ғалымдарының назарында ғана емес, қазақ, түркі тілдері ғалымдарының да зерттеуіне айналды. Қазақ тіл біліміндегі алғашқы зерттеулер А. Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алады. Ол қазақ тілінің фонетикалық жүйесін алғаш рет жан-жақты қарастырып, оның негізгі мәселелерін арнаулы жүйеге түсірді. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін ғалым фонология тұрғысынан қарастырып, фонемаларды әріпке байланыстыра зерттеген. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне қатысты фонологиялық көзқарас ғалымның өзі жасаған әліпби жүйесінен айқын көрінеді. Ол өз еңбектерінде қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар екенін көрсетіп, оларды дауыстылар, дауыссыздар және жарты дауыстылар деп жіктейді. Зерттеушінің пікірінше, қазақ тілінде бес дауысты дыбыс бар: *а, о, ұ, ы, е*. Он жеті дауыссыз дыбысқа *б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, г, к, қ, ғ, ң, л, м, н* жатады. Сонымен қатар ол *шолақ у* мен *шолақ й*-ді жарты дауысты дыбыстар ретінде бөліп көрсетеді. Бұл жіктеу қазақ тіліндегі дыбыстардың фонологиялық табиғатын айқындап, олардың әліпбилік және жүйелік сипатта танылуына негіз болғанын көрсетеді [8].

Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыстық жүйесі 24 инвариант фонемадан тұрады деген тұжырым жасағанын байқауға болады. Бұл арқылы ғалымның қазақ тіл білімінде әрі жалпы түркітану ғылымында алғашқылардың бірі болып фонемалардың инварианттары мен варианттарын ажыратып көрсеткенін көреміз. Ол өзінің «Тіл-құрал» атты еңбегінде бір ғана дыбыстың айырмасымен ерекшеленетін сөздерді жиі мысалға келтіріп, олардың мағынаны ажыратудағы қызметін нақты көрсете білді.

Фонетика саласындағы бірқатар мәселелерді әрі қарай дамытқан ғалым – Құдайберген Жұбанов. Ол фонеманың мағынаны айқындаушы қызметін түсіндіріп, фонема теориясының дамуына құнды ғылыми пікірлер қосты. Сондай-ақ ғалым фонема теориясына қатысты тұжырымдар жасап, оларды нақты тілдік деректермен дәйектеді. Ғалымның зерттеуінде дыбыс, дыбыстың саны мен сапасы, дауысты-дауыссыз дыбыстар құрамы мен артикуляциясы мен акустикасы, дыбыстау аппараты, буын, сингармонизм, екпін туралы ғылыми деректер берілген [9]. Осыған байланысты Ә. Жүнісбек төмендегідей пікір білдіреді: «Профессор Қ. Жұбановтың қазақ тілінің дыбыс жүйесін фонетикалық және фонологиялық тұрғыдан қарастыруының өзі әлі күнге дейін көп зерттеушілердің қолы жете алмай келе жатқан жай. Оның дыбыс пен фонемаға берген анықтамалары фонология теориясын еркін пайдаланғандығының куәсі» – деп бағалаған [10].

Сонымен, фонологияны қазақ фонетикасының негізгі тірегі деп айтуға болады. Осы уақытқа дейін түркологияда, соның ішінде қазақ тіл білімінде фонема өз қолдаушыларын тауып келеді, осыған сәйкес Ж. Аралбаев еңбегінде ғалымның осы үш аспектісіне «*жаз, жез, жон, жән*» сөздерін мысал ретінде алып, төмендегідей деректер келтіреді. Бұл сөздер акустика-физиологиялық жағынан алғанда, дыбыстардың тең еместігін білдіреді. Себебі төрт сөздің басындағы *ж* – дыбыстарын өзара салыстырғанда, төрт түрлі айтылады. Бірінші сөздегі *ж* – дан гөрі екінші сөздегі *ж* жіңішке – тілдің алдыңғы базасымен жасалғанын, ал екінші сөздегі *ж* – дан гөрі үшінші сөздегі *ж* жуан тілдің артқы базасынан жасалып, ерін әсерімен айтылып тұрғанын, үшінші сөздегі *ж* – дан гөрі төртінші сөздегі *ж* жіңішке тілдің алдыңғы базасынан жасалғанын, төртінші сөздегі *ж* дыбысына қарағанда, бірінші сөздегі *ж* дыбысы жуан айтылады да, бірақ айтылуында ерін әсері болмайтындығын айтады. Ж. Аралбаев акустикалық-артикуляциялық жағынан алғанда, төртеуі төрт түрлі дыбыс екендігін келтіреді. Осы тәрізді сөздерде кейінгі дыбыстары да акустикалық-артикуляциялық жағынан біркелкі емес дейді [11].

Фонемаға берілген анықтамалар біржақты қарастырылмады. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі қазіргі таңда екі теориялық бағыттың принциптері негізінде зерттеліп келеді. Бірінші бағыт – дәстүрлі фонологиялық теория. Бұл бағытты ұстанған ғалымдар Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, Ж. Аралбаев, Т. Талипов, Н. Уәли, З.М. Базарбаева. Олар фонеманы тілдегі ең кіші, сөз мағынасын ажырататын функционалды бірлік деп есептейді. Екінші бағыт – сингармониялық теория. Бұл көзқарасты ұстанған Ә. Жүнісбеков пен Ж. Әбуов фонеманың қызметін сингема деп аталатын просодикалық бірлік атқарады деп көрсетеді. Себебі ғалым қазақ тілінің фонетикалық жүйесін үндестік заңы (сингармонизм) тұрғысынан қарастырды. Осыған байланысты сингармонияның ұғымдары мен терминалогиясын жасады. Бұл бағыт бойынша қазақ фонологиясы үндесім фонологиясы деп түсіндірілді. Нәтижесінде қазақ тіліндегі үндесім дыбыстардың құрамы сипатталып, жүйе ретінде барлық дыбыстардың жасалым, айтылым, естілім және шеп түрленім белгілері анықталды. Сондай-ақ үндіеуропа тілдеріндегі *фонемаға* оңтүстік-шығыс тілдерінде *тонема* сәйкес келетінін, ал түркі тілдерінде бұған *сингармема* деген атаудың лайықты болатынын өз еңбегінде көрсеткен. Сингармонизмнің түркі тілдерін әлемдік деңгейде акцентті және тоналды просодикалық құрылымды тілдерден ерекшеленуші қасиетін анықтаған ғалым Ә. Жүнісбековтың пікірінше, түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілі, фонологиялық бірлігі мен құрылымы жағынан басқа тілдерден өзгеше болуы тиіс: «...түркі тілдерінің тамаша құрылымы сөйлеуді бөлудің өзге өлшемдерін және басқа минималды семантикалық сегменттерді қажет етеді. Түркі тілдеріндегі мұндай сегмент, біздің ойымызша, сингармониялық ұйымдастырылған айтылым бірлігі болуы мүмкін. Яғни бұл – сингармоникалық тембрлердің бірімен қатаң реттелетін ең кіші айтылымдық бірлік. Біз оны “сингема” деп атаймыз [12]. Бүгінгі күнге дейінгі зерттеулерінен

Ә. Жүнісбековты осы мектептің өкілі ретінде тануға болады. Сондай-ақ осы аталған бағыттармен бірге сингармофонология деген бағыт да дамыды. Бұл бағыттың өкілі М. Жүсіпов пен оның шәкірттері. Бұл – «Сингармонизм фонологиясының ұғымдары мен Москва фонология мектебінің кейбір ұғымдарының синтездендірілуі арқылы жасалған теория» [13]. Сондықтан сингармофонологияның нақты нысаны сингармониялық фонема болып табылады. Сингармофонема сегментті бірлік ретінде мағына өзгертушілік қызмет атқарады.

Осыған байланысты қазақ тілі фонетикасының теориялық бағыттарын белгілі Москва және Ленинград фонологиялық мектептерінің теориялық принциптерімен байланыстыруға болады. Осы бағыттардың негізінде қалыптасқан фонемаға байланысты теориялар Б. Қалиев, С. Мырзабеков, Т. Талипов, Ә. Жүнісбеков, М. Жүсіпов, Ж. Әбуов, Н. Уәли, З. Базарбаева, С. Исаев сынды ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылды. Сонымен қатар Қ. Күдерінова, О. Жұбаева, А. Фазылжан, С. Ақымбек, Ж. Жұмабаева, Н. Әміржанова еңбектерінде де фонеманың мәселелері сөз болады. Бұл мектеп өкілдерінің принциптері бойынша фонемалардың әлсіз позициядағы айырым белгілерінің бейтарапталып, күшті позициядағы басқа фонеманың дыбыстық реңкіне ұқсайтын түрлері сол фонеманың дыбыстық қорын құрайды. «Әлді-әлсіз» позиция ұғымымен бірге «инвариант-вариант-вариация» сияқты ұғымдармен ерекшеленеді, мұндағы дыбыстық позицияға неғұрлым тәуелсіз реңкі – инвариант, біршама тәуелдісі – вариация, толығымен тәуелдісі – вариант дегенді білдіреді. Аталған ғалымдардың теориялық тұжырымдарында қазақ тіліндегі фонема ұғымы жан-жақты қарастырылады. Атап айтқанда фонема тіркесімінің мәселесі де сөз болады. Айталық, қазақ тіліне дауыссыз-дауысты, дауысты-дауыссыз, дауыссыз-дауысты-дауыссыз тіркесімдер тән болса, дауысты-дауыссыз-дауыссыз немесе дауыссыз-дауысты-дауыссыз-дауыссыз тіркестері өте сирек кездеседі. Осы арқылы фонема тіркестерінің универсалды типтері мен олардың өзіндік ерекшеліктерін анықтауға болатыны зерттеулерде сипатталады. Мәселен, «дауыссыз-дауысты» тіркесі барлық тілге ортақ құбылыс болып табылады. Сондықтан бірнеше тілдердің фонемалар тіркесімдерін салыстыра талдау арқылы фонологиялық жүйелер типологиясының маңызы айқын көрінеді.

Алайда фонемалардың тіркесу заңдылығын толық түсіну үшін сөз ағымындағы нақты дыбыстардың табиғатына да назар аудару қажет. Сөз ағымында айтылатын және қабылданатын дыбыстар бір жағынан мағына ажыратушы қызмет атқарса, екінші жағынан фонологиялық мәні жоқ қосалқы қасиеттерімен де ерекшеленеді. Осыған байланысты әрбір дыбысты фонема деңгейінде қарастыруға болмайды. Себебі нақты дыбыс тек белгілі бір функционалды белгілері арқылы ғана фонеманың көрінісі бола алады. Демек, фонемалар сөз ағымында нақты дыбыстар арқылы жүзеге асқанымен, сол дыбыстардың өзі фонема болып есептелмейді, өйткені фонеманың басты белгісі

– мағына ажыратушылық қасиет. Сөз легінде естілетін нақты дыбыстар тек фонемалардың материалдық символы ретінде қызмет етеді.

Тілдің фонологиялық қатары сөз ағымындағы кездесетін дыбыстарда көрініс табады. Үздіксіз сөйлеу барысында кейбір дыбыстар фонологиялық мәнге ие болып, фонемалардың нақты көрінісін білдіреді. Олар фонологиялық қатардың жеке фонемаларына сәйкес келеді. Дегенмен сөйлеу тілінде мағына түрлендіру қызметімен қатар фонологиялық мәні жоқ дыбыстар да кездеседі. Сондықтан сөз ағымындағы әр дыбыс фонологиялық және фонологиялық емес қасиеттердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Демек, әрбір дыбыс фонологиялық қасиеттері арқылы белгілі бір фонемаға сәйкес келеді, ал бір фонема бірнеше дыбыстық варианттарда көрінуі мүмкін. Сонымен, сөз ағымында әртүрлі дыбыстар айтылады, олардың айтылу түрі көп, шегі жоқ, бірақ олар орайласып, бір дыбыс типін құрайды, оны біз фонема дейміз.

Фонемалардың негізгі қасиеттері мен айырым белгілері олардың мағына ажырату қызметі арқылы, яғни бір-біріне қарама-қарсы қойылуы немесе оппозиция негізінде айқындалады. Бір сөздің құрамындағы фонемалар саны әртүрлі болуы мүмкін: кей жағдайда аз, кей жағдайда көп болып келеді. Алайда бір сөздің екінші сөзден мағыналық тұрғыдан ажыратылуы үшін оның құрамындағы фонемалардың барлығы түгелдей өзгеше болуы міндетті емес. Сөздер өзара фонемалар санының айырмашылығы, фонемалық сапасының өзгешелігі немесе сөз ішіндегі орналасу тәртібінің немесе позициясының өзгеруі арқылы да айқын ажыратылады.

Сөздердің жартылай дыбыстық ұқсастығы төмендегідей көрінеді:

Фонеманың бір сөзде болуы, ал екінші сөзде кездеспеуі: *берік – ерік, кісі – ісі, лақ – ақ, бет – ет, білем – ілем, тегіс – егіс.*

Фонемалардың орын тәртібінің өзгеруі: *қас – сақ, лақ – қал, арыс – сыра, сал – лас, кет – тек.*

Бір фонеманың өзгеше айтылуы: *кемір – семір, қалақ – салақ, себеп – себет, тілек – білек, тарақ – тамақ, кілем – білем, жетпейді – кетпейді* [14].

Демек, фонемалар мағына ажырату қызметі жағынан бір-біріне қарама-қарсы қойылып, сөздердің дыбыстық құрамындағы сандық, сапалық және орын тәртібіндегі айырмашылықтарды айқындайды. Осы арқылы сөздердің жартылай дыбыстық ұқсастығы да көрініс табады: кейде бір фонеманың болмауы немесе артық келуі, кейде олардың орын тәртібінің өзгеруі, кейде бір фонеманың өзгеше айтылуы сөз мағынасын түрлендіріп отырады. Осы құбылыстардың барлығы тіл дыбыстарының адам санасында сақталуымен және фонемалардың фонологиялық «електен» өтіп, негізгі айырым белгілерінің жадта орнығуымен тығыз байланысты. Әрбір адам өз тіліне тән фонологиялық қорды басшылыққа ала отырып, сөздерді қабылдайды. Осы орайда зерттеуші С. Мырзабеков: «фонема – айтылу, жасалу жағынан барынша жуық дыбыстардың басын біріктіріп отырған ортақ атау, сол себепті фонеманы *үндеспе* деп қазақшалап алсақ» деген өз пікір білдіреді [15]. Қазақ

фонетикасында фонология ұғымын ғылыми тұрғыдан негіздеп, оның вариант және вариация түрлерін тілдік деректермен дәйектеген ғалым – Н. Уәли. Ғалымның пікірінше, фонеманың бір қасиетін фонологиядағы «инвариант – вариант» теориясы тереңірек аша түсті. Бұл қисын бойынша, фонема – инвариант, дыбыстар оның сөздегі (речь) репрезентанттары варианттары деп танылады. Әр вариант (экземпляр) инварианттағы мәнді белгілерді сақтай отырып түрленеді, әр экземплярда, мейлі оның саны қанша болса да, әйтеуір инвариантқа тән қасиет сақталады. Сондай-ақ Н. Уәли фонеманы парадигмада қарастыра отырып, мынадай пікір келтіреді: «Тілдің мағыналық бірліктерін бір-бірінен ажыратуға қабілеті бар парадигмадағы фонологиялық бірліктер (9 дауысты, 19 дауыссыз) синтагмалық қатынасқа, яғни көлбеу тізбекке түскенде уақыт жағынан бірінен кейін бірі келе отырып, әртүрлі дыбыстық реңкте объективтенеді» [16]. Бұдан ғалымның фонеманы парадигмада, ал оның түрленімін синтагмада қарастырғанын байқауға болады. Сол сияқты фонеманы функционалды бірлік ретінде қарастырған З.М. Базарбаеваның пікірінше, тілдің ең шағын функционалды бірлігі, сөздің мағынасын ажырататын және оның құрамында болатын дыбыс типі. Фонемалар мағына айқындау жағынан бір-біріне қарама-қарсы қойылады, сонда оның негізгі қасиеті, ерекшелігі анықталады. Бір сөзде фонемалардың саны аз да, көп те болуы мүмкін, бір сөз бір сөзден өзгеше болу үшін барлық фонемалардың өзге болуы шарт емес. Бір сөз басқа сөздерден фонемасының саны жағынан, сапасы жағынан және сөздегі орын тәртібі жағынан өзгешеленуі мүмкін [14, б. 20-28]. Сонымен қатар фонеманы үш аспекті бойынша, яғни физикалық аспектісі, физиологиялық аспектісі, лингвистикалық аспектіде қарастыруға болатынынын мысалдар арқылы келтіреді.

Қазақ энциклопедиясында фонемаға төмендегідей анықтама беріледі: «Фонема – сөздің мағынасы мен тұлғасын түрлендіре алатын тілдің ең кіші дыбыстық бірлігі. Мысалы, ал, ол, ұл, іл сөздеріндегі *a*, *o*, *ʏ*, *i* – дауысты фонемалар; *al at, ac, aq, aq* сөздеріндегі *t*, *s*, *q*, *q* – дауыссыз фонемалар» [17]. Осы орайда фонемалар өзара алмастырылған жағдайда сөздің мағынасы өзгеріп кетеді. Әр фонеманың дыбыстық сипаты оның сөз ішіндегі орнына, көрші дыбыстардың ықпалына және басқа да фонетикалық жағдайларға байланысты өзгеріп отырады. Мысалы, қазақ тіліндегі *m* фонемасы *тыс, тис, түс* сөздерінде сәйкесінше жуан, жіңішке және еріндік реңкте айтылады. Бұл құбылыс бір фонеманың әртүрлі варианттарда келетінін көрсетеді.

Демек, тіл білімінде фонема – күрделі мәселенің бірі. Соңғы 30-40 жылда фонема туралы көптеген пікірлер айтылып, әртүрлі талдау жасалып жүр. Ғалымдардың бұл мәселе жайындағы пікірлерінде алшақтық та жоқ емес. Сонымен, фонологияны тіл білімінің үлкен жетістігі және оның базасы, негізгі тірегі деп бағалауға болады. Осымен байланысты қазақ фонетикасында фонемамен байланысты біраз зерттеулер бар.

Қазақ тілінің фонетикасы мен фонологиясы теориялық тұрғыдан жан-жақты зерттеліп келеді. Ендігі маңызды міндет – олардың тарихи дамуын зерделеу. Себебі дыбыстардың даму кезеңдерін айқындау арқылы олардың айырым белгілерінің эволюциясын көруге болады. Ал айырым белгілерінің даму жолын анықтау әрбір фонеманың функционалдық қызметін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда қазақ дыбыстарының даму үдерісін, олардың айырым белгілерін тек тарихи зерттеулер арқылы жан-жақты талдауға болады. Қазақ фонетикасының қалыптасуы мен дамуы бірнеше тарихи кезең аясында қарастырылады. Ғалымдар қазақ фонетикасының алғашқы зерттелу кезеңін – он тоғызыншы ғасырдың ортасы мен соңғы жартысы деп есептейді. Бұл тұста түркітанушы ғалымдар Н.И. Ильминский, П.М. Мелиоранский, В.В. Радлов қазақ сөздерін қалай естісе, дәл солай қағаз бетіне түсірді. Сондықтан да бұл кезең материалдары ауызша жазылғандықтан, қазақ тілінің орфоэпиялық заңдылықтары туралы құнды мәлімет береді. Екінші кезең – қазақ фонетикасының ХХ ғасырдың басында зерттелуі. Бұл кезеңде А. Байтұрсынұлы, Қ. Кеменгерұлы, Е. Омарұлы Т. Шонанұлы, Х. Досмұхамедұлы, Қ. Жұбанов сынды ғалымдар фонетиканың мәселелерін ана тілінде зерттеп, қазақ фонетикасының негізін қалауға зор үлес қосты. Бұл кезеңде қазақ тіліндегі сөздердің жуан-жіңішке болып үндесуі мәселесіне ерекше назар аударылды. Айталық, Қ. Жұбанов сол кезеңнің өзінде «ор» мен «өр» сияқты сөздердің мағынасы жағынан бірдей болғанымен, бірінің жуан, екіншісінің жіңішке болып ажыратылатынын атап өтті. Осы тілдік дерек арқылы ғалымның еңбегінен фонема теориясы бар екенін байқауға болады. Қазақ фонетикасының үшінші зерттелу кезеңі ХХ ғасырдың ортасынан бастау алады. Бұл кезеңде І. Кеңесбаев, Т. Тәліпов, Ж. Аралбаев, В. Шварцман, Н. Түркбенбаев сынды ғалымдардың еңбектері әлемдік тіл білімі жетістіктерімен сабақтастырыла қарастырылып, фонема заңдылықтары қазақ тілін зерттеуде негізгі теориялық ұстаным ретінде басшылыққа алынды.

Жоғарыда атап өткендей қазақ тілінің дыбыс жүйесі жөнінде алғашқы мәліметтер Н.И. Ильминский, П.М. Мелиоранский, В.В. Радловтардың еңбектерінде кездеседі. Зерттеушілер қазақ фонетикасының дыбыс құрамын, дыбыстардың сөзде қолдану ерекшелігін, олардың өзгеру заңдылығын, сингармонизм құбылысын, екпін категориясы сияқты мәселелерді қарастырды. Қазақ тілінің дыбыс жүйесіне қатысты алғашқы деректерді Н.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» атты еңбегінен кездестіруге болады. Ғалым қазақ тіліндегі дыбыстарға және оның құрамына ерекше мән беріп, оларды жеке-жеке таңбалап, орыс графикасына негізделген әріптер арқылы белгіледі. Н.И. Ильминский қазақ тіліндегі дыбыстарды дауысты, дауыссыз дыбыстар деп екі топқа бөледі. Дауысты дыбыстардың 8 түрін (а-ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е), дауыссыз дыбыстардың 19 түрін (п, б, т, д, ш, ж, с, з, қ, к, ғ, г, н, ң, р, л, и, у, м) көрсетеді [18]. Бұдан ғалымның қазақ тіліндегі дыбыстардың саны мен сапасын дұрыс анықтағанын байқауға

болады. Дауысты дыбыстардың ішінде тіл алды ашық ə дауысты дыбысының дербес фонема екендігі ескерілмейді, яғни *a* дауысты дыбысының жіңішке варианты деп түсіндіріледі. Сол сияқты ғалымның еңбегінде дауыссыз *q, k, ʒ, z* жеке өз алдына төрт түрлі фонема ма, әлде екі фонеманың реңктері ме деген мәселе қарастырылып, алғаш рет аталған дауыссыздар жеке-жеке таңбаланды. Сондай-ақ дыбыстардың ерекшелігін беруде дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық сипатын, олардың комбинаторлық алмасуын (б-м, н-н, к-г т.б.) айқындаған. Сонымен қатар дауыссыз дыбыстардың құрамында дж, ч аффрикаттары мен ч спиранты кездеспейді деген пікір білдіре отырып, күрделі сөздер құрамында алмасатын тұстарын мынадай мысалдармен береді: бара жатыр, со жерде т.б.

Қазақ тілінің грамматикалық құрылымын және фонетикалық жүйесін зерттеуде айрықша үлес қосқан түркітанушының бірі – П.М. Мелиоранский. Ғалым «Краткая грамматика казах-киргизского языка» деп аталатын еңбегінде қазақ тіліндегі дыбыстардың құрамына тоқтала келіп, вокализм жүйесі 9 дауыстыдан (а, ә, е, о, ө, у, ұ, і, ы) тұратындығын көрсетіп, оларды ашық-қысаң, жуан-жіңішке деп жіктейді. Ал консонантизм жүйесі 21 дауыссыздан (б, п, м, т, д, н, ж, з, ш, с, л, к, г, ч, қ, ғ, ң, й, дж) тұратынын айтады. Ғалым қазақ тіліндегі қу, ту, би сөздеріндегі у, и созылыңқы дыбыстар деп таниды. П.М. Мелиоранский да өзінен бұрын жазылған еңбектерге сүйене отырып, л дыбысының жуан-жіңішке түрде айтылған вариантын фонема деп таниды. Сондай-ақ жергілікті ерекшелікке байланысты айтылған дж аффрикатын қазақ тіліндегі негізгі дыбыстар қатарына қосады. Ғалым қазақ тілі дыбыстарының жасалым ерекшеліктерін сипаттай келе, қ, ғ, к, г дауыссыз дыбыстарының көмей арқылы жасалатынын атап көрсетеді [19].

Түркі тілдерінің фонологиясын зерттеуде көп еңбек сіңірген ғалым В.В. Радлов болды. Оның «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» еңбегінде қазақ тілінің дыбыс құрамы сипатталады. Ғалым қазақ тіліндегі 9 дауысты (а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е) дыбыстың құрамын талдай отырып, оны ашық (а, ә, о, ө, е), қысаң (ы, і, ұ, ү), еріндік (о, ө, ұ, ү), езулік (а, ә, ы, і), жуан (а, о, ұ, ы), жіңішке (ә, е, ө, ү, і) деп жіктейді. Дауыссыз дыбыстардың құрамын 20 деп көрсетіп, оларды мынадай топтарға бөледі: 1) қатаң (қ, к, т, п, с, ш); ұяң (ғ, г, д, б, з, ж); жартылай дауыссыздар (й, у); 2) сонор дауыссыздар немесе үнді (н, ң, м, р, л); 3) көмей дауыссыз (*h*) [20]. Осылайша, қазақ әліпбиіне *h* көмей дыбысын енгізген ғалым – В.В. Радлов деп айтуға болады. В.В. Радловтың *л* дыбысының жуан-жіңішке түрін екі түрлі фонема деп көрсеткен тұжырымы жоғарыда аталған ғалымдардың пікірімен сәйкес келді.

В.В. Радловтың қазақ тілінің фонетика саласына қатысты көзқарастары алғаш рет К.Ш. Хұсайыновтың «В.В. Радлов и казахский язык» атты еңбегінде қарастырылған [21]. Зерттеуші бұл еңбегінде ашық және қысаң дауыстылардың екпін түскен кездегі айтылу ерекшеліктерін, қысаң дауыстылардың көмескі айтылуын, сингармонизм құбылысын және өзге де ғылыми маңызды

мәселелерді жүйелі түрде талдайды. Сонымен қатар, қазақ тілінде *и, у* аралық жарты дауыстылар бар деген В.В. Радловтың пікірі қазіргі фонетика саласындағы жетістіктермен сабақтастырыла түсіндіріледі. Сондай-ақ К.Ш. Хұсайыновтың осы еңбегінде В.В. Радловтың қазақ тілі дыбыстарын топтап жіктеуі, әр дыбыстың физиологиялық ерекшелігін айқындауы және олардың кейінгі ғылыми дамуы тұрғысынан бағалануы сияқты мәселелер де ғылыми тұрғыдан терең талданған.

В.В. Радловтың фонетикалық көзқарастары мен тұжырымдарын ерекше талдап берген В.А. Шнайдердің «В.В. Радлов және қазіргі қазақ тілі фонетикасы» атты диссертациясын атауға болады. Ғылыми жұмыста В.В. Радлов зерттеуіндегі фонетика заңдылықтарының тіліміздің табиғатын таныту бағытындағы ерекшеліктері жан-жақты көрсетілген [22]. Сонымен, түркітанушы ғалымдардың зерттеулерінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесін құрайтын дауысты мен дауыссыз дыбыстар дәстүрлі фонология тұрғысынан біршама дұрыс сипатталған деуге болады. Сол себепті де қазақ фонетикасының ғылыми зерттелуінің бастауы ретінде ХІХ ғасырда еңбек еткен Н.И. Ильминский, П.М. Мелиоранский, В.В. Радлов сияқты ғалымдарды атаймыз. Әсіресе В.В. Радлов пен П.М. Мелиоранскийдің қазақ фонетикасы жайында айтқан ойлары мен тұжырымдары осы күнге дейін өзінің ғылыми мәнін жоғалтқан жоқ. Олардың жасаған ғылыми талдаулары мен пайымдаулары өздерінен кейінгі зерттеулерге негіз болды.

Қазақ тіліне қатысты кейбір мәселелер алғашқы кезеңде жазылған орыс ғалымдарының әртүрлі еңбектерінде көрініс тапты. Солардың қатарында Л.З. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» атты екі томдық сөздігі [23]. Бұл еңбекте қазақ тіліне қатысты сөздер араб және орыс графикасымен таңбаланып, олардың орфографиялық және орфоэпиялық ерекшеліктері салыстырыла талданған. Сондай-ақ қазақ тілі мен оның дыбыстық жүйесіне қатысты мәселелер басқа да зерттеулерде қарастырылғанымен, олардағы деректер, негізінен, бірін-бірі қайталап, қазақ тілінің дыбыстық типі жөнінде жаңа мәлімет ұсынбайды. Мәселен, сол кезеңдегі зерттеушілерден Н. Сазонтов қазақ тілінде 13 дауысты дыбыс бар десе, И. Лаптев дауыстының құрамын 14-ке жеткізеді. Бұл бағыттағы еңбектер қатарында М.А. Терентьев «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская», Н.М. Пантусов «Материалы к изучению сартовского наречия тюркского языка», В. Катаринский «Грамматика киргизского языка», Н.Ф. Катанов «Опыт исследования урянхайского языка», Г.В. Архангельский «Грамматика казахского языка» сияқты және т.б. ғалымдардың зерттеуі бар. В.А. Богородицкийдің «Законы сингармонизма в тюркских языках», «Введение в тюркско-татарское языкознание» атты еңбектерінің маңызы ерекше болды. Ғалым түркі тілдеріндегі ерін үндестігін және оның өзіндік ерекшеліктерін сипаттайды. Жалпы бұл кезеңдегі зерттеушілер түркі тілдерінің табиғи заңдылықтарын тереңірек тануға ұмтылып, әсіресе екпін мен сингармонизм

құбылыстарын жиі сөз еткен. Мысалы, Н.Ф. Катанов түркі тілдерінде екпін әрдайым сөздің соңғы буынына түседі деген пікір айтса, ал Ф. Корш пен Б.Я. Владимирцев бастапқыда дауыс екпіні сөздің бірінші буынында болған деп есептейді. Алғашқы түркітанушы Ресей ғалымдарының түркі (қазақ) тіліне қатысты білдірген тұжырымдары қазіргі таңда да зерттеушілердің назарын аударуда. Бұл еңбектер өз құндылығын жоғалтпай, болашақтағы ізденістер үшін маңызды ғылыми негіздердің бірі ретінде бағаланады. Аталған алғашқы зерттеулерде қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне, әрбір дыбыстың табиғатына қатысты ғылыми сипаттама жасалды. Қазіргі кезеңде осы еңбектерде қалыптасқан көзқарастар одан әрі дамытылып, алғашқы фонетикалық сипаттамалар фонологиялық тұрғыдан тереңдетіле зерттелуде.

Қ. Жұбанов қазақ тіліндегі дауыстыларды құрамы мен айырым белгісіне қарай төмендегідей жіктейді: толық дауыстылар (а-ә, е, о-ө); келте дауыстылар (ы-і, ұ-ү) және қосынды дауыстылар (ұу, үу, ый, ій). Ал дауыссыз дыбыстардың құрамындағы сонордан басқаларын ерін (п, б), тіс (т, с, ш, д, з, ж) және көмей (к, қ, ғ, г) деп топтастырады. Сондай-ақ сонорларды үн мен салдырдың қатысы бірдей дауыссыздар деп атап, олардың жасалу жолдарын нақтылай түседі. Артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай сонорларды екі топқа бөледі: тура жолды (у, й) және айналма жолды (р, л, м, н, ң) сонорлар. Айналма жолды сонорлардың өз ішінде ауыз жолды (р, л) және мұрын жолды (м, н, ң) түрлері болатынын көрсетеді. Сонымен қатар ғалым қазақ тіліндегі дыбыстарды сандық тұрғыдан да жүйелеп, дауыстыларды 13 түрге (а/ә, е, о/ө, ы/і, ұ/ү, ұу, үу, ый, ій), ал дауыссыздарды 19 түрге (п/б, т, с, ш, д, ж, з, к, қ, ғ, г, р, л, м, н, ң, ұ, й) бөліп, жалпы саны 32 дыбыс бар екенін атап көрсетеді [9, б. 271].

Қазақ тілінің дыбыс құрамын зерттеуде Қ. Жұбанов ілімдерін одан әрі жетілдіріп, жалғастырған ғалымдар – академик І. Кеңесбаев, Ж. Аралбаев, Ә. Жүнісбеков.

Академик І. Кеңесбаев қазақ вокализмының жүйесі 9 жалаң дауысты (а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і) және у, и дифтонгоидтардан тұрады деп көрсетеді. Дауыссыздардың жасалу орнын негізінен толық көрсете келіп, оларды 8 топқа жіктейді: еріндік (п, б, м, у), ерін мен тіс (в, ф), тіс (денталь) (т, д, с, з, ц), тіл ұшы (н, к, л, ч), тіл алды (р, ж, ш, й), тіл ортасы (к, г), тіл арты (қ, ғ, ң, х) және көмей (h), жасалу тәсіліне қарай дауыссыздарды шұғыл (т, д, к, г, қ, ч, ц) және ызың (в, ф, с, ш, з, ж, ғ, х, h). Ал дж аффрикатын <ж> фонемасының дыбыстық вариантты деп қарайды. Сөйтіп, І. Кеңесбаев 11 дауысты, 25 дауыссыз, барлығы 36 дыбыс бар екендігін көрсетеді [24, б. 286].

XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған зерттеулер қазақ тілінің дыбыстық құрамын жүйелеуге, әр дыбыстың табиғатын анықтауға бағытталды. Бұл кезеңде дыбыстардың саны, сапасы, жасалым және айтылым ерекшеліктері алғаш рет ғылыми жағынан сипатталып, дауысты мен дауыссыздардың жіктелуі айқындалды. Бұл зерттеулер көбіне ауызша тілдің деректеріне сүйенгендіктен, қазақ сөздерінің табиғи дыбысталуы мен орфоэпиялық

заңдылықтарына негізделіп, аса құнды мәлімет берді. Осы ізденістер нәтижесінде фонема туралы бастапқы түсінік қалыптасып, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін анықтауға ғылыми негіз жасалды.

XX ғасырдың басынан бастап дыбыстық жүйені ұлттық тілдің өз заңдылықтарына сүйеніп қарастыру үдерісі басталды. Бұл кезеңде тілдің ішкі құрылымы мен үндестік заңы негізгі дыбыстық ұйымдастыру принципі ретінде танылды. Сөз мағынасын ажырататын ең кіші бірлік – фонема екені айқындалып, ұлттық фонологиялық түсініктер мен терминдер орнықты. Бұл кезең қазақ тіл білімін таза сипаттамалық деңгейден көтеріп, теориялық тұрғыдан дамуына әсер етті.

Келесі кезеңдерде фонетикалық зерттеулер жаңа әдіснамалық негізбен толықтырылды. Фонемалардың әлді және әлсіз позициядағы ерекшеліктері, айырым белгілердің бейтараптануы, тарихи дамуы мен функционалдық қызметі жүйелі түрде сипаттала бастады. Фонемалардың тұрақты және өзгермелі белгілері, олардың тарихи қалыптасуы ғылыми тұрғыдан талданды. Мұның бәрі қазақ фонетикасының халықаралық фонология теориясымен сабақтаса отырып, өзінің дербес ғылыми бағытын айқындауына жол ашты. Сол арқылы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін тек сандық және артикуляциялық сипатта ғана емес, терең функционалды және тарихи тұрғыдан да тануға мүмкіндік болды. Дыбыстардың жасалымы, айтылымы, естілімі мен үндестік жүйесі кешенді қарастырылып, тілдің ішкі дыбыстық үйлесімі мен эволюциясы тереңірек ашылды. Бұл көп жылғы ғылыми ізденістердің нәтижесінде қазақ фонетикасы толыққанды теориялық салаға айналды. Бастапқыда дыбыстық материалдарды тіркеу және жүйелеу деңгейінде болған зерттеулер уақыт өте келе фонеманың қызметін, дыбыстардың өзара байланысын, тарихи дамуын және тілдің дыбыстық типін жан-жақты түсіндіруге бағытталды.

Қорытындылай келгенде, XIX ғасырдан бүгінге дейінгі зерттеулер қазақ дыбыстарының табиғатын жан-жақты ашып, фонема туралы түсінікті тереңдетті, дыбыстық жүйенің тарихи дамуын жүйеледі және оны функционалды тұрғыда сипаттады.

1.2 Тарихи фонологияның негізгі ұғымдары мен даму принциптері

Қазақ тіл білімінде дыбыстардың даму жолы мен өзгерісі негізінен тарихи фонетика тұрғысынан қарастырылып келді. Дегенмен тілдің дыбыстық құбылыстарын өзге тілдердің дыбыс жүйесімен салыстырып зерттейтін салыстырмалы фонетиканың, дыбыс құбылыстарының шығу және даму жолдарын тексеретін тарихи фонетиканың бар екені белгілі. Тарихи фонетика – тілдің дыбыстық жүйесін тарихи тұрғыдан зерттейтін сала. Ол дыбыстардың түрлері мен олардың эволюциясын, тарихи өзгерістердің сипаты мен заңдылықтарын, сондай-ақ буын, екпін және үндестік заңдарының қалыптасуын әр дәуірдегі жазба ескерткіштер материалдары негізінде айқындайды. Осыған сәйкес тарихи фонетика дыбыстардың пайда болу

құбылысын қарастырғанымен, фонологизациялану процесін толық ашып бере алмайды. Сондықтан дыбыстардың өзгерісі мен қалыптасуын жүйелі түрде зерттейтін тарихи фонология саласы туды. Тарихи фонология әр дыбыстың өзгеру құбылыстарын бөлек-бөлек алмай, оларды басқа дыбыстармен байланыстыра отырып, олардың бүкіл фонетикалық жүйесін бірге зерттейді. Сондай-ақ тарихи фонология фонеманың даму жолын зерттеуде жүйелілік, салыстырмалы, ішкі себеп-салдар, құрылымдық факторларға негізделеді.

Дегенмен түркі тілдерінің фонологиясының тарихы әлі де зерттеуді қажет етеді. Түркі тілдерінің фонологиялық жүйесінің типологиясын жасау барысында екі негізгі бағыт ескерілді: 1) тарихи-салыстырмалы фонетика және 2) типологиялық фонология. Типологиялық фонология ескі және қазіргі түркі тілдерінде кездесетін құрылымдық-фонологиялық жүйелердің қалыптасуымен тікелей байланысты. Түркі тілдерінің фонологиясын тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеудің бастауында В.В. Радлов тұр. Ол барлық түркі тілдерінің диалектілік жүйесі, салыстырмалы грамматикасы және Ресейде түркі тілдерінің зерттелу тарихын қамтыған. Қазан лингвистикалық мектебінің өкілдері В.В. Богородицкий, Г. Шараф еңбектері осы бағытты жалғастырды. Сонымен қатар шетел ғалымдары – К. Фой, В. Грэнбех, Х. Педерсен, Г. Ярринг, А. Бомбачи, Г.И. Рамстедт, Н. Поппе, Р. Рясянен және А. Эмре түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи фонетикасына қатысты іргелі зерттеулер жасады.

1950-жылдардан бастап бұл бағыт үздіксіз дамып, Мәскеу мен Ленинградта К.Н. Дмитриев және оның шәкірттері – Ф.Г. Исхакова, Ф. Кязимова, Г.П. Маликова – дыбыстардың алмасуы, түбір морфемалардың фонетикалық өзгерісі, сингармонизмнің фонологиялық жүйедегі рөлі сияқты мәселелерді кешенді түрде қарастырды. Бұл бағыттың қорытындысы ретінде А.М. Щербактың «Сравнительная фонетика тюркских языков» еңбегі ерекше мәнге ие [25]. Осы зерттеулер түркі тілдерінің фонологиялық жүйесінің қалыптасуы мен тарихи дамуын ғылыми тұрғыдан түсіндіруге негіз болып, тарихи фонология ғылымын қалыптастырды.

Фонологиялық зерттеулердің екінші бағыты – типологиялық фонология, яғни әртүрлі түркі тілдеріндегі дыбыстық жүйелердің құрылымдық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыра зерттеу. Бұл бағыт жалпы типологиялық анализ теориясына сүйенеді және оның теориялық негіздері И.А. Бодуэн де Куртенэ, Е.Д. Поливанов және Н.С. Трубецкой еңбектерінде қалыптасты. Түркі тілдеріндегі сингармонизмнің пайда болу жүйесін түсіндіруде А. Фишер, Ж. Дени, И. Ван-Гиннекен, И. Крамско еңбектері ерекше орын алады.

Түркі тілдерінің дауыстылар жүйесін реконструкциялау мәселесіне К. Томсен және Л. Базен назар аударды. Ал А. Кононов, Е. Кормушин және басқа зерттеушілер фонологиялық типологияға қатысты нақты деректер ұсынды. Жалпы алғанда, аталған бағыттардың барлығы тарихи фонологиямен тығыз байланысты.

Тарихи фонология – тілдің дыбыстық жүйесін эволюциялық даму тұрғысынан зерттейтін, дыбыстардың тарихи өзгерісін, олардың жүйедегі қызметі мен фонемалардың тұрақтылық және өзгермелілік сипатын анықтайтын сала. Сондықтан салыстырмалы-тарихи фонетика мен типологиялық фонология тарихи фонологияның өзегін құрайды. Бұл екі бағыт арқылы түркі тілдерінің фонологиялық жүйесінің қалыптасуы, сингармонизмнің тарихи дамуы, дыбыстардың фонемалық статусы мен құрылымдық типтері айқындалады. Түркі тілдерінің тарихи фонологиясы қазіргі кезеңде толық жүйеленіп болмағанымен, жоғарыда аталған бағыттар мен еңбектер бұл саланың ғылыми негізін құрайды және түркі тілдерінің фонологиялық типологиясын тереңірек зерттеуге жол ашады.

Академик З.М. Базарбаеваның пікірінше, тарихи фонологияда дыбыстардың өзгерісі жеке алып қарастырылмайды, бүтін жүйе ретінде зерттеледі. Сондай-ақ ғалым диахрондық фонологияда тек туыстас тілдердің деректері ғана емес, сонымен бірге туыстас емес тілдердің де фактілері алынып, әр тілдің типологиялық ерекшеліктеріне және әмбебап қасиеттеріне сүйене отырып, тілдердің тарихын және ататілін түзуге болатын сияқты деген пікір білдіреді [26]. Бұл дегеніміз, тарихи фонологияның тарихи фонетикаға қарағанда зерттеу өрісі кең екенін көрсетеді. Тарихи фонетика жеке дыбыстардың өзгерісін, олардың артикуляциялық және акустикалық табиғатын қарастырса, тарихи фонология бұл өзгерістердің жүйелі сипатын, тілдің құрылымындағы өзара байланысын және фонемалық деңгейдегі заңдылықтарын айқындайды. Демек тарихи фонетика мен тарихи фонологияның өзара айырмасы бар екенін байқауға болады. Тарихи фонологияның нысаны – фонемалық жүйедегі өзгерістер мен олардың дыбыстық материяда жүзеге асу динамикасы болып табылады. Оның пәні үш принциптің аясында қарастырылады: жүйелілік (системность), тарихилық (историзм), себептілік (причинность). Дыбыстардың фонема деңгейіне дейін қалыптасу жолдары мен фонологизациялануы конвергенция, дивергенция сияқты процестердің аясында жүрді [26, б. 85]. Сондай-ақ қазіргі түркі (қазақ) тілдерінің белгілі фонологиялық құрылымдарына сүйене отырып, ретроспекция арқылы жалпы түркі тілдерінің ататілі моделін құруға болады. Мұндай зерттеулерде салыстырмалы, типологиялық және ареалды әдістер қолданылады. Тарихи фонологияда тек туыстас тілдердің деректері ғана емес, сонымен бірге туыстас емес тілдердің де фактілерін алып, әр тілдің типологиялық ерекшеліктеріне және универсалияға сүйене отырып, тілдердің тарихын және ататілін түзуге болады.

Тарихи фонологияда зерттеудің негізгі бірлігі ретінде фонема алынады. Себебі көне түркі тілі кезеңіндегі дыбыстарды акустикалық, артикуляциялық тұрғыдан сипаттау мүмкін емес, оларды тек болжап қана қарастыруға болады. Мұндай жағдайда дыбыстың жеке физикалық қасиеттерінен гөрі, оның функционалдық жағы айқындалмайды. Сондықтан тарихи фонологияда фонема

ұғымы тарихи дамудағы жүйелік өзгерістерді, яғни тілдің ішкі құрылымындағы дыбыстық оппозициялардың эволюциясын сипаттауда басшылыққа алынады. Фонема – тілдің уақыт ішінде бөлінбейтін ең кіші бірлігі, ол айырым белгілеріне қарай жіктеледі. Бұл белгілердің бір бөлігі өзге фонемалармен ортақ болып келсе, енді бір бөлігі ерекшеленіп тұратын сипатқа ие. Әрбір нақты фонетикалық жағдайда фонема сөйлеу барысында жеке дыбыс түрінде жүзеге асады, яғни белгілі бір аллофон арқылы көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда, тарихи фонология фонеманы тек қазіргі қалпында емес, оның тарихи варианттарын, позициялық түрлену жолдарын да қарастырады. Осылайша, фонема тарихи дамудағы тұрақты жүйелік бірлік ретінде қаралып, оның дыбыстық құрамдағы қызметі мен өзгеріс заңдылықтары тілдің ішкі эволюциясын сипаттауда негізгі ұстаным болып табылады [27].

Дегенмен бұл тұрақтылық салыстырмалы сипатта болып, фонема жүйе ішінде дамып, өзгеріп, жетіле алады. Осыған байланысты ғалымдар фонеманың даму жолдарының өте күрделі процесс екенін көрсете отырып, оны тарихи өзгермелі бірлік ретінде сипаттап, әр фонеманың дамуын қарастырудың қажеттілігін атап өтеді. Негізінде тарихи фонологияның басты мақсаты фонетикалық жүйелердің даму себептерін зерттеп түсіндіру болып табылады. Бұл фонетикада дыбыстардың фонологизациялану құбылысына алып барады. Фонологизациялану дегеніміз – позициялық варианттар, (аллофон) негізінде жаңа фонологиялық оппозициялардың пайда болып дербес фонемаға айналуы [27, б. 25-27].

Сондай-ақ фонологияда фонема жеке дара дыбыс емес, дыбыстар тіркесінің бірлігі ретінде қарастырылып, оның материалдық және функционалдық қырлары қатар зерттелді. Яғни, фонеманың материалдық жағы – оның акустикалық және артикуляциялық қасиеттері болса, функционалдық жағы – тілдегі мағына ажырату қызметі деп танылды. Мұндай зерттеулер тарихи фонологияның дамуына теориялық негіз болды, өйткені дыбыс пен фонеманың тарихи эволюциясы тек артикуляциялық өзгеріс тұрғысынан емес, жүйелік-функционалдық өзгеріс ретінде түсіндірілді. Синхронды фонология тілдің белгілі бір дәуірдегі дыбыстық жүйесін сипаттап, оның құрылымын, дыбыстардың өзара қатынасын көрсетсе, тарихи фонология осы жүйенің ұзақ уақыт бойындағы даму барысын, дыбыстар мен фонемалардың өзгеру заңдылықтарын қарастырады. Басқаша айтқанда, синхронды фонология – жүйенің “қимылсыз” кесіндісі болса, тарихи фонология – сол жүйенің қозғалыстағы бейнесі. Осы тұрғыдан алғанда, синхронды фонология тарихи фонологияның белгілі бір үзін, яғни уақытша көрінісін ғана қамтиды. Фонологияның даму жүйесі реттелген, ішкі заңдылықтарға бағынатын процесс болып табылады. Фонологиялық өзгеріс – кездейсоқ құбылыс емес, тілдің табиғи эволюциясына сәйкес жүйеленген құбылыс. Бұл тарихи фонологияның басты қағидасына айналды: әрбір дыбыстық өзгеріс фонологиялық жүйедегі басқа элементтермен байланыста жүреді және жалпы жүйеге әсер етеді.

Тарихи фонологияда тілдің дыбыстық жүйесі элементтердің жиынтығы ретінде қарастырылып, олардың арасындағы қатынастар нақты және шартты байланыс арқылы реттеледі. Мұндай байланыстар фонологиялық деңгейде жүзеге асады, яғни дыбыстардың сипаттамасы мен өзгерісі жеке дара емес, жүйе деңгейінде қарастырылады. Дыбыстардың эволюциясы осы жүйенің ішкі тепе-теңдігі мен құрылымдық заңдылықтарына бағынып отырады.

Нақтылай айтқанда, тарихи фонология фонеманы сипаттайтын айырым белгілердің өзгерісін (жойылуы немесе пайда болуы), олардың функциялық аясының кеңеюі мен тарылуын зерттейді. Мұндай өзгерістер фонеманың тарихи дамуындағы маңызды кезең болып табылады: бір кезеңде бейтарап немесе әлсіз позицияда тұрған белгілер кейін функционалдық мәнге ие болуы мүмкін, ал кейбір белгілер, керісінше, жоғалып, жүйеден ығысады. Осылайша, тарихи фонология тұрғысынан қарағанда, фонеманың дамуы – дыбыстық белгілердің тарихи эволюциясы, олардың функциялық және құрылымдық қызметінің өзгеру процесі болып табылады. Тілдің фонологиялық жүйесі үнемі қозғалыста болып, әр дәуірде жаңа оппозициялар қалыптасып, кейбірі жойылып отырады. Сондықтан фонологиялық өзгерістер тілдің ішкі даму заңдылықтарын сипаттайтын жүйелі әрі табиғи процесс ретінде қарастырылады.

Тарихи фонологияның дамуы нәтижесінде фонема ұғымы тек дыбыстық бірлік ретінде емес, тілдің құрылымдық жүйесінде белгілі бір қызмет атқаратын, тарихи тұрғыда өзгеріп отыратын динамикалық категория ретінде қарастырыла бастады. Бұл бағыт дыбыс пен фонеманы акустикалық немесе артикуляциялық қасиеттер жиынтығы аясында емес, олардың тарихи дамудағы жүйелік байланысы мен функционалдық қызметін ескере отырып сипаттауға негіз болды [26, б. 18]. Мысалы, қазақ тіліндегі <д> және <т> фонемалары көне дәуірден бастап бір артикуляциялық негізден шығуы мүмкін, себебі екеуі де тіл алды дауыссыздарға жатады. Уақыт өте келе бұл дыбыстардың ұяң және қатаң сипаттары айқындалып, фонологиялық оппозиция ретінде дербестенді. Осындай тарихи негізде қалыптасқан ұяң-қатаң корреляциялар тілдің дыбыстық жүйесінің ішкі даму эволюциясын көрсетеді. Сол сияқты тарихи тұрғыдан алғанда, <б> – <п>, <ж> – <ш>, <з> – <с> сияқты коррелятивтік жұптардың да артикуляциясы бір-біріне жақын болған, кейін ұяң-қатаң айырым белгілеріне қарай жеке фонема мәніне ие болуы мүмкін. Бұл оппозициялардың ұқсастығы олардың ортақ артикуляциялық табиғатында, ал айырмашылығы – тарихи даму барысында пайда болған функционалдық қасиеттерінде жатыр. Сондықтан мұндай коррелятивтік жұптар тарихи фонологияда тек қазіргі оппозицияның нәтижесі ретінде емес, фонемалардың тарихи дифференциациясының және жүйелік тұрақтануының көрінісі ретінде қарастырылады.

Тілдегі ең жаңа фонемалардың пайда болуы адамның ойлау процесінің дамуы мен тілдің жаңа ұғымдарымен және кірме лексиканың баюымен

байланысты. Фонемалар бірден қалыптаспайды, ол тілдің даму жүйесімен байланысты бірнеше ғасырды қамтиды. Айталық, <ф> фонемасы қазақ тілінің төл фонетикалық жүйесіне кірмейтін, ең бірінші араб-парсы тілдері арқылы еніп жазба ескерткіштер негізінде орнықты. Орыс тілі арқылы грек, латын тілдерінен келген интернационалдық сөздерде кездесетін <ф> фонемасы сол орыс тілінің өзінде де көпке дейін қабылданбай, бөтен, жат дыбыс болып келген. Орыстың кейбір деревнялық говорларында [ц, ч] аффрикаттарды айта алмайды, себебі олар төл славян тілінде болмаған. Славян тілдерінде бұрын <в> - <ф> және <с> - <ц> - <ш> деген фонологиялық оппозициялар болмаған, олар фонологизация құбылысының нәтижесінде орыс тілінің фонетикалық жүйесіне кейінірек енген. Қазақ тілінің төл фонетикалық жүйесінде, парадигмасында <ц> - <ч> фонемалар жоқ, ал сөз ағымындағы синтагматикасында, негізгі фонемалардың вариациясы ретінде олар жиі кездеседі, мысалы: кесте – [кеце]; өтсе – [wөце]; сатса – [саца]; кетші – [кечі]; өтчі – [wөчі]; сатшы – [сатчы] т.б. Аталған сөздерде <с>-<ш> фонемалардың [ц] - [ч] вариацияларда айтылуы бұл фонемалардың сөздегі алатын орнына байланысты, басқаша айтқанда, көршілес дыбыстардың әсерімен олар түрленіп тұр. Келешекте <с> - <ш> фонемалардың [ц] - [ч] вариациялары қазақ тілінің төл фонетикалық жүйесінің құрамына кіреді деп болжауға болады. Бұл [ц, ч] дыбыстарының дербес фонемаларға айналуы үшін олар өздерінің сөздердегі алатын позициясына тәуелді болмау керек. Позиция тәуелділігінен құтылып және басқа фонемалармен фонологиялық оппозиция құрып қана бұл дыбыстар дербес фонемаларға айналуы мүмкін [26, б. 29-30]. Фонемалар тек айырым белгісі болған жағдайда ғана функциялық мәнге ие болады. Бұл олардың тіл жүйесіндегі оппозициялық қатынастар арқылы айқындалатынын көрсетеді. Яғни фонеманың маңыздылығы оның жеке дыбыстық табиғатында емес, басқа фонемалармен қарама-қарсы қойылғанда көрінетін айырым қызметінде жатыр. Сондықтан зерттеушілер әрбір фонеманы осы айырым белгілеріне қарай жіктейді және олардың жүйелік байланысын анықтауға ұмтылады.

Н.А. Баскаков фонемаларды дәл осы қағидаға сүйене отырып, дауыстыларды артикуляциялық және акустикалық белгілеріне қарай бірнеше топқа бөледі: езулік (а, у, ä, е, і) және еріндік (о, и, ö, ü) фонемалар, сондай-ақ олардың өзара үйлесім заңдылықтары ашық (а, о, ä, е, ö) және қысаң (о, и, ö, ü) дауыстылар оппозициясын түзеді. Бұл жіктеу фонемалардың айырым белгілері мен функциялық қызметінің тарихи қалыптасуын және тілдің дыбыстық жүйесіндегі жүйелілік принципін айқын көрсетеді [28].

Дауысты дыбыстарды айырымдық белгісіне қарай осылайша жіктеуі қазіргі түркі тілдерінің жүйесімен де сәйкес келеді және тоғыз дауысты дыбысты көрсетеді. Алайда ғалым бұл құбылыстарды талдауда хронологиялық жүйеге сүйенбей, фонемалардың тарихи дамуын құрылымдық тұрғыдан қарастырғанын атап көрсетеді. Осыған байланысты Н.А. Баскаков мынадай тұжырым келтіреді: «Әдетте, бұл деректің жалпы түркі ататілімен тікелей

байланысы ғана қарастырылады, ал тілдердің тарихи даму сатылары, белгілі бір тілдік құбылыстардың бірізді хронологиясы анықталмайды. Сондықтан онда жиі кездесетін жағдай – тілдегі көне құбылыстардың кейінірек пайда болған, жаңа құбылыстардан туындаған деп есептелуі» [28, б. 20].

Ғалым еңбегінде тілдегі фонеманың қалыптасу процесі ойлау және тілдің жаңа лексикасының баюымен байланыстырылады. Ғалым оны былай келтіреді: «Бастапқыда дифференциаланбаған дыбыстар бір фонеманың аллофондары – лексиканы байыта отырып және пайда болатын жаңа сөз ұғымдарының мағыналарын саралау қажеттілігі туындағанда, қандай да бір дифференциалды белгі бойынша бөлініп, жаңа сараланған фонемалар түзеді немесе біріктіріледі, жалпыланады, екі фонемадан конвергенция арқылы бір интеграцияланған фонема түзеді». Бастапқыда жіктелмеген, бір фонеманың аллофондары болған дыбыстар – лексиканың байып, жаңа сөздер мен ұғымдардың мағыналарын айқындау қажеттілігі туындауына байланысты – не белгілі бір дифференциалдық белгі бойынша жіктеліп, жаңа ажыратылған фонемаларға айналады, не бірігіп, жалпыланып, конвергенция арқылы екі фонемадан бір интеграцияланған фонема құрайды. Шынымен де, дыбыс фонемалық мәнге бірден ие бола алмайды. Оның әртүрлі жолдары бар. Н.А. Баскаков жоғарыдағы анықтамасында дыбыстардың екі түрлі мағынаға ие болуы фонемалық деңгейін дыбыстардың бөлінуі мен бірігу жолы арқылы береді. Мысалы, алтай (ойрат) тіліне орыс тілінің сөздері кірмес бұрын қос ерінді және ерін-тіс $p \sim b \sim f \sim v \sim w$ дыбыстары бір фонеманың аллофондары болған. Алтай тілінде $s(z)$, $t(d)$, $k(g)$, $s(z)$ дыбыстары қатаң-ұяң түріндегі жеке фонемалық мәнді иеленіп, кейін қатаң-ұяң болып мағына ажырататын мәнге ие болды. $P \sim b \sim f \sim v \sim w$, $s \sim z$, $t \sim d$, $k \sim g$, $\check{s} \sim \check{z}$ дыбыстары алтай тілінің дыбыстық жүйесінде бар болғанымен, олар өз бетінше мағына ажыратып, фонологиялық мәнге ие болғандығын 1939 жылы алтай мектептерінің біріне эксперимент жүргізген зерттеу барысында анықталады. Сондағы олардың жазба жұмыстарында мына сияқты қиындықтар кездескен: фуфайка – пупайка – вуфайка - бупайка; ребята – ревата – репата; рыбу ловят – рыву лофят; зима – сима; разтый – расный; дорогу – тороку; горог – корот т.б. сияқты жазылып, сыңар дабыстар ретінде қарастырылған. Көр – много, köbi – его множество, baš – голова, başu – его голова, köz – глаз, közi – его глаз, at – лошадь, ату – его лошадь, söök – кость, söögi – его кость т.б. болса, осындай зерттеулердің нәтижесінен кейін алтай тіліне орыс лексикасының көптеп кірігуіне байланысты дыбыстар қатаң-ұяң айырым белгісіне қарай ажыратылды.

Ғалым дыбыстардың бірігу жолы, яғни конвергенция құбылысы түрікмен, жаңа ұйғыр, өзбек тілінің дауыстыларында кездесетіндігін айтады. Айырым белгі процесі дыбыстарды бір-біріне қарама-қарсы қойғанда нақты көрінеді. Мәселен, дауысты дыбыстар қатарына, әуезіне (тембр) еріндік дыбыстар болып келсе, дауыссыз дыбыстар қатаң-ұяң, үнді болып лексикасы дамыған сайын дыбыстар да дамып, жетіліп, өзгеріп отырады. Бірақ осы күнге дейін алтай

тілінің диалектілерінде бір фонеманың аллофондары кездеседі [p (~b~f~v~w)]. Дәл осы жерде қай дыбыс бұрын пайда болған деген сұрақ туындайды, қатаң *p* әлде ұяң *b*. Бірақ ғалым оларды әуел бастан-ақ бір уақытта пайда болған бір фонеманың аллофондары деп қарастырады. Олар сөздердің позициясына қарай жұмсалады деп көрсетеді. Сол себепті де біз ең біріншіден фонеманы – уақыт өткен сайын дамып, өзгеріп отыратын категория ретінде қарастырамыз. Сонымен қатар Н.А. Баскаков аллофондардың дамып, жеке фонемалық деңгейге көтерілу процесін сыртқы және ішкі заңдылықтармен байланыстырады. Оның интеграция және конвергенция құбылысына қатысы барын айтады. Айталық, ұйғыр тіліндегі қысаң *i* және *y* дыбыстары индеферентті *i* дыбысына кіреді. Ғалым осыған сәйкес мынадай қорытынды жасайды: «Фонема – ең алдымен тарихи тұрғыдан дамитын әрі өзгеретін категория. Сондықтан жекелеген фонемалардың даму тарихын біз жекелеген грамматикалық формалардың даму тарихы сияқты қарастыруымыз керек, яғни фонемалардың дифференциация және интеграция процесінде біртіндеп қалыптасу кезеңдері бойынша, сондай-ақ бір фонеманың жеке аллофондарының мағыналық айырмашылығы бар дербес фонемаларға айналу үдерісі тұрғысынан қарау қажет» [28, б. 107]. Демек, жекелеген фонемалардың даму тарихын да біз грамматикалық формалардың даму тарихы сияқты қарастыруымыз керек, яғни фонемалардың дифференциация және интеграция процесінде біртіндеп қалыптасу кезеңдерімен, аллофондарының дербес мағына ажыратушы фонемаларға айналуымен байланыстыра отырып зерттеуіміз қажет. Н.А. Баскаков аллофондардың фонемаға айналуын және дифференциация мен интеграция процестерінің негізінде фонеманың қалыптасуын кезеңдерге қатысты қарастырылу керектігін айтып, пікірін мысал арқылы дәлелдейді: қазіргі қарақалпақ әдеби тіліндегі ажыратылған, тіл арты [k], [g], [q], [x], [h] дауыссыз дыбыстары бұрынғы кезеңде екі фонема болған [k (~q~x~g~y)] және [h], ал одан бұрын бір фонеманың [k (~q~x~g~y~h)] деңгейінде жұмсалған. Ғалым түркі тілдеріндегі және жеке тілдегі фонематикалық құрылымның барлық модельдерінің дамуы тарихи тұрғыдан, сонымен қатар фонемалардың айырым белгісі негізінде қаралуы керектігін тұжырымдайды.

Н.А. Баскаков бұлғар, оғыз, қыпшақ, қарлұқ, ұйғыр тілдеріндегі дыбыстар фонологиялық даму процесінде сонау түбір (изолирующий) тілдерге жақын болғанның өзінде өздерінің ерекшелігін сақтап қалғанын айтады. Әсіресе дауысты дыбыстардың қалыптасуында күрделі процесс болғанын келтіреді. Сонымен қатар түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың даму жүйесін тарихи тұрғыдан кезең-кезеңге сәйкес қарастырады. Ғалым түркі тілдеріндегі қазіргі және көне деректерге, диалектілерге сүйене отырып, дауысты дыбыстардың даму жүйесіндегі фонологиялық эволюцияны бес кезеңге бөліп қарайды: алтайға дейінгі дәуір, алтай дәуірі, ғұн дәуірі, көне түркі дәуірі және жаңа түркі дәуірі [28, б. 165]. Бұл кезеңдер дауыстылардың тарихи өзгеріс жолын, олардың

артикуляциялық және акустикалық қасиеттерінің қалыптасу эволюциясын айқындауға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктерін анықтауда VII-VIII ғасырлардағы түркілердің тілдік дерегі – Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің тілі негіз болады. Осымен байланысты көне түркі мұраларының тілі жайлы алғаш пікір айтқан С. Аманжолов VII-IX ғасырлардағы ескерткіштер тілін негізгі дерек ретінде қарастыру керектігін айтады. Ескерткіштер тіліндегі деректер барлық түркі тілдері жайлы тарихи-салыстырмалы зерттеулердің негізі деп түсіндіреді. Ескерткіштер тіліндегі басты ерекшеліктер ретінде ғалым $t \approx z \approx j$ сәйкестіктерінің орнына d дауыссыз дыбысының қолданылуын (адақ-нога, адырылтым-лишился, едгү-добрый, кудрук-хвост, адғыр-жеребец, күдегү-зять) атап көрсетеді [29]. Н.А. Баскаков түркі тілдерінің дыбыстық жүйесінде дауыстыларға қарағанда консонантизмдер едәуір тұрақты сақталғанын, яғни «Дауысты дыбыстардың дамуы – өте күрделі процесс және ол тілдің немесе тілдер тобының қандай екенін анықтайтын маңызды көрсеткіш бола алады» [28, б. 77] – деп тұжырымдайды. Демек, тарихи даму тұрғысынан неғұрлым күрделі өзгерістер вокализм жүйесінде орын алған, ал оның сипаты мен түрі тұтас тілдер тобының генетикалық және типологиялық ерекшеліктерін айқындайтын басты белгілердің бірі ретінде танылады. Осы пікір негізінде зерттеуімізде дауысты және дауыссыз фонемалардың өзгеріске ұшырап, фонологиялану процесінен өткендігі сипатталады.

Демек, фонеманың даму процесін ғалым Н.А. Баскаковтың жіктеуімен байланыстыратын болсақ төмендегідей дәуірлерді көрсетуге болады. Н.А. Баскаков фонемалардың даму жүйесін дәуірлерге бөліп қарастырады. Ол алтайға дейінгі кезеңде түркі тілдері алтай тілдеріне ұқсас түбір-грамматикалық құрылымға ие болғанын, сондай-ақ бөлшектенбеген, моновокалдық морфофонемалар жүйесі болғанын атап көрсетеді. Бұл кезеңде сөз құрамында буын түзуші бір дауысты дыбыс пен оған сәйкес дауыссыздар жүйесі болған. Осыған байланысты ғалымның пікірінше, «Оның даму процесінде, ертерек кезеңде әрбір морфема белгілі бір лексикалық мағынамен тәуелсіз болған кезде, яғни түркі тілдерінің жүйесі оқшаулағыш тілдердің сипатына ие болған кезде, морфеманың фонологиялық құрылымы жалпы дифференциалдық белгілері бар дыбыстардың бөлінбеген кешені болып табылатын морфофонемамен сәйкес келді» [28, б. 11-17]. Яғни, даму барысында түркі тілдері оқшаулаушы типтегі құрылымға тән болған кезеңде әр морфема өз алдына дербес мағыналық бірлік саналған. Сол уақытта сөз-морфеманың фонологиялық құрылымы морфофонемамен сәйкес келіп, ол ортақ дифференциалдық белгілері бар жіктелмеген дыбыстар жиынтығын білдірген. Демек, Н.А. Баскаковтың пайымдауынша, тембрлік, лабиалдық, палаталдық сияқты айырым белгілер дауысты мен дауыссыздардың өзіне емес, бүтін морфофонемаға – яғни дауыссыз + дауысты + дауыссыз (СГС) құрылымына қатысты болған. Бұл

тұжырымды ол нақты мысалдар арқылы төмендегідей дәлелдеп көрсетеді. Мысалы, пыл, был, мат, пат; п'ыл', б'ыл', м'ат', п'ат'. Ғалым үш айырым белгінің бүтін синтезді көрсететінін келтіре отырып, тембрді-^, лабиалдыны-° және палаталдыны-' осы белгілермен шартты түрде береді. Берілген аллофондар жүйесін зерттеуші әрбір дауыссыз фонема аясында қарастыра отырып, олардың құрамындағы морфофонемалық табиғатқа ие вокалдык элементтердің белгілі бір позициялық шектеуде консонанттық бірліктерге тәуелді түрде жүзеге асатынын атап көрсетеді. Осы аралық (интервокалды) консонанттардың дыбыстық бояуы мен акустикалық сипаты дауысты компоненттің вариативті көрінісінен туындап, фонетикалық дамудың морфофонологиялық деңгейде айқындалатындығын көрсетеді және өзінің тұжырымдарын жасайды.

Кесте 1 – Көне түркі сөздерінің моновокалдык сипаты

tIk (тук) “сунь”	^tIk(tak) прицепи
' tIk (тік) “шей”	'^tIk (tek) порода
°tIk (тук) “запруда”	°^tIk (tok) сытый
¹°tIk (түк) “шерсть”	¹°^tIk (tök) просышь
bIl (byl-ға) “смешивай”	^bIl (bal) “мед”
'bIl (bil) “знай”	'^bIl (bel) “поясница”
°bIl (bul) “этот”	°^bIl (bol) “будь, стань»
¹°bIl (bül-ik) ”смута”	¹°^bIl (böl) “дели”

Н.А.Баскаков аталған тілдік фактілердің негізінде осы типтегі морфофонема мынадай сипатта болғанын саралап көрсетеді. Қазақ тілінде туq, byl тіркестеріне сәйкес келеді.

Кесте 2 – tIk, bIl – қысаң, тіл арты, езулік

' tIk, ' bIl – қысаң, тіл алды, езулік = tik, bil;
°tIk, °bIl – қысаң, тіл арты, еріндік = tuq, bul;
¹°tIk, ¹°bIl – қысаң, тіл алды, еріндік = tük, bül;
^tIk, ^bIl – ашық (нижнего подъема), тіл арты, езулік = taq, bal;
'^tIk, '^bIl – ашық, тіл алды, езулік = tek, bel;
°^tIk, °^bIl – ашық, тіл арты, еріндік = toq, bol;
¹°^tIk, ¹°^bIl – ашық, тіл алды, еріндік = tök, böl.

Ғалым бұл деректер арқылы айырым белгінің бүтін сөзге қатысты болғанын және дауыссыз дыбыс сегіз варианттан тұрғанын алға тартады. Дауыссыз дыбыстың сегіз варианттан тұрғанын төмендегідей етіп анықтап береді.

Кесте 3 – Т дауыссыз дыбысының айырым белгілері

t, 't, °t, 1°t, ^t, '^t, °^t, '°^t;	
t – қысаң, тіл арты, езулік	^t – ашық, тіл арты, езулік
't – қысаң, тіл алды, езулік	'^t – ашық, тіл алды, езулік
°t – қысаң, тіл арты, еріндік	°^t – ашық, тіл арты, еріндік
1°t – қысаң, тіл алды, еріндік	'°^t – ашық, тіл алды, еріндік

Берілген аллофондарды ғалым әрбір дауыссыз фонемаға қатысты дей келе, морфофонеманың вокалдык реализациясы болған аралық консонанттар дауыссыз элементтерге байлаулы келіп, белгілі бір бояу алғанын келтіреді. Н.А. Баскаков дауыссыз дыбыстар айырым белгі жағынан дамып, ал дауысты элементтер дауысты фонемаларға сәйкес фонологизацияланды деген пікірін төмендегідей деректермен дәлелдейді.

Кесте 4 – Дыбыстардың фонологизациялануы

I.> y – қысаң, тіл арты, езулік;
'I.> i – қысаң, тіл алды, езулік;
°I.> u – қысаң, тіл арты, еріндік;
1°I.> ü – қысаң, тіл алды, еріндік;
^I.> a – ашық, тіл арты, езулік;
'^I.> e – ашық, тіл алды, езулік;
°^I.> o – ашық, тіл арты, еріндік;
'°^I.> ö – ашық, тіл алды, еріндік.

Жоғарыда берілген сараптамаларды жинақтай келе, Н.А. Баскаков төмендегідей тұжырым жасаған: «Түркі тілдерінің фонологиялық дамуының ерте кезеңіндегі вокализмі морфофонемиялық дифференциациялау қызметі бар бір дауысты фонеманың болуымен сипатталса, дифференциацияланған фонемалардың шектеулі санымен сол дәуірдегі консонантизм сәйкес морфофонемаларды құрастырған варианттар мен аллофондардың алуан түрлілігіне қатысты көбірек дамыған» [28, б. 77]. Егер түркі тілдерінің фонологиялық дамуының ертерек кезеңінде вокализм бір ғана дауысты фонеманың морфофонемаларды ажырату қызметін атқаруымен сипатталса, дәл сол дәуірдегі консонантизм – дифференциалды фонемалар шектеулі болғанымен – алуан түрлі варианттар мен аллофондары арқылы әлдеқайда дамыған болып, солар арқылы тиісті морфофонемалар құрастырылған. Ғалым алтайға дейінгі дәуірде дауысты дыбыстар буын түзуші қызметте болғанын, ал дауыссыз дыбыстар сегіз варианттан тұрып, позициялық жағынан

ерекшеленгенін айтты. Н.А. Баскаков екінші кезеңге алтай дәуірін жатқызады. Бұл дәуірде түркі тілдері морфологиялық және фонологиялық тұрғыдан едәуір дамып, дыбыстық жүйенің құрамы да алға жылжыған. Ғалымның пікірінше, осы кезеңде түркі тілдері алтай тілдері сияқты агглютинациялық тілдерге тән сипат алған. Сөз құрылымы түбір морфема мен қосымша аффикстік морфемадан тұратын жүйе ретінде қалыптасқан. Н.А. Баскаков алтай дәуірінде қалыптасқан фонологиялық және морфологиялық тип қазіргі түркі тілдеріндегі фонологиялық және морфологиялық жүйеге барынша жақын екенін, тіпті оның негізгі белгілері бүгінгі тілдерде де сақталғанын атап көрсетеді.

Н.А. Баскаков алтайға дейінгі дәуірдегі морфофонеманың CVC элементтеріне тембр, лабиал, палатал айырым белгілерінің ортақ қатысы болғанын айта келе, ал алтай дәуірінде морфофонемалар бір-бірімен тіркесу қабілетіне иеленіп, дауыссыз – дауысты – дауыссыз + (дауыссыз) – дауысты – дауыссыз ~ дауыссыз – дауысты – дауыссыз + дауыссыз – дауысты (дауыссыз) ~ (дауыссыз) – дауысты (дауыссыз) [CVC + (C) VC ~ CVC + CV (C) ~ CVC + (C) V(C)] тізбектерін түзгендігін және түркі тілдеріндегі сөздер толық лексикалық мағынасы бар түбір морфема мен аффикстік морфемадан тұратын сипат алғандықтан, олардың фонематикалық құрамы да өзгергендігін айтады. Сонымен, ғалым түбір морфема сегіз фонемадан тұратын қазіргі тілдердің аффикс морфемасында у (*ʏ*) мен а фонемалары сақталғанын айтады. Ал дауысты у (*ʏ*) фонемасының *i*, *u* (*ʏ*), *ü* (*y*) мен а фонемасының *e*, *o*, *ö* (*ø*) аллофондары лабиалды және палаталды үндестік заңы арқылы реттеліп отырғанын келтіреді. Лабиалды және палаталды айырым белгілер әлі де бүтін сөзге қатысты болған. Аталған жүйе қазіргі түркі тілдерінің кейбірінде сақталған: «қазіргі тілдердің көпшілігіне палатализация мен лабиализацияның сақталуы тән: белгілі бір дәрежеде палатализация барлық тілде кездессе, ал лабиализация, қырғыз немесе алтай тілдері үшін» [30]. Сөз бойындағы палатализация мен лабиализацияның сақталуы, шын мәнінде, қазіргі түркі тілдерінің басым бөлігіне тән құбылыс: палатализация – белгілі бір дәрежеде барлық тілдерге, ал лабиализация – мысалы, қырғыз немесе алтай тілдеріне тән.

Ғалымның пайымдауынша, алтайға дейінгі дәуірдегі дауыссыз + дауысты + дауыссыз (CVC) құрылымындағы элементтерге ортақ белгілер алтай дәуірінде айқын көріне бастаған. Бұл туралы Н.А. Баскаков келесі дәлелдерді алға тартады: «Аффикстік морфемада редукция мен эллизия құбылыстарының пайда болуы және кейбір элементтердің түсіп қалуы элементтерді қамтитын айырым белгінің негізделуіне алып келді. Алтайға дейінгі дәуірдегі ортақ синтездің ішінен тембр дифференциалды белгісі бөлініп шыққан» [30, б. 85].

Ғалым бұл тұжырым арқылы түркі тілдеріндегі вокализмнің қызметтік мәнге ие болу құбылысын түсіндіреді. Ол айырым белгілердің ішінен бөлініп шыққан тембр белгісі морфофонемада екі интерконсонантты элементтің қалыптасуына себеп болғанын көрсетеді. Н.А. Баскаковтың пікірінше, бұл элементтер – қысаң дауысты /ʏ/ (*y*) және ашық дауысты /a/ фонемалары. Бұл

дауыстылар өз кезегінде ашық және қысаң дауыссыздардың фонетикалық табиғатына сәйкес келеді.

Бұл кезеңде, яғни алтай дәуірінде, жоғарыда көрсетілгендей, ғалым екі дауысты фонеманы негіздейді. Олар тембр айырым белгісі жағынан ажыратылады. Ал қалған айырым белгілер бүтін сөзге қатысты болған. Сонымен қатар ғалым осы екі айырым белгінің (лабиал, палатал), екі дауысты фонеманың негізінде қысаң я ашық болып отыратындығын келтіреді. Мысалы, жоғарыда берілгендей, қысаңмен келетін сөздер: *tykty* (*tykty* 'он сунул'), ' *tykty* (*tikti* 'он шил'), ° *tykty* (*tuktu*'запруду'), '° *tykty* (*tüktü* 'имеющий шерсть') және ашықпен келетін сөздер: *takty* (*takty* 'он прицепил'), ' *takty* (*tekti*'имеющий породу'), °*takty* (*toktu* 'ягненок'), '° *takty* (*töktü*'он просыпал) [28, б. 57].

Н.А. Баскаков жоғарыдағы тұжырымын қорытындылай келе, айырым белгі деңгейіне көтерілген вокализмге қатысты қазіргі қазақ тілінен төмендегідей деректер келтіреді:

Кесте 5 – Айырым белгі деңгейіне көтерілген дыбыстар

<i>tykty</i> (<i>tykty</i> 'он сунул')	<i>takty</i> (<i>takty</i> 'он прицепил')
' <i>tykty</i> (<i>tikti</i> 'он шил')	' <i>takty</i> (<i>tekti</i> 'имеющий породу')
° <i>tykty</i> (<i>tuktu</i> 'запруду')	° <i>takty</i> (<i>toktu</i> 'ягненок')
'° <i>tykty</i> (<i>tüktü</i> 'имеющий шерсть')	'° <i>takty</i> (<i>töktü</i> 'он просыпал)
<i>bylʏa</i> (<i>bylʏa</i> 'смешивай')	<i>tyska</i> (<i>tyska</i> 'к внешности')
' <i>byldy</i> (<i>bildi</i> 'он знал')	' <i>tyska</i> (<i>tiske</i> 'к зубу')
° <i>bylak</i> (<i>bulak</i> 'родник')	° <i>tyska</i> (<i>tuska</i> 'к противоположной стороне')
<i>Balyk</i> (<i>balyk</i> 'рыба')	'° <i>tysty</i> (<i>tüstü</i> 'он сошел')
' <i>balym</i> (<i>belim</i> 'моя поясница')	<i>taska</i> (<i>taska</i> 'к камню')
° <i>baldy</i> (<i>boldu</i> 'он стал')	' <i>tasty</i> (<i>testi</i> 'он проткнул')
'° <i>baldy</i> (<i>böldu</i> 'он разделил')	° <i>tasty</i> (<i>tostu</i> 'он ждал')
	° <i>taska</i> (<i>töskö</i> 'к груди') т.б.

Лабиал және палатал айырым белгінің бүтін сөзге қатысты болуы негізінде дауыссыз дыбыстар сегіз варианттан емес, кейінірек төрт варианттан тұратын болған. Ал тембрлік айырым белгісі жағынан дауыссыз дыбыстар дауысты *y* (*ы*) мен *a* дыбыстарынан бұрын сипатталғанын айтады. Сонымен, аралық консонантты элементтер сөзде төмендегідей белгіге ие болғанын көруге болады.

Ғалым алтай дәуірінде екі дауысты фонеманың қалыптасқанын және дауыссыз дыбыстың қызметі күрделене түскендігін айтады. Ғалым үшінші кезеңге ғұн дәуірін жатқызады. Н.А. Баскаковтың пікірінше, бұл дәуірде түркі тіліндегі фонематикалық құрылымның дамуы күрделі процесті қамтып, алтай тілінен бөлінген вокализм жүйесі сегіз дауысты дыбысынан тұрған.

Кесте 6 – Қысаң дауысты дыбыстармен келгендер

.y. – тіл арты, жуан, езулік= y
'y. – тіл алды, жіңішке, езулік= i
°y. – тіл арты, жуан, еріндік= u
``°y. – тіл алды, жіңішке, еріндік= ü

Кесте 7 – Ашық дауысты дыбыстармен келгендер

.a. – тіл арты, жуан, езулік= a
'a. – тіл алды, жіңішке, езулік= e
°a. – тіл арты, жуан, еріндік = o
``°a. – тіл алды, жіңішке, еріндік= ö

Дауыссыз дыбыстар сияқты түбір морфемада дауысты элементтердің де әрқайсысы жеке мағынаға ие болған. Н.А. Баскаковтың түркі тілінің кейбірінде а, е, о, ө, у, і, u, ü дауыстылары мен кейбірінде а, у; і, u, ü; у, і, u, ü дауыстылар жүйесінің әртүрлі берілу жолдарына қатысты ғалымдар арасында түрлі тұжырымдар жасалды. Д.Г. Киекбаевтың түсіндіруінше, дауысты дыбыстар екі қатарда өзгеріске түскен. Біріншісі, ашық о, ө, е дауыстылары тарылып, қысаң u, ü, і дауыстыларын берсе, екіншісі, қысаң u, ü, і дауыстылары кеңейіп, о, ө, е дыбыстарын берген [31].

Сонда түбір морфемада үш дифференциалды белгіге негізделген сегіз дауысты фонема былай ажыратылды:

1. Жақтың қатысына қарай: ашық – а, е, о, ө және қысаң – у, і, u, ü дауыстылары.

2. Еріннің қатысына қарай: езулік – а, е, у, і және еріндік – о, ө, u, ü дауыстылары.

3. Тілдің қатысына қарай: тіл арты – а, у, o, u және тіл алды – е, і, ö, ü дауыстылары.

Ғалым қазіргі түркі тілдеріндегі дауыстылар жүйесі сияқты, көне дәуірдегі тілдерде де дауысты фонемалардың құрамы біркелкі болмағанын атап көрсетеді. Жалпы түркі тіліне тән ортақ жүйеде кейбір тілдерде қысаң, қысқа у, і, u, ü фонемалары мен (кейбір варианттарымен) ашық а, е, о, ө фонемалары кездесе, ал басқа тілдерге (мысалы, башқұрт, татар, хакас тілдеріне) ашық а, е, о, ө фонемаларымен қатар жартылай созылық қысаң у, і, u, ü фонемалары тән. Бұл құбылыс түркі тілдерінің тарихи дамуында дауыстылардың артикуляциялық және қызметтік айырмашылықтарының біртіндеп айқындала бастағанын көрсетеді [32].

Фонемалардың осындай тарихи әрқелжілігі мен дамуы олардың варианттарының пайда болуымен де тікелей байланысты. Тіл білімінде фонемаларды белгілеудің бірнеше принциптері бар. Егер бір тілде екі дыбыс бір позицияда кездесіп, бір-бірінің орнын басқанымен, сөздің мағынасын өзгертпесе, бұл дыбыстар бір фонеманың факультативті варианттары болып есептеледі. Мұндай варианттар тілдік норма шегінде болады және қате деп саналмайды. Мысалы, қазақ тілінде сөз басындағы дауыссыз дыбыстың сәл созылыңқылап айтылуы нормаға қайшы емес, өйткені тіл иелері бұл сөзді әрі қысқа, әрі созылыңқы түрде айта алады.

Бір фонеманың факультативті варианттары кейде стилистикалық бояуға ие болады. Мұндай стилистикалық варианттар арқылы сөйлеудің эмоционалды немесе әлеуметтік реңкі байқалады. Бір тілдің өзінде бір фонеманың ауызекі, ғылыми және бейтарап варианттары қатар өмір сүріп, сөйлеушінің әлеуметтік тобы мен білім дәрежесін де аңғартады.

Ал егер бір позицияда бір дыбыстың орнына басқа дыбыс келіп, сөздің мағынасын өзгертсе, онда бұл дыбыстар екі түрлі фонеманың көрінісі болып есептеледі. Мысалы, *qar* сөзіндегі [a] дыбысын [y]-ға ауыстырсақ, *qur* сөзі пайда болып, мағына түбегейлі өзгереді.

Сонымен қатар, екі туыстас дыбыс бір позицияда кездеспесе, олар бір фонеманың комбинаторлық варианттары болып табылады. Мысалы, [t'], [ʒ'], [m'] сияқты жіңішке дауыссыздар үндестік заңы бойынша тек жіңішке дауыстылармен ғана қолданылады. Мұндай комбинаторлық варианттар фонемалардың көршілес дыбыстармен өзара әсерлесуінен туындайды және сөйлеу ағымында фонемалардың артикуляциялық ерекшеліктерін нақтылап, олардың жүйелік қатынасын айқындайды [33].

Сөйтіп, ғалымдарымыздың пікіріне сүйенетін болсақ, әр тілдің фонематикалық құрылымының өзгеруі – оның дыбыс жүйесінің үздіксіз дамуының нәтижесі болып табылады. Фонемалардың дифференциалану негізінде, олардың аллофондары, тілдің дамуына сәйкес, мағына айқындау қасиетіне ие болады. Типологиялық туыстас және туыстас емес тілдердің дербес фонемалары жаңа ұғымдарды таңбалау үшін басқа тілдерден келген кірме лексикамен және тілдің ішкі заңдылықтарына байланысты дивергенция процесі негізінде пайда болады. Және де тарихи фонология тілдердің барлық құрылымдық типтерінің тарихи өзгеріс нәтижелерін, универсалды фактілерін пайдаланып, тілдің тарихын, ататілін түзіп, ежелгі қалпында зерттеуге мүмкіндік береді.

1.3 Фонология мен морфонологияның өзара байланысы мен айырмашылығы

Әдетте тілдің ең кіші, әрі уақыт пен тізбектік тұрғыдан одан әрі бөлінбейтін бірлігі ретінде фонема қарастырылады. Дәл айтқанда, фонема –

абстракттілі сипатқа ие, мәтін ішінде өзінің нақты көрінісі – аллофоны арқылы жүзеге асатын тілдің ең кіші бірлігі.

Фонемалардың бір-бірінен әрқашан айқын ажыратылуы, сондай-ақ сөз немесе морфема құрамында фонеманың бірімәнді сәйкестендірілуі (идентификациясы) мәселелері әр кезеңде әртүрлі фонологиялық мектептерде түрліше шешім тапқан. Мысалы, қазақ тіліндегі /қ/ мен /к/ дыбыстарының фонема екені күмән тудырмайды, бірақ олардың қала мен келе сияқты сөздердегі қолданылу ерекшелігі – тілдің жуан және жіңішке қатарындағы дауыстылармен үндесуімен байланысты күрделі фонологиялық құбылыс болып табылады. Бұл құбылыс фонеманың мағыналық қызметінен бөлек, оның позициялық және артикуляциялық ерекшеліктерін де көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, Л.В. Щербаның зерттеулері ерекше мәнге ие. Ғалымның пікірінше, аллофондар арқылы жүзеге асатын фонема, яғни нақты сөйлеуде көрініс табатын фонемалық бірлік – әрдайым өзінің негізгі, тұрақты белгілері арқылы айқындалып, сол белгілер негізінде сипатталады. Себебі дәл осы тұрақты қасиеттері фонеманың кез келген фонетикалық ортада басқа барлық фонемалармен қарама-қарсы қойылуына мүмкіндік береді. Бұл қағида фонеманың инварианттық табиғатын, яғни оның түрлі позициялық өзгерістерінде де өз мәнін сақтайтынын дәлелдейді.

Осылайша, қазақ тіліндегі /қ/ және /к/ фонемаларының да барлық позициялық көріністері (мысалы: қ – жуан, к – жіңішке) өздерінің негізгі, инварианттық белгілерін сақтай отырып, бір ғана фонемалық бірлікті танытады. Бұл дыбыстардың артикуляциялық және акустикалық тұрғыдан әртүрлі реңктерге ие болуы олардың аллофондық сипатын ғана білдіреді. Себебі /қ/ мен /к/ бір-біріне қарама-қарсы қойылатын мағынаны айқындайтын қасиетке ие болса да, олардың жуан не жіңішке дауыстылармен үндесіп айтылуы – фонеманың мәнін өзгертпейді, тек позициялық бейімделуін көрсетеді. Бұл құбылыс Л.В. Щерба ұсынғандай, фонеманың сөйлеудегі нақты аллофондары арқылы жүзеге асатынын, алайда фонеманың негізгі тұрақты қасиеттері сақталып, сол арқылы басқа фонемалармен қарама-қарсы қойылатынын дәлелдейді. Демек фонема – тілдің мағыналық тұлғаларын: морфемаларды, сөздерді құрайтын және оларды бір-бірінен ажыратып тұратын тілдің дыбыстық құрылысындағы әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең кішкене тұлға [34].

Фонематикалық қарама-қарсылықтың барлық мәнді элементтерді ажыратуға әрдайым қабілетті бола бермеуі фонемамен қатар өзге де фонетикалық бірліктің бар екенін көрсетеді. Мұндай бірлік М. Халле еңбектерінде морфонема деп аталады. Ол морфонеманы тілдің негізгі фонологиялық бірлігі ретінде қарастырған. С.И. Бернштейн бұл ұғымды нақтылау үшін фонеманы «1-дәрежелі фонема», ал морфонеманы «2-дәрежелі фонема» деп атауды ұсынған. Ал Р.И. Аванесов оны «фонемалық қатар» деп атап, морфема құрамындағы ең қысқа дыбыстық бірлік деп сипаттайды [35].

Морфонология – бұл фонологиялық элементтердің морфемалық құрылымда қолданылу принциптерін, сондай-ақ сөздің фонологиялық және морфологиялық құрамын зерттейтін сала [36]. Морфонология дербес ғылым ретінде ХІХ ғасырда қалыптасты. Оның негізін қалаған ғалымдар – Бодуэн де Куртенэ, Н.В. Крушевский, Н.С. Трубецкой, А.А. Реформацкий, Е. Курилович, ал түркі тілдері бойынша зерттеушілер қатарында А. Байтұрсынов, Н.А. Баскаков, М. Закиев, А. Қалыбаева, А. Айғабылов және т.б. бар. Фонология мен морфонологияны ажырату күрделі, өйткені тілдің табиғатын тану үшін екеуінің қызметін қатар қарастыру қажет. Соның нәтижесінде архифонема, гиперфонема, фонеманың бейтараптануы, фонологиялық синкретизм сияқты ұғымдар қалыптасты. Морфонология дәстүрлі түрде дербес сала болып саналса да, қазіргі көзқарас бойынша ол фономорфологиялық зерттеу бағытына жақын. Морфонологияда морфеманың фонологиялық құрылымы маңызды рөл атқарады, яғни бұл сала фонологиямен тығыз байланыста болады. Себебі морфонология морфеманың фонемалық құрылымын және фонеманың морфологияға қызметін анықтайды. Оның зерттеу нысаны – морфемалардың түрлі фонологиялық варианттары мен морфема жігінде болатын дыбыс алмасулар. Бұл құбылыстар дыбыс алмасу, қыстырма дыбыс қосу және ықшамдалу түрінде байқалады. Бұрын мұндай өзгерістер фонетика шеңберінде қарастырылған, ал қазір морфонологияның нысаны ретінде сипатталады. Демек, морфонологияның зерттеу нысаны – морфемалардың түрлі варианттарының дыбыстық (фонологиялық) құрылымы (мысалы, «бұнда-мұнда», «зеки-жекi» және т.б.), сондай-ақ сөз жасау мен сөз түрлендіру барысында морфемаларда болатын дыбыстық өзгерістер: дыбыс алмасу, қыстырма дыбыс қосу және ықшамдау сияқты құбылыстар.

Қазақ тіліндегі фонетикалық өзгерістер морфонологиядағы морфемалардың тексте түрлі құбылып қолданылатын морфтары (мейлі түбір морфема, мейлі қосымша морфема болсын) өз дәрежесінде түсіндірілмей, тіліміздің типологиялық ерекшелігі анықталды деуге әлі де ерте.

Ал түркітанудағы пікірлерге келсек, «Морфонология – фонологияның морфонологиялық мақсатта қолданылуы». «Морфонология – фонология мен морфонологияның, тіпті грамматиканы, орнына қарай стилистиканы да байланыстыратын аралық деңгей». «Морфонология – морфеманың фонологиялық құрлымы». Татар ғалымы М. Закиев «Түркі морфонологиясы туралы» еңбегінде морфонологияның морфемалардың түрлі дыбысталу жағдайларын толық қамту үшін түркі тіліндегі дыбыстық және фонемалық өзгерістерді ескеру қажеттігін көрсетеді [37]. Демек, морфонологияның ерекшелігі – фонема мен морфологияның аралығында пайда болатын құбылыстарды зерттейді.

Осыған байланысты ғалымдардың пікіріне сүйенетін болсақ, морфонологияның фонологиямен тікелей байланысты екенін аңғаруға болады. Осы уақытқа дейінгі еңбектерде морфонология арнайы зерттеу нысаны ретінде

қарастырылмаған, тек А. Айғабыловтың зерттеуінде ғана толық сипатталады. Морфонологияның фонологиямен байланысты зерттелмегенін бұрын-соңды шыққан зерттеулердегі фонемаға берілген анықтамалардан көруге болады. Айталық, І. Кеңесбаев: «Сөз мағынасы мен сөз тұлғасын ажыратуға себі бар тілдегі ең кіші единицаны (көрнекті дыбысты) фонема деп атаймыз» – десе, Ж. Аралбаев: «Фонема тіл дыбыстарының мағына айқындайтын кезеңін қарастырады» – дейді [11, б. 61-67]. А. Қалыбаева: «Дыбыс пен фонема дегендердің синоним болатын да, бола алмайтын да заңдылықтары бар екені байқалады» – деп айтады [38]. Зерттеуші Ә. Жүнісбеков қазақ тілінің дауысты және дауыссыз дыбыстары Еуропа тіл біліміндегі фонема теориясына бағынбайтынын, қазақ (түркі) тілінде фонема ұғымы жоқ екенін және фонологиялық негізгі бірліктің буын екенін алға тартады. Сондай-ақ қазақ тіліндегі морфонологиялық құбылыстардың пайда болу жолы үнем принципіне, қолданылу жиілігі мен әр сөз табының өзгешелігіне, ұқсастыққа байланысты [39].

Морфонологияның өзектілігіне көңіл бөліп, кейінгі зерттеушілерге Бодуэн де Куртенэ ой тастағанымен, осы ілімнің негізін салушы ретінде Н.С. Трубецкой есептеледі. Ол морфонологияның теориялық жағын қарастырып, оны үш негізгі міндетке негіздейді:

1. Морфеманың фонологиялық құрылымының теориясы;
2. Морфемалардың тіркесу барысында пайда болатын дыбыстардың комбинаторлық өзгерістерінің теориясы;
3. Морфонологияға қатысты туындайтын дыбыс алмасулары [40].

Бірақ кейінгі зерттеушілер осы үш бағытты түгел қабылдаған жоқ. Себебі Н.С. Трубецкой мен А.И. Бодуэн де Куртенэ фонеманың морфема құрамында қарастырылуы қажет екенін айтады. Фонемалар морфеманың құрамдас бөлігі ретінде лингвистикалық мәнге ие екенін түсіндіреді: «На этой ступени развития гомогенные фонемы ... играют в морфологии такую же роль как ... аффиксы ...» [41]. Дамудың осы сатысында гомогенді фонемалар морфологияда аффикстер сияқты рөл атқарады дей келе, дыбыс алмасуды екіге бөледі: 1) шартты комбинаторлы дыбыс алмасуы; 2) дәстүрлі дыбыс алмасуы. Біріншісін фонетикаға жатқызады, ал екіншісін морфологиялық алмасу деп есептейді.

Бодуэн де Куртенэ еңбегінің ерекше маңызы онда фонологиялық және морфологиялық шарттылықтың нақты айырмашылығы көрсетіледі, жалпылықтың маңыздылығы талданады және ең бастысы, морфонологиялық альтернативаның морфологиядағы атқаратын қызметі ерекше атап көрсетіледі [1, б. 35]. Морфонологиялық альтернатива (алмасу) – бұл морфема (морф) құрамындағы дыбыстардың (фонемалардың) немесе олардың топтарының сөзжасам не сөз түрлендіру үдерісінде өзара кезектесіп өзгеруі. Нақты айтқанда, морфема әртүрлі грамматикалық немесе фонетикалық жағдайларда әртүрлі дыбысталады, бірақ оның негізгі мағынасы сақталады [42].

Сондықтан морфонология нысанын анықтауда А.А. Реформатский, В.В. Лопатин, И.С. Улухановтар дыбыс алмасудың бәрін емес, морфонологияға қатысты морфологиялық дыбыс алмасуды ғана негізге алады. Демек, жоғарыда айтылған Н.С. Трубецкойдың үш тұжырымының ішінен үшіншісі ғана басшылыққа алынғанын байқауға болады [3, б. 42].

«Морфонологиялық мәселеге қатысты көзқарастардың әртүрлі болуы заңды, өйткені бұл салада зерттеу жүргізетін авторлардың ұстанымдары олардың фонологиялық және морфологиялық көзқарастарына тікелей байланысты. Морфонологияны қалай түсіндіруге болатынына қарамастан, тілдің фонологиялық және морфологиялық құрамдас бөліктерінің табиғаты жөніндегі белгілі бір түсініктер бастапқы негіз ретінде алынуы қажет. Алайда мұндай түсініктер әртүрлі лингвистикалық мектептерде өзгеше сипатқа ие болады» [42, б. 4]. Э.Р. Тенишев, В.И. Золхоев, А.А. Юлдашев, М.З. Закиев, А. Қалыбаева сияқты ғалымдар морфеманың құрылымын зерттеумен қатар, позициялық дыбыс алмасу мен дәстүрлі алмасуды бір-бірінен бөле-жармай, оларды тұтас түрде морфонологияның зерттеу нысаны ретінде қарастырады.

Қазақ тіл білімінде морфема жігіндегі дыбыс өзгерістері ілгерінді және кейінді ықпал заңдылықтары арқылы түсіндіріледі. Морфонология тұжырымдарына сәйкес, мұндай игерілу құбылыстары екі түрге бөлінеді: фонетикалық өзгерістер және морфонологиялық өзгерістер. Себебі морфема жігіндегі дыбыстық өзгерістердің барлығы артикуляциялық мүмкіндікке қатысты бола бермейді. Мысалы: морфема жігінде қатар келген сш, шс, зс, жж, нк, нқ, нг, нғ, нб, нп, нб, нм дыбыстарын қатар айту мүмкіндігі болмағандықтан, шш, сс, жж, нқ, нқ, нғ, нғ, мб, мп, мм болып дыбысталуы фонетика өзгеріске жатады. Ал ек – егін, бақ – бағы, тап – тауып – табады деген сөздерде дыбыстық өзгерістердің артикуляцияға қатысы жоқ. Өйткені к, қ, п дыбыстары дауысты дыбыстармен (апа, әке, ақын т.б.) тіркесіп келеді. Мысалы, келелі деп айтқанымызбен, келесіз емес, келеңсіз түрінде дыбыстаймыз, яғни бұл жағдайда сөз құрамында ң дыбысы пайда болады. Осындай құбылысты кінәшіл – кінәмшіл, бағала – бағамда, иеле – иемде, өздік – өзіндік сияқты сөздердің варианттарын салыстыру арқылы да байқауға болады.

Ықшамдалудың барлық түрі морфонологиялық құбылысқа жатады. Өйткені олар сөйлеу дәстүрінің қалыптасуына байланысты ықшамдалып, сөздің бұрынғы толық қалпымен жарыса айтылады [43].

Осы тәрізді құбылыстар морфонология саласында да жиі кездеседі. Кейбір морфонологиялық құбылыстар аралас сипатта болып, фонетикалық және морфологиялық шекараның тоғысында орын алады. Нәтижесінде, кейбір «жұрнақтардың» сөзге нақты қандай мағына немесе қызмет қосатыны белгісіз болып қалады. Мұндай өзгерістер – морфонологиялық құбылыстардың көрінісі. Сондықтан оларды фонетикалық құбылыстардан ажыратып, морфонология тұрғысынан жеке қарастыру қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, морфонологиялық құбылыстардың табиғаты тілдің фонологиялық құрылымымен тығыз байланысты. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, фонологиялық тұрғыдан буындық деп сипатталатын тілдер ерекше грамматикалық бірлікке – буынморфемаға ие болады. Буынморфема материалдық жағынан бір буынмен теңесіп, морфеманың көрсеткіші (экспоненті) қызметін атқара алады, кейде мағынасыз да болуы мүмкін. Дегенмен, мағыналы не мағынасыз болуына қарамастан, мұндай буын грамматикалық көрсеткіштерді жалғау, редупликация сияқты процестерге қатысып, мағыналы бірліктерге тән қасиеттерді көрсетеді. Бұл пікір морфонологиялық құбылыстардың фонетика мен морфология арасындағы шекаралық табиғатын айқындай түседі [44]. Бұл жерде редупликация (кейінгі латын тіліндегі *reduplicatio* – «екі еселеу, қайталау») – белгілі бір буынды, түбірді (толық не жартылай) немесе тұтас сөзді қайталау арқылы жүзеге асатын фономорфологиялық құбылыс. Редупликация тәрізді құбылыстар тілдің құрылымдық деңгейлеріндегі өзгерістермен тығыз байланысты болғандықтан, морфонология саласында қарастырылатын бірқатар арнайы ұғымдар да қалыптасқан. Морфонологияның жеке еншісі ретінде қарастырылатын ұғымдар да бар. Ол бұрын фонетика саласында әңгіме болып жүрген игерусіз өзгерістер, сөз құрылымының ықшамдалуы мен морфонологияда бірлі-жарым айтылып келген сөз құрылымының ұлғаюы. Сондықтан фонетикалық вариант деп аталып келген терминді морфонологиялық вариант деп атау ғылыми тұрғыдан қолдау тапты. Сонымен, морфонология немесе фономорфология – фонетика мен морфология жігінде пайда болған тіл білімінің бір саласы. Морфонология термині морфонология сөзінен кірігу (гаплогология) жолымен ықшамдалып жасалған. Морфонология пәні сөз тұлғаларының (морфемалардың) фонологиялық құрылымын және олардың өзара әрекеттесуінен туындайтын өзгерістерді зерттейді. Морфонологиялық құбылыстарға сөздің құрамындағы морфемалардың қиюласып тіркесуі барысында пайда болатын түрлі фонологиялық–морфологиялық өзгерістер жатады. Мұндай өзгерістер негізінен сөзжасам процесінде және сөздің ішкі құрылымында (сөз формасында) жүзеге асады. Бұл құбылыстардың табиғаты фонологиямен тікелей байланысты екенін айқын көрсетеді. Мысалы, кітап – кітабым; жүк – жүгі; жүрек – жүрегі.

Сондықтан фонология мен морфонологияның ерекшелігін ажырата білу керек. 1) әртүрлі морфемалардың дыбыстық (фонологиялық) құрамы мен оларды ажырату әдістері; 2) тұлғада не сөзжасамда морфемалардың морфемалық жүйе құруы. Бір морфема құрамында алмасып отыратын фонемалар морфонема деп аталады. Морфонологияны фонология мен морфологияны жалғастырушы буын ретінде, не морфология саласы ретінде қарастыруға болмайды. Морфонологияны фонологиядан бөлек қарастырудың негізгі себебі – морфонологиялық құбылыстардың таза фонологиялық заңдылықтармен толық түсіндірілмеуінде. Олар фонемалардың жәй ғана дыбыстық қасиеттеріне емес, морфема межесіндегі позициясына, олардың орын

ауысуына, тарихи (диахронды) және қазіргі (синхронды) күйіне тәуелді болып келеді. Сондықтан морфонологиялық алмасуларды анықтауда фонемалардың қандай топқа жататыны, олардың морфемалар түйісінде қалай өзгеретіні және бұл өзгерістердің жүйелі сипаты арнайы ескеріліп талданады. Тарихи фонология тұрғысынан алғанда, морфонология морфемалардың даму барысындағы фонологиялық алмасулардың қалай қалыптасқанын, қандай кезеңдерде тұрақтанғанын түсіндіруге маңызды негіз береді. Морфонологиялық құбылыстардың басым бөлігі синхрондық жүйеде «ерекше» немесе «заңдылыққа бағынбайтын» өзгеріс болып көрінгенімен, олардың түп-төркіні тарихи фонетикалық эволюцияға барып тіреледі.

Сондықтан морфонология тарихи фонологияның деректерін пайдалана отырып, белгілі бір морфемалардың неге дәл осы позицияда өзгеріске ұшырайтынын, неге кейбір алмасулар тек морфемалар түйісінде ғана байқалатынын, сондай-ақ дыбыстардың сәйкестігі мен өзгеру модельдерінің қай дәуірде қалыптасқанын айқындайды. Тарихи фонология, өз кезегінде, морфонологиялық заңдылықтардың этимологиялық негізін ашып, олардың жүйелі сипат алуына әсер еткен фонетикалық процестерді көрсетеді.

Осылайша, морфонология мен тарихи фонология өзара тығыз байланысып, морфемалық құрылымдардың қазіргі күйін де, олардың көне даму кезеңдерін де түсіндіретін кешенді теориялық база жасайды. Айталық, Н.А. Баскаковтың тарихи-фонологиялық тұжырымдары морфонологияның тарихи негізін түсіндіруге нақты тілдік дерек бола алады. Оның реконструкциялаған вокализм жүйесі мен айырым белгілердің дамуы қазіргі түркі тілдеріндегі морфонологиялық алмасулардың терең тарихи уәжін айқындайды. Сонымен, түркі тіл білімінде фонетика саласын зерттеп жүрген ғалымдарымыздың пікіріне сүйенетін болсақ, әр тілдің фонематикалық құрылымының өзгеруі – оның дыбыс жүйесінің үздіксіз дамуының нәтижесі болып табылады. Фонемалардың дифференциалану негізінде, олардың аллофондары, тілдің дамуына сәйкес, мағына айқындау қасиетіне ие болады. Типологиялық туыстас және туыстас емес тілдердің дербес фонемалары жаңа ұғымдарды таңбалау үшін басқа тілдерден келген кірме лексикамен және тілдің ішкі заңдылықтарына байланысты дивергенция процесінен өтіп пайда болады. Және де тарихи фонология тілдердің «барлық құрылымдық типтерінің тарихи өзгеріс нәтижелерін, универсалды фактілерін пайдаланып, тілдің тарихын, ататілін түзіп, ежелгі қалпында зерттеуге мүмкіндік береді.

Бұл тұрғыдан алғанда, тіл білімінде фонологиялық және морфонологиялық алмасулардың арасындағы айырмашылық айқын көрінеді. Фонологиялық алмасу негізінен әр тілдің артикуляциялық мүмкіндігіне байланысты қалыптасып, жалпы тіл нормасына бағынады, яғни тілдік жүйеде біртұтас заңдылыққа сай өзгереді. Ал морфонологиялық құбылыстар артикуляцияның мүмкіндігіне тәуелсіз болып, сөйлеушілердің әртүрлі айтылу дағдысымен қалыптасып, бірыңғай нормаға түспей, жеке морфемалық құрылымдардың ішкі

заңдылықтарына сай өзгереді. Осылайша, фонетикалық алмасулар көрші дыбыстардың ықпалына бағынышты болса, морфонологиялық алмасулар тілдің морфемалық жүйесінің тарихи даму процесінде қалыптасатын және фонологиямен тығыз байланыстағы құбылыстар ретінде қарастырылады.

Осымен байланысты А. Айғабылов фонетика мен морфонологиялық құбылыстарды бір-бірінен ажыратуда төмендегідей мысалдар келтіреді. Тіліміздің артикуляциялық базасының мүмкіндігінде жоқ сш, шс, нк, ақ, нг дыбыстар тіркесімі айтуда басшы /-башшы/, күшсіз /-күшшүз/, түнгі /түнгү/ өзгереді. Ал ек-ін /егін/, түп-і /түбі/, ақ-ыс /ағыс/ деген сөздердегі к, п, қ дыбыстарын ұяң г, б, ғ дыбыстарымен айтамыз. Бұл өзгерістер қазіргі қазақ тілі фонетикасы оқулықтарында кейінгі ықпал заңымен түсіндіріледі. Ал екі, апа, көпір, мықын деген сөздердегі к, п, қ неге ұяң дыбыстармен айтылмайды?! Демек, А.Айғабыловтың көрсетуінше, бұл артикуляциялық мүмкіндікке қатысы жоқ өзгеріс дағдысына байланысты пайда болған нормалар ретінде морфонологиялық құбылыс деп қаралуы керек. Ғалым «Егер қазақ тіліндегі ілгерінді ықпал, кейінді ықпал жолымен түсіндірілетін өзгерістерді артикуляциялық мүмкіндікке қатысты өзгеріс пе, әлде сөйлеу кезінде әр түрлі айтылу дағдысымен нормаға айналып кеткен өзгеріс пе деген сұраққа жауап алсақ, фонетика мен морфонологияның еншісін де бөлу қиын болмайды», - дейді [45].

Зерттеушілер ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпалға жатқызылып жүрген өзгерістердің бәрін фонетика заңымен түсіндіре беруге болмайтынын айтады. Демек, А. Айғабылұлы зерттеуінде фонетикалық құбылыс пен морфонологиялық құбылыстардың ара жігі ашылып, олардың нысанын түсінуге мүмкіндік болды. Айталық, ғалым /тарак/тарағым/, керек/керегім/, ала кел/алагел/ деген сөздердегі қатаң дыбыстардың өзінен кейін не бұрын келген дауысты дыбыстар әсерінен ұяңданып алмасатынын келтіреді. Осы жағынан алғанда, дауыстылардың қатаң дыбыстардың барлығымен тіркесе алатындығын ескеру керек. Айталық, жақын, мықын, арқа, теке, ешкі. Сондай-ақ, А.Айғабыловтың көрсетуі бойынша, фонетикалық дыбыс алмасуда белгілі бір жағдайда бір ғана өзгеріс болса, морфонологиялық дыбыс алмасуда белгілі бір жағдайда түрлі өзгеріс болуы әбден мүмкін. Мысалы, фонетикалық құбылыс заңы бойынша, көптік жалғауының бірі - лар қосымшасы жалғанған сөзге келесі варианты (-лер,-дар,-дер,-тар,-тер) жалғанбайды, ал морфонологиялық құбылыс кезінде бір тұлғаға жататын (-шік/-тік, -шек/-тек) жұрнақтар бір сөзге жарыса жалғана беруі мүмкін (бүр-шік, бүр-тік); Морфемалар жігінде п дыбысының у дыбысымен алмасуы фонетика оқулықтарында бұрын регрессивтік ассимиляция деп түсіндіріліп келді. Енді бұл алмасу морфонологиялық құбылысқа байланысты екендігіне көз жеткізуге болады. Сонымен, А. Айғабылов *n* дыбысына біткен сөздерге дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда *n* дыбысы барлық жағдайда ұяңдап, *б* дыбысымен алмаса бермейтінін айта келе, төмендегідей үш түрін

көрсетеді: 1) сап-сары, теп-тепенде; 2) жап-жамыл; 3) жап-жауып. Демек, ғалым бұндай ауытқуға ие болып отырған *п-б* алмасуын фонетика еншісіне жата алмайтынын түсіндіреді [46]. Нақтылай келгенде, жоғарыда келтірілген зерттеулер фонетика мен морфонологияның өзара ерекшелігін ғылыми әрі тілдік деректермен келтіре отырып, олардың зерттеу нысанын анықтап береді.

Зерттеуші Н. Уәлидің еңбегінде де фонология мен морфонологияның өзара айырмашылығы тұжырымдалады. Ғалымның пікірінше, жалпы фонетикалық алмасулардың морфемаға қатысы жоқ. Мейлі ол үстеу жасайтын қосымша мен қалау рай тұлғасы болсын немесе шартты райдың жұрнағы болсын, сондай-ақ «жоқтықты» білдіретін аффикс болсын, бәрібір, талғампаздық болмайды. Фонема реңктері талғаусыз өзгере береді: құша – [құшша]; ысшы – [ышшы]; безсе [бессе], бізсіз [біссіз]. Ал кейбір дыбыс өзгерістерінде мұндай қасиет жоқ, мысалы, к/ғ, к/г, п/б белгілі бір морфемалардың аясында болады: тұрақ – тұрағы, бұлақ – бұлағы, қазақ – қазағы, бірақ қазақы (сын есім); қырық – қырығы (сын есім); бірақ қырқы – зат есім (этнографизм); дарақ – дарағы, бірақ дарақы (сын есім); тақ – тағыл, бірақ тақыл (зат есім); бақ – бағыл, бірақ бақыл (зат есім); қап – қабы, бірақ қапы қалу; сап – сабы, бірақ еңбек сапында т.б. Белгілі бір морфемалардың аясында болатын мұндай өзгерістерді алдыңғы типтегі алмасулардан бөлектеп, морфонологиялық алмасулар деп атауға болады. Әрине, морфонологиялық алмасулар да фонетикалық алмасу, бірақ бұл алмасулар белгілі бір морфемалардың жүйесінде ғана көрінеді. Мысалы, көптік жалғауының дауыстылар мен /у/, /й/ сонорларынан соң л /-лар, -лер вариант түрінде болуы осы морфемаға қатысты: қала-лар, тау-лар, тай-лар. Тап осы жүйе -лық, -лік аффикстерінде де қайталанады: қала-лық, тай-лық. Бірақ өзге морфемада, мысалы септік жалғауында, бұл жүйе басқаша сипат алады: қала-да, тау-да, тай-да [47, б. 77].

Жалпы фонетикалық алмасудың морфонологиялық алмасудан тағы бір айырмашылығын көрсетеді. Оны орфоэпиямен байланысты қарайды. Егер орфоэпиялық нормадан әдейі ауытқи отырып, артикуляциялық жақтан әнтек нық айтуға тырыссақ, қосымша реңктегі фонема өзінің негізгі реңкіне көшуге мүмкіндік алады: [башшы] – басшы, [кешегелді] – кеше келді т.б. Мектеп мұғалімдері оқыту процесінде, дикторлар радиодан ән тексін үйреткенде, мұндай мүмкіндікті нормадан әдейі ауытқи отырып, ара-тұра пайдаланып отырады. Тіпті сөз мағынасын айқынырақ ажырату үшін кей контексте [к] -ні әнтек нық айтып, фонеманы негізгі реңкте дыбыстауға тырысамыз: [сексеуілдің күлү] – сексеуілдің күлі, салыстырыңыз: [сексеуілдің гүлү] – сексеуілдің гүлі. Осымен байланысты ғалым мынадай тұжырым жасайды: «Морфонологиялық алмасулар орфоэпиялық нормадан бұлайша әдейі ауытқуға ырық бермейді. Мысалы, ақ – ағар сөзін «ақар» түрінде дыбыстаудың мәні жоқ.

Дыбыстардың жалпы фонетикалық алмасуы мен морфонологиялық алмасуы бір сөздің шенінде де кездесе береді. Мысалы, <қ> фонемасының сөз қолданыста бірнеше реңкі болуы ықтимал:

1) [қырық] дегендегі [қ] – негізгі реңк;
2) [қырығы] дегендегі [ғ] – фонетикалық қоршауға біршама тәуелсіз реңк-морфонологиялық алмасу;

3) [отызғырық] отыз-қырық дегендегі [ғ] – фонетикалық қоршауға тәуелді реңк, жалпы фонетикалық алмасу;

4) қырқы (этнографизм), қырық [қырығы] қырқы – тарихи алмасу» [16, б. 27]. Осы салыстырудан байқайтынымыз, қазіргі қазақ жазу нормасында жалпы фонетикалық алмасуларға қатысты дыбыстық өзгерістер жазуда арнайы таңбаланбайды. Өйткені фонетикалық алмасулар сөйлеу тіліне тән артикуляциялық ықшамдалудан, дыбыстардың іргелес позицияда бір-біріне ықпал етуінен туындайды да, тұрақты орфографиялық белгі болуын талап етпейді. Мұндай өзгерістердің жүйесі ауызша сөзде жүзеге асқанымен, жазуда дыбыстық құбылыстар емес, тілдегі тұрақты морфемалық құрылым мен түбірдің өзгермейтін қалыбы басшылыққа алынады. Сондықтан түнгі [түңгү], күшсіз [күшшүз] тәрізді айтылымдағы варианттар жазуда бір ғана норма бойынша беріледі.

Ал, керісінше, морфонологиялық алмасулар тілдің тек ауызша орфоэпиялық нормасынан емес, морфемалардың тарихи қалыптасқан құрылымынан туындайтындықтан, орфографияда жүйелі түрде таңбаланып отырады. Бұл құбылыс түбір мен қосымшаның түйіскен жерінде фонемалардың өзгеруінен байқалады және ол сөздің морфологиялық мағынасын айқындауда маңызды рөл атқарады. Мысалы, жүрек + ін → жүрегін секілді морфонологиялық өзгерістер жазуда дәл беріліп, сөздің грамматикалық тұлғасын сақтауға қызмет етеді [47, б. 33].

Осы тұрғыдан алғанда профессор Қ. Жұбановтың «қазақ емлесі дыбыс негізді болуы керек» дейтін тезісі фонетикалық алмасулардың жазуда еленбей қалатын табиғатымен ұштасады. Ғалым бұл жерде барлық дыбыстық құбылысты жазуға дәл түсіруді емес, тілдің табиғи, фонетикалық жүйесін негізге ала отырып, жазудың тұрақты морфологиялық құрылымды сақтауы керектігін меңзейді. Демек, Қ. Жұбанов емленің негізін дыбыстық жүйеден алуды ұсынғанымен, жазуда фонетикалық өзгерістерге емес, морфонологиялық заңдылықтардың тұрақты таңбалануына басымдық беру – қазіргі орфографиялық принциппен толық қабысады [48].

Жалпы алғанда зерттеу жұмысы тарихи фонологияға қатысты болғандықтан, оның морфонологиямен де байланысы бар екенін ескеру керек. Оны жоғарыда келтірілген морфонологияға берілген тұжырымдардан да көруге болады. Дегенмен, жоғарыда морфонологияның фонологиядан айырмашылығы айтылғанымен, тарихи фонологияға тән өзгерістер мен олардың заңдылықтарын зерттеу морфонологиялық құбылыстардың қазіргі тілдегі синхрондық қызметін түсінуге мүмкіндік береді, яғни, тарихи фонология фонемалардың эволюциясын анықтаса, морфонология сол өзгерістердің морфемалық жүйеде қалай тұрақтанғанын және грамматикалық функцияны

қалай атқаратынын ашады. Түркі тілдерінде морфонологиялық құбылыстардың басым бөлігі тілдің тарихи фонологиялық дамуымен тікелей астасып жатады. Морфонология қазіргі тіл жүйесінде морфемалардың құрамында сақталған фонемалық варианттарды зерттесе, тарихи фонология дәл осы варианттардың қайдан және қандай заңдылықтар негізінде қалыптасқанын айқындайды. Басқаша айтқанда, морфонологиялық алмасулар – тарихи фонологиялық өзгерістердің қазіргі тілде қалай сақталғанын көрсетеді. Мысалы, көне түркі тіліндегі сөз соңындағы *-g*, *-k* ұяң-қатаң дауыссыздарының кейінгі дәуірлерде түсіп қалуы немесе әлсіреуі қазіргі қазақ, қырғыз, ұйғыр тілдерінде морфонологиялық алмасу түрінде көрінеді. Қазақ тіліндегі жүрек – жүрегі (Адамның жүрегі Алланы еске алғанда ғана тыныштық табады), тілек – тілегі, қырғыз тіліндегі жүрек – жүрөгү, ұйғыр тіліндегі йүрәк – йүреги тәрізді формаларда түбірдің соңғы дауыссыздарының өзгерісі тарихи фонологиялық әлсіреу нәтижесі болса, морфонология осы өзгерістің морфемалық құрылымда жүйелі сақталуын зерттейді.

Сол сияқты көне түркі тіліндегі дауыстылардың өзгеруі қазіргі түркі тілдеріндегі морфонологиялық варианттарды қалыптастырған. Мысалы, қазақ тіліндегі құлақ – құлағы, тізе – тізесі үлгілері тарихи дамудағы дауыстының көрінісін береді. Осы жағынан алғанда, тарихи фонология дыбыстардың өзгеру себебін түсіндірсе, морфонология осы өзгерістердің морфемалар аралығында жүйеге айналуын талдайды.

Демек, түркі тілдеріндегі морфонологиялық заңдылықтар – уақыт ағымында қалыптасқан фонологиялық өзгерістердің қазіргі морфемалық құрылымда тұрақты қызмет атқарып, грамматикалық формаларды ажыратуға қатысатын нәтижелері. Осылайша, екі сала бір нысанды екі түрлі қырынан қарастырады: тарихи фонология қалай және не себептен өзгерді? деген сұраққа жауап берсе, морфонология осы өзгерістер қазіргі тілде қандай қызмет атқарады? деген мәселені анықтайды.

Бірінші тарау бойынша тұжырым

Осы тарауда түркі, соның ішінде қазақ тілінің фонологиялық жүйесін теориялық тұрғыдан сипаттауға негіз болатын басты бағыттар талданып, фонология ғылымының қалыптасуы мен эволюциясына қатысты кешенді тұжырымдар ұсынылды. Фонема теориясының әр кезеңдегі даму ерекшеліктерін, тарихи фонологияның негізгі принциптерін және фонология мен морфонология қатынасының ғылыми мәнін қамти отырып, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін зерттеудің теориялық-әдіснамалық базасын айқындауға бағытталды.

Фонема теориясының қалыптасуы мен түрлі лингвистикалық мектептерде түсіндірілуі жүйелі талданды. Фонемаға қатысты көзқарастардың әртүрлілігі оның тілдік жүйедегі қызметінің күрделі әрі көпқырлы екенін көрсететіні анықталды. Прага мектебінің фонологиялық оппозиция мен айырым белгілерге

негізделген концепциясы фонологияның теориялық негізін айқындаса, америкалық структурализм фонеманы аллофондардан абстракцияланған минималды айырма бірлігі ретінде сипатталды. Ал басқа да фонология мектебінің өкілдері фонеманың инварианттын сипаты мен мағына ажыратушы қызметін басты критерий ретінде негізделді.

Қазақ және жалпы түркі тіл біліміндегі фонема теориясының негізгі ерекшеліктері сараланып, айырым белгілердің, дыбыстық үндесімдердің және фонетика мен фонология шекарасының ұлттық тілдік жүйеге тән сипаттары айқындалды. Қазақ тіліндегі фонемалық жүйе артикуляциялық, акустикалық және қызметтік параметрлердің бірлігінде қарастырылатыны көрсетілді.

Тарихи фонологияға арналған бөлімде дыбыстық жүйенің диахрондық даму принциптері, фонетикалық заңдар тұрақтылығы, дыбыстық өзгерістердің жүйелілігі, корреспонденцияларды анықтау және прототілдік формаларды реконструкциялау тәсілдері қарастырылды. Түркі тілдеріндегі сингармонизмнің эволюциясы, қатаң-ұяң сәйкестіктердің тарихи негіздері талданып, олардың қазақ тілінің фонологиялық құрылымын түсіндірудегі маңызы көрсетілді.

Фонология мен морфонология арақатынасы нақты айқындалып, морфонологияның фонетикалық заңдар мен морфемдік құрылым тоғысындағы аралық сала екені, оның негізгі міндеті морфемалардың әртүрлі позициядағы фонетикалық алмасу механизмдерін сипаттау екені дәлелденді. Морфонологиялық құбылыстардың түркі тілдеріндегі рөлі мен олардың фонологиялық заңдылықтармен тығыз байланысы анықталды. Фонологияның жүйелік деңгейі мен абстракция дәрежесі морфонологиядан жоғары болғанымен, екі сала өзара ажырамайтын тұтас жүйе құрайтыны көрсетілді.

Осы тарауда қалыптасқан теориялық ұстанымдар қазақ тілінің фонологиялық жүйесін кешенді сипаттауға әдіснамалық негіз береді. Фонема теориясына, тарихи фонология қағидаттарына және морфонологиялық процестерге қатысты тұжырымдар диссертацияның келесі бөлімдеріндегі практикалық талдауларды ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етеді.

2 ТҮРКІ ТІЛДЕРІ ФОНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕР ЖҮЙЕСІН ТАРИХИ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ

2.1 Түркі тілдерінің жіктелуінің негізгі ғылыми бағыттары мен теориялық көзқарастар

Түркі тілдерін ғылыми түрғыда зерттеудің алғашқы қадамы Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінен басталады. Ғалым бұл еңбегінде түркі тілдерін фонетикалық, морфологиялық және лексикалық белгілеріне сүйене отырып жүйелеуге ұмтылады. Ол түркі тілдерін оғыз, қыпшақ және түрки деп аталатын үш топқа бөледі.

Махмұд Қашқари Орта Азияны мекендеген түркі халықтарын солтүстік және оңтүстік деп екі бағытқа жіктеп, әр бағытқа кіретін тайпалар мен халықтардың тізімін нақтылап көрсетеді. Сонымен қатар ол түркі тілдерін үш негізгі топқа бөліп, әр топқа жататын тілдердің өзара дыбыстық, грамматикалық және лексикалық айырмашылықтарын салыстыра сипаттайды.

Ғалым беженек, қыпшақ, башқұрт, татар, қырғыз тілдерін Рұмға (Византия аймағына) жақын орналасқан түркі тілдері қатарына қосады. Оның көрсетуінше, таза түрік тілінде сөйлейтіндер қатарына қырғыз бен қыпшақ тайпалары жатады. Ал башқұрт тілі аталған тілдерге жақын деп бағаланады. Бұлғар тілі жөнінде Қашқари сөз соңындағы дыбыстардың қысқарып айтылуына тән ерекшелікті атап өтіп, оны түрік тілдерінің бір тармағы ретінде сипаттайды.

Осылайша, Махмұд Қашқари жасаған классификация түркі тілдерінің ішкі жүйесін, өзара жақындығы мен айырмашылығын алғаш рет ғылыми негізде көрсеткен құнды еңбек болып табылады.

Белгілі түркітанушы С.Е. Маловтың зерттеуінде түркі тілдері төрт топқа жіктеледі:

- 1) ең ескі түркі тілдері (болгар, сары ұйғыр, чуваш, якут тілдері);
- 2) ескі түркі тілдері (Орхон-Енисей жазба нұсқаларының тілі, ескі ұйғыр тілі, хакас, шор және тувин тілдері);
- 3) жаңа түркі тілдері (әзербайжан, гагауз, өзбек, түрікмен т.б. тілдер);
- 4) ең жаңа түркі тілдері (қазақ, қарақалпақ, ноғай, құмық, татар, башқұрт, қырғыз, алтай т.б.) [49]. Бұл классификацияда тілдің әр тобын бір синхрондық кесік ретінде қарастыруға болады. Мысалы, жаңа түркі тілдерінің фактілерін бір синхрондық кесік деп алсақ, онымен алысырақ дәуірдегі туыстас тілдердің фактілері салыстырылады. Осы жолмен тектес, туыс тілдердің шежіресіне сүйенген деректер негізінде ататілін (праязык) реконструкциялап, қайта түзуге болады. Әсіресе, жазба ескерткіштері сақталмаған тілдердің фонетикалық құбылыстарының тарихын сипаттаудың бірден-бір мүмкіндігі олардың синхрондық кесігін зерттеп талдау. С.Е. Маловтың классификациясы тек қана тарихи принципке негізделіп, тілдердің «жас мөлшерін» анықтауға құрылған жіктелім деуге болады.

С.Е. Малов түркі тілдерінің ескі жазба ескерткіштерін зерттеп, олардың тарихын, бір-бірімен қарым-қатынасын, фонетикалық өзгерістерін салыстыра келіп, шығыс түркі тілдерінің батыс түркі тілдеріне қарағанда, ескі элементтерді көп сақтағандығын дәлелдейді. С.Е. Малов барлық түркі тілдерін ең көне (древнейшие), көне (древние), жаңа (новые), ең жаңа (новейшие) деп негізгі 4 топқа бөледі. С.Е. Маловтың түркі тілдерінің қалыптасу кезеңдеріне қатысты жасалған тарихи жіктемесінде құман, қыпшақ, половец тілдері жаңа түркі тілдеріне; башқұрт, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, құмық, ноғай, татар тілдері ең жаңа тілдерге жатқызылады. С.Е. Малов ең жаңа тілдер қазақ және алтай тілдері деп есептеді, ал хакас, шор, тофалар, тува тілдерін көне түркі тілдеріне қатарына жатқызады. Аталған тілдер ескі ұйғыр жазба ескерткіштерінің, көне Енисей қырғыз тілінің негізі болып табылады [49, б. 151]. Бірақ С.Е. Маловтың бұл жіктемесі қатты сынға ұшырады.

«Ғалымның принциптерінің бірі көне түркілік γ , g дауыссыздарының инлаут, ауслаут жағдайларда ілгерімен w , j дыбыстарымен айтылуы немесе редукцияланып элизияға ұшырауы балаң тілдерге жатқызылып жүрген қыпшақ тілдеріне ғана тән емес, олардан бұрын қалыптасқан деп танылатын қарлұқ, оғыз тілдерінде (өзбек, ұйғыр, түрікмен, әзірбайжан т.б.), моңғол тілінде де кездесуі, ең көне тілдер қатарындағы чуваш тілінде, ұйғыр-оғыз тілдерінде де көнетүркілік γ , g -нің кей жағдайда сақталмауы түркі тілдерін тарихи қалыптасу кезеңдеріне қарай жіктеуге жаңаша көзқарас қажеттігін көрсетті» [50].

Түркі тілдерін тілдік тұрғыдан топтастыру сонау М. Қашқаридан басталады дегенімізбен, оны ғылыми негізде түркі тілдерінің топтастырылуын ХІХ ғасырға жатқызып жүр.

Түркі тілдерін классификациялауда аса құнды пікірлер айтқан В.В. Радлов, Н. Вамбери, Н.Ф. Катанов, Ф.Е. Корш, А.Н. Самойлович, В.А. Богородицкий, С.Е. Малов, Н.А. Баскаков сияқты көрнекті ғалымдар белгілі. Осылардың ішінде Н.А. Баскаковтың түркі тілдерін батыс ғұн және шығыс ғұн бұтағы деп топтастыруын көптеген ғалымдар мойындап түркі тілдерінің ең толық жасалған классификациясы деген баға береді.

Түркітану тарихында түркі тілдерін топтастыру ісіне өзіндік үлесін қосқан зерттеушілердің бірі – Абель Ремюза. Ол түркі тілдерін өз кезеңіндегі қолда бар материалдарға сүйене отырып, бірнеше группаларға бөліп қарастырады. Ремюзаның жіктемесі қазіргі көзқарас тұрғысынан толық әрі дәл ғылыми классификация болмағанымен, түркі халықтарының тілдік туыстығын алғаш жүйелеуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі саналады.

Ғалым түркі тілдерін төмендегідей топтарға бөледі:

Якут группасы – якут (саха) тілі;

Ұйғыр группасы – ұйғыр, шағатай, түрікмен тілдері;

Ноғай группасы – татар тілі;

Қырғыз группасы – қырғыз және қазақ тілдері;

Түрік группасы – чуваш тілі.

Бұл классификация қазіргі түркі тілдері туралы жинақталған мәліметтерге толық сәйкес келмейді және ғылыми тұрғыдан бірқатар кемшіліктерге ие. Соның ішінде нақты тілдік белгілерден гөрі, кейде тарихи-этнографиялық немесе географиялық ұқсастықтарға сүйенуі байқалады [51].

Дегенмен, Абель Ремюза түркі тілдерінде сөйлейтін халықтардың қоныстанған территориясын, олардың өзара байланысын атап көрсеткен алғашқы ғалымдардың бірі болды. Оның еңбектері кейінгі салыстырмалы түркітанудың қалыптасуына алғышарт жасап, түркі тілдерін топтастырудың ерте кезеңдегі бағыттарының бірі ретінде бағаланады.

Академик В.В. Радлов түркі тілдерін алғаш жан-жақты зерттеп, олардың фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін салыстыра отырып, түркі тілдерінің ғылыми классификациясын жасаған көрнекті түркітанушы. Ол түркі тілдерін негізінен географиялық-диалектілік белгілеріне сүйене отырып, төмендегідей топтарға бөледі:

Шығыс группа – алтай, шор, хакас, тува, ұйғыр және осы аймақтағы басқа тілдер. Бұл топқа негізінен Сібір және Шығыс Түркістан өңірінде таралған тілдер енеді.

Батыс группа – қырғыз, қазақ, қарақалпақ, татар, башқұрт тілдері. Бұл топ қыпшақ тілдерінің негізгі бөлігін қамтиды.

Орта Азия группасы – ұйғыр және өзбек тілдері. Бұл тілдер шағатай дәстүріне жақындығымен және вокализм жүйесінің ерекшеліктерімен сипатталады.

Түстік (Оғыз) группа – түрік, әзербайжан, түрікмен. Бұл топ оғыз тобының ерекшеліктерін сақтаған тілдерден тұрады.

В.В. Радлов өз классификациясында түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне айрықша назар аударды. Ол дауысты және дауыссыздардың тарихи дамуын, олардың позициялық өзгерістерін, үндестік заңдылықтарын, әсіресе жуан-жіңішке, еріндік-езулік дауыстылардың таралуын жеке-жеке талдап көрсетеді.

Осылайша, В.В. Радловтың классификациясы түркі тілдерінің фонетикалық ерекшеліктеріне негізделген алғашқы жүйелі топтастырулардың бірі болып саналады.

Түркітанудың қалыптасу кезеңінде елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі – Н. Вамбери. Ол түркі тілдерін жіктеуде негізінен тарихи-географиялық және этнолингвистикалық белгілерді басшылыққа алып, түркі тілдерінің таралу аймағына, олардың этникалық бірлестіктерімен байланысына ерекше мән береді.

Батыс-түркі (осман) тобы – түрік, әзербайжан, түрікмен.

Шығыс-түркі тобы – ұйғыр, шағатай, өзбек.

Солтүстік-түркі тобы – татар, башқұрт, ноғай, қазақ, қырғыз.

Сібір тобы – якут, чуваш, хакас, шор, тува т.б.

Н. Вамбери жіктеуінде тілдік туыстықтан гөрі халықтардың орналасқан өңірі, тарихи қарым-қатынасы және мәдени байланысы басты критерий болып табылады.

Профессор Н.Ф. Катанов түркі тілдерін этнографиялық тұрғыдан кең көлемде шолып, олардың таралу аймақтары мен халықтардың мәдени-тарихи ерекшеліктерін негізге ала отырып, түркі тілдерін төрт топқа бөледі. Бұл топтастыру өз дәуірі үшін құнды болғанымен, лингвистикалық (фонетикалық, морфологиялық, генетикалық) белгілер толық ескерілмеген.

- 1) Батыс-түркі тобы (негізінен қыпшақ және оғыз тілдері);
- 2) Шығыс-түркі тобы (ұйғыр, өзбек және шығыс аймақтағы тілдер);
- 3) Солтүстік-түркі немесе Сібір тобы (якут, хакас, шор, тува, алтай тілдері);
- 4) Оңтүстік-түркі тобы (оғыз тілдерінің бөлігі мен Орта Азия тілдері).

Академик Ф. Корш қырғыз, қарашай, қазақ, ноғай, татар, башқұрт тілдерін түркі тілдерінің солтүстік тобына (негізгі белгісі γ , g дыбыстарының сөз ортасында және сөз соңында қолданылмауы; γ дыбысының сөз соңында, ашық дауыстыдан кейін w дыбысына айналуы белгілерін алған.

Отандық және шетелдік түркітанушылар арасында кең таралып, қолдау тапқан 3 топтастыру бар: біріншісі – түркі тілдерін фонетикалық-морфологиялық белгілеріне, этникалық түпкі негізіне қарай топтастырған А.Н. Самойлович классификациясы. Ол В. Радлов пен Ф. Корштың классификациясының дұрыс екендігін айтады: «Пытаясь в настоящей работе дополнить существующие классификации турецких языков, а не изменить из нового, а позволяю себе вносить некоторые изменения и в принятую различными учеными номенклатуру отделов системы турецких языков»

А.Н. Самойлович түркі тілдерін фонетикалық және морфологиялық айырым белгілеріне, этникалық түпкі негізіне қарай 6 топқа бөліп қарастырады:

I. Р – тобы бұлғар немесе чуваш тобы: 1) тыхыр (тоғыз), 2) ура (айақ, $p > z$ й, $y > a$), 3) пул (бол, етістік), 4) тау//ту (ағ-у), 5) сары (ғ-о), 6) қалан//йулна.

II. Д – тобы, ұйғыр немесе Солтүстік шығыс тобы: 1) тоқуз, 2) адақ//азақ, 3) пол, 4) тағ, 5) сарығ, 6) қалған негізгі белгілері жағынан бұл топ алдыңғы топқа қарама-қарсы деуге болады. Бұған Орхон-Енисей жазбалары тілі, көне ұйғыр тілі, қарағас, салар, тува, сары ұйғыр, шор, хакас тілдері жатады.

III. Тау тобы, қыпшақ немесе солтүстік батыс тобы: 1) тоғыз, 2) афақ, 3) бол//бул, 4) тау, 5) сары, 6) қалған. Бұған алтай, қырғыз, құмық, қарашай-балқар, қарайым, татар, башқұрт, қазақ, ноғай тілдері жатады.

IV. Тағылық тобы, шағатай, оңтүстік-шығыс тобы: 1) тоқуз, 2) аяқ, 3) бол, 4) тағ, 5) сарық, 6) қалған. Бұған көне шағатай, Қытай Түркістаны тілдері, өзбек, қара татарлар (Сібірлік) тілдері жатқызылады.

V. Тағлы тобы, қыпшақ-түрікмен немесе орта топ, айырым белгілері: 1) тоқуз, 2) аяқ, 3) бол, 4) тағ, 5) сары, 6) қалған. Өзбек тілінің хорезм говоры жатады.

VI. Ол тобы, түрікмен, немесе оңтүстік-батыс тобы: 1) доқуз, 2) аяқ, 3) ол, 4) дағ, 5) сары, 6) қалан. Бұл топқа түрікмен, әзірбайжан, түрік тілдері жатқызылады. Бұл классификация түркі тілдерін тарихи-салыстырмалы тұрғыдан кейінгі зерттеулерге негіз болды.

В.А. Богородицкий барлық түркі тілдерін географиялық белгілері бойынша 7 топқа бөлді: солтүстік шығыс, хақас (абақан), Алтай, Батыс Сібір, Еділ-Орал маңы, ортаазиялық және оңтүстік батыс. Орта Азия тобы: ұйғыр, қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ тілдері, ерекшелігі $\check{s} \sim s$; Волга, Орал бойындағы түркілер тілі тобы: татар, башқұрт тілдері, $e \sim ij$, $o \sim u$ Батыс Сібір тобы: Чұлым, Барабин, Түмен, Тобыл татарлары Оңтүстік Батыс тобы: құмық тілі Солтүстік шығыс тобы: якут, қарағыс (тофалар), тува тілдері. Якут тілінің өзіндік ерекшелігі болып сөз басындағы с-ның жойылуы және өсіңкі дифтонгтардың дамуы табылады, $y > \check{c}$ және $\check{c} > \check{s}$ алмасуы. Хақас (абақан) тобы: сағай, бельтир, койбал, качин, қызыл говорлары, $\check{c} > \check{s}$, с – сөз ортасындағы алмасуы болып табылады. Алтай тобы: алтай мен шор тілдері, оны қырғыз тілімен жақындастыратын дыбыстық және тұлғалық сипаттарын көрсетті. Тілдерді топтастыруда ғалымдар тілдердің өзара жақындығын негізге алса, енді біреулері олардың туыстық, географиялық орналасу жақтарын ескереді [50, 7-12].

Г.И. Рамстед түркі тілдерін мынадай 6 негізгі топқа бөледі: 1) чуваш тобы, 2) якут тобы; 3) солтүстік тобы, бұл топқа Алтай өңіріне тараған барлық тілдер жатады; 4) батыс тобына қырғыз, қазақ, қарақалпақ, ноғай, құмық, қарашай-балқар, шығыс-қарайым және батыс-қарайым, татар және башқұрт, ескерткіштерінде сақталған половец (құман) тілі, қыпшақ тілі; 5) шығыс тобы жаңаұйғыр және өзбек тілі; 6) оңтүстік тобы түрікмен, әзірбайжан, түрік, гагауыз тілдері.

М.Р. Ряснен қазақ, қарақалпақ, ноғай, қырғыз, құмық, қарашай-балқар, қарайым, татар, башқұрт, көне қуман тілдерін түркі тілдерінің солтүстік батыс тобына жатқызады. И. Бенцинг пен К. Менгес «Classification of Turkisch languages» (1959) атты еңбегінде түркі тілдерін 5 топқа бөліп қарастырды:

- 1) бұлғар тобы (чуваш, өлі бұлғар тілі);
- 2) оңтүстік немесе оғыз тобы (түрік, гагауз, қырым-осман, әзірбайжан, түрікмен);
- 3) батыс тобы (қарайым, қарашай-балқар, құмық, татар, қырым татарлары, башқұрт, қазақ, қарақалпақ, ноғай, қырғыз);
- 4) шығыс немесе ұйғыр тобы (өзбек, жаңаұйғыр, сарыұйғыр);
- 5) солтүстік тобы (алтай, шор, хақас, якут, долған). Бұлғар тобының фонетикалық белгісі ретінде сөз соңында г, ғ дыбыстарының болмауы, (чуваш ту~тав/тау); шығыс немесе ұйғыр тобы сөз соңындағы г/ғ ұяндарының к/қ-ға айналуы, йайақ/жаяу; оңтүстік немесе оғыз тобының ерекше белгісі ілік және барыс септіктерінің -ин, -а аффикстері болып табылады.

Қазіргі қолданыстағы классификация – көрнекті түркітанушы Н.А. Баскаковтың түркі тілдерін фонетикалық, морфологиялық жағынан және тарихи жағдайларын ескеріп, барлық түркі тілдерін үлкен 2 топқа бөледі: Батыс ғұн бұтағы және Шығыс ғұн бұтағы Батыс ғұн бұтағы:

I. Бұлғар тобы: бұлғар тілі, хазар тілі, чуваш тілі.

II. Оғыз тобы. 1. Оғыз-түрікмен топшасы: X-XI ғасырдағы Оғыз тілі, түрікмен тілі, тухмен тілі. 2. Оғыз-бұлғар топшасы: печенег тілі, уздар тілі, гагауз тілі. 3. Оғыз-селжүк топшасы, селжүк тілі, ескі осман түрік тілі. Қазіргі тілдерден: әзірбайжан тілі, түрік тілі.

III. Қыпшақ тобы. 1. Қыпшақ-Оғыз половец топшасы қыпшақ құман. Қазіргі тілдерден: қарайым тілі, құмық тілі, қарашайбалқар тілі, қырым-тасырдағы батыс алтын орда тілі. Қазіргі тілдерден: татар тілі, башқұрт тілі. 3. Қыпшақ-ноғай топшасы. Бұл топқа қазіргі тілдерден: ноғай, қарақалпақ, қазақ тілі.

IV. Қарлұқ тобы. 1. Қарлұқ-ұйғыр топшасы: қарлұқ-хорезм, шығыс алтын орда тілі, көне өзбек тілі. Қазіргі тілдерден: өзбек тілі, жаңа ұйғыр тілі. Шығыс ғұн бұтағы: I. Ұйғыр-оғыз тобы 1. Ұйғыр-тукю топшасы: орхон жазуындағы ескі оғыз тукю тілі, ескі ұйғыр тілі, тува тілі, тофалар (қарагас) тілі. 2. Якут топшасы – якут тілі. 3. Хакас топшасы – хакас тілі, қамасын тілдері, шор тілдері, кюэрих тілі, алтай тілінің солтүстік диалектілері туба. II. Қырғыз-қыпшақ группасы – ескі қырғыз тілі, қырғыз тілі, алтай тілі, телеуит диалектілері. Ғалым Р.Г. Ахметьянов «тілдерге генеалогиялық классификация жасауда олардың синхрондық жағдайын қалыптастырған диахрондық даму жолын айқындап алу қажет. Бұл үшін туыс тілдерден көрініс беретін түрлі фонетикалық белгілердің жалпы кешенінен бір-бірінен туындайтын өзгерістерді, яғни біртұтас тарихи процесті құрайтын фонетикалық заңдылықтарды ажырату аса маңызды» деп қыпшақ тілдерін 2 топқа бөледі: 1. Ассимиляция, диссимиляция құбылыстары күшті дамыған тілдер – қырғыз, башқұрт, қазақ, қарақалпақ тілдері; 2. Ассимиляция, диссимиляция құбылыстары әлсіз дамыған тілдер – Қазан татарлары тілі, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі, татар, құмық тілдері, Сібір татарларының тілі, қарайым, қарашай-балқар, ноғай тілдері [51, 75].

Туыстық жақындығы жағынан талас туғызбайтын тілдік топтар қатарына Б. Серебренников мына тілдік топтарды атайды: 1. Татар, башқұрт; 2. Ұйғыр, өзбек; 3. Түрікмен, әзірбайжан, түрік, гагауыз; 4. Хакас, шор; 5. Якут, чуваш. Ал қалғандарының қазақ, ноғай, қарақалпақ, алтай, қырғыз, қарайым, құмық, қарашай-балқар, қырым татары; тува, тофалар тілдерінің туыстық жағынан әлі де зерттей, айқындай түскен жөн дейді. 1963 жылы Н.А. Баскаковтың «К критике новых классификаций тюркских языков» атты мақаласы жарияланды. Мақалада шетел түркологтарының соңғы жылдардағы түркі тілдерін классификациялауға арналған еңбектеріне шолу жасайды. Осының алдында сөз болған Б. Серебренниковтің өз еңбегі туралы сынына қарсы сын айтады және

оның пікірлерін түгелдей теріске шығаруға тырысады [28, б. 10]. Түркия ғалымы Т. Текин 1976 жылы Алматыда өткен Бүкілодақтық II түркологиялық конференцияда сөйлеген сөзінде түркі тілдерін классификациялауға байланысты өзіне дейін айтылып келген пікірлердің қай-қайсысында сәтсіздіктің барын айта келіп, зерттеушілердің түркі тілдерінің өлі-тірілерін тегіс қамтып жіктегісі келетіндіктерін сынайды.

1999 жылы неміс зерттеушісі Клаус Шёниг көптеген тілдік белгілерге сүйене отырып, классификация жасап шықты. Түркі тілдері классификациясының жаңа нұсқалары С.А. Бурлак пен С.А. Старостиннің авторлығымен «Компаративистикаға кіріспе» (2001), «Салыстырмалы-тарихи тіл білімі» (2001), А.В. Дыбо мен О.А. Мудрак, М.Т. Дьячоктың еңбектерінде, «Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Аймақтық реконструкция» (2002) және «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Пратюркский язык-основа. Картина мира пратюркского этноса по данным языка» (2006) атты бір топ ұжымдық монографиялар жарық көрді. О.А. Мурдақтың классификациясы фоно-морфостатистикалық ұстаныммен, ал А.В. Дыбонның классификациясы лексикаға негізделген статистикалық ұстаныммен жасалған. Тарихшы А. Тоқтабай түркі халықтарын орналасуына орай жіктеп, географиялық ұстанымды басшылыққа алып, мынандай классификация ұсынады:

Орта Азия түр: Қазақтар, Өзбектер, Қырғыздар, Ұйғырлар, Қарақалпақтар
Түркімендер;

Сібір түріктер: Алтайлықтар, Долғандар, Саха, Шорлары, Твалықтар,
Хакастар;

Еділ-Кама түрік: Башқұрттар, Чуваштар.

Кавказ түріктері: Әзірбайжандар, Балқарлар, Қарашайлар, Құмықтар,
Ноғайлар;

Еуразия түріктері: Гагауыздар, Қырым татарлары, Кипр түріктері,
Ұрымдар, Түріктер, Қарайымдар.

Көне түркі жазуларын зерттеп жүрген Орынбай Бекжан «Этносаралық қарым негізіндегі түркі тілдерінің таптастырымы» деген еңбегінде түркі тілдерін 3-ке бөліп қарастырады:

I. Шығыс түркі тілдері: якут-саха, хакас, алтай, тува, сары ұйғыр, салар, фуюий қырғыз тілдері (шор, чулым).

II. Ортаңғы түркі тілдері: қазақ, қарақалпақ, түрікмен, өзбек, қырғыз, ұйғыр тілдері жатады. Шығыс шекарадан Орал тауы Жайық өзені Каспий теңізі, одан Ауғанстанның батыс шекарасы бойы.

III. Батыс түркі тілдері: татар, башқұрт, чуваш, ноғай, қарашай-балқар, құмық, қырым татары, қарайым, гагауыз, балқан түркілері, әзірбайжан, түрік тілдері. Ортаңғының батыс шекарасынан Атлант мұхитына дейінгі аумақ. Түркі тілдеріне генеалогиялық тұрғыдан жасалған классификациялардың ішіндегі барлық түркі тілдері және олардың басты фонетикалық, морфологиялық,

лексикалық ерекшеліктері толық қамтылған, қазіргі түркі тілдерінің даму жолы мен өзара туыстық деңгейін айқын көрсететін әрі көпшілік мамандар тарапынан мойындалған классификация – Н.А. Баскаковтың жіктеуі. Қазіргі таңдағы түркологтар түркі тілдерінің тарихына байланысты зерттеулерде осы классификацияны негізге алады.

Қазіргі қолданыстағы классификация – көрнекті түркітанушы Н.А. Баскаковтың түркі тілдерін фонетикалық, морфологиялық жағынан және тарихи жағдайларын ескеріп, барлық түркі тілдерін үлкен 2 топқа бөледі: Батыс ғұн бұтағы және Шығыс ғұн бұтағы [28, б. 15].

Батыс ғұн бұтағы: I. Бұлғар тобы: бұлғар тілі, хазар тілі, чуваш тілі.

II. Оғыз тобы. 1. Оғыз-түрікмен топшасы: X-XI ғасырдағы Оғыз тілі, түрікмен тілі, тухмен тілі. 2. Оғыз-бұлғар топшасы: печенег тілі, уздар тілі, гагауз тілі. 3. Оғыз-селжүк топшасы, селжүк тілі, ескі осман түрік тілі. Қазіргі тілдерден: әзірбайжан тілі, түрік тілі.

III. Қыпшақ тобы. 1. Қыпшақ-Оғыз половец топшасы қыпшақ құман. Қазіргі тілдерден: қарайым тілі, құмық тілі, қарашай-балқар тілі, қырым-тасырдағы батыс алтын орда тілі. Қазіргі тілдерден: татар тілі, башқұрт тілі. 3. Қыпшақ-ноғай топшасы. Бұл топқа қазіргі тілдерден: ноғай, қарақалпақ, қазақ тілі.

IV. Қарлұқ тобы. 1. Қарлұқ-ұйғыр топшасы: қарлұқ-хорезм, шығыс алтын орда тілі, көне өзбек тілі. Қазіргі тілдерден: өзбек тілі, жаңа ұйғыр тілі.

Шығыс ғұн бұтағы: I. Ұйғыр-оғыз тобы 1. Ұйғыр-тукю топшасы: орхон жазуындағы ескі оғыз тукю тілі, ескі ұйғыр тілі, тува тілі, тоғалар (қарағас) тілі. 2. Якут топшасы – якут тілі. 3. Хакас топшасы – хакас тілі, қамасын тілдері, шор тілдері, кюэрих тілі, алтай тілінің солтүстік диалектілері туба.

II. Қырғыз-қыпшақ группасы – ескі қырғыз тілі, қырғыз тілі, алтай тілі, телеуіт диалектілері.

Түркі тілдерінің дәстүрлі генеалогиялық таптастырылуынан басқа соңғы жылдардағы лингвогеографиялық тұрғыны да ескеретін регионалдық (аймақтық) таптастыру жиі қолданылып жүр. Мұның себебін Э.Р.Тенишев генеалогиялық тәсілмен таптастыру кезінде тілдердегі әрбір құбылыс үшін өзіндік генеалогиялық ағашы болатынымен байланыстырады. Мәселен, лексикалық құбылыстарды бұтақтанған генеалогиялық ағашы фонетикалықтан басқаша болып шығады. Әйтсе де аймақтық реконструкциялар негізінде жасалған таптастыру генеалогиялық таптастырудан онша алшақ кетпейді:

1) Оғыз тобы — түркі, гагауыз, әзербайжан, түркімен, салар, балқан түріктері, сонкор түрік, халаж, хорасантүрік тілі;

2) Қыпшақ тобы – алабұғат татар – ноғайлары, астрахан қарашай – ноғайлары, жұрт (юрт) татарлары (астрахан ноғайлары), ноғай, татар, барабын татарлары, башқұрт, қарайым, қазақ, қарақалпақ, қарашай балқар, қырғыз, алтай, қарым татар, қырымшақ, құмық тілдері.

3) Қарлұқ - ұйғыр тобы – ұйғыр, өзбек тілдері.

4) Қырғыз тобы – хакас; шор, шұлыш – түрік, сарыұйғыр, фүй қырғыздары тілі;

5) тобас немесе ұраңқай тобы – тува, тофалар, ұйғыр - ұраңқай тілі;

6) Якут (саха) тобы – якут (саха), долган тілі;

7) Бұлғар тобы – шуша тілі.

Ұрым тілі оғыз әрі қыпшақ тілдерінің белгілері қатар келгендіктен екі топтада қарастырылады [51, б. 65].

Көне региондар (аймақтар) шамамен алғанда түркі тілдерінің генетикалық таптастыруындағы топтармен сәйкес келеді.

Қазақ тілі аталмыш таптастырылуларда қыпшақ тобына жататын тіл болғандықтан, оның қыпшақтық ататіл формасындағы дыбыстық жүйесі қалпына келтірілмей қазіргі қалпындағы дыбыстың жүйесінің эволюциялық негізін анықтау қиын. Сол себепті қыпшақ тобына тән консонантизм жүйесіне ортақ фонетикалық құрылымды реконструкциялау аса маңызды. Мұның алдында жалпы атақыпшақ дәуірінің кезеңдерін анықтау аса маңызды. Бұл тұрғыда зерттеуде К.М. Мұсаевтың атақыпшақ дәуірін кезеңдестіруі негізге алынады.

Қыпшақ тілдеріндегі тілдік өзгерістер хронологиясының схемалық болжамы былай болмақ:

Көне атақыпшақтық (б. з. д. X ғ. – б. з. II ғ.) кезеңде атақыпшақ тілінде ататүркі тілінің классикалық 8 дауысты дыбысы сақталып, дыбыс үндестігі ең идеялды түрде көрінді, қатаңдар сөздің басында да, соңында да кездесіп, сөздік қоры негізінен ататүркі тілінің қорымен сәйкес келеді.

Орта атақыпшақтық (II – VII ғғ.) кезеңде шығыс, солтүстік, орталық және батыс аралдарын мекендеген қыпшақтардың тілдерін ерекшелейтін айырмашылық та пайда бола бастады.

Ерте атақыпшақтық (VII – XII ғғ.) кезеңде тілдердің топтарға жіктелу процесі күшейе түседі.

Атақыпшақ тілінде ареалдық ерекшеліктердің пайда болуы қазіргі қыпшақ тілдерінің 4 негізгі тобының құрылуына әкеледі:

1) батыс: қарайым, қарашай-балқар, қарым-татар, құмық, ұрым тілдері

2) солтүстік: башқұрт, барабын татарлары, татар тілдері

3) орталық: астрахан ноғай-қарашайлары, алабұғат татарлары, қазақ, қарақалпақ, қыпшақ, өзбек тілінің өзбек сөйленісі, ноғай, жұрт татарлары (астрахан ноғайлары тілдері);

4) шығыс: алияй, қырғыз.

Тілдік дамудың атақыпшақ қалпы мен қазіргі қыпшақ тілдері нысанға алынып, олардың қатынасы салыстырылған еңбектің нәтижелері қазақ консонантизмінің бүгінгі қалпына дейінгі даму ерекшеліктері, кезеңдері мен әрбір фонеманың ататілдік дыбыстан бүгінге дейінгі эволюциялық өзгерістері мен құбылыстарын көрсету үшін маңызды болып отыр. Сол себепті осы мәселеге тоқталған жөн.

Қазіргі қыпшақ тілдері негізгі үш топшаға жіктеледі: құман (понтотаспий), қаңлы (арал-каспий), орал (татар-башқұрт) тілдері. Осы топтардың дыбыстық жүйесі өзара ерекшеленеді.

Құман топшасына: құмық, қарашай-балқар, қарайым, қырым-татарлары кіреді, бұларда классикалық ататілдің 8 дауысты жүйесі сақталған.

Қаңлы топшасына: ноғай, қарақалпақ, қазақ тілдері жатады, мұнда 9 дауысты жүйесі құрылған.

Орал топшасына: татар, башқұрт, барабын татарларының тілі жатады.

Ғалым Р.Г. Ахметьянов тілдерге генеалогиялық классификация жасауда олардың тек синхрондық күйін сипаттаумен шектелмей, сол қазіргі қалпын қалыптастырған диахрондық даму жолын анықтау қажеттігін атап көрсетеді. Зерттеушінің пікірінше, бұл мақсатқа жету үшін туыс тілдерде байқалатын әртүрлі фонетикалық белгілердің жиынтығынан өзара байланыста дамыған өзгерістерді, яғни біртұтас тарихи үдерісті құрайтын фонетикалық заңдылықтарды айқындау аса маңызды.

Осы әдіснамалық ұстанымды басшылыққа ала отырып, Р.Г. Ахметьянов қыпшақ тілдерін олардың фонетикалық жүйесінде ассимиляция мен диссимиляция құбылыстарының даму деңгейіне қарай екі топқа бөледі:

Ассимиляция және диссимиляция құбылыстары күшті дамыған қыпшақ тілдері: қырғыз тілі, башқұрт тілі, қазақ тілі, қарақалпақ тілі [52].

Аталған классификация қыпшақ тілдерінің ішкі фонетикалық даму заңдылықтарын тарихи тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді және олардың генеалогиялық жақындығы мен айырмашылықтарын айқындауда маңызды ғылыми негіз болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, Р.Г. Ахметьяновтың жіктеуі түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи зерттеуде тиімді әдіснамалық үлгі ретінде бағаланады.

Туыстық жақындығы тұрғысынан айқын әрі даусыз деп танылатын тілдік топтар қатарына Б.А. Серебренников төмендегідей жұптар мен топтарды жатқызады:

1. татар және башқұрт тілдері;
2. ұйғыр және өзбек тілдері;
3. түрікмен, әзербайжан, түрік, гагауыз тілдері;
4. хакас және шор тілдері;
5. якут (саха) және чуваш тілдері.

Ал қалған түркі тілдерінің, атап айтқанда қазақ, ноғай, қарақалпақ, алтай, қырғыз, қарайым, құмық, қарашай-балқар, қырым татарлары, тува және тофалар тілдерінің өзара туыстық дәрежесі толық айқындалмаған деп есептеледі. Осыған байланысты аталған тілдердің генеалогиялық жақындығын тереңірек зерттеп, нақтылай түсу қажет екені атап көрсетіледі [52, б. 77].

Көне түркі жазуларын арнайы зерттеп жүрген ғалым Орынбай Бекжан «Этносаралық қарым-қатынас негізіндегі түркі тілдерінің таптастырылуы» атты еңбегінде түркі тілдерін үш ірі топқа бөліп қарастырады.

I. Шығыс түркі тілдері. Бұл топқа: якут-саха, хакас, алтай, тува, сары ұйғыр, салар, фуюй қырғыз тілдері, сондай-ақ шор, чулым тілдері жатады.

II. Ортаңғы түркі тілдері. Ортаңғы түркі тілдері қатарына қазақ, қарақалпақ, түрікмен, өзбек, қырғыз, ұйғыр тілдері енгізіледі. Бұл тілдер таралған аймақ шығысында Шығыс Түркістаннан басталып, батысында Орал тауы, Жайық өзені, Каспий теңізі арқылы Ауғанстанның батыс шекарасына дейінгі кеңістікті қамтиды.

III. Батыс түркі тілдері. Бұл топқа: татар, башқұрт, чуваш, ноғай, қарашай-балқар, құмық, қырым татарлары, қарайым, гагауыз, Балқан түркілері, әзербайжан және түрік тілдері жатады. Аталған тілдер Ортаңғы түркі аймағының батыс шекарасынан бастап Атлант мұхитына дейінгі аумақта таралған.

Түркі тілдеріне генеалогиялық тұрғыдан жасалған классификациялардың ішінде барлық түркі тілдерін және олардың негізгі фонетикалық, морфологиялық, лексикалық ерекшеліктерін барынша толық қамтитын, сондай-ақ қазіргі түркі тілдерінің даму жолы мен өзара туыстық деңгейін айқын көрсететін жүйе ретінде Н.А. Баскаковтың классификациясы кеңінен мойындалған. Бұл жіктеу түркі тілдерінің тарихи дамуын кешенді түрде сипаттауымен ерекшеленеді.

Осыған байланысты қазіргі таңда түркология саласындағы зерттеулердің басым көпшілігінде түркі тілдерінің тарихын, олардың өзара байланысы мен жіктелуін талдауда Н.А. Баскаков ұсынған классификация әдіснамалық негіз ретінде қабылданады.

Түркі тілдерінің классификациясы – түркітанудағы ең күрделі әрі өзекті мәселелердің бірі. Түркі тілдері генетикалық жағынан бір негізден тарағанымен, тарихи даму барысында әртүрлі географиялық, этникалық, әлеуметтік және тілдік факторлардың ықпалымен өзара айтарлықтай жіктеліп, дербес тілдік жүйелер ретінде қалыптасты. Осыған байланысты түркі тілдерін топтастыруда лексикалық, грамматикалық және, әсіресе, фонетикалық белгілер негізгі өлшемдер ретінде қарастырылады.

Зерттеу барысында анықталғандай, түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі олардың тарихи дамуы мен өзара жақындық дәрежесін айқындауда ерекше маңызды рөл атқарады. Дауысты дыбыстар жүйесіндегі сингармонизм заңының сақталу деңгейі, ерін үндестігі, жуан-жіңішке оппозициясы, дауыстылардың созылыңқылығы мен редукциясы сияқты белгілер тілдерді белгілі бір топтарға жіктеуге мүмкіндік береді. Мысалы, қыпшақ тілдерінде сингармонизмнің салыстырмалы түрде жақсы сақталуы, ал қарлұқ (өзбек) тілінде оның әлсіреуі немесе жойылуы тілдік жіктелудің маңызды көрсеткіші болып табылады.

Түркі тілдерін классификациялау тарихында әртүрлі қағидаттарға негізделген жүйелер ұсынылған. Кейбір ғалымдар географиялық принципке, енді біреулері этникалық немесе тарихи-генеалогиялық ерекшеліктерге сүйенсе, қазіргі түркітануда салыстырмалы-тарихи және типологиялық әдістер

басым қолданылады. Бұл әдістер көне түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің деректерін салыстыра отырып, олардың ортақ негізін, даму бағыттарын және жіктелу кезеңдерін айқындауға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, түркі тілдерінің классификациясы олардың абсолютті біркелкі емес, көпдеңгейлі әрі динамикалық жүйе екенін көрсетеді. Бір тіл тобының ішінде де фонетикалық, морфологиялық және лексикалық айырмашылықтар қатар өмір сүреді. Сондықтан түркі тілдерін жіктеу белгілі бір қатып қалған схема емес, тарихи даму үдерісін, тілдік өзгерістердің заңдылықтарын ескеретін салыстырмалы жүйе ретінде қарастырылуы тиіс.

Қорытындылай келе, қазіргі түркі тілдерінің классификациясы көне түркі тілдік негіз бен кейінгі тарихи өзгерістердің өзара сабақтастығын айқындайды. Бұл классификация түркі тілдерінің шығу тегі мен даму жолдарын түсіндірумен қатар, олардың өзара жақындығы мен айырмашылығын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді және болашақ түркітанулық зерттеулер үшін маңызды теориялық база болып табылады.

2.2 Түркі тілдері фонологиялық жүйесіндегі айырым белгілердің даму жолы

Орхон-Енисей жазбалары – фонологиялық айырым белгілердің архетиптік жүйесі деп есептейміз. Түркі тілдеріндегі фонологиялық айырым белгілерді тарихи тұрғыдан сипаттауда Орхон-Енисей жазба ескерткіштері бастапқы әрі негізгі дереккөз болып табылады. Себебі бұл ескерткіштерде түркі тілдеріне тән фонологиялық жүйе дыбыстар жиынтығы ретінде емес, айырым белгілерге негізделген тұтас құрылым ретінде көрініс тапқан. Сондықтан Орхон-Енисей кезеңін түркі тілдеріндегі фонологиялық айырым белгілердің архетиптік үлгісі ретінде қарастыруға толық негіз бар.

Орхон-Енисей жазбаларында дауысты дыбыстар толық таңбаланбағанымен, олардың фонологиялық жүйесі айқын әрі жүйелі болған. Көне түркі жазу дәстүрінде бар болғаны төрт негізгі таңба арқылы сегіз дауысты фонеманың мағынасы берілген. Бұндай сипат дауысты фонемалардың артикуляциялық тұрғыдан емес, айырым белгілер арқылы ұйымдастырылғанын көрсетеді. Нақты айтқанда, дауыстылардың сапасы тілдің қатысы (жуан-жіңішке) және еріннің қатысы (еріндік-езулік) сияқты негізгі айырым белгілер арқылы ажыратылған.

Орхон-Енисей ескерткіштерінде дауыссыз дыбыстардың жуан және жіңішке нұсқада берілуі ерекше мәнге ие. Көне түркі тілінде жуан-жіңішке оппозициясына түсетін дауыссыздардың саны онға жетіп, олар жиырма таңба арқылы таңбаланған. Әрбір дауыссыздың жуан немесе жіңішке түрде берілуі сөз құрамындағы барлық дауыстылардың сапасын алдын ала айқындап отырған. Бұл құбылыс сингармонизм заңының Орхон кезеңінде толық қалыптасқанын көрсетеді.

Кесте 8 – Орхон-Енисей жазбаларындағы ауысты дыбыстар

Ерін қатысына қарай	Тілдің қатысына қарай	
	жуан	жіңішке
Езулік	ʃ a ɣ ы	ʃ e ɣ i
Еріндік	o ʎ y	ʎ ø ʎ y

Орхон-Енисей жазбаларындағы дауысты дыбыстар жүйесінде жуан және жіңішке, еріндік және езулік белгілері негізгі фонологиялық айырым белгі ретінде қызмет атқарған. Езулік жуан дауыстыларға а, ы, езулік жіңішке дауыстыларға е, і, ал еріндік жуан дауыстыларға о, у, еріндік жіңішке дауыстыларға ө, ү дыбыстары сәйкес келеді. Алайда бұл фонемалар жазуда жеке таңбаланбай, бір таңбаның екі түрлі фонемалық сапаны беруі арқылы көрсетілген [53].

Мәселен, ʃ таңбасы жуан ортада а, жіңішке ортада е ретінде, ɣ таңбасы жуан буында ы, жіңішке буында і ретінде, ал ʎ таңбасы еріндік дауыстыларды білдіріп, жуан сөздерде о, у, жіңішке сөздерде ө, ү болып оқылған. Мұндай көпмәнділік кездейсоқ емес, керісінше айырым белгілердің контекст арқылы іске асуының нақты көрінісі болып табылады. Дауысты дыбыстардың сапасы сөз құрамындағы дауыссыздардың жуан немесе жіңішке болып келуіне қарай анықталған.

Осыған байланысты Орхон-Енисей жазбаларындағы фонологиялық жүйеде дауыссыз дыбыстар айырым белгілердің негізгі қызметін атқарғанын байқаймыз. Дауыстылардың көп жағдайда жазылмай қалуы олардың фонологиялық әлсіздігін емес, керісінше жүйеде айырым белгілердің жоғары деңгейде ұйымдасқанын көрсетеді. Бұл көне түркі жазуындағы фонетикалық үнемдеу принципінің айырым белгілерге негізделгенін дәлелдейді.

Кесте 9 – Дауыссыз дыбыстар

Жуан дауыссыздар		Жіңішке дауыссыздар	
ʃ ʎ ʒ ɣ ɣ ʎ ʎ	б ғ д й қ л н р с т	ʒ ɣ ʎ ʎ ʎ ʎ ʎ	бь гь дь иь кь ль нь рь сь ть
ч ʎ		ʎ ʎ	

Сонымен қатар көне түркі тілінде жуан-жіңішке айырым белгісіне түспейтін жалаң дауыссыздар да кездеседі (з, м, н, п, ч, ш). Бұл дыбыстардың бейтарап сипаты фонологиялық жүйенің ішкі иерархиясын көрсетіп, айырым белгілердің біркелкі емес, функционалдық мәнге ие болғанын дәлелдейді. Ғалым Ғ. Айдаров көне түркі жазуын зерттей отырып, дауыссыздардың жуан және жіңішке нұсқада қолданылуын түркі тілдерінің өте ерте кезеңде қалыптасқан фонетика-фонологиялық жүйесінің заңды көрінісі ретінде сипаттайды. Ғалымның тұжырымы Орхон-Енисей жазбаларындағы фонологиялық жүйенің архетиптік сипатын нақтылай түседі [53, б. 75].

Жалпы алғанда, Орхон-Енисей жазба ескерткіштері түркі тілдеріндегі фонологиялық айырым белгілердің бастапқы, эталондық моделін көрсетеді. Мұнда фонемалардан гөрі айырым белгілер жетекші орын алып, сөздің бүкіл құрылымын ұйымдастырушы негізгі принципке айналған. Кейінгі қазақ, қарақалпақ, татар және өзге де түркі тілдеріндегі фонологиялық айырмашылықтар осы архетиптік жүйенің әртүрлі тарихи бағытта дамуының нәтижесі ретінде қарастырылады.

Олай болса, алдыңғы тарауда келтірілген жіктелім бойынша әр топтағы тілдердің фонологиялық айырым белгілерінің даму жолын төмендегідей келтіруге болады. Соның бірі оғыз тобына жататын түрік, әзербайжан тілдеріндегі фонологиялық айырым белгілердің дамуын қарастыруға тырыстық. Оғыз тобына жататын түрік және әзербайжан тілдері түркі тілдерінің батыстық тармағы ретінде прототүркі дәуірінен бастап ерекше фонологиялық даму жолынан өтті. Бұл топтың фонологиялық жүйесі Орхон-Енисей жазбаларындағы архетиптік үлгіге негізделгенімен, орта ғасырлардағы оғыз-қыпшақ бөлінуі, сондай-ақ араб-парсы және славян тілдерінің әсері нәтижесінде өзгерістерге ұшырады. Түрік және әзербайжан тілдеріндегі айырым белгілердің дамуы негізінен дауыстылардың жуан-жіңішке және еріндік-езулік оппозицияларының тұрақты сақталуымен, ал дауыссыздардың қатаң-ұяң және жасалу орны бойынша жіктелуімен сипатталады. Бұл өзгерістерді тарихи тұрғыдан қарастырғанда, оғыз тобындағы фонологиялық жүйе прототүркілік 8-9 дауысты және 20-ға жуық дауыссыз фонемадан бастап, қазіргі кезеңдегі жүйеге дейін эволюцияланғанын байқаймыз.

Түрік тілінің фонологиялық айырым белгілерінің дамуы Орхон-Енисей кезеңінен басталып, Осман империясы дәуірі арқылы қазіргі түрік тіліне дейін жалғасады. Көне түркі жазбаларындағы дауыстылардың жуан және еріндік белгілері түрік тілінде толық сақталған, бірақ олардың саны мен сапасы өзгерген. Қазіргі түрік тілінде 8 дауысты фонема (а, е, ı, і, о, ö, u, ü) бар, олардың айырым белгілері жуан-жіңішке (артқы-алдыңғы) және еріндік-езулік оппозицияларына негізделген. Мысалы, /a/ (жуан, езулік) мен /e/ (жіңішке, езулік), /o/ (жуан, еріндік) мен /ö/ (жіңішке, еріндік) жұптары сингармонизм заңын күшейтеді. Тарихи тұрғыдан бұл белгілер прототүркілік /a/ фонемасының реңктері ретінде пайда болып, кейін дербес фонемаларға

айналған. Орхон жазбаларындағы ʃ таңбасының а/е ретінде қолданылуы түрік тіліндегі вокализмнің бастапқы негізін көрсетеді [54, б. 38].

Қазіргі түрікте 21 дауыссыз фонема (р, b, t, d, k, g, ç, с, f, v, s, z, ş, j, h, m, n, ñ, l, r, y) бар. Осы аталған 21 дауыссыз дыбыс қатаң-ұяң оппозициясын құрайды. Олардың дамуы прототүркілік қатаң дауыссыздардың ұяңдануымен байланысты. Мысалы, прототүркілік /k/ фонемасы алдыңғы дауыстылар алдында палатализацияға ұшырап, /ç/ (қатаң аффрикат) болып өзгерген. Орхон-Енисей жазбаларындағы жуан-жіңішке дауыссыздардың оппозициясы (мысалы, жуан /k/ мен жіңішке /k/) түрік тілінде сақталып, позициялық өзгерістерге (сөз соңындағы қатаңдану) себеп болған. Тарихи өзгерістердің нәтижесінде түрік тілінде /ñ/ (ң) фонемасы сөз ортасында әлсіреп, кейбір диалектілерде жойылған, бұл айырым белгілердің редукциясын көрсетеді. Бұл мәселе Н.А. Баскаковтың пікірімен де сәйкес келеді [55].

Осыған байланысты Ж.Түймебаев VI-IX ғасырдағы түркі тілдерінің негізгі сипатын, лексикалық құрамының, фонетика-фонологиялық жүйесі мен морфологиялық-грамматикалық құрылымының, синтаксистік құрылысының ерекшеліктерін танытатын Орхон, Енисей, Талас жазба ескерткіштері тілінің деректері, көне түркілердің қыпшақ оғыздық аралас тілдік жүйені қолданғанын дәйектейді [56].

Әзербайжан тілінің фонологиялық айырым белгілерінің дамуы түрік тіліне ұқсас, бірақ араб-парсы және орыс тілдерінің әсері күштірек. Әзербайжан тілінің вокализм жүйесі 9 дауысты фонемадан (а, е, ә, і, і, о, ө, u, ü) тұрады, олардың айырым белгілері жуан-жіңішке, еріндік-езулік және ашық-қысаң оппозицияларына негізделген. Солтүстік (Әзербайжан Республикасы) және оңтүстік (Ирандағы) диалектілерде айырмашылық бар: солтүстікте сингармонизм тұрақты, оңтүстікте парсы әсерінен әлсіреген. Прототүркілік /a/ фонемасы әзербайжан тілінде /a/ және /ə/ (редукцияланған) болып жіктелген, бұл Орхон жазбаларындағы дауыстылардың контекстік өзгеруінен келеді. Мысалы, /ö/ мен /ü/ еріндік жіңішке дауыстылар ретінде көне түркілік ʏ таңбасынан дамыған. Әсіресе түрік тілінің Анадолы говорында мұрын жолды ñ дыбысының сақталғанын зерттеуші Осман Гөкер пікірінен де көруге болады: gönül, deñiz, diñlemek, añlamak. Бұндай сөздер қазақ тіліндегі көңіл, теңіз сияқты сөздермен сәйкес келеді.

Дауыссыздардың айырым белгілері әзербайжан тілінде түрік тіліне ұқсас, бірақ увулярлық дауыссыздар (q, ğ) қосымша дыбыс болып табылады. Қазіргі әзербайжан тілінде 23-25 дауыссыз фонема (р, b, t, d, k, g, q, ç, с, f, v, s, z, ş, j, x, ğ, h, m, n, ñ, l, r, y) бар, олардың дамуы прототүркілік қатаң-ұяң оппозициясының кеңеюімен байланысты. Парсы әсерінен /x/ (үйкелістік көмейлік) және /ğ/ (ұяң увулярлық) фонемалары қосылған, бұл айырым белгілердің көпөлшемділігін арттырды (жасалу орны + тәсілі + үнділік). Орхон-Енисей жазбаларындағы дауыссыздардың жуан-жіңішке нұсқалары әзербайжан тілінде палатализация арқылы сақталған, мысалы /k/ алдыңғы дауыстылар

алдында /ç/-ке ауысады. Тарихи тұрғыдан әзербайжан тілінің фонологиясы оғыз-қыпшақ бөлінуінен кейін парсы тілінің әсерінен өзгерген, нәтижесінде дифтонгтар (ou, öu) пайда болған.

Жалпы, оғыз тобындағы түрік және әзербайжан тілдерінің фонологиялық айырым белгілерінің дамуы Орхон-Енисей архетипінен бастап, сыртқы әсерлер (араб-парсы, славян) арқылы қалыптасқан. Бұл топта сингармонизм тұрақты сақталып, айырым белгілердің жүйесі дауыстылардың оппозицияларына негізделген, ал дауыссыздардың өзгерістері позициялық және комбинаторлық құбылыстармен байланысты. Бұл даму қазақ, қырғыз сияқты қыпшақ тобындағы тілдермен салыстырғанда аз редуцияланған жүйені көрсетеді [57].

Орхон-Енисей жазбалары түркі тілдеріндегі фонологиялық жүйенің архетиптік моделін ұсынады, мұнда айырым белгілер фонемалардан жоғары тұрып, сөздің тұтас құрылымын ұйымдастыратын негізгі принцип ретінде қызмет етеді. Оғыз тобына жататын түрік және әзербайжан тілдері осы архетиптік жүйені негізінен сақтай отырып, орта ғасырлардағы оғыз-қыпшақ бөлінуі, араб-парсы, славян және кавказдық тілдердің әсерлері нәтижесінде бірқатар позициялық, комбинаторлық және морфонологиялық өзгерістерге ұшырады. Бұл өзгерістер фонологиялық жүйенің эволюциясын көрсетеді: прототүркілік дауыстылардың 8-9 фонемалық жүйесі оғыз тілдерінде тұрақты сақталғанымен, айырым белгілердің функционалдық жағы өзгеріп, кейбіреулері әлсіреген немесе шектеулі позицияға ауысқан. Төменде әр айырым белгі Орхон жазбаларындағы фонологиялық айырым белгілермен салыстырылып, түрік және әзербайжан тілдерінен нақты мысалдармен талданады. Талдау Н.А. Баскаков (1988) және А.Н. Кононов (1956) сияқты түркологтардың тұжырымдарына сүйенеді, олар оғыз тілдерінің фонологиясын прототүркілік негізден дамыған жүйе ретінде сипаттайды [57, 45].

Орхон-Енисей жазбаларында жуан айырым белгісі дауыстылардың сапасын анықтайтын негізгі белгі болып, дауыссыздар арқылы контекстік түрде іске асады (мысалы, ↓ таңбасы жуан ортада /a/, жіңішке ортада /e/ болып оқылады). Бұл белгі оғыз тілдерінде архетиптік сипатта сақталғанымен, сингармонизм заңы арқылы морфологиялық деңгейде жүйелі түрде қолданылады, бұл фонемалардың мағына ажырату қызметін күшейтеді.

Түрік тілінде сегіз дауысты фонема (a, ı, o, u – жуан; e, i, ö, ü – жіңішке) Орхон кезеңіндегі сегіз дауыстыға (a, ы, o, y; e, i, ө, ү) толық сәйкес келеді, бірақ /ı/ және /i/ қысаңдауы прототүркілік редуцияның нәтижесі. Жуан айырым белгісі сөз құрамындағы дауыстылар мен дауыссыздардың үндесуін қатаң реттейтін фонологиялық фактор ретінде қызмет атқарады. Бұл белгі түркі тілдерінде Орхон–Енисей жазба ескерткіштерінен бастау алатын көне жүйенің үздіксіз жалғасы болып табылады және тарихи даму барысында тұрақты фонологиялық параметр ретінде сақталған:

- ev «үй» – ev-ler «үйлер» (соңғы дауысты /e/ – жіңішке – қосымша -ler; мұнда /e/ фонемасының жіңішкелігі сөздің мағынасын ажыратуға емес, морфологиялық үндестікке қызмет етеді).

- oda «бөлме» – oda-lar «бөлмелер» (соңғы дауысты /a/ – жуан – қосымша -lar; бұл Орхон-Енисей жуан дауыссыздардың контекстегі қолданысына сәйкес келеді). Аталған құбылыс А.Н. Кононовтың (1956) тұжырымына сәйкес, оғыз тілдеріндегі сингармонизмнің кездейсоқ немесе кейінгі құбылыс емес, прототүркілік фонологиялық жүйеден бастау алатын тарихи негізге ие екенін дәлелдейді [58].

Әзербайжан тілінің дауыстылар жүйесі тоғыз фонемадан тұрады: жуан – (a, ə, ɪ, o, u), жіңішке – (e, i, ö, ü). Бұл жүйеде ерекше назар аударатын фонема – /ə/. Ол қазіргі тілде кең қолданылады және тарихи тұрғыдан араб-парсы ықпалы күшейген кезеңдерде қалыптасқан деп есептеледі. Орхон дәуіріндегі прототүркілік вокализммен салыстырғанда, жуан-жіңішке үндестігі негізінен сақталғанымен, /ə/ фонемасы сол кезеңдегі /e/ дыбысының позициялық өзгеруінен туындаған редукциялық құбылыстың нәтижесі болып көрінеді. Төмендегі мысалдар тілдің ішкі заңдылығын айқын көрсетеді:

qarɪ – qarɪlar: түбірдегі /ɪ/ жуандық белгісін сақтап, қосымша да осы белгі көрініс табады. /ɪ/ фонемасы мағынаны ажыратуға белсенді қатысады.

ev – evlär: жіңішке дауысты орта жіңішке қосымшаны талап етеді. /e/ фонемасының жіңішкелігі, әсіресе парсы тілінен енген сөздерде, айқынырақ сезіледі.

dərs – dərslər: мұндағы /ə/ жіңішке фонема ретінде қызмет етеді. Оның тарихи негізі – көне түркідегі /e/ фонемасының бірқатар позицияларда өзгеруі болып табылады. Берілген деректер Н.А. Баскаковтың (1988) оғыз тілдеріне тән фонологиялық заңдылықтар жөніндегі тұжырымын растайды: жуан-жіңішке айырым белгісі фонологиялық жүйені ұйымдастыратын негізгі фактор ретінде сақталғанымен, сыртқы тілдік ықпалдардың нәтижесінде дауыстылардың бір бөлігі қайта құрылымданып, редукциялық сипатқа ие болған [55, б. 180].

Еріндік айырым белгісінің әлсіреуі (архетиптен ауытқу). Орхон-Енисей жазбаларында еріндік белгісі дербес фонологиялық мәнге ие болып, сөздің барлық буынында үндестікті қамтамасыз етеді (мысалы, ʎ таңбасы жуан ортада /o/u/, жіңішке ортада /ö/ü/ болып оқылады). Оғыз тілдерінде бұл белгі шектеулі позицияға (әдетте бірінші буынға) ауысып, әлсіреген, бұл эволюциялық ауытқудың нәтижесі.

Түрік тілінде еріндік үндестігі алғашқы буында ғана көрінеді, ал қосымшаларда еріндік белгісі әлсіреп, тек жуан басым болады. Бұл құбылыс Орхон кезеңіндегі жүйеден ауытқу болып табылады, өйткені прототүркі тілінде еріндік белгі сөздің бүкіл морфологиялық құрылымына жүйелі түрде ықпал еткен. Мысалы:

- gül «гүл» – gül-ler (ү – еріндік жіңішке – қосымшада /e/ езулікке ауысады; еріндік сақталмайды).

- kul «күл» – kul-lar (u – еріндік жуан – қосымшада /a/ езулік). Бұл құбылыс түрік тіліндегі еріндіктің функционалдық әлсіреуін көрсетеді, бұл Н.А. Баскаковтың тұжырымы бойынша оғыз-қыпшақ бөлінуінің нәтижесін толық көрсетеді.

Әзербайжан тілінде де еріндік үндестік толық жүйе ретінде сақталмаған, парсы әсерінен қосымшаның редуцияланғанын мына мысалдардан көруге болады: - göz «көз» – göz-lər (ö – еріндік жіңішке – қосымшада /ə/ езулік);

- odun «отын» – odun-lar (u – еріндік жуан – /a/ езулік). Аталған мысалдар Орхон дәуіріндегі еріндік үндестіктің жүйелі сипатының бұзылғанын көрсетеді, ал әзербайжан тілінің оңтүстік диалектілерінде парсы тілінің ықпалы айқынырақ байқалады. Бұл құбылыс А.Н. Кононовтың тұжырымдарымен сәйкес келеді.

Орхон-Енисей ескерткіштері кезеңінде дауыссыздардың жүйесінде қатаң дыбыстар жетекші орын алған, ал ұяңдану құбылысы қатаңға қарағанда әлсіз болған. Прототүркілік негізде /k/ және /q/ дыбыстары қатаң күйде тұрақты қолданылғаны байқалады. Уақыт өте келе оғыз тілдерінде осы жүйе өзгеріп, ұяңдану позициялық заңдылыққа айналған. Түрік тілінде ұяңдану ең алдымен түбір соңындағы қатаң дауыссыздардың дауысты қосымшалар алдында ұяң дыбыстарға ауысуымен көрінеді. Мысалы:

- kitap – kitabı (p - b)

- ağaç – ağacı (ç - c)

- renk – rengi (k - g)

Түркі тілдерінің көне кезеңімен салыстырғанда, бұл өзгерістер оғыз тармағында ұяң дауыссыздардың қызметі күшейгенін көрсетеді [58, 105].

Әзербайжан тіліндегі жағдай да осы үрдіске сәйкес келеді, бірақ кейбір ерекшеліктері бар. Парсы тілімен ұзақ уақыттық қарым-қатынастың нәтижесінде ұяңдану түбір деңгейінде-ақ орнығып қалған: *kitab*, *ağac* тәрізді формалар қазіргі тілде қалыпты нормаға айналған. Мұндағы дыбыстық ауысулар тарихи позициялық өзгерістердің нәтижесінде тұрақтанған құбылыс ретінде көрінеді.

Бастапқы j- дауыссызының сипатына келетін болсақ, Орхон-Енисей жазбаларында сөз басындағы /j-/ тұрақты (мысалы, jıl «жыл») болған. Оғыз тілдерінде бұл дыбыстың у дыбысына ауысқанын көруге болады, бұл фонологиялық жүйенің әр тілдің ерекшелігіне қарай дамығанын көрсетеді. Айталық,

- Орхонда: jıl «жыл».

- Түрік тілінде: uıl (/j/ – /y/).

- Әзербайжан тілінде: il немесе uıl.

Аталған өзгеріс оғыз тілдерінде дауыссыз дыбыстың тарихи өзгерісін көрсетеді. Оғыз тобына жататын түрік және әзербайжан тілдері Орхон-Енисей архетипін негізге ала отырып, динамикалық эволюцияға ұшыраған, жуан айырым белгісі архетиптік күйінде сақталса, еріндік белгілі бір позицияға

сәйкес ауысқан, қатаң-ұяң айырым белгісі морфонологиялық сипатта белсенді дамығанын, ал сөз басындағы j дауыссызы сақталмағанын көруге болады.

Қыпшақ тобына жататын қазақ, қырғыз, татар тілдеріндегі фонологиялық айырым белгілердің сақталуы мен дамуына келетін болсақ, төмендегідей тұжырым жасауға болады. Қыпшақ тілдері қазақ, қырғыз, татар Орхон-Енисей кезеңіндегі архетиптік жүйеге жақын, айырым белгілер сөздің фонологиялық құрылымында да, аффикстерде де көрініс табады. Аталған тілдер жүйесінде жетекші айырым белгілер ретінде жуан, еріндік, ашық –қысаң оппозициялары, сондай-ақ дауыссыздар жүйесіндегі қатаң – ұяң және аллофондық палаталдану/велярлану құбылыстары айқындалады. Қыпшақ тілдері Орхон архетипінен аз ауытқып, үндестік заңын тұрақты сақтағанымен, ішкі дифференциация (әсіресе еріндік және дауыстылардың қысандануы) байқалады. Бұл өзгерістерді тарихи тұрғыдан талдағанда, қыпшақ тілдерінің эволюциясы прототүркілік негізден алшақтағанымен, түркілік типологияны ең толық сақтаған топ екені анықталады. Талдау әр айырым белгіні Орхон архетипімен бетпе-бет салыстырып, қазақ, қырғыз және татар тілдерінен көп қатарлы мысалдармен жүргізіледі, әрқайсысының дәлелі көрсетіледі [59].

Жуан айырым белгісі: түбір – қосымша сәйкестігі (жүйелік дәлел) Орхон-Енисей жазбаларында жуан айырым белгісі дауыссыздар арқылы сөздің тұтас үндестігін қамтамасыз етеді (мысалы, жуан және жіңішке дауыссыздардың оппозициясы). Қыпшақ тілдерінде бұл белгі архетиптік сипатта сақталғанымен, морфологиялық деңгейде жүйелі түрде іске асады, бұл фонемалардың мағына ажырату және сөз түрлендіру қызметін күшейтеді. Қыпшақ тілдерінде жуан белгісі сөздің тұтас құрылымын қамтып, Орхон архетипінен сәйкес дамыған [60]. Осымен байланысты қыпшақ тобындағы қазақ тіліне келесін болсақ, төмендегідей сипатты көруге болады. Қазақ тілінде қосымшалардың көп бөлігі екіқатарлы (жуан–жіңішке) түрде келеді. Бұл жуан белгісінің морфологияға дейінгі емес, морфологиялық құрылымды айқындаушы белгі екенін дәлелдейді. Мысалы:

Көптік (-лар/-лер): бала-лар «балалар», қала-лар «қалалар», дала-лар «далалар», жол-дар «жолдар», қол-дар «қолдар» (жуан – -лар/-дар; түбірдегі /а, о/ жуан дауыстылары қосымшаның сапасын анықтайды). Үй-лер «үйлер», көл-дер «көлдер», тіл-дер «тілдер», ел-дер «елдер», жер-лер «жерлер» (жіңішке – -лер/-дер; түбірдегі /ү, ө, е/ жіңішке дауыстылары қосымшаның сипатын көрсетеді).

Ілік септік (-ның/-нің): бала-ның «баланың», қала-ның «қаланың», жол-дың «жолдың», қол-дың «қолдың», ауыл-дың «ауылдың» (жуан – -ның/-дың; /а, о/ дауыстыларының әсері). Үй-дің «үйдің», көл-дің «көлдiң», ел-дің «елдiң», жер-дің «жердiң», тіл-дің «тілдiң» (жіңішке – -нің/-дің; /ү, ө, е/ дауыстыларының әсері).

Барыс (-ға/-ге/-қа/-ке): бала-ға «балаға», қала-ға «қалаға», ауыл-ға «ауылға», жол-ға «жолға», қол-ға «қолға» (жуан + қатаң/ұяң – -ға). Үй-ге

«үйге», көл-ге «көлге», ел-ге «елге», жер-ге «жерге», тіл-ге «тілге» (жіңішке + қатаң/ұяң – -ге). Кітап-қа «кітапқа», мектеп-ке «мектепке», қант-қа «қантқа», ет-ке «етке», құрт-қа «құртқа» (жуан/жіңішке + қатаң – -қа/-ке).

Тәуелдік (1-жақ -ым/-ім/-м): бала-м «балам», кітап-ым «кітабым», жол-ым «жолым», ауыл-ым «ауылым», қол-ым «қолым» (жуан – -ым/-м). Үй-ім «үйім», тіл-ім «тілім», көл-ім «көлім», жер-ім «жерім», ел-ім «елім» (жіңішке – -ім).

Көрсетілген мысалдар қазақ тілінде жуан белгісінің жүйекұраушы екенін көрсетеді: бір ғана қосымша емес, біраз қосымша жуан белгісіне қарай бағынады, бұл Орхон архетипінен тұрақты сақталған үндестіктің морфологиялық рөлін дәлелдейді. Н.А. Баскаковтың (1988) пікірінше, бұл құбылыс қыпшақ тілдерінде прототүркілік негіздің тұрақты сақталғанын көрсетеді.

Ал қырғыз тілінде жуан белгісімен қатар қосымшалардың көпварианттылығы (-лор/-лер, -дор/-дөр, -тор/-төр) өте айқын, бұл Орхон архетипінен алшақтай отырып, еріндік белгісінің қабаттасуымен дамығанын көрсетеді. Мысалы:

Көптік (-лар/-лер/-лор/-лөр): бала-лар «балалар», қыз-дар «қыздар», адам-дар «адамдар», жол-дор «жолдар», қол-дор «қолдар» (жуан – -лар/-дар/-дор; /а, о/ дауыстыларының әсері). Үй-лөр «үйлер», көл-дөр «көлдер», сөз-дөр «сөздер», төл-дөр «төлдер», көн-нөр «күндер» (жіңішке – -лөр/-дөр/-нөр; /ү, ө/ дауыстыларының әсері). Тоо-лор «таулар», қол-лор «қолдар», жол-лор «жолдар», соо-лор «сулар», боо-лор «бойлар» (жуан еріндік – -лор).

Ілік (-дын/-дин/-дун/-дүн): бала-нын «баланың», жол-дун «жолдың», қол-дун «қолдың», адам-дын «адамның», қыз-дын «қыздың» (жуан – -дын/-дун; варианттық). Көл-дүн «көлдің», үй-дүн «үйдің», сөз-дүн «сөздің», төл-дүн «төлдің», көн-дүн «күннің» (жіңішке – -дүн).

Барыс (-га/-ге/-го/-гө/-ка/-ке/-ко/-кө): шаар-га «қалаға», бала-га «балаға», тоо-го «тауға», қол-го «қолға», жол-го «жолға» (жуан + қатаң/ұяң – -га/-го). Үй-гө «үйге», көл-гө «көлге», тіл-ге «тілге», көн-гө «күнге», сөз-гө «сөзге» (жіңішке + қатаң/ұяң – -ге/-гө). Китеп-ке «кітапқа», тақ-ке «таққа», мектеп-ке «мектепке», кет-ке «кетке», қант-қа «қантқа» (жуан/жіңішке + қатаң – -ка/-ке; контекстке сай).

Жоғарыдағы мысалдар қырғыз тілінде жуан белгісімен қатар еріндік белгінің де қабаттаса ықпал ететінін көрсетеді (лор/лөр, го/гө), осылайша қыпшақ жүйесінде айырым белгілердің қабаттаса әрекет етуі Орхон архетипінен өзгеше бағытта дамығанын дәлелдейді [61]. А.Н. Кононов бойынша, бұл қырғыздың қыпшақ-оғыз аралық позициясын растайды.

Татар тілінде жуан (калын/нечкә) белгісі морфологиялық құрылымды айқындаушы жетекші фактор ретінде айқын көрінеді: қосымша көбіне -лар/-лөр, -га/-гә, -ның/-нең тәрізді екіқатарлы болып келеді, бұл Орхон архетипінен тұрақты дамығанын көрсетеді. Мысалы:

Көптік (-лар/-ләр): бала-лар «балалар», кітап-лар «кітаптар», авыл-лар «ауылдар», урман-нар «ормандар», жол-лар «жолдар» (жуан – -лар/-нар; варианттық). Өй-ләр «үйлер», көн-нәр «күндер», тел-ләр «тілдер», күз-ләр «көздер», кеше-ләр «кешелер» (жіңішке – -ләр/-нәр).

Ілік (-ның/-нең): кітап-ның «кітаптың», бала-ның «баланың», авыл-ның «ауылдың», урман-ның «орманның», жол-ның «жолдың» (жуан – -ның). Өй-нең «үйдің», тел-нең «тілдің», көн-нең «күннің», күз-нең «көздің», кеше-нең «кешенің» (жіңішке – -нең).

Барыс (-га/-гә): Казан-га «Қазанға», авыл-га «ауылға», кітап-ка «кітапқа», урман-га «орманға», жол-га «жолға» (жуан + қатаң/ұяң – -га/-ка; фонетикаға сай). Өй-гә «үйге», тел-гә «тілге», мәктәп-кә «мектепке», күз-гә «көзге», кеше-гә «кешеге» (жіңішке + қатаң/ұяң – -гә/-кә).

Татар тіліндегі мысалдар дауысты үндестігінің, әсіресе жуан белгісінің, қосымша формасын таңдауда шешуші рөл атқаратынын айқын көрсетеді. Бұл құбылыс көне түркі кезеңінен бері қалыптасқан жүйенің татар тілінде үздіксіз сақталғанын дәлелдейді. Яғни Орхон мәтіндеріне тән жуан-жіңішке гармониясы бұл тілде морфологиялық деңгейде тұрақты қызметін жалғастырып отыр. Н.А. Баскаков татар тілін бұлғар және қыпшақ элементтері тоғысқан аралық тип ретінде сипаттайды. Дәл осы үндестік жүйесінің сақталуы – оның қыпшақтық негізін, ал дауыстылардың кейбір фонетикалық ерекшеліктері – бұлғарлық субстратты көрсететін бағыттардың бірі. Басқаша айтқанда, татар тілінің фонологиялық жүйесі екі тарихи қабаттың өзара ықпалы арқылы қалыптасқанымен, түбір мен қосымша арасындағы үндестік байланысы қыпшақтық модельге барынша жақын [55, б. 245].

Еріндік айырым белгісі: қырғыз тілінде күшті, қазақ тілінде ауызша сөзде ған көрініс табады, татар тілінде әлсіз, бұл аталған тілдердегі дифференциацияны көрсетеді. Орхон-Енисей жазбаларында еріндік белгісі дербес, сөздің тұтас үндестігін қамтамасыз етеді.

Қазақ тілінде еріндік – негізінен түбірде, қосымшада әлсірейді. Еріндік дауыстылар түбірде тұрақты: /ө, ү, ұ, о/. Мысалы: Түбірде: көл «көл», көр «көр», төр «төр», сөз «сөз», өт «өт»; күн «күн», гүл «гүл», күл «күл», жүр «жүр», үл «үл»; құм «құм», жұрт «жұрт», ұл «ұл», құлын «құлын», құрт «құрт»; жол «жол», қол «қол», от «от», орын «орын», бол «бол».

Қосымшада еріндік дауысты сақталмайды: көл-дер «көлдер» (/ө/ – еріндік – қосымшада /e/ езулік), сөз-дер «сөздер». күн-дер «күндер», гүл-дер «гүлдер», үл-дер «үлдер»; құм-дар «құмдар», жұрт-тар «жұрттар», ұл-дар «ұлдар»; қол-дар «қолдар», жол-дар «жолдар», от-тар «оттар» [62].

Аталған мысалдар қазақ тілінде еріндік белгісінің фонемалық деңгейде күшті, бірақ морфологиялық деңгейде әлсіз екенін көрсетеді.

Ал қырғыз тілінде еріндік үндестік морфологияда да көрініс тапқан. Қырғыз тілінде еріндік әсері қосымшада жиі байқалады (лөр/дөр, гө, дүн т.б.). мысалы: еріндікке бейімделу: көл-дөр «көлдер», сөз-дөр «сөздер», үй-лөр

«үйлер», төл-дөр «төлдер», көн-дөр «күндер» (жіңішке еріндік – -дөр/-лөр); тоо-лор «таулар», кол-лор «қолдар», жол-лор «жолдар», соо-лор «сулар», боо-лор «бойлар» (жуан еріндік – -лор); жол-го «жолға», кол-го «қолға», тоо-го «тауға», соо-го «суға», боо-го «бойға» (жуан еріндік – -го); үй-гө «үйге», көл-гө «көлге», сөз-гө «сөзге», төл-гө «төлге», көн-гө «күнге» (жіңішке еріндік – -гө). Аталған мысалдар қырғыз тілінде еріндік белгісінің морфологиялық ерекшелікке көбірек ықпал ететінін көрсетеді.

Татар тілінде /ө/ү/ фонемалары бар, бірақ қосымша еріндікке сәйкес келе бермейді: түбірде еріндік: өй «үй», көн «күн», күл «күл», күз «көз», йөр «жүр» (диалектілік/лексикалық; /ө, ү/ тұрақты); бол «бол», қол «қол», жол «жол», от «от», орын «орын» (жуан еріндік); қосымшада еріндік жоққа тән: өй-ләр «үйлер», көн-нәр «күндер», күз-ләр «көздер», күл-ләр «күлдер», йөр-ләр «жүрлер» (жіңішке еріндік – қосымша езулік -ләр/-нәр); бол-лар «болдар», қол-лар «қолдар», жол-лар «жолдар», от-тар «оттар», орын-нар «орындар» (жуан еріндік – қосымша езулік -лар/-тар). Бұл татар тілінде еріндік белгісінің көбіне фонетика-фонема деңгейінде, ал морфологияда әлсіз екенін көрсетеді [62].

Орхон-Енисей жазбаларында дауыстылардың ашық-қысаң айырымы контекстік, бірақ қыпшақ тілдерінде бұл белгі фонемалық мәнге ие болып, мағына ажыратуға қызмет етеді. Қыпшақта ашық-қысаң айырмасы жүйеде айқын (/ə/a, e/i, o/ʏ, ø/ү т.б.). мысалы: қазақ тілінде: жұптық қатарлар (сапалық оппозицияны көрсету): а – ә: ана «ана» – әне «әне» (семантика басқа, бірақ фонологиялық жұп бар; мағына ажырату). Орхон архетипінен ауытқу аз, өйткені еріндік қабаттаса жұмыс істейді, бұл қырғыздың қыпшақ ішіндегі консервативтілігін дәлелдейді. Мысалы,

о – ө: от «от» – өт «өт» (фонемалық айырма мағына ажыратады).

ұ – ү: ұл «ұл» – үл «үл» (лексикаға қарай; ұзын-қысқа + еріндік).

ы – і: қыр «қыр» – кір «кір» (мағына ажыратады; қысаң айырым).

е – і: ет «ел» – іл (ашық-қысаң оппозициясы) [63].

Қырғыз тілінде ашық-қысаң айырым белгісімен келетін фонемалар төмендегідей: /a/e, ы/i, o/ø, y/ү/. Мысалы, ат «ат» – эт «ет» (ашық-қысаң). От «от» – өт «өт», ут «үт» – үт «үт» (еріндік + қысаң). Қыр «қыр» – кир «кір», тоо «тау» – төө «түйе» (варианттық қысаңдану) [64].

Татар тілінде фонологиялық жүйенің екі қатары жуан және қысаң белгісі беріледі, көбіне жуан айырым белгісі басым: ат «ат» – эт «ет», от «от» – өт «өт», қыр «қыр» – кир «кір», тоо «тау» – төө «түйе». Бұл мысалдар қыпшақ тілдерінде ашық-қысаң белгісінің фонемалық мәнге ие болып, мағына ажыратуға қызмет ететінін көрсетеді [62, 171].

Орхон-Енисей жазбалары кезеңінде қатаң дауыссыздар жетекші рөл атқарғаны, ал ұяндану құбылысының өте шектеулі болғаны белгілі. Қыпшақ тілдерінде бұл жағдай айтарлықтай өзгеріп, қосымшалардың формасы тек дауысты үндестігіне ғана емес, түбір соңындағы дауыссыздың қатаң-ұяң

сипатына да тәуелді бола бастайды. Мұндай ассимиляциялық бейімделу осы топқа тән морфонологиялық ерекшелік ретінде қалыптасқан. Қазақ тіліндегі жатыс септігінің (-да/-де/-та/-те) және есімшенің (-ған/-ген/-қан/-кен) вариантталуы соның айқын дәлелі.

Жуан және ұяң дауыссыздан кейін көбіне -да/-де формасы келеді: *ауыл-да, қала-да, қол-да, жол-да; үй-де, ел-де, тіл-де.*

Қатаң дауыссыздардан кейін -та/-те түрлері қолданылады: *мектеп-те, кітап-та, дос-та, ет-те, қант-та.*

Есімшеде де дәл осындай бейімделу байқалады: *бар-ған, кел-ген, шық-қан, айт-қан, көр-ген.*

Қырғыз тілінде осы заңдылықтар дерлік толық сақталған: *шаар-да, айыл-да, мектеп-те, китеп-те, бар-ған, айт-қан, көр-гөн* т.б. Қазақ тілімен салыстырғанда дауыссыздардың сапасы мен қосымшалардың алмасу үлгісі өте ұқсас.

Қыпшақ тілдерінің (қазақ, қырғыз, татар) фонологиялық жүйесі түркі тілдерінің тарихи архетипіне – Орхон дәуіріндегі вокализм мен консонантизмнің құрылымына – ең жақын тұрған жүйе екені айқындалады. Бұл топта жуан белгісі әлі де морфонологиялық деривация мен сөзжасамды ұйымдастырушы негізгі дистинктивті параметр ретінде қызмет етеді. Еріндік белгісі барлық қыпшақ тілдерінде бірдей дәрежеде сақталмаған: қырғыз тілінде – жоғары, қазақ тілінде – орташа, татар тілінде – әлсіз көрініс табады. Дауыссыздардың қатаң–ұяң бейімделуі қосымша вариантталуының басты морфонологиялық тетігі болып табылады. Осы белгілердің жиынтығы қыпшақ тілдерінің ішкі бірлігін көрсеткенімен, әр тілдегі ішкі дифференциацияда (еріндік дауыстылардың қарқындылығы, қысқандану үрдістері) олардың тарихи эволюциясының өзіндік бағытын дәлелдейді.

Оғыз (түрік, әзербайжан), қыпшақ (қазақ, қырғыз, татар) және қарлұқ (өзбек, ұйғыр) топтарын салыстырғанда, олардың фонологиялық дамуы Орхон негізінен әртүрлі бағытта тарағаны байқалады. Оғыз тілдері үндестіктің негізгі белгілерін сақтағанымен, ұяңданудың позициялық түрлері күшейіп, морфонологиялық деңгейдегі өзгерістер айқынырақ көрінеді. Қыпшақ тілдері үндестікті ең тұрақты күйде сақтап, архетипке ең жақын тұрған орталық аймақ ретінде көрінеді. Қарлұқ тілдерінде сыртқы әсерлердің (араб-парсы) және ішкі редукциялық процестердің нәтижесінде жуан, еріндік белгілері біршама бейтараптанып, дауыстылар жүйесі ерекшелігіне қарай дамыған.

Қарлұқ тобына жататын өзбек, ұйғыр тілдеріндегі фонологиялық айырым белгілердің өзгеруіне келетін болсақ, төмендегідей ерекшелікті байқаймыз. Түркі тілдерінің фонологиялық жүйесінің тарихи негіздерін анықтауда Орхон-Енисей жазбалары архетиптік модель ретінде айрықша мәнге ие [65, б. 84].

Бұл ескерткіштерде дыбыстық жүйе жалаң фонемалар тізбегі түрінде емес, айырым белгілердің (ең алдымен жуан, еріндік, қатаң) сөздің тұтас құрылымын ұйымдастыруы арқылы сипатталады. Яғни Орхон дәуірінде жуан-жіңішке және

еріндік-езулік оппозициялары тек артикуляциялық сипат емес, сөздің ішкі құрылымын (буын құрамы, аффикстердің тұлғасы, үндестік тәртібі) айқындайтын жүйеқұраушы механизм болғаны алдыңғы бөлімдерде көрсетілді [61].

Осы архетиппен салыстырғанда қарлұқ тобына жататын өзбек және ұйғыр тілдері әртүрлі бағытта дамып, айырым белгілердің жүйедегі өзгерісін көрсетеді. Тарихи тұрғыдан мұның себептері бірнеше кезеңді қамтиды. Айталық, орта ғасырлардағы қарлұқ–қыпшақ жіктелуі, ұзақ уақытқа созылған араб-парсы мәдени-тілдік ықпал (әсіресе өзбек тілдік ортасында), сондай-ақ ұйғыр тілінің аймақтық-тарихи дамуында қытай тілдік кеңістігімен тұрақты байланыстардың күшеюі шешуші рөл атқарды. Осы тұрғыдан келгенде, өзбек тілінде үндестік заңының әлсіреуі мен бейтараптануы айқын байқалса, ұйғыр тілінде архетиптік қасиеттердің бірқатары сақталғанымен, олар факультативті сипаттан айырылғанын көруге болады. Орхон жүйесінде жуан айырым белгісі дауыстылардың сапасын контекст арқылы айқындап, сөздің тұтас үндестігін қамтамасыз еткен (мысалы, бір таңбаның жуан ортада /a/, жіңішке ортада /e/ болып оқылуы – үндестіктің сөз ішіндегі тұрақты тәртібіне сүйенген құбылыс). Қарлұқ тілдерінде бұл белгі ең алдымен морфологиялық деңгейде түрліше өзгерген. Өзбек тілінде жуан–жіңішке үндестік сөз тудыру мен сөз түрлендірудің негізгі шарты болудан қалып, аффикстер көп жағдайда бір ғана инвариант тұлғада қолданылады. Мұны ең қарапайым түрде көптік жалғауынан көруге болады: *kitob* – *kitob-lar*, *qiz* – *qiz-lar*, *bola* – *bola-lar*, *daraxt* – *daraxt-lar*, *o'qituvchi* – *o'qituvchi-lar*, *suhbat* – *suhbat-lar*, *fan* – *fan-lar*. Бұл қатардың ішіндегі түбірлер дауыстылар тұрғысынан әркелкі: *kitob*, *suhbat*, *daraxt* сияқты сөздер араб-парсы қабатымен байланысты, *o'qituvchi* тәрізді туынды негіздерде дауыстылар аралас келеді, соған қарамастан қосымша тұрақты түрде *-lar* түрінде беріледі. Демек, өзбек тілінде жуан айырым белгісі фонетикалық деңгейде белгілі мөлшерде сақталғанын көрсетеді.

Ұйғыр тілінде керісінше жуан–жіңішке үндестік бірқатар негізгі сөздер мен түркілік қабатта сақталады да, қосымша жуан/жіңішке вариантта келеді. Мысалы, *öy* – *öy-lär*, *köl* – *köl-lär*, *töre* – *töre-lär* тәрізді қатарларда түбірдің жіңішке сапасы қосымшада да сақталады, ал жуан қатардағы *yol* – *yol-lar* сияқты сөздерде үндестіктің архетиптік үлгісі сақталған. Бірақ ұйғыр тілінде де бұл жүйе барлық қабатта бірдей емес. Айталық, кірме сөздерде қосымшаның бір ғана тұлғасы сақталған: *ilm* – *ilm-lar*, *maktab* – *maktab-lar*, *dövlät* – *döwlet-lar*, *fabrika* – *fabrika-lar*, *universitet* – *universitet-lar*. Осы деректер ұйғыр тілінде жуан айырым белгісі сақталғанын көрсетеді [66].

Орхон архетипінде еріндік–езулік оппозициясы да дербес мәнге ие болған. Қарлұқ тілдерінде еріндік дауыстылар түбірде сақталғанымен, қосымшада әлсіз қызмет атқарған. Оны өзбек тілінен көреміз: *ko'z* – *ko'z-lar*, *so'z* – *so'z-lar*, *yo'l* – *yo'l-lar*, *qul* – *qul-lar*, *o'g'il* – *o'g'il-lar*, *bo'lim* – *bo'lim-lar*, *qo'shni* – *qo'shni-lar*. Бұл қатарда түбірдегі /o'/, /u/ сияқты еріндік дауыстылар сақталғанымен,

қосымшада айқын көрініс таппаған. Яғни өзбек тілінде еріндік белгісі фонологиялық жүйеде мағына ажыратушы қызмет атқарудан гөрі артикуляциялық сипатқа ауысқан. Ұйғыр тілінде де ұқсас көрініс байқалады: *köl* – *köl-lär*, *gül* – *gül-lär*, *söz* – *söz-lär*, *yol* – *yol-lar*, *qul* – *qul-lar* қатарларында түбірдегі еріндік сапа сақталады, бірақ қосымшада сақталмайды. Демек, ұйғыр тілінде де еріндік айырым белгісінің морфологиялық деңгейдегі ықпалы шектеулі, бұл архетиптен біртіндеп алшақтау үрдісінің ортақ көрсеткіші болып табылады. Дауыссыздар жүйесіндегі қатаң-ұяң белгісі бойынша қарлұқ тілдері оғыз тілдеріндегідей тұрақты морфонологиялық алмасуға (түбір соңындағы қатаңның дауысты қосымша алдында ұяңдануы тәрізді) кең көлемде түсе бермейді; бұл белгі көбіне лексикалық деңгейде көрінеді. Өзбек тіліндегі *kitob* – *kitob-im*, *sabab* – *sabab-i*, *odam* – *odam-lar*, *daryo* – *daryo-lar*, *qalam* – *qalam-im*, *badan* – *badan-lar*, *g'am* – *g'am-lar* сияқты қатарларда түбір дауыссыздарының қатаң/ұяң сипаты қосымша жалғанғанда жүйелі түрде өзгермей, тұрақты сақталады. Ұйғыр тілінде де осыған ұқсас деректер жеткілікті: *kitab* – *kitab-im*, *yurt* – *yurt-um*, *söz* – *söz-üm*, *xalq* – *xalq-im*, *bal* – *bal-im*, *badan* – *badan-lar*, *gham* – *gham-lar* [66, б. 271].

Жалпы алғанда, қарлұқ тілдерінің Орхон архетипімен салыстырғандағы басты айырмасы айырым белгілердің “жоғалып кетуінде” емес, олардың жүйедегі қызметінің өзгеруінде. Орхон моделінде жуан және еріндік белгілері негізгі болып табылса, өзбек тілінде бұл белгілердің морфологиялық функциясы әлсіреп, аффикстердің инвариантталуына әкелді.

Түркі тілдерінің дыбыстық жүйесі тарихи тұрғыдан ортақ фонетикалық заңдылықтарға негізделгенімен, әрбір тілдің жеке даму жолы бар екені белгілі. Бұл даму жолдары фонологиялық процестердің әртүрлі бағытта өрбуіне, айырым белгілердің жүйедегі рөлінің әркелкі болуына әкеледі. Әрбір түркі тіліндегі фонологиялық құбылыстардың өзіндік сипаты сол тілдің ішкі эволюциялық механизмдерімен қатар, сыртқы тілдік және әлеуметтік-мәдени факторлардың ықпалымен де айқындалады. Сондықтан түркі тілдері тек қызметі жағынан ғана емес, құрылымы мен фонологиялық жүйесінің ұйымдасуы тұрғысынан да біртекті емес, күрделі әрі көпқабатты жүйелер ретінде сипатталады.

Түркі тілдеріндегі фонемалардың айырым белгілеріне ортақ және өзгеше сипаттар тән. Кез келген айырым белгі белгілі бір оппозиция арқылы көрінеді: бір фонема үшін мәнді болып табылатын белгі екінші фонема үшін мәнсіз болуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, фонологиялық белгі мен айырым белгі ұғымдарын ажырату маңызды. Фонологиялық белгі бір топ дыбысқа ортақ болуы мүмкін, ал айырым белгі нақты фонемаларды бір-бірінен ажырататын қызмет атқарады. Сондықтан айырым белгілер жүйесін талдау фонемалардың өзара қатынасын ғана емес, бүкіл дыбыс жүйесінің құрылымын ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында түркі тілдерін генеалогиялық тұрғыдан топтастырудың фонологиялық негіздері айқындалды. Оғыз, қыпшақ және қарлұқ топтарына жататын тілдердің фонологиялық жүйелері салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы талданды. Бұл талдауда Орхон-Енисей жазбалары архетиптік модель ретінде алынды. Орхон жазбаларындағы фонологиялық жүйе түркі тілдерінің бастапқы құрылымын, айырым белгілердің алғашқы ұйымдасу принциптерін көрсететін негізгі дереккөз болып табылады.

Орхон-Енисей жазбаларында айырым белгілер (әсіресе жуан, еріндік, қатаң) сөздің тұтас құрылымын айқындайтын жүйекұраушы фактор ретінде қызмет атқарғаны анықталды. Бұл кезеңде айырым белгілер тек фонетикалық сипатта емес, морфологиялық және лексикалық деңгейлерде де белсенді қызмет атқарған. Осы архетиптік модель кейінгі түркі тілдерінің дамуында әртүрлі дәрежеде сақталып немесе өзгеріске ұшыраған.

Зерттеу нәтижелері оғыз, қыпшақ және қарлұқ топтарының фонологиялық жүйелеріндегі айырмашылықтар олардың генеалогиялық жіктелуін толықтай растайтынын көрсетті. Оғыз тілдері (түрік, әзербайжан) фонологиялық тұрғыдан салыстырмалы түрде тұрақты сипатта болып табылады. Бұл тілдерде жуан-жіңішке үндестігі морфологиялық деңгейде жүйелі түрде сақталып, аффикстердің вариантталуын реттейтін негізгі механизм ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар оғыз тілдерінде морфонологиялық процестердің (қатаң-ұяң алмасулар, позициялық бейімделулер) белсенділігі байқалады, бұл архетиптік негізді сақтай отырып, ішкі динамиканың күшейгенін көрсетеді.

Қыпшақ тілдері (қазақ, қырғыз, татар) фонологиялық тұрғыдан архетипке ең жақын жүйе ретінде сипатталады. Бұл топта айырым белгілер, әсіресе жуан және еріндік, сөз құрылымын ұйымдастырушы негізгі фактор ретінде сақталған. Қазақ және қырғыз тілдерінде үндестік заңы сақталып, аффикстердің барлық варианттары түбірдің фонологиялық сипатына тәуелді екенін көрсетеді. Татар тілінде де жуан-жіңішке оппозициясы тұрақты сақталғанымен, еріндік үндестігі әлсіз екені байқалады. Соған қарамастан, қыпшақтық модель Орхон архетипіне ең жақын жүйе ретінде сипатталады.

Қарлұқ тобындағы тілдерде (өзбек, ұйғыр) фонологиялық айырым белгісі өзіндік сипатымен ерекшеленеді. Өзбек тілінде жуан-жіңішке үндестіктің морфологиялық қызметі әлсіреп, көптеген аффикстер инвариант тұлғада қолданылады. Ұйғыр тілінде архетиптік үндестік ішінара сақталған. Бұл өзгерістер қарлұқ тобындағы тілдерінің ұзақ уақыт бойы араб-парсы тілімен қарқынды байланыста болуымен түсіндіріледі. Нәтижесінде айырым белгілердің жүйедегі рөлі қайта ұйымдасып, фонологиялық жүйе типологиялық тұрғыдан өзгеше сипат алған [67].

Зерттеу барысында қазақ тіліндегі фонологиялық құбылыстар ретроспекция және проспекция әдістері арқылы талданды. Қазақ тілінің дыбыс жүйесіндегі айырым белгілердің тарихи негіздері көне түркі жазба ескерткіштерімен, сондай-ақ қырғыз, түрік, өзбек және басқа да туыстас тілдер

материалдарымен салыстырылды. Соның нәтижесінде қазақ тіліндегі фонемалардың айырым белгілерінің қалыптасу жолдары, олардың тарихи эволюциясы және қазіргі жүйедегі қызметі айқындалды.

Жұмыста айырым белгілер теориясы түркі тілдерінің материалында диахрондық аспектіде алғаш рет кешенді түрде қарастырылды. Фонемалардың тарихи кезеңдердегі позициялық өзгерістерінің негізінде фонологизацияланған түрлері анықталып, айырым белгілердің дамуы арқылы дыбыстардың фонематикалық статусқа көтерілу жолдары көрсетілді. Бірөлшемді және көпөлшемді айырым белгілердің еліктеуіш сөздер негізінде қалыптасуы қазақ тіл білімінде алғаш рет дәлелденді.

Зерттеу нәтижелері қазақ тілінің тарихи фонологиясын туыстас қыпшақ тілдерімен салыстырмалы-тарихи тұрғыдан қарастырудың теориялық маңызын айқын көрсетті. Мұндай салыстыру қазақ тіліндегі фонетикалық құбылыстардың төркінін, олардың эволюциялық бағыттарын және прототүркі, орта түркі дәуірлерімен сабақтастығын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

2.3 Фонемалардың бірөлшемді және көпөлшемді айырым белгілері

Тілдің дыбыс құрамын анықтап, оның дыбыс жүйесін сипаттау айырым белгі теориясы арқылы орындалады. Сондықтан біз қазақ тіл білімінің фонетика саласында да маңызы зор деп қазақ тіл білімінде айырым белгілер теориясын қалыптастыру – дыбыстардың айырым белгілерін анықтау өзекті зерттеулердің бірі болмақ деп есептейміз.

Тілдегі фонологиялық жүйенің сипаттамасының негізін қалаған Н.С. Трубецкой тіл дыбыстарының бірнеше қарсылас (оппозиция) белгілерінің жіктелім атауларын ұсынады. Біз оның барлығына тоқталмай, маңызды деген тұстарын ғана айтып өтеміз. Ғалым тіл дыбыстарына фонологиялық жіктелім жасаудың алдында, фонеманың ішкі мазмұны қандай болады, соның басын ашып алуды ұсынады: «Под фонологическим содержанием фонемы мы понимаем совокупность всех фонологически существенных признаков фонемы, то есть признаков, общих для всех вариантов данной фонемы и отличающих ее от других и прежде всего от близкородственных фонем в данном языке» [68]. Бұдан фонема мазмұнын анықтап алу үшін өте күрделі талданым қажет екенін көреміз. Одан әрі Н.С. Трубецкой талданым атауларына көшіп, олардың әрқайсысына тән дыбыстардан мысал келтіріп отырады. Мысалы, «В таких системах противоположений, как фонологическая система, следует различать два типа оппозиций: одномерные и многомерные. В одномерных оппозициях основание для сравнения, то есть совокупность признаков, которыми обладают в равной мере оба члена оппозиции, присуще только этим двум членам оппозиции и не присуще никакому другому члену той же системы. В противоположность этому в многомерных оппозициях совокупность общих признаков (основание для сравнения) не ограничивается только членами

данной оппозиции, а распространяется также и на другие члены той же системы» дейді. Бір өлшемді және көп өлшемді оппозицияның мысалын қазақ тілінен іздейтін болсақ, онда бір өлшемді (одномерные) қарсылас жұп а/ә тек ашық дауыстылардың жалғыз жұбы болып шығады. Өйткені бұл екеуінің арасындағы ашық дауыстылардың тіл арты/тіл ортасы (жуан/жіңішке) жұбы қазақ тіліндегі басқа дыбыстарға тән емес. Сондықтан да а/ә дауысты жұбы бір өлшемді қарсыластардың қатарына жатады.

Бір фонеманың екінші фонемаға ұқсамайтын өзгеше сипаты айырым белгілер деп аталады. Айырым белгілердің жиынтығы фонемалардың фонологиялық мазмұнын құрайды. Мысалы, <*d*> фонемасының фонологиялық мазмұны мынадай: 1) ұяң, 2) тоғысыңқы, 3) тіл алды. Фонемалардың айырым белгілерін олардың акустика-артикуляциялық ерекшеліктерінен байқаймыз. Олар сөйлеушілердің қабылдауымен фонемаларды бір-бірінен ажыратып, сөз бен морфемаларды түсінуге жол ашады. Қазақ тіліндегі <*a*> ~ <*ä*>, <*o*> ~ <*ö*>, <*u*> ~ <*ü*>, <*y*> ~ <*i*> дауыстыларының жуан-жіңішкелігі олардың айырым белгісі болып табылады.

Фонемалардың позицияға байланысты ажыратылуы олардың айырым белгілеріне негізделген. Оппозиция құрайтын фонемалардың біркелкілігі олардың синонимиясында көрінеді. Бұл ерекшеліктер фонологиялық оппозицияның негізін қаласа, олардың қарсы өзгешеліктері антонимия негізін құрайды. Мысалы, қазақ тілінде <*b*> ~ <*p*> дауыссыздардың ортақ белгілері: 1) ерін-ерінді, 2) тоғысыңқы, ал олардың айырым белгілері <*b*> - ұяң <*p*> - қатаң болуы. Тағы да: <*a*> ~ <*y*> дауыстылардың ортақ белгілері: 1) жуан, 2) езу, ал айырым белгілері: <*a*> - ашық, <*y*> - қысаң. Және де бұл оппозициялардың схемасын қосымша көрсетеді. Қазақ тілі дыбыстарының белгілері айырым және ортақ болып жіктелуден басталады. «Егер артикуляциялық белгі бір дыбысқа тән, ал екінші дыбысқа тән болмай шықса, онда оны айырым белгі деп атаймыз. Фонологиялық белгі бір не бірнеше дыбысқа тән болса, онда оны ортақ белгі деп атаймыз», – деп көрсетеді өзінің ғылыми мақаласында – академик З.М. Базарбаева. Сондықтан фонологиялық белгі дыбыстардың жұптасуына қарай ортақ болуы да, айырым болуы да мүмкін [69].

Дауыссыз дыбыстардың фонологиялық белгілері. Мысалы, жасалу орнына қатысты тіл ұшы белгісі *m* және *d* дауыссыз дыбыстарының жұбына тән белгі болып табылады, өйткені фонологиялық тұрғыдан екеуіне де бірдей ортақ. *l* және *n* дауыссыз дыбыстарының жұбын алатын болсақ, онда айырым белгі болып табылады. Өйткені ол *z* дауыссыз дыбысына тән, *n* дауыссыз дыбысына тән емес деп көрсетіп, осы ретпен қазақ тілі дыбыстарының айырым белгілерінің құрамын анықтап шығуға болады.

Дауысты дыбыстардың фонологиялық белгілері. Мысалы, тілдің тік қалпынан туындайтын ашық белгі *a* және *ä* дауысты дыбыстардың жұбына ортақ белгі болып келеді, өйткені артикуляциялық тұрғыдан екеуі де бірдей. *A* және *ä* дауысты дыбыстарының жұбын алатын болсақ, онда айырым белгі

болып табылады. Өйткені ол а дауысты дыбысына тән, ы дауысты дыбысына тән емес [70].

Қыпшақ тобындағы (қазақ, қарақалпақ, ноғай) тілдерінде жартылай ашық дауыстылар тарылу құбылысына ұшырағандықтан, ата түркі тіліндегі *е* дыбысы *e* дауыстыға айналған. Татар, башқұрт тілдерінде *e* (< *ä*, *е*) дыбысы *i*-ге жеткен, ал аффиксте *ä* дыбысын береді. Түрікмен тілінде *e* – *ä*: дыбыстары өзара қарсы қойылып, созылыңқы *e*: дыбысы дами келе *eⁱ* дыбысына, ал *eⁱ* дыбысы *i* дауыстысына айналған. Мысалы: *e:l* > *i:l* “ел”, *ge:č* > *gi:č* “кеш”. Әзербайжан тілінде созылыңқы мен қысқа *ä* – *e* дауыстылары өзара қарсы қойылды. Мысалы: *äl* “қол” – *el* “ел”; өз. *er* “ерте”, *bel* “бел”, *gez* «кеш» ~ *i:r*, *bi:l*, *gi:č*. Сол сияқты қазіргі кезде чуваш тілінде *a* дыбысының орнына жалпы көне түркі тілінде *ä*, ал *i* дыбысының орнына жалпы көне түркі тілінде *e* (*e*:) дыбысы сәйкес келген. Мұндай пайымдаулар ата түркі тілінде қысқа дауысты *ä* және созылыңқы *е* дыбыстарының болғанын және *ä* (*ε*, *e*) іргелес дыбыстардың әсерінен түрлі жұмсалғанына көз жеткізеді [71].

Фонологиялық айырым белгілердің негізіне фонетикалық негіз жатады. Сондықтан оларды шартты түрде фонетикалық айырым белгілер деп атаймыз. «Шартты» деп отырған себебіміз айырым белгілердің бәрі фонологиялық құбылыстан туындайды [72].

Қазақ тілінің айырым белгілерінің құрамы сингармонизмге тікелей байланысты болғандықтан, әрбір фонологиялық белгі үндесім әуезіне байланысты іштей тағы да жіктеліп отырады. Сондықтан да сингармонизмге байланысты айырым белгілердің құрамы қазақ тілі үшін өз алдына айқындалады. Сондықтан да сингармонизмге қатысты айырым белгілерді шартты түрде фонологиялық айырым белгілер деп атаймыз. Себебі бір ғана *m* дыбысы *am*, *em*, *om*, *өm* сөздерінде төрт түрлі реңкке ие болады (езулік жуан, езулік жіңішке, еріндік жуан, еріндік жіңішке).

Сингармонизмге қатысты айырым белгілер түркі тілдеріне ғана, оның ішінде қазақ тіліне тән екендігін айтады ғалым Ә. Жүнісбек [73]. Олар бұл туралы және фонемадағы айырым белгі теориясын сингармониялық тұрғыдан қарастырып, оның жаңаша бір қырын көрсетіп, сол тұрғыда дәлелдеуге тырысты. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі осындай тұжырымдардың салдарынан әртүрлі теория негізінде зерттеліп келеді: Ленинград фонологиялық мектебінің теориясы (ЛФМ); Москва фонологиялық мектебінің теориясы (МФМ); Сингармониялық (сингармофонологиялық) теория [74].

Екі сөздің бір-бірінен қарама-қарсы оппозицияда болуына сөздің құрамындағы сингармодауыстылар мен сингармодауыссыздар ғана себеп болып қоймайды, сөздердің сингармотембрі де (сингарможуандығы, сингарможіңішкелігі) себеп болады. Яғни сигментті (дыбыстар) және бейсигментті (сингармонизм) единицалар (тіл бөлшектері) бірігіп, бір сөзді екіншісінен айырады. 3. Базарбаева жоғарыда атап өткен өзінің ғылыми мақаласында дыбыстардың айырым белгілерін үш деңгейде қарастыруға

болатындығын көрсетеді: Біріншісі – бір айырым белгісіне негізделген: <ö> ~ <i> (ашық-қысаң); <y> ~ <i> (жуан-жіңішке) – бірөлшемді (одномерная); екіншісі – бірнеше айырым белгілеріне негізделген: <a> ~ <u> (ашық-қысаң, еріндік-езулік) – көпөлшемді (многомерная) оппозиция; үшіншісі – оңашаланған (изолированная), яғни басқа осындай айырым белгіге негізделген сыңары жоқ оппозиция: ~ <ŝ> (ұяң-тоғысыңқы, қатаң-жуысыңқы) [74, б. 107-124].

Дауысты дыбыстардың бірөлшеді айырым белгілері:

а) тор=төр	тоз=төз
о ө	о ө

- 1) жуан +жіңішке
- 2) еріндік
- 3) ашық

ә) сан=сән бал=бел

а	ә	а	е

- 1) жуан +жіңішке
- 2) езулік
- 3) ашық

б) сұр=сүр	тұр=түр
ұ	ү

- 1) жуан +жіңішке
- 2) еріндік
- 3) қысаң

в) тыс=тіс тыл=тіл

ы	і	ы	і

- 1) жуан +жіңішке
- 2) езулік
- 3) қысаң

Мәселен, бірөлшемді айырым белгілерге мысалдар келтіретін болсақ оларды осы жоғарыдағыдай беруге болады.

Көріп отырғандарыңыздай, бұл мысалдардың барлығы жуан, жіңішке айырым белгісі арқылы ажыратылып тұр. Бірақ бұлардың айырым белгілері бірдей болғанымен, ортақ белгілері бір-біріне ұқсамайды. Мысалы: а) жуан-

жіңішке – айырым белгісі болса, еріндік, ашық – ортақ белгілері; ә) жуан-жіңішке – айырым белгісі болса, езулік, ашық – ортақ белгілері; б) жуан-жіңішке – айырым белгісі болса, еріндік, қысаң – ортақ белгілері; жуан-жіңішке – айырым белгісі болса, езулік, қысаң – ортақ белгілері. Яғни сөздер бір-бірімен бір ғана айырым белгісі арқылы ажыратылып, бірөлшемді болып тұр.

Дауыссыз дыбыстардың бірөлшемді айырым белгілері:

а) жара=сара жақ=сақ

ж	с	ж	с

- 1) ұяң+қатаң
- 2) ызың
- 3) тіл

ә) доп=топ дос=тос

д	т	д	т

- 1) ұяң+қатаң
- 2) шұғыл
- 3) тіл

б) дұрыс=бұрыс дәрі=бәрі

д	б	д	б

- 1) ұяң
- 2) шұғыл
- 3) тіл+ерін

в) дәм=дән кем=кен

м	н	м	н

- 1) үнді
- 2) шұғыл
- 3) ерін+тіл

Бұнда да дәл солай: а) ұяң-қатаң - айырым белгісі болса, ызың, тіл – ортақ белгілері; ә) ұяң-қатаң – айырым белгісі болса, шұғыл, тіл – ортақ белгілері; б) тіл-ерін – айырым белгісі болса, ұяң, шұғыл – ортақ белгілері; в) тіл-ерін – айырым белгісі болса, үнді, шұғыл – ортақ белгілері. Осы мысалдардан фонологиялық жүйеде айырым белгілердің жүйекұраушы, ал ортақ белгілердің топтастырушы қызмет атқаратынын айқын көрсетеді.

Дауысты дыбыстардың көпөлшемді айырым белгілері:

а) қаз = құз таз = тұз

| | | |
а ұ а ұ

- 1) жуан
- 2) езулік+еріндік
- 3) ашық+қысаң

ә) саз=сөз жан=жөн

| | | |
а ө а ө

- 1) жуан+жіңішке
- 2) езулік+еріндік
- 3) ашық

б) түн=тән түс=тес

| | | |
ү ә ү е

- 1) жіңішке
- 2) еріндік+езулік
- 3) қысаң+ашық

в) тор=түр тон=түн

| | | |
о ү о ү

- 1) жуан+жіңішке
- 2) еріндік
- 3) ашық+қысаң

Көріп отырғандарыңыздай мысалдар бірнеше айырым белгілерге негізделіп көпөлшемді болып тұр. Сонымен қатар сарт-сұрт, қалт-құлт, жалт-жұлт, тарс-тұрс дейтін еліктеуіш сөздерді алып, оларды да осы үлгіге салатын болсақ дәл осындай екі айырым белгісі болып шығады.

Дауыссыз дыбыстардың көпөлшемді айырым белгілері:

а) паң=шаң

| |
п ш

- 1) қатаң
- 2) шұғыл+ызың
- 3) ерін+тіл

ә) тақ=лақ

| |
т л

1) қатаң+үнді

2) шұғыл+ызың

3) тіл

Сонымен қатар мына төмендегі берілген сөздерге назар аударатын болсақ, құлақ=бұлақ, күз=жүз, серт=мерт, бастық=жастық, кел=жел, тарақ=жарақ, қан=жан, қал=сал, тал=жал т.б. яғни осы мысалдардың ішінен біреуін алып жоғарыда көрсетілген үлгі бойынша жазатын болсақ бірден екі айырым белгісі бар екенін көруге болады.

Айырым белгі теориясы бойынша, егер белгілі бір дыбысты екінші бір дыбыстан нақты айырып тұратын белгісі болмаса, онда дыбыстық бірлік фонема деп танылмайды, яғни тілдің дыбыстық парадигмасына кірмейді.



Сурет 1 – Дыстардың айырым белгілерін анықтау

Тіл білімінде өзгеріске ұшырамай, бір қалыпта тұратын қағида болмайды. Барлық саласы ғасырдан-ғасырға өзгеріп, дамып отырады. Сондай өзгерістердің бірі ішкі және сыртқы фактормен тікелей байланысты. Экстралингвистикалық факторлардың әсерінен өзгеріске түсетін, қалыптасатын және ішкі факторлардың түрлі заңдылықтары негізінде қайта түзіліп, толығып отыратын тілдік құбылыстардың қатарына фонетикалық дыбыстарды жатқызуға болады. Осы дыбыстардың акустика-артикуляциялық жағынан өзгеру сипатын, яғни нақтылап айтқанда, дыбыстардың артикуляциялық өзгеріске ұшыраған себебін тарихи фонетика саласы түсіндіріп береді. Фонетикалық құрылымдағы дыбыстардың өзгерісі ең алдымен артикуляциялық базасында болатыны белгілі. Алайда әр халықтың сөйлеу мүшесіне тән дағдыланған артикуляциялық базасы ғана өзгеріске түспеді, сондай-ақ дыбыстардың қызметі де артады.

Әрбір тілдің фонемалар жүйесі біркелкі болмайды, сондықтан айырым белгілер де әр тілдің өзіне тән ішкі заңдылықтарына сәйкес айқындалады.

Кесте 10 – Қазақ, қырғыз және түрік тілдерін салыстырудағы ұқсастықтар мен ерекшеліктер

Дыстар алмасуы	Қазақ тілінді	Қырғыз тілінде	Түрік тілінде
ж-и	жасыл	жашыл	yeşil
	жапырақ	жалбырақ	yaprak
	жаз	жай	yaz
	жер	жер	yer
	жетім	жетим	yetim, jetim
	жаңбұр	жаан	yağmur
Ж-дж	Жаббар	Джаббар	cabbar
Өзгеріске түспеген	жұбай	жубай	jubay
	бал	бал	bal
	тау	тау	Tau
	мекке	Мекке	Mekke
	эмин	Амин	Amin
	мектеп	мектеп	mektep
	мемлекет	мамлекет	memleket
	бұлбұл	булбул	bül-bül
	баба	ата	ata, dede
т-d	теңіз	теңиз	deniz
	аттас	апага	adaş
	от	от	od
	отын	отун	odun
м-б	мың	миң	bin
	мейрам	майрам	bairam
	мен	мен	ben
	мойын	моюн	boyun
ш-ч	шаң	чаң	şan
с-ш	бас	баш	bas
қ-һ	қораз, этеш	короз	horoz
	қамыр, нан	камыр	hamur
	қиянат	берилбегендик	hıyanet
п -б	жапырақ	жалбырақ	yaprak
	жабайы	жапайы	vahşi
у-в	омырау	төш	omrav
	эулие	олуя	evliya
	Отан	патриоттук	Vatan
	отасу, үйлену	otasw, той	evlenmek
	отау	үйлөнгөн	otav
	обал	күнөө	vebal
СОЗЫЛЫҢҚЫ ДЫБЫС	шайқау	чайкаоо	şayga
	тазалау	тазалоо	tazalav
	ауыз	ооз	ağız

Осыған байланысты тілдердің фонологиялық құрылымын салыстыруда олардың тарихи дамуы, жүйелік ерекшеліктері және ареалдық факторлар ескерілуі қажет. Мәселен, зерттеу барысында географиялық орналасуы жағынан қазақ тіліне ең жақын қырғыз тілі мен одан едәуір алшақ орналасқан түрік тілін салыстыра талдау арқылы фонемалық жүйелердегі ортақ және өзгеше белгілерді төмендегідей көрсетуге болады.

Бұл түбі бір түркі тілдері болғанымен, қазақ тілі – қыпшақ тілдерінің қыпшақ-ноғай тобына жататын болса, қырғыз тілі – қырғыз-қыпшақ тобына, түрік тілі – оғыз-салжұқ тобына жатады.

Жоғарыда аталған тілдердің дауысты дыбыс жүйесін салыстыра қарастырып көрелік: Біз қазіргі қазақ тілінде 9 дауысты фонема бар деген пікірге сүйеніп қарастырамыз. Олар: (*a, ə, o, ɵ, ы, i, y, ұ e*). Қырғыз тіліндегі дауысты фонемалардың саны 14. Яғни 8 (*a, e, э, и, ы, o, ɵ, y, ү*) қысқа, 6 (*aa, ээ, oo, өө, уу, үү*) созылыңқы. Түрік тілінде 8 дауысты дыбыс бар: /*a, e, ı, i, o, ö, u, ü*/.

Салыстырып отырған қазақ, қырғыз және түрік тілдеріндегі дауысты дыбыстарға қатысты ерекшеліктердің бірі гутураль немесе палаталь дауыстыларына қатысты. Себебі дауыстыларды жуан-жіңішке деп бөліп қарау дауыстылардың үндесу заңдылығына да қатысты. Қазақ, қырғыз, түрік тілдерінде дауыстылар жуан не жіңішке болып үндесетіндіктен, оларды сингармонизм заңдылығы сақталған тілдердің қатарына жатқызуға болады. Қазақ тілінде жуан дауыстыларға: /*a, ы, o, ұ*/ жатса жіңішке дауыстыларға: /*ə, e, i, ɵ, ү*/ дыбыстарын жатқызамыз. Қырғыз тілінде де тіл қатысына қарай жуан /*a, ы, o, u*/, жіңішке /*э, и, ɵ, ү*/ болып бөлінеді. Түрік тілінде жуан дыбыстарға /*a, ı, o, u*/, жіңішке дыбыстарға /*e, i, ö, ü*/ жатады. Бұл тілдерде негізінен сөздер не біркелкі жуан, не біркелкі жіңішке айтылып, қосымшалар да сол ережеге қатысты жалғанады.

Мысалы:

<i>-nın baba-nın</i>	<i>-sız para-sız</i>
<i>-nin anne-nin</i>	<i>-siz dede-siz</i>
<i>-nın kutu-nın</i>	<i>-suz kutu-suz</i>
<i>-nün iünlü-nün</i>	<i>-süz mülk-süz</i>
<i>-lar kitap-lar</i>	<i>-da doktor-da</i>
<i>-ler köpek-ler</i>	<i>-de defter-de.</i>
<i>-нын бала-нын</i>	<i>-сыз бала-сыз</i>
<i>-нин желе-нин</i>	<i>-сиз желе-сиз</i>
<i>-нун сото-нун</i>	<i>-суз сото-суз</i>
<i>-нүн бөлө-нүн</i>	<i>-сүз бөлө-сүз</i>
<i>-лар чана-лар</i>	<i>-да чана-да</i>
<i>-лер кеме-лер</i>	<i>-де кеме-де</i>
<i>-лор тоо-лор</i>	<i>-до тоо-до</i>
<i>-лөр көчө-лөр</i>	<i>-дө көчө-дө.</i>

Сонымен, аталған тілінде дауысты дыбыстар сөйлеу мүшелерінің қатысы мен қалпына қарай үш топқа жіктеледі:

- 1) тілдің қатысына, қызметіне қарай;
- 2) еріннің қатысына, қызметіне қарай;
- 3) жақтың ашылу қалпына қарай топтастырылады.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың топтастырылуы:

- ә - жіңішке, ашық, езулік;
- а – жуан, ашық, езулік;
- е – жіңішке, (жартылай) ашық, езулік;
- ы – жуан, қысаң, езулік;
- і – жіңішке, қысаң, езулік;
- о – жуан, (жартылай) ашық, еріндік;
- ө - жіңішке, (жартылай) ашық, еріндік;
- ұ – жуан, қысаң, еріндік;
- ү – жіңішке, қысаң, еріндік.

Қырғыз тіліндегі дауысты дыбыстардың топтастырылуы:

- а - кыска, кең, ачык, жоон үндүү;
- е – кыска, кең, ачык, ичке үндүү;
- о – кыска, кең, эрин, жоон үндүү;
- ө – кыска, кең, эрин, ичке үндүү;
- ы – кыска, кууш, езулікачык, жоон үндүү;
- и – кыска кууш ачык, ичке үндүү;
- у - кыска кууш эрин, жоон үндүү;
- ү – кыска кууш эрин, ичке үндүү;
- аа – созулма, кең, ачык, жоон үндүү;
- ээ – созулма, кең, ачык, ичке үндүү;
- оо – созулма, кең, эрин, жоон үндүү;
- өө – созулма, кең, эрин, ичке үндүү;
- уу – созулма, кууш, эрин, жоон үндүү;
- үү – созулма, кууш, эрин, ичке үндүү.

Көріп отырғандарыңыздай, қырғыз тілінде 6 созылма дауысты фонема бар. Бұлардың қысқа дыбыстардан еш айырмасы жоқ, тек айтылу ұзақтығымен ғана ерекшеленеді. Сонымен қатар олар сөздің мағынасын өзгертіп, өз алдына фонема болады: *жан-жаан, тан-таан, сат-саат, эк – ээк, жон – жоон, өн – өөн, ук – уук, жүн - жүүн* т.б. Ал түрік тіліндегі созылма *i*: сөз мағынасын ажыратады *azi:t* (ұлы) - *azim* (ниет) т.б. Созылма дауыстылар тек қырғыз тілінде ғана емес түркі тілдерінің ішінде ұйғыр, якут, тува хакас, гагауыз т.б. тілдерде кездеседі [75].

Түрік тіліндегі дауысты дыбыстардың топтастырылуы:

- а – kalın, geniş, düz (жуан, ашық, езулік);
- е – ince, geniş, düz (жіңішке, ашық, езулік);
- ı - kalın, dar, düz (жуан, қысаң, езулік);

- i - ince, dar, düz (жіңішке, қысаң, езулік);
- o - kalın, geniş, yuvarlak (жуан, ашық, еріндік);
- ö - ince, geniş, yuvarlak (жіңішке, ашық, еріндік);
- u - kalın, dar, yuvarlak (жуан, қысаң, еріндік);
- ü - ince, dar, yuvarlak (жіңішке, қысаң, еріндік) [76].

Түрік тілінде дауысты дыбыстардың саны қазақ тіліне қарағанда аз, қазақ тіліндегі ә дыбысы түрік тілінде жоқ және қазақ тіліндегі і дыбысы түрік тілінде кездеспейді. Бұл дыбыс түрік тіліндегі *ı* (*ы*) мен *i* (*у*) дыбыстарының ортасындағы аралық дауысты дыбыс болып саналады. Түрік тілінде оның орнына *ı* (*ы*) мен *i* (*у*) *dil, din, siz* фонемалары қолданылады.

Түрік тілінде этимологиялық созылыңқы дауысты дыбысы бар сөздерде созылыңқы және қысқа дыбыстардың рефлекстері сәйкес келген. Оны ғалымдар ішкі және сыртқы диалектілердің *э ~ і* альтернативасымен байланыстырады [77].

Сонымен, тағы бір айта кететін жайт, салыстырылып отырған тілдердің қазіргі кездегі, дыбыс жүйелерін сипаттау, мұндағы байқалған ұқсастықтар мен ерекшеліктерін, белгілерін анықтауда мынадай нәрселерге көз жеткіздік:

- жуан –жіңішкелік варианты;
- қатаңдану, ұяңдану;
- созылыңқы дауыстылардың сақталуы;
- дыбыстардың түсіп қалуы;
- дыбыстардың сәйкестігі, төркіндестігі;
- дауысты дыбыстардың классификациясы дауыссыз дыбыстарға қарағанда әлдеқайда күрделі;
- дауыссыз дыбыстардың құрамында айырмашылықтардан гөрі ұқсастықтар көбірек сақталған;
- сонымен қатар айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктерді де байқауға болады.

Көріп отырғандарыңыздай, тіл-тілдегі болып отырған дыбыстарға қатысты әр алуан фонетикалық құбылыстар бір тілді екінші бір тілмен салыстыру барысында көзге бірден көрінетіні белгілі.

- түркі тілдеріне тән дауыстылар жуан-жіңішке болып үндесе алады.
- аталған тілдер сингармониялық түркі тілдер қатарына жатады.
- түркі тілінде дауыстылардың қысқа немесе созылыңқы айтылуы сөз мағынасын өзгертуге септігін тигізеді.
- фонемалардың позициялық көріністері дыбыстық түсірілуі, ықшамдалу, редукция, метатеза, ассимиляция сияқты құбылыстарды қамтиды.

Осылай түркі тіліндегі басқа да тілдердің дыбыстарының қалыптасу жүйесі мен қолдану ерекшелігін салыстыра беретін болсақ, онда тағы да көптеген жағдайды аңғаруға болады. Фонемалық мәні жоқ, сөз мағынасын атқаруда ешқандай рөл атқармайтын дыбыстар сапалық жағынан тұрақсыз болып келеді. Мұндай мысалдарды өзге түркі тілдерінде де көптеп кездесетіні

дау тудырмайды. Сондай-ақ бұл салыстырылып көрсетіліп отырған тілдердің тарихи жүйесі мен даму сапасы ортақ болғандықтан, жалпы сипатындағы негізгі айырмашылықтары мен ұқсастықтарын көруге болады. Түбі бір түркі тілдері болғанымен де, кейбір дыбыстар қолданысында біркелкілік байқала қоймайтыны анықталды.

Тілдің дыбыстық жүйесін тану тек сипаттамалы грамматика тұрғысынан ғана емес, ең әуелі тарихи-салыстырмалы, диахронды тіл білімі тұрғысынан аса маңызды.

Қазақ фонетикасындағы соңғы зерттеулердің нәтижесі қазақ тілі дыбыстарының құрамы мен жүйесіне (жасалым, естілім, айырым) көптеген өзгерістер ендіріп отыр. Соның нәтижесінде күннен-күнге фонетикалық ұғымдар кеңейіп, олардың атаулары көбеюде.

Екінші тарау бойынша тұжырым

Бұл тарауда түркі тілдері фонологиясындағы айырым белгілер жүйесінің тарихи қалыптасуы мен дамуы теориялық тұрғыдан талданып, фонемалардың құрылымдық табиғатын айқындайтын негізгі белгілер жүйесі жүйеленді. Зерттеу нәтижелері түркі тілдерінің дыбыстық жүйесінің эволюциясы айырым белгілердің тарихи өзгеруіне тікелей тәуелді екенін дәлелденді.

Айырым белгілердің түркі тілдеріндегі тарихи фонологиялық сипаты анықталды. Дыбыстық оппозициялардың (жуан-жіңішке, қатаң-ұяң, еріндік-езулік), сондай-ақ артикуляциялық-инварианттық белгілердің прототілдік деңгейде тұрақты болғаны, кейінгі кезеңдерде тілдердегі диахрондық өзгерістер нәтижесінде түркі тілдерінде әрқелкі дамығаны көрсетілді. Ескі түркі жазба ескерткіштеріндегі дыбыстық сәйкестіктер қазіргі түркі тілдеріндегі оппозициялардың тарихи арқауын құрайтыны дәлелденді.

Айырым белгілердің даму жолы талданып, фонологиялық жүйенің тарихи қайта ұйымдасуы белгілі бір артикуляциялық және акустикалық параметрлердің өзгеруіне негізделетіні айқындалды. Түркі тілдерінің тарихи дифференциациясы барысында айырым белгілердің бір бөлігі тұрақтанып, типологиялық сипатқа ие болғаны, ал кейбір белгілердің (мысалы, еріндік дауыстылардың шектелуі, жіңішке қатандардың пайда болуы, аффрикаттану құбылыстары) әлсіреуі немесе қайта құрылуы жүйелік деңгейдегі маңызды өзгерістерге әкелгені көрсетілді. Айырым белгілердің эволюциясы түркі тілдерінің фонологиялық типологиясын анықтайтын басты факторлардың бірі ретінде танылды.

Фонемалардың бірөлшемді және көпөлшемді айырым белгілері ғылыми жүйеде сараланды. Бірөлшемді белгілер фонеманың бір ғана артикуляциялық параметрімен анықталса, көпөлшемді белгілер екі не одан да көп параметрдің қиылысуынан түзілетіні дәйекті түрде берілді. Түркі тілдерінде дауыстылардың негізінен бірөлшемді оппозициялар арқылы (жуан-жіңішке, ашық-қысаң, еріндік-езулік) айқындалатыны, ал дауыссыздар жүйесінің көпөлшемді

белгілерге (жасалу орны, тәсілі, қатаң-ұяң, үндіге) сүйенетіні көрсетілді. Бұл фонемалар жүйесін модельдеуде көпөлшемді белгілердің шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді.

Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеу айырым белгілер теориясының түркі тілдері фонологиясын тарихи және құрылымдық тұрғыдан сипаттауда маңызды ғылыми-әдіснамалық құрал екенін көрсетті. Айырым белгілер жүйесінің тарихи динамикасын талдау арқылы түркі тілдерінің фонологиялық құрылымын реконструкциялауға, сондай-ақ қазіргі түркі тілдері арасындағы фонологиялық ұқсастықтар мен айырмашылықтардың себеп-салдарын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік туады. Бұл тәсіл фонемалардың жүйелік қызметін, олардың дистрибутивтік және оппозициялық қатынастарын анықтаумен қатар, морфонологиялық алмасулардың табиғатын түсіндіруге де жол ашады. Осы тарауда жасалған тұжырымдар фонемалық модельдерді кешенді сипаттауға, дыбыстық өзгерістердің тарихи уәжін айқындауға және түркі тілдерінің салыстырмалы фонологиялық жүйесін теориялық деңгейде негіздеуге бағытталған маңызды алғышарт болып табылады.

3 ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ВОКАЛИЗМ МЕН КОНСОНАНТИЗМ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

3.1 Түркі тілдеріндегі фонологиялық айырым белгілерінің тарихи өзгерістері

XX ғасырдың 30-жылдары диахрондық фонология дербес зерттеу бағыты ретінде қалыптасқаны белгілі. Бұл кезеңде фонологиялық талдаудың принциптері тарихи фонетика аясында жүйелі түрде қарастырылып, дыбыстық өзгерістердің құрылымдық негіздерін түсіндіру міндеті алға қойылды. Диахрондық фонологияның теориялық іргетасының қалануына Р. Якобсон, Е. Д. Поливанов және А. Мартине сынды құрылымдық лингвистиканың көрнекті өкілдерінің еңбектері елеулі ықпал етті [78].

Тарихи фонология салыстырмалы-тарихи тіл білімінің фонетикалық құбылыстарды түсіндіру тәжірибесіне сүйене отырып дамыды, алайда дәстүрлі тарихи фонетикадан өзгеше түрде дыбыстық өзгерістерді жүйелік оппозициялар мен фонологиялық категориялардың эволюциясы тұрғысынан түсіндірді. Тарихи фонологияның негізгі нәтижелері классикалық фонетикалық заңдылықтарды (дыбыс сәйкестігі, тарихи ығысу, компенсациялық өзгеріс, аналогия т.б.) жаңа теориялық деңгейде қарастыруға жол ашты және дыбыстық процестерді тек артикуляциялық не физиологиялық құбылыс ретінде емес, тілдің құрылымдық жүйесінің ішкі дамуы ретінде сипаттауға мүмкіндік берді. Диахрондық фонология осы арқылы фонологиялық жүйенің уақыт ішіндегі эволюциясын моделдеуге, прототиптік құрылымды реконструкциялауға және тарихи даму бағытын анықтауға мүмкіндік беретін маңызды теориялық аппарат ретінде орнықты. Нақтылай келгенде, XIX ғасырдың тарихи фонетикасы жеке дыбыстардың өзгеруін сипаттаумен ғана шектелген, мысалы, ол жеке алынған дыбыстардың спирализация процесі, олардың делабиализациясы я болмаса ротацизм мен ламбдаизм құбылыстарын ғана қарастырған. Тарихи фонетиканың орнына келген диахрондық фонология әр дыбыстың өзгеру құбылыстарын бөлек-бөлек алмай, оларды басқа дыбыстармен байланыстыра отырып, олардың бүкіл фонетикалық жүйесін бірге зерттеген [79]. Негізінде диахрондық фонологияның басты мақсаты дыбыстардың фонема деңгейіне дейін көтерілген жолы мен даму кезеңдерін анықтап, фонетикалық жүйелердің даму себептерін түсіндіру болып табылады. Сондай-ақ тілдегі өзгерістер фонологиялық жүйелердің бір-біріне байланысты элементтерінің жиынтығы ретінде зерттелуі керек. Демек, жүйелілік, себептілік және тарихилық диахрондық фонологияның негізгі принциптері болып саналады және дыбыстардың қалыптасу жолын бірнеше кезең аралығында қарастырылуы, олардың даму тарихын көрсетеді. Диахрондық фонологияда туыстас тілдердің бір синхронды кесік (сре́з) уақытта алынған фактілері салыстырыла қарастырылады. Осы жағынан алғанда, тарихи фонологияда айырым

белгілердің даму кезеңі маңызды болып табылады. Оны ғалымдардың зерттеулерінен көруге болады.

Тарихи фонологияда бұл концепцияның құндылығы – оның фонетикалық құбылыстарды зерттеудегі жүйелілік принципке сүйенуі. Жазба ескерткіштері сақталмаған тілдерде реконструкция тәсілдерін кеңінен қолданып, көне түркі тіліндегі вокализм мен консонантизмнің қалпын анықтауға мүмкіндік береді. Фонема жүйесінің эволюциясын сипаттап беру үшін дыбыстардың қалыптасу процесін кезең-кезеңге бөліп, фонетика-фонологиялық құбылыстардың негізінде қалыптасқан аллофондардың фонема деңгейіне дейін көтерілген жолдарын көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен, қазіргі қазақ тілінің материалын жан-жақты зерттеп, түркі тілдерінің тарихи деректермен әр қырынан қарастырып, салыстырмалы-тарихи әдісті толық түрде пайдалануға болады. Түркі ататілінен келе жатқан дыбыстардың фонологизациялану процесі интеграция-дифференциация құбылыстардың негізінде көрініс табатыны белгілі. Ататілінің фонетикалық жүйесін түзу үшін – бір тілдің синхронды кесігін, немесе бірнеше туыстас, тектес тілдердің әртүрлі синхронды кесіктерін зерттеп сипаттау керек. Осы жолмен қазіргі түркі тілдерінің белгілі фонологиялық құрылымдарына сүйене отырып, ретроспекция арқылы жалпы түркі тілдерінің ататілдік моделін құруға болады. Мұндай зерттеулерде салыстырмалы, типологиялық және ареалдық әдістер қолданылады. Диахрондық фонологияда тек туыстас тілдердің емес, туыстас емес тілдердің де деректері ескеріледі. Әрбір тілдің типологиялық ерекшеліктері мен тілдік универсалийлерге сүйене отырып, жеке тілдердің тарихи даму жолын реконструкциялауға және олардың ортақ ататілін қалпына келтіруге мүмкіндік туады. Сонымен байланысты жұмыста тарихи-салыстырмалы әдіс басшылыққа алынады. Яғни түркі тілдеріндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың даму жолын көрсету үшін қолданылды. Жалпы әлемдік тіл білімі тарихында тарихи-салыстырмалы бағыт өзінің айрықша жетістіктерімен ерекшеленіп, лингвистиканы жаңа сапалық деңгейге көтерген ғылыми әдістердің бірі болып табылады. Бұл бағыттың қарқынды дамуы тіл ғылымының мәртебесін арттырып, оның орнын жаратылыстану салаларының дамуымен деңгейлес дәрежеге жеткізді. Нәтижесінде лингвистика дербес ғылым ретінде қалыптасып, ғылыми статусы айтарлықтай нығайды. Осы тұрғыдан алғанда, тіл білімінің теориялық негізінің іргетасын қалаған ең салмақты ғылыми арқау – дәл осы тарихи-салыстырмалы зерттеулердің нәтижелері екенін көруге болады [79, б. 47]. Қазіргі тіл білімінде тарихи-салыстырмалы зерттеулердің рөлі аса маңызды, әсіресе қазақ тіл білімінде бұл бағыттың өзектілігі жоғары. Яғни қазіргі кезде тарихи-салыстырмалы компаративистика көне және жазба деректері жоқ кезеңдерді зерттеуде маңызды құралға айналды. Сонымен қатар жоғарыда атап өткеніміздей түркі тілдерінің дыбыстық жүйесін бір-бірімен салыстыра зерттеу сонау орта ғасырда М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрік» атты әйгілі еңбегі арқылы бастау

алады десек, бүгінде оның жалғасын осы салада жазылған еңбектер арқылы көреміз. Мұндай ізденістер тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде П. Мелиоранский, В. Радлов, А. Щербак, И. Батманов, Н. Дмитриев, М. Рясянен, Н. Серебренников, Н. Гаджиева, С. Малов, Н. Баскаков сияқты орыстың түрколог ғалымдарының зерттеулерімен қатар қазақ ғалымдары Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, М. Томанов, Ж. Аралбаев Ә. Қайдаров, Ғ. Айдаров Б. Сағындықұлы, М. Оразов сынды түрколог ғалымдар зерттеулерінен бастау алады.

Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы А.М. Щербактың «Сравнительная фонетика тюркских языков» (1970) деген еңбегінде қарастырылып, ондағы дауысты, дауыссыз дыбыстарына талдау жасалып, буын, екпін, просодика мәселелері сөз болады. Сонымен қатар түркі тілдері туралы мәлімет пен қазіргі тілдердің тарихи фонетикасына байланысты зерттеу жарияланған [80].

Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасына қатысты М.А. Черкасскийдің «Тюркский вокализм и сингармонизм» (1965), Н.А. Баскаковтың «Введение в изучение тюркских языков» (1969), «Тюркский язык» сияқты елеулі еңбектері бар. Сол сияқты салыстырмалы-тарихи әдіспен жазылып, түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіндегі ерекшеліктерді сол тілдердің диахрониясы арқылы көрсете білген түрколог ғалымдардың 1984 жылы жарық көрген «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков», сондай-ақ Н.Г. Гаджиева мен Б.С. Серебренниковтің «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков» (1986) атты еңбектері де түркі тілдерінің дыбыс жүйесін зерттеудегі маңызды еңбектер болып саналады [81]. Түркі тілдеріндегі деректер өзара салыстырыла зерттелген зерттеудің бірі – «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» атты еңбек. Бұл еңбекте түркі тілдеріндегі дыбыстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары сипатталған. Сондай-ақ дауысты және дауыссыз дыбыстардың түрлері мен олардың негізгі ерекшеліктері К. Сартбаев (1962), Ә. Нұрмаханова (1971), М. Томанов (1992) сынды ғалымдардың еңбектерінде зерттелді.

М. Томановтың «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» еңбегінде, нақтылай айтқанда, оның салыстырмалы фонетикаға арналған бірінші тарауында түркі тілдерінің фонетикалық жүйесін құрайтын негізгі заңдылықтары талданады. Автор түркі тілдерінің әр тармаққа (оғыз, қыпшақ, қарлұқ, саха, т.б.) бөлінуіне негіз болған дыбыстық ерекшеліктерді, олардың тарихи-диахрондық дамуын және қазіргі синхрондық күйін кешенді тұрғыдан сипаттайды. Дауысты және дауыссыз фонемалардың түрлері, олардың артикуляциялық және акустикалық белгілері, өзара оппозициялық қатынастары, сондай-ақ туыстас тілдердегі ұқсастықтары мен жүйелік айырмашылықтары арнайы салыстырмалы тәсілмен анықталады. Дауыссыздардың түсіп қалуы, редукциясы, түрлі позициялық өзгерістерге ұшырауы, ассимиляция мен диссимиляцияның типтері тәрізді құбылыстардың

себептері фонетикалық орта, тарихи эволюция, морфемалық шекара және буындық құрылым тұрғысынан теориялық тұрғыда негізделеді. Келтірілген барлық тұжырымдар мен қорытындылар түркі тілдерінің нақты тілдік деректерін салыстыру нәтижесінде анықталып, фонетикалық құбылыстардың жалпы түркілік сипатын, сондай-ақ жеке тілдерге тән айырым белгілерін айқындауға бағытталған. Сондықтан бұл зерттеу түркі фонетикасының жүйелік сипатын ғылыми тұрғыдан негіздеп түсіндіретін маңызды салыстырмалы-тарихи еңбек ретінде бағаланады [82].

Ғалым Ғ. Айдаров көне түркі жазба ескерткіштерінің тілдік табиғатына жан-жақты тоқталып, олардың тарихи-мәдени мәнін, графикалық жүйесін және лингвистикалық құрылымын ғылыми тұрғыдан кешенді талдайды. Зерттеуші Орхон-Енисей, Талас және көне ұйғыр жазба дәстүрлерінің табылу тарихын, зерттелу кезеңдерін және тілдік деректердің сипаттарын жүйелеп, әр ескерткіш корпусына тән ерекшеліктерді өзара салыстыра отырып сипаттайды.

Автор көне түркі ескерткіштерін тілдік, хронологиялық және географиялық белгілеріне сүйене отырып, үш ірі топқа жіктейді:

1. Енисей ескерткіштері. Қолданылу жағынан шамамен V–VII ғасырларды қамтиды.

2. Талас ескерткіштері. VIII ғасырды қамтиды. Талас өзені бойынан табылған 12 ескерткіш жатады.

3. Орхон ескерткіші. VII–VIII ғасырлардың басында Орхон, Селенгі, Тола өзендері мен Минусинск ойпатынан табылған Құтлығ қаған (Онгин), Білге қаған (Могилян), Күлтегін, Тониқук, Мойын Чор, Күлі Чор, Суджы және т.б. бірқатар ескерткіштер жатады [83].

Келтірілген салыстырмалы зерттеулердің қол жеткізген нәтижелері кейінгі жұмыстар үшін өз сонылығымен ерекшеленеді. Түрколог ғалымдар түркі тілдерінің әрбір тармағына қатысты мол ғылыми-лингвистикалық материал жинап, соның негізінде жекелеген тілдердің ерекшеліктері мен олардың типологиялық ұқсастықтарын айқындап берді.

Жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеулерінде көтерілген мәселелер бүгінгі күні де өзектілігін сақтап, ғылыми тұрғыдан жалғасын табуда. Қазіргі кезеңде түркі тілдерінің синхрондық күйін салыстыра зерттеуге арналған еңбектер ерекше маңызға ие. Мұндай зерттеулер бір типологиялық топқа жататын тілдер арасындағы ішкі айырмашылықтарды, сондай-ақ әртүрлі топтарға кіретін тілдер арасындағы ұқсастықтар мен өзгешеліктерді айқындауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар салыстырмалы талдау нәтижелері тілдік жүйеде орын алуы ықтимал болашақ өзгерістерді болжауға, жаңа тілдік фактілердің қалыптасу бағыттарын ғылыми тұрғыдан түсіндіруге негіз болады. Осы тұрғыдан алғанда, түркі тілдерін синхрондық аспектіде салыстыра зерттеу қазіргі түркологияның маңызды әрі қажетті бағыттарының бірі болып табылады.

Осыған байланысты аталған зерттеулерде қол жеткізілген ғылыми нәтижелерді басшылыққа ала отырып, диссертациялық жұмысымызда түркі тілдері бойынша жүргізілген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі тұжырымдар мен деректер кеңінен пайдаланылады. Туыстас түркі тілдерінің қазіргі кезеңдегі дыбыстық жүйесіндегі ұқсастықтар мен ерекшеліктерді тарихи фонология тұрғысынан айқындалып, олардың қалыптасу себептерін мүмкіндігінше ғылыми негізде түсіндіру болып табылады. Осымен байланысты түркі тілдеріндегі дыбыстық жүйені құрайтын айырым белгілердің (жуан – жіңішке, еріндік – езулік, ашық – қысаң, қатаң, ұяң және т.б.) тарихи даму жолы салыстырыла қарастырылады. Себебі тарихи фонологияның басты міндеті де осы айырым белгілердің диахрондық өзгерістерін жүйелі түрде зерттеу арқылы тілдің фонологиялық құрылымын түсіндіру болып табылады.

Осы бағытта ең алдымен қазақ тілінің фонологиялық жүйесінің қалыптасуы мен дамуы негізгі өзек ретінде қарастырылады. Қазақ тіліндегі айырым белгілер жүйесін туыстас түркі тілдерінің деректерімен салыстыра талдау арқылы жалпы түркілік фонологиялық заңдылықтарды айқындау, сондай-ақ қазақ тілінің типологиялық сипатын тарихи-фонологиялық тұрғыдан нақтылау көзделеді. Осымен байланысты төмендегідей тұжырым жасауға болады. Профессор Б. Сағындықұлының пікірінше, <ғ>, <г> ұяң дауыссыздарының жүйелі түрде қолданылуы оғыз тілдерінің басты фонетикалық нақтырақ айтқанда, фонологиялық белгісі ретінде сипатталса, <қ>, <к> қатаң дауыссыздары қыпшақ тілдеріне тән негізгі артикуляциялық айырым белгі болып табылады. Бұл дерек түркі тілдерінің тарихи дамуында дауыссыздар жүйесінің әртүрлі бағытта қайта құрылып отырғанын көрсетеді [84].

Тарихи жазба деректерге сүйенген зерттеушілер <к>, <қ>, <г>, <ғ> дауыссыздарының шығу төркіні мен дамуы туралы әрқилы ғылыми тұжырымдар ұсынған. Атап айтқанда, Н. А. Баскаков һ, х, к, қ, г, ғ дауыссыздарының тарихи қалыптасу жүйесін қарастыра отырып, <к> фонемасын бастапқы дыбыс ретінде таниды да, оның даму жолын: $k \rightarrow g \rightarrow q \rightarrow q' \rightarrow f \rightarrow x \rightarrow h$ түрінде көрсетеді. Бұл эволюциялық тізбек артикуляциялық әлсіреу, позициялық бейімделу және дыбыстық жүйенің ішкі заңдылықтары дыбыстардың диахрондық өзгерісіне тікелей әсер еткенін дәлелдейді [85].

VII–IX ғасырлардағы көне түркі жазба ескерткіштерінің материалдары <к>, <қ>, <г>, <ғ> дауыссыздарының қолданылу өрісінің кең болғанын айғақтайды. Диахрондық тұрғыдан қарағанда, қатаң <к>, <қ> дыбыстарының ұяңдану үрдісі алтай дәуіріне дейінгі кезеңде-ақ басталып, олардың бәсең спирант аллофондары сөз басында (анлаут), сөз ортасында (инлаут) және сөз соңында (ауслаут) да кездескені байқалады. Бұл деректер түркі тілдеріндегі консонантизмнің эволюциясы артикуляциялық әлсіреу, позициялық фактор

және үндестік заңдылықтарының өзара әрекеті негізінде жүргенін көрсетеді [8, б. 126].

Фонологиялық жүйе тұрғысынан алғанда, қазақ тіліндегі <д> мен <т> фонемаларын біріктіретін ортақ белгі – олардың екеуінің де тіл алды дауыссыздар болуы. Ал айырмашылығы – ұяң–қатаң корреляциясында көрінеді. Осы айырым белгіге негізделген фонологиялық оппозициялар қатарына <б> : <п>, <ж> : <ш>, <з> : <с> сияқты коррелятивтік жұптар жатады. Мұндай оппозицияларда мүшелердің ұқсастығы оларды басқа оппозиция мүшелерінен ажырататын белгі ретінде қызмет етеді, ал негізгі айырым белгі – ұяңдық пен қатаңдық [86].

Көне түркі тілдерінде сөз ортасында ұяң дауыссыздарға қарағанда қатаң дауыссыздардың жиі қолданылғаны байқалады. Мәселен, ұяң <д> фонемасының орнына қатаң <т>, ұяң <ғ> орнына қатаң <к> қолданылған: алты – алды, барты – барды, йолта – жолда, онта – онда, тоқуз – тоғыз, сақынтым – сағындым т.б. Бұл деректер қатаң дауыссыздардың бастапқы кезеңде үстем болғанын және ұяңдардың кейінгі фонологизация нәтижесі екенін көрсетеді [87].

Түркітанушылардың пікірінше, ататүркі тілінде ұяң–қатаң қасиеттерге негізделген фонологиялық корреляция болмаған. Бұл корреляция қатаң дыбыстардың позициялық ұяңдануы нәтижесінде кейінгі тарихи кезеңдерде қалыптасқан. Консонантизм жүйесінің күрделенуі негізгі фонемалардың ұяң аллофондарының фонологизациялануымен, сондай-ақ кірме лексика мен терминологиялық жүйенің дамуымен тығыз байланысты [88].

Қатаң дыбыстардың ұяңдану үрдісі сөздің барлық позицияларында кездеседі. Сөз басындағы қатаң дыбыстардың айтылуы түркі тілдері тарихындағы өте көне құбылыс болып табылады. Кейбір зерттеулерде ұяң–қатаң дауыссыздар бір ғана архифонеманың әртүрлі тарихи көріністері ретінде қарастырылады. Қазақ тіліндегі сөз ортасы мен соңында кездесетін [й] дыбысы да осы тарихи үдерістің ізі ретінде бағаланады. Мысалы, ескі түркі тіліндегі едгу, адығ, іді сөздері қазақ тілінде ійгі, айу, ійе түрінде қалыптасқан.

Сонымен қатар, инлаут позициясында қатаң дыбыстардың ұяңдануымен қатар, ауслаут позициясында ұяң дыбыстардың қатандану үдерісі де байқалады. Орхон–Енисей жазба ескерткіштерінде сөз соңында келген <ғ>, <г> ұяңдары қазақ тілінде <қ>, <к> дыбыстарына ауысқан: айлұғ – айлық, башлұғ – бастық, топрағ – топырақ, құдұғ – құдық, тілег – тілек т.б.

Осы мәселеге байланысты тіл дыбыстарын зерттеушілердің бір тобы <қ>, <к>, <г>, <ғ> дыбыстарын бір фонеманың әртүрлі реңкі деп таныса, енді бір зерттеушілер оларды артикуляциялық және фонологиялық ерекшеліктеріне қарай дербес фонемалар ретінде қарастырады. Қазақ тіл біліміндегі фонетика саласының зерттеушілері <қ>, <к>, <г>, <ғ> дыбыстарын тіл ортасы, шұғыл, қатаң сипаттағы бір дауыссыздың тең дәрежелі сингармониялық варианттары ретінде бағалайды.

М. Қашқаридің түркі тайпаларының тіліндегі дыбыстық алмасулар туралы пікірлері бүгінгі түркі тілдерін зерттеуде, фонетикалық заңдылықтарды түсіндіруде атқаратын рөлі ерекше. Оның айтуынша, сөздегі [t] дыбысты оғыздар [d]-ға айналдырады, сондықтан түйені *tevej* десе, оғыздар *devej* дейді. Қыпшақтар тесікті *öt* десе, оғыздар *öd* дейді. Кейбір есім сөздерде қыпшақтар [č] (ч) дыбысын түсіріп айтады: *čumčuk* – *čumuk* (көк қарға). Сөздің қай позициясында келсе де қыпшақтар [ɣ] дыбысын түсіріп айтады: *tamɣaq-tama*, *buşan-bušan* (ішек-қарын). М. Қашқаридың пікірі бойынша, сөйлеуге қолайсыз қосақталған дыбыстарды қысқартып тастау керек. Мысалы: үккіні үкі деп бір дыбысты қалдырып тастайды. Қазақтың *batyr* деген сөзі ескі түркі тіліндегі *bahadur* деген сөзден өзгеріп, қысқарып келген. Қыпшақ тілдерінде мынадай дыбыс алмасулар кездеседі: [j] || [z] - қарын *tozdy* – қарын *tojdy*; *qazyn*|| *qajyn* (ағаш); [j] || [ž] - *joq* || *žoq*; [b] || [m] – *ben* || *men*. Қыпшақ тілдеріндегі [q] дыбысы оғыз тілдерінде [g] дыбысына сәйкес келеді: *qap-qara*, *gap-gara*, *qaraul-garavul*, *qarayaş-garagats̄*, *qaryndas-garyndaš*, *qatty-gatty*, *kezek-gezek*, *kerek-gerek* т.б [89].

Түркі тілдерінің туыстастығы олардың лексикалық құрамынан, фонетикалық (дыбыстық) жүйесінен, грамматикалық құрылысынан байқалады. Көптеген сөздер түркі тілдеріне ортақ болып келеді.

Сондай-ақ сөздердің бір-бірінен айырмашылықтарын да білген жөн. Қазақ тіліне тән мына сияқты ерекшелікті байқауға болады:

1) басқа түркі тілдерінде сөз басында «й» келетін жерде қазақ тілінде ж дыбысы айтылады: йаш-жас, йол-жол, йаз-жаз, йыл-жыл т.б;

2) басқа түркі тілдеріндегі ш дыбысы қазақ тілінде с, ал ч дыбысы ш дыбысына ауысады: аш – ас, тас – таш, ич – іш, куч – күш т.б;

3) дыбыс үндестігінің ілгерінді ықпал заңдылығы бойынша қазақ тіліндегі қосымшалардың қатаң, ұяң, үнді дыбыстардан басталатын бірнеше түрлері басқа түркі тілдерінде бола бермейді. Мысалы: қазақ тілінде сөзге ат-тар, қыздар, жас-тың, қыз-дың, бала-лар, бала-ның, көш-тер, көш-тің болып қосымша жалғанса, өзге түркі тілдерінде, негізінен, олар былай қолданылады: ат-лар, йаш-ниң, қиз-ниң, бала-лар, бала-ниң, көч-лер т.б [90].

Дүниежүзіндегі халықтар сияқты түркі халықтарының да өзіндік даму және қалыптасу тарихы бар. Ешбір тайпа, халық не ұлт тарихи үдерістерден тыс қалыптаспайды, әрбір этнос ұлт деңгейіне жеткенге дейін күрделі әрі көпқабатты тарихи кезеңдерді бастан кешіреді. Осы тұрғыдан алғанда, қай халықтың фонологиясы зерттеу нысаны ретінде алынса да, ең алдымен оның жазу жүйесінің ерекшелігі мен тарихи эволюциясын ескеру қажет. Өйткені жазба дәстүр дыбыстық жүйенің белгілі бір кезеңдегі қалпын ғана емес, оның тарихи өзгерістерін де жанама түрде сақтап отырады.

Жұмысымызда қазіргі фонологияның бастаулары қай кезеңдерден өрбігені, оның белгілі бір тілдің дыбыстық жүйесін қаншалықты толық бейнелей алатыны және даму барысында қандай дыбыстық өзгерістерге

ұшырағаны сияқты мәселелерге назар аударылды. Осы мақсатта дыбыстардың айырым белгілері тарихи және құрылымдық тұрғыдан қарастырылды, олардың фонологиялық жүйе қалыптастырудағы рөлін айқындалуға тырыстық.

3.2 Түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстар айырым белгілерінің дамуы мен қалыптасуы

Фонетикалық жүйелердің дамуы мен қалыптасуына әсер ететін фонологиялық дыбыстар диахрондық аспектіде қарастырылған. Түркі тілдерінің дыбыс жүйесін талдау барысында салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы қазақ тілі өзімен туыстас бір топтағы, яғни қыпшақ типологиялық тобына жататын татар, қарақалпақ, ноғай, башқұрт, карашай-балқар тілдерімен салыстырылған. Болашақта әр тілдің типологиялық ерекшеліктерін және олардың әмбебаптығын ескере отырып, олардың тарихи дамуы мен ататіл фонологиялық жүйесін қалпына келтіруге болатынына сенеміз. Ұсынылып отырған зерттеуде қазақ тілінің дыбыстық құрылымын жаңа қырынан сипаттауға арналады, яғни лингвистикалық ғылымның одан әрі дамуына, тілдің басқа да деңгейлері үшін заңдылықтарды анықтауға, тілде болып жатқан өзгерістерді түсіндіруге, оның даму жолдарын болжауға ықпал ететін болады.

Түркі әлемінің мәдени мұрасы қазіргі таңда әлемде ана тілдерінде сөйлейтін 300 миллионға жуық халықтың ұлттық қазынасы болмақ. Тіл рухани мәдениеттің ара жігі ажырамас компоненті ретінде мәдениеттің басқа да компоненттерінің жасалуының, дамуының және қызмет етуінің негізгі шарты ретінде маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда әлемдегі жаһандану процесіне сәйкес түркі елдері өздерінің ұлттық тарихын елегінен өткізіп, олардың бірігу үрдісі де күшейе түсуде. Түркі әлемінің рухани құндылықтары, ғасырлар бойы қалыптасқан өмір тәжірибесі, мәдениеті, салт дәстүрі оның тілінде сақталады.

Әрбір елдің білім жүйесінің негізгі мәселелерінің бірі – өзіне тән ұлттық мәдени ерекшеліктері мен тұжырымдамасын әзірлеу, ұлттық тілді өркендету және дамыту. Дүние жүзілік жаһандану үдерісі тарихы бір түркітілдес халықтардың қоғамдық-экономикалық, мәдени-рухани тұрғысынан біртұтастануды қажет етеді. Түркі халықтарының тарихы, тілі, мәдениеті, діні, экономикалық хал-ахуалы түркі әлеміне қатысты түркі халықтарының ақпараттық кеңістігін жасау – қазіргі қоғам қажеттілігінен туындап отырған өзекті мәселе. Түркі әлемінің тұтастығы, рухани құндылықтардың бірігуі жалпы түркілік сана мен болмыстың жаңғыруына, түркі халықтарының қоғамдық-мәдени әлеуетін биіктетіп, тарихи тамырын тереңдетіп, адамзат өркениеттегі түркілік өркениеттің орнын айқындайды.

Соңғы жылдардағы қоғамдық-саяси және экономикалық өзгерістер қазіргі еуразия аумағында тұратын бүкіл түркі әлемі елдерінің тіліне әсер етті. Түркі халықтарының өз тарихын, шығу тегін, мәдениетін, әдебиетін, тілін тереңірек білуге деген ұмтылысы байқалады. Ғылым мен мәдениет саласындағы ынтымақтастық туыстас халықтар арасындағы гуманитарлық байланыстарды

одан әрі дамытуға ықпал ететін болады. Түркі әлемінің жалпы әлемдік қауымдастықтан айырмашылығы мен ерекшеліктері, оның ұлттық құндылықтары, түркі мәдениетінің әлемдік өркениетке қосқан үлесі сияқты мәселелер қызығушылық тудырады. Ортақ дүниетаным, рухани жақындық, менталитеттердің ұқсастығы түркі әлемінің өкілдерін жақындастырады. Тіл ұлттың басты біріктіруші белгісі болып табылады, сондықтан тіл жүйесінің барлық деңгейлерінде туыстас түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи зерттеуге деген қызығушылықтың артуы байқалады. Қазақтың ұлттық бірегейлігін қалыптастырып, нығайтуда оның түркілік бірегейлігімен байланысын анықтау үлкен мәнге ие. Қазақтың ұлттық таным-түсінігі үшін түркі әлемінен шыққандығы оның мәдени, тарихи, тілдік қатынастарын анықтауда ерекше маңызға ие болатыны байқалады. Қазіргі түркі тілдерінің жеке ұлт тілі болып қалыптасу жолдарын ортағасырлық тайпалық одақтардан тыс қарастыру мүмкін емес. Барша түркі халқына ортақ болып табылатын аса маңызды тарихи жазбалар көне түркі дәуірі (V-VIII ғ.ғ.) мен орта түркі дәуіріне (IX-XV ғ.ғ.) тиесілі. XV ғасырға дейін, яғни жекелеген тілдердің қалыптасуына дейін түркілер «көне түркі тілі», «орта түркі тілі» деген ұғымдар аясында ортақ жазба «әдеби тілді» қолданды. Сондықтан сол кезеңдегі қарлұқ, оғыз, қыпшақ тайпаларына тән лексикалық бірліктер мен диалектілер жазба тілде аралас беріліп, ортақ ережеге бағынды, тілдік ерекшеліктеріне қарамастан қалыптасқан әдеби дәстүрді ұстанды.

XI ғасырдан басталатын түркі лексикографиясының даму тарихын әдіснамалық, тәжірибелік және ғылыми-теориялық тұрғыдан өзіндік ерекшеліктері бар төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады: 1) XI–XV ғасырдағы түркі лексикографиясы; 2) XVI–XIX ғасырлардағы түркі лексикографиясы; 3) XX ғасыр түркі лексикографиясы; 4) XXI ғасыр түркі лексикографиясы. Үшінші кезең түркі лексикографиясының қарқынды түрде дамыған кезеңі. Бұл кезеңде сөздік түзу мәселесі ғылыми–теориялық және методологиялық тұрғыдан негізделіп, жүйелілік сипатқа ие болды деп көрсетеді профессор Г. Сағидолда [92].

Туыстас елдер түркі әлемінің мәдениаралық кеңістігіне енген жағдайда гуманитарлық қатынастар нығаяды, яғни ғылым, тарих және тіл саласы тығыз ынтымақтастықта болып, онда әрбір халықтың рухани құндылықтары көрініс табады. Гуманитарлық ғылым саласындағы халықаралық қатынастарды одан әрі дамыту үшін тіл білімі саласына бірлесе жұмыс істеу қажеттілігі туындайды, яғни қазақ тілін басқа туыстас түркі тілдерімен салыстыра зерттеу қажет. Түркі әлемінің рухани құндылықтары, ғасырлар бойы жиналған өмірлік тәжірибесі, мәдениеті мен дәстүрлері тілінде сақталатыны белгілі. Тіл білімінің дамуы мен қалыптасуына өзіндік үлес қосқан, тілдің дыбыс жүйесіндегі функционалды жағын зерттейтін сала – фонология. Фонологияның жалпы заңдары, құбылыстары мен түсініктері тіл білімінің аясын кеңейтті және тереңдетті. Лингвистикада салыстырмалы фонологияның маңызы зор, ол тілдің

даму барысында әртүрлі өзгерістерге ұшырайтын, олардың эволюциясы процесінде жаңаратын немесе қалпына келетін дыбыстардың дамуы мен өзгеруін анықтайды.

Дауысты дыбыстар жүйесінің сандық және сапалық құрамын анықтау үшін оларды тіл білімінде қалыптасқан жіктеу принциптері негізінде топтастыру қажет. Мұндай талдау дыбыстарға тән жалпы ортақ қасиеттерді айқындаумен қатар, жекелеген тілдерге тән ерекше белгілерді анықтауға мүмкіндік береді. Дауыстылардың шығу тегі мен тарихи эволюциясын айқындау мақсатында қазіргі қыпшақ тілдерінің әртүрлі топшаларынан нақты тілдік деректер алынып, олар өзара салыстыра қарастырылды.

Зерттеуге қыпшақ-ноғай тобы бойынша қазақ тілімен қатар ноғай және қарақалпақ тілдері, қыпшақ-бұлғар тобы бойынша татар мен башқұрт тілдері, ал қыпшақ-половец тобы бойынша қарашай-балқар тілі қарастырылды. Осылайша зерттеудің негізгі нысаны ретінде қыпшақ тілдеріндегі дауыстылардың қазақ тіліндегі дауыстылармен фонологиялық тұрғыдан қандай қатынасқа түсетіні, яғни олардың сәйкестігі мен айырмашылықтарының сипаты айқындалды.

Зерттеудің сәйкес жұмыста салыстырмалы-тарихи, қайта құру немес реконструкция зерттеу әдістері пайдаланылады. Тілдерді салыстырмалы-тарихи зерттеу әдісі семантикасы жағынан ұқсас әртүрлі деңгейдегі тілдік бірліктерді салыстырудан, жүйелік корреляцияларды анықтаудан, хронологиялық арақатынастарды белгілеуден және әртүрлі бірліктер мен олардың архетиптерінің праформасын түсіндіруден тұрады, яғни архетиптерді ретроспективті қайта құру әдісі қазіргі тілдердің синхронды құрылымдарындағы тіл дамуының әртүрлі хронологиялық кезеңдерінің құбылыстарын белгілейді.

Туыстас тілдердің қазіргі заманғы жүйесіне сүйене отырып, ретроспективті талдау әдісі арқылы барлық түркі тілдеріне ортақ жалпытүркілік фонологиялық модельді анықтауға болады деген тұжырым гипотеза ретінде ұсынылады. Түркі тілдерінің тарихи дамуы дыбыстардың айырым белгілер негізінде өзара қарама-қарсы қойылуы, соның нәтижесінде олардың мағына ажыратушы бірлік ретінде интеграциялануы мен дифференциациялануы арқылы жүзеге асқан.

Тарихи фонологияда түркі тілдерінің жекелеген тілдік деректерін салыстыруға негізделген синхрондық кескіндерді талдау әдісі кеңінен қолданылады. Бұл әдісте белгілі бір түркі тілінің материалдары бір синхрондық қабат ретінде алынып, олар алыс туыстас тілдердің деректерімен салыстырылады. Осындай салыстырмалы талдау мен реконструкция тәсілі арқылы ататілдің фонологиялық жүйесін қалпына келтіруге мүмкіндік туады. Туыстас түркі тілдерінің әртүрлі типтерінің қалыптасуына әсер еткен тарихи және ареалдық факторларды ескеру нәтижесінде фонологиялық дамудың әмбебап әрі типологиялық заңдылықтары айқындалады.

Дыбыстардың тарихын синхронды кескін әдісі арқылы талдау, сипаттау жазбаша ескерткіштері сақталмаған тілдер үшін жалғыз мүмкіншілік болып табылады. Жазбаша ескерткіштері сақталмаған тілдердің деректерін қайта құру әдісінің әлемдік тіл білімінде өзіндік үлесі бар, әрі ол жалпы әдіснамалық мәнге ие. Дыбыстардың тарихи өзгерістері жүйелілік принципіне негізделгендіктен, тарихи фонологияда бұл тұжырымдаманың мәні ерекше болып табылады. Қазіргі тілдердің фонологиялық құрылымдарының қолданыстағы нақты модельдері негізінде барлық түркі тілдеріне тән жалпы моделін ретроспективті түрде анықтауға болады. Осылайша, түркі ата тілінің фонологиялық жүйесін белгілі бір тілдің синхронды кескінін немесе бірнеше тілдердің әртүрлі синхронды кескінін сипаттау нәтижесінде қалпына келтіруге болады. Мұндай зерттеулерде негізінен салыстырмалы және типологиялық әдістер қолданылады. Сонымен қатар фонологиялық мәселелерді шешуде фонетикалық зерттеулердің нәтижесіне сүйену керек, басқаша айтқанда фонологиялық өзгерістер фонетикалық өзгерістерге негізделеді. Синхронды кескін әдісі тарихи фонологияда кеңінен қолданылады [92].

Белгілі бір тілдің әртүрлі кезеңдегі фонологиялық сипатының дамуын көрсете отырып, фонологиялық жүйелердің даму жолын анықтауға болады. Бірқатар синхронды кескінді анықтап алып және белгілі бір кезеңдегі жүйе ішіндегі фонологиялық бірліктердің сипаты мен өзара қатысын анықтау қажет. Синхронды кескін әдісінде белгілі бір аралықтағы тілдік деректер бірнеше кескін негізінде алынады, сонда олардың арасындағы ұзақтық азаяды. Әртүрлі тілдердің фонологиялық жүйесінің дамуын зерттейтін тарихи фонология синхронды фонологиямен тығыз байланысты екені белгілі. Сондықтан синхронды фонология әдістері тілдердің дыбыстық құрылымының дамуы мен қалыптасуында кеңінен қолданылады [93].

Зерттеуде түркі тілдерінің қыпшақ тобының дыбыстар жүйесі диахрондық фонология тұрғысынан қарастырылады, барлық түркі тілдеріне тән жалпы заңдылықтар мен фонологиялық құбылыстар айқындалады. Әрбір тілдің фонетикалық жүйесі үнемі дамиды және өзгеріп отырады. Тілде жаңа сөздер мен ұғымдар пайда болғанда фонетикалық жүйе де байиды. Тілдегі ішкі процестердің дамуының негізінде жаңа фонемалар пайда болады. Фонологизацияның әмбебап процестері, жаңа фонемалардың пайда болуы және аллофондардың тәуелсіз фонемаларға айналуы әлемнің барлық тілдеріне тән құбылыс. Дивергенция процестерінің әсерінен фонемалар бөлінсе, ал конвергенцияның кері процесі фонемаларды біріктіреді. Осылайша, фонеманың аллофондары позициялық тәуелділіктен айрылып, тәуелсіз фонемаларға айналады.

Лингвистика ғылымдарының дамуымен байланысты түркі тілдерінің фонетикасы да дамудың бірнеше кезеңінен өтті. Түркі тілдерінің тарихи фонетикасы бойынша алғашқы жұмыстар В. Радловтың еңбектерінде көрініс тауып, осы саладағы кейінгі жұмыстардың дамуына негіз болған. Түркі

тілдерінің салыстырмалы-тарихи фонетикасының жекелеген мәселелері В.А. Богородицкий, Г. Шараф, Г.И. Рамстедт және т. б. еңбектерінде зерттелді. Сол кездегі туыстас түркі тілдерінің негізгі міндеттерінің бірі түркі тілдерінің әлемдік тілдер құрамынан өзіндік орын табуы болатын.

Өткен ғасырдың елуінші жылдарынан бастап Мәскеу және Ленинград ғалымдарының еңбектері пайда бола бастады. Бұл Н.К. Дмитриевтің, Ж. Киекбаевтың, Г.П. Мельниковтың, А.М. Щербактың еңбектері еді. Онда түркі тілдерінің тарихи фонетикасының негізгі теориялық мәселелері қарастырылған болатын. Қазақ тілі тарихи фонетикасының мәселелері М. Томановтың, Ғ. Мұсабаевтың, Ж. Аралбаевтың, Ә. Құрышжановтың, М. Оразовтың, Б. Сағандықұлының, М. Ескееваның, М. Сабырдың және т.б. еңбектерінде қарастырылды. Салыстырмалы фонология мәселелері ұзақ уақыттан бері еуропалық және орыс тіл білімінде зерттеу нысаны болып табылады және осы мәселе бойынша монографиялар мен мақалалар жарияланды. Түркі тілдерінің фонологиялық типологиясы К. Томсеннің, Л. Базеннің, Н.А. Баскаковтың еңбектерінде зерттелген. Сондай-ақ Э.Р. Тенишевтың басшылығымен жарық көрген «Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы» (Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков) атты ұжымдық монографияда түркі қыпшақ тілдерінің жалпы заңдылықтары анықталып, ғылыми аппараты қалыптасқан [94].

Көне қыпшақ тілі туралы мәліметтерді ең алдымен Махмуд Қашғаридің XI ғасырда жазылған еңбектерінен кездестіруге болады. Сонымен қатар Мысыр жерінде сақталған ортағасырлық жазба ескерткіштердің қатарында 1245 жылы түзілген «Қыпшақ–моңғол–парсы сөздігі» де маңызды дереккөз болып табылады. Белгілі «Кодекс Куманикус» ескерткіші қыпшақ тілінде XIII ғасырда жазылып, қыпшақ тілінің лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін айқындайтын құнды мұра ретінде танылады [95].

759 жылы жазылған Селенгі ескерткішінде *türk* қурсақ тайпалары туралы мәліметтердің берілуі қыпшақ этнонимінің ерте кезеңдерден белгілі болғанын көрсетеді. XIII–XV ғасырларда Алтын Орданың әдеби және ресми тілі ретінде қыпшақ тілі қызмет атқарғаны тарихи деректер арқылы дәлелденеді. Түркі-қыпшақ тілдеріндегі қурсақ атауы алғашында «одақ», «бірлік» мағынасын білдірген деп түсіндіріледі. Бұл этноним қур түбірімен байланыстырылады, ол «байлау, орау, қысып байлау» деген мағынаны білдіреді; осы түбір қазақ тіліндегі *qurşa bel* («жіңішке бел») тіркесінде де сақталған.

Қыпшақ тайпалары Алтайдан Дунайға дейінгі ұлан-ғайыр аумақты мекендеп, кең байтақ географиялық кеңістікті қамтыған. Қыпшақтардың осындай ауқымды аймаққа таралуы қазақ фольклорында да көрініс тауып, былайша сипаттайды: *Barar žeriñ Balqan taw, o da bizdiñ körgen taw. Uluñ Ürimde, Quzuñ Qyrymda* [96].

Түркітану еңбектерінде қыпшақ тілдерінің тарихи дамуы белгілі бір хронологиялық кезеңдер бойынша сипатталады. Осыған сәйкес ерте атақыпшақ

дәуірі біздің дәуірімізге дейінгі X–II ғасырларды қамтиды. Орта атақыпшақ дәуірі II–VII ғасырлар аралығын құрайды, бұл кезеңде әртүрлі ареалдарда өмір сүрген қыпшақ тайпалары тілдерінде өзіндік дыбыстық-фонологиялық ерекшеліктер қалыптаса бастайды. Аталған кезеңнен бастап қыпшақ тілдері шартты түрде шығыс, солтүстік, орталық және батыс топтарға жіктеледі.

Соңғы атақыпшақ дәуірінде (VII–XII ғғ.) осы төрт топқа тән фонологиялық белгілердің негізінде қазіргі қыпшақ тілдері қалыптасты. Батыс тобына қарайым, қарашай, балқар, қырым-татар, құмық және ұрым тілдері; солтүстік тобына башқұрт, барабин татары және татар тілдері; орталық тобына қазақ, қарақалпақ, ноғай және өзбек тілінің қыпшақ диалектісі; ал шығыс тобына қырғыз бен алтай тілдері жатады.

Түркітанушылардың ортақ пікіріне сәйкес, қазіргі қыпшақ тілдері половец, болгар және ноғай қыпшақтарының тілдері деп аталатын үш ірі тармаққа біріктіріледі. Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасын жасаған зерттеушілер бұл жіктеуді негізге ала отырып, қыпшақ тілдерін куман, қаңғлы және орал топшаларына бөледі. Соның ішінде қыпшақ-половец тармағына құмық, қарашай-балқар, қарайым және қырым-татар тілдері жатқызылады. Аталған тілдерге ортақ ерекшелік – көне дәуірден бері сақталып келе жатқан сегіз дауыстыдан тұратын классикалық вокализм жүйесінің (а, е, ш, і, о, ө, и, ү) болуы. Бұл жүйе қыпшақ тілдерінің жалпытүркілік негізін және олардың фонологиялық тұрғыдан салыстырмалы түрде тұрақты дамуын айқын көрсетеді [97].

Қыпшақ-ноғай тобы куман тармағымен фонологиялық және тарихи тұрғыдан аса жақын болып келеді. Бұл топқа ноғай, қарақалпақ және қазақ тілдері жатады. Аталған тілдердің дауысты дыбыстар жүйесінде тоғыз дауысты фонема айқындалады: а, ә, е, ш, і, о, ө, и, ү. Тоғызыншы ә дауыстысының шығу тегі дәстүрлі түрде араб-парсы тілдерінен енген деп түсіндіріліп келгенімен, соңғы зерттеулерде бұл мәселе даулы сипат алып отыр. Кейбір ғалымдар ә фонемасын таза түркілік дыбыс ретінде қарастырудың да ғылыми негізі бар екенін алға тартады, өйткені оның артикуляциялық сипаты түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне тән алдыңғы қатарлы дауыстылар жүйесімен сәйкес келеді.

Қыпшақ-ноғай тобына тән ерекшеліктің бірі – қысаң дауыстылардың тарихи даму барысында трансформацияланып, белгілі дәрежеде редукцияға ұшырауы, ал ашық дауыстылардың (а, ә, е, о, ө) салыстырмалы түрде өзгеріссіз сақталуы. Ал қыпшақ тілдерінің болгар тармағына татар, башқұрт және барабин татар тілдері жатады. Бұл тілдерде архетиптік қысаң дауыстылардың барлығы дерлік күшті редукцияға түсіп, өте қысқа немесе әлсіреген дауыстыларға айналғаны байқалады [98].

Бір негізден тараған туыстас тілдердегі ортақ лексикалық бірліктер олардың архетиптік формаларын жорамалдап белгілеуге мүмкіндік береді. Туыстас тілдер топтарының қалыптасуы ұзақ тарихи үдерісті қамтиды:

ғасырлар бойы тілдік қауымдастықтар топтасып, уақыт өте келе сол топтардың ішінен дербес тілдер бөлініп шығады. Тілдердің өткен тарихын және олардың даму заңдылықтарын айқындауда қайта құру (реконструкция) тәсілінің маңызы ерекше [99]. Дәл осы әдіс арқылы тілдер арасындағы генетикалық байланыстар, туыстас тілдер топтарының құрылымы мен ішкі жіктелісі анықталады.

Осылайша, туыстас тілдер топтарына тән әмбебап және жекелеген фонологиялық қасиеттерді жүйелі түрде талдау тілдің көне қалпын қалпына келтіруге негіз болып, тарихи фонологияның теориялық тұжырымдарын тереңдете түседі.

Ä дауыстысының фонологиялық табиғаты қыпшақ-ноғай тілдер тобы үшін ерекше ғылыми мәнге ие. Дәстүрлі көзқараста бұл дыбыс араб-парсы тілдерінен енген кірме элемент ретінде қарастырылып келгенімен, соңғы диахрондық және типологиялық зерттеулер бұл тұжырымды қайта қарастыру қажеттігін көрсетеді. Біріншіден, ä дауыстысы қыпшақ-ноғай тілдерінде жүйелі түрде қолданылады және сингармония заңына бағынады, бұл оның фонологиялық жүйеге кейіннен механикалық түрде енбегенін аңғартады. Екіншіден, ä дыбысының артикуляциялық сипаты алдыңғы қатарлы, ашық дауысты ретінде түркі тілдерінің табиғи артикуляциялық базасына сәйкес келеді. Үшіншіден, қазақ тіліндегі бала тілінде кездесетін ä реңктері бұл дыбыстың сөйлеу аппаратының табиғи мүмкіндіктерімен байланысты екенін көрсетеді. Осы негізде ä дауыстысын тек кірме дыбыс ретінде емес, жалпытүркілік вокализмнің тарихи дамуы барысында дербестенген ішкі фонологиялық бірлік ретінде қарастыруға болады [95, б. 120].

Қыпшақ тобына жататын ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт және қарашай-балқар тілдеріндегі ашық дауыстылардың қазақ тіліндегі ашық дауыстылармен фонологиялық сәйкестігі мен өзара қатынасы қарастырылады.

А фонемасы. Түркітанушылардың зерттеулеріне сүйенсек, ерте қыпшақ кезеңінде (қыпшақ ататілі деңгейінде) созылыңқы және қысқа а дауыстыларының айырмашылығы жойылып, олар біртұтас а фонемасы ретінде қалыптасқан. Нәтижесінде бұл дауысты қыпшақ тілдеріне тән сөздік құрамда барлық позицияда тұрақты түрде қолданылған. Аталған құбылыс қазіргі қыпшақ тілдерінің басым көпшілігінде, сондай-ақ ортағасырлық қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілдік деректерінде де а дауыстысының өзгеріссіз сақталғанын көрсетеді. Жалғыз ғана қазан татар тілінде бұлғар субстрат тілінің ықпалынан татар, башқұрт сөзінің бірінші буынындағы а дауыстысында еріндік сипат байқалады *a*^o [98, б. 87].

Қазақ тілі тарихын арнайы зерттеген М. Томановтың айтуынша, башқұрт пен татар тілдеріндегі а фонемасы, басқа тілдермен салыстырғанда, біршама «жасық» яғни *o*-ға жақын естіледі, мұндай мәнер татар тілінде айқынырақ та, башқұрт тілінде ондай дәрежеде емес, а дыбысының әбден қысандап, қысқаруы татар тілінде ғана қалыптасқан жүйеге айналған, ал башқұрт тілінде бұл заңдылықтан ауытқу жиі кездеседі [97, б. 150]. Алайда бұл тілдерде а

фонемасының еріндік реңкпен айтылуы дербес фонема деңгейіне көтерілмеген. Зерттеушілер а дыбысының еріндік мәнерде айтылуын көбіне субстраттық ықпалмен, яғни бұрын осы аумақта қолданылған басқа тілдің әсерінің сақталуымен байланыстырады және мұны тілдің тарихи даму барысында қалыптасқан ерекшелік деп түсіндіреді. Сонымен бірге езулік дауыстының еріндік реңкке көшуі белгілі бір дыбыстық ортада пайда болатын, көршілес дыбыстардың ықпалынан туындайтын комбинаторлық фонетикалық өзгеріс ретінде де қарастырылады.

Сонымен, қыпшақ тобына жататын туыстас тілдердің сөз құрамының барлық позицияларында *a* фонемасы өзгеріссіз сақталып келеді және бұл құбылыс қыпшақ тілдеріне қатысты жазба ескерткіштер тілінен де айқын көрініс табады. Мұндай тұрақтылықты ескере отырып, *a* дауыстысын ежелгі түркі ататілінен жалғасып келе жатқан бастапқы дыбыс деп тануға негіз бар санаймыз.

Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығын зерттеген Сабыр М. *a* дауыстысының көнелігін көрсету үшін ортағасырлық қыпшақ тілінде жуан, тіл арты *a* жіңішкеріп *ä*-ге, бірде *e*-ге сәйкес келеді деп, мынадай мысалдар келтіреді: дайым-дәйім, татлы-тәтті, қары-кәрі, жаллад-жендет, карим-керім, ташла-тесекте [98]. Қазақ тіліндегі *ä* дауыстысы бастапқы кезеңде *a* фонемасының аллофоны ретінде қызмет атқарып, кейін фонологизация үдерісіне ұшыраған. Бұл өзгеріс интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың ықпалымен, әсіресе кірме сөздер әсерінен жүзеге асып, нәтижесінде дауыстының жіңішкеруі мен артикуляциялық тұрғыдан алға жылжуы байқалған.

Кесте 10 – А фонемасының қыпшақ тілдеріндегі көрінісі

Жазба ескерткіште	Қазақ тілінде	Ноғай тілінде	Қарақалпақ тілінде	Татар тілінде	Башқұрт тілінде	Қ-балқ. тілінде
Aw	aw аулау	aw	aw	a ^o w	a ^o w	aw
Ауаĉ	ауаĉ ағаш	ауаĉ	ауаĉ	a ^o ya ^o ĉ	a ^o ya ^o ĉ	ауаĉ
qabaq	qabaq асқабақ	qabaq	qabaq	qa ^o ba ^o q	qa ^o ba ^o q	qabaq
Таš	tas тас	tas	tas	ta ^o š	ta ^o š	taš

Е фонемасы. Қазіргі заманда өмір сүріп жатқан түркі тілдері мен көне түркі тілдерінің материалдарын зерттеген ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне қарағанда түркі ататілінде ашық қысқа *a* мен жартылай ашық созылыққы *e*-нің

болғаны және де $\ddot{a} \sim \varepsilon \sim e$ комбинаторлық варианттарының түрлі фонетикалық қоршауларда ататілдің даму процестерінің соңына дейін тіпті қазіргі түркі тілдерінің даму процесінің өзінде көрініс табады [99].

Қазақ тіліндегі \ddot{o} , $\ddot{o}n$, $\ddot{o}g$ (өрле, өрбі, өнім, өрші, өркенде) тәрізді моносиллабтардың ортақ мазмұны мен тұрпатындағы ұқсастықтарды кездейсоқ құбылыс деуге келмейді, ортақ мазмұнды арқалап тұрған \ddot{o} дауыстысы екені аңғарылады [100].

Қыпшақ ататілі өз алдына дербес тілдік жүйе ретінде қалыптасқан кезеңге дейін дауыстылардың созылыңқы – қысқа оппозициясы өз маңызын жойған, ал ескі түркі тіліндегі ашық, қысқа \ddot{a} мен қысаң, созылыңқы e бір-бірімен теңесіп, нәтижесінде индифферентті e фонемасына бірігіп қалыптасқан [100 б. 225].

Қазақ тілінде \ddot{a} мен e дауыстылары мағынаны айқындайтын фонологиялық оппозиция түзеді: *сән – сен, мән – мен, тән – тен, бәрі – бері, кәсіп – кесіп, дәм – дем*. Осыған байланысты түркітанушылардың басым көпшілігі бұл оппозицияны ежелгі қыпшақтық фонетикалық жүйемен тікелей байланыстырмайды. Алайда кейінгі зерттеулерде \ddot{a} дауыстысының көне түркі кезеңінде a фонемасының варианттары ретінде қолданылғаны, ал орта ғасырлардан бастап біртіндеп дербес фонема ретінде қалыптасқаны жөнінде тұжырымдар келтіреді.

Қазіргі қыпшақ жазба тілдерінің басым көпшілігінде e дауыстысы ешбір елеулі өзгеріске ұшырамай, сөз құрамының барлық позицияларында тұрақты түрде қолданылады. Ал қыпшақ тілдерінің бұлғар тармағына жататын татар мен башқұрт тілдерінде қыпшақ ататілінен жалғасып келе жатқан ашық, езулік e дауыстысы қысаңдану үдерісіне түсіп, қысқарып айтылатын сипатқа ие болған ($e > i$). Еділ бойындағы татар мен башқұрт тілдерінде ашық дауыстылардың едәуір бөлігі қысаңданып, соның нәтижесінде қысаң дауыстылар жүйесі кеңейе түскені байқалады.

Кесте 11 – E фонемасының қыпшақ тілдеріндегі көрінісі

Жазба ескерткіште	Қазақ тілінде	Ноғай тілінде	Қарақалпақ тілінде	Татар тілінде	Башқұрт тілінде	К-балк. тілінде
İki	eki	eki	eki	ïkï	ïkï	eki
Elek	elek <i>елек</i>	elek	elek	ïlak	ïlak	elek
eşik	esik <i>есік</i>	esik	esik	ïşik	ïşik	eşik
erte	erte <i>ерте</i>	erte	erte	ïrtä	ïrtä	erte

Дауыстылардың қысқандану құбылысын татар және башқұрт тілдеріне тән айрықша белгі ретінде қарастырған Н.А. Баскаков бұл тілдерді вокализмнің екінші тобына жатқызады [85, б. 21].

М. Томанов дауыстылардың ашық–қысаң топтарға жіктелуін түркі тілдерінің генезистік заңдылықтарының бірі ретінде қарастырып, бұл құбылыстың тілдік деректер арқылы айқындалатынын дәлелдейді. Осы тұжырымын негіздеу үшін ол ашық–қысаң вариантты сөздерге арсылда – ырсылда, сатыр – сытыр тәрізді мысалдар келтіреді.

Ғалымның пайымдауынша, мерзімдік тұрғыдан алғанда ашық–қысаң негізінде вариантты сөздердің пайда болуы – бастапқы құбылыс, ал осы ашық–қысаң формаларда қалыптасқан сөздердің дербес мағыналарға ие болуы кейінгі, екінші деңгейдегі құбылыс болып табылады. Басқаша айтқанда, қыпшақ тілдерінде ашық–қысаң дауыстылар фонематикалық мәртебеге ие болып, мағына ажыратушы қызмет атқарады [101].

Сонымен, талданған деректерге сүйенсек, жартылай ашық *e* дауыстысының қысқанданып *й*-ге айналуы кейінгі қыпшақ кезеңінде жүзеге асқан құбылыс болып табылады. Ал қыпшақ ататілі кезеңінде мұндай позициялардың барлығында *e* дауыстысы бастапқы күйінде сақталып, реконструкция барысында да осы *e* фонемасы негізге алынады.

Алайда кейбір жағдайларда *e* фонемасы сөз құрамында ассимиляция мен диссимиляция үдерістерінің ықпалынан өзге фонемалармен корреляцияға түсіп отырады. Мәселен, қазақ, қарақалпақ және көне жазба ескерткіштер тілінде *egiz* түрінде қолданылса, татар мен башқұрт тілдерінде бұл тұлға *igiz*, *igid* варианттарында көрініс табады [101, б. 22].

М. Томановтың тұжырымы бойынша, қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі *e* фонемасы басқа түркі тілдеріндегі сәйкес дыбыстармен салыстырғанда дифтонгке жуық артикуляциялық сипатымен ерекшеленеді. Бұл құбылыс, әсіресе, тұйық буын құрамында айқын байқалады. Аталған тілдерде сөздің абсолют басындағы *e* фонемасының алдында қысаң *i* дауыстысының элементі сезіледі. Соның нәтижесінде қазақ және қарақалпақ тілінде сөз басындағы *e* айтылуда дауыссыз *й*-ге жуық реңкпен жүзеге асады: *uei*, *ueki*.

Түркі тілдерінің ішінде көне түркілік *ä* дыбысының өзіндік эволюциялық дамуы татар, башқұрт және хакас тілдерінде айқын байқалады. Аталған тілдерде *e* дауыстысы *й* тұлғасында, яғни қысқанданып, қысқарған артикуляциялық сипатта жүзеге асады [97, б. 42].

Мұндай көзқарасты белгілі түрколог Н. Баскаков та қолдайды. Ол түркі тілдерінің фонологиялық жүйесі негізінен моновокалды типке тән екенін атап өтіп, қазақ тілімен қатар қарақалпақ және ноғай тілдерінде *e* фонемасының сөздің анлаут позициясында дифтонгке жуық сипатта айтылатынын көрсетеді: *[je]ki*, *[je]pme* [85, б. 58].

Қазақ тілінде қосымшалар құрамында *a* фонемасы *e* фонемасымен комбинаторлық алмасуға түседі. Белгілі фонетист Ж. Аралбаевтың пікірінше,

парадигматикалық тұрғыдан сөздің алғашқы буынында а мен е дербес фонемалар ретінде қызмет атқарса, синтагматикалық тұрғыдан алғанда бұл дыбыстар бір морфеманың шегінде өзара алмасып, біртұтас морфонемалық бірлік құрайды. [11, б. 34]. Байырғы кезеңдерде *e* фонемасы *a* фонемасының варианттарының бірі ретінде қызмет атқарған болуы ықтимал, ал фонетикалық жүйенің тарихи дамуы барысында бұл варианттар біртіндеп фонологизацияланып, дербес фонемаларға айналған.

О фонемасы. Көне қыпшақ тілдерінде тіл арты *o* дауыстысының созылыңқы және қысқа түрлері бір-бірімен теңесіп, нәтижесінде бір ғана *o* фонемасы сақталған. Қыпшақ ататіліндегі бұл *o* дауыстысы половец және ноғай тармақтарына жататын тілдерде өзінің бастапқы қалпында сақталып келеді. Ал бұлғар топшасына кіретін татар мен башқұрт тілдерінде ол қысқандану үдерісіне ұшырап, *u* дауыстысына айналған ($o > u$) [102].

Осыған байланысты М. Томанов жалпы түркілік *o* фонемасының жекелеген түркі тілдерінде біркелкі көрініс таппайтынын атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, татар және башқұрт тілдерінде таза *o* дауыстысы жоқ, осы ерекшелігі арқылы олар басқа түркі тілдерінен оқшауланады. Аталған тілдерде *o* фонемасының орнына қысқа түрде айтылатын *u* қалыптасқан. Сонымен қатар татар мен башқұрт тілдеріндегі сөздің бірінші буынында кездесетін қысқа *u* қазақ тілінде бірде *o* дауыстысына, бірде *u* дауыстысына сәйкес келетінін көрсетеді [97, б. 34].

Ғалым *o* дыбысының қолданылу ерекшелігі түркі тілдеріндегі ерін үндестігі заңдылығымен тығыз байланысты екенін атап көрсетеді. Түркі тілдерінің басым көпшілігінде ерін үндестігі толық дамымағандықтан, жалпы түркілік *o* дауыстысы көбіне сөздің (түбірдің) тек бірінші буынында ғана сақталып, екінші және үшінші буындарда, сондай-ақ аффикстер құрамында қолданылмайды. Сондай тілдердің бірі – қазақ тілі. Қазақ тілінде ерін дауыстыларының ішінде *o* фонемасы тек сөздің бірінші буынында ғана қолданылады да, кейінгі буындарда кездеспейді. Жалпы түркі тілдерінің бірқатарында *o* дауыстысының екінші буында қолданылуы өте сирек ұшырасатын құбылыс болып табылады. Ерін үндестігі шектеулі дамыған тілдерде бұл заңдылық негізінен қысқа дауыстылар аясында ғана сақталып, *o* дыбысының қолданылуы екінші буыннан әрі аспайды.

Ал ерін үндестігі толық дамыған тілдер қатарына қырғыз, алтай және якут тілдері жатады. Бұл тілдерде еріндік үндесу тек қысқа дауыстылармен шектелмей, ашық дауыстыларды да қамтиды. Осыған байланысты қырғыз тілінде *o* фонемасы түбір құрамында ғана емес, буын санына тәуелсіз түрде қолданыла береді. Ал қазақ тілінде қырғыз тілінің екінші, үшінші және кейінгі буындарында кездесетін *o* дыбысының орнына жуан езулік дауыстылар қолданылады.

Кесте деректерінен көрінгендей, қыпшақ–ноғай тармағына жататын тілдерде, соның ішінде қазақ тілінде де ашық тіл арты *o* дауыстысы жазба

ескерткіштерінде тіркелген қалпын негізінен сақтаған. Алайда қазақ әдеби тілінде кейбір жағдайларда о дауыстысының и-ға ауысуы да байқалады: ojanu – ujanu, qoldanu – quldanu, soraqu – suraqu [102, б. 22].

Кесте 12 – О фонемасының қыпшақ тілдеріндегі көрінісі

Жазба ескерткіште	Қазақ тілінде	Ноғай тілінде	Қарақалпақ тілінде	Татар тілінде	Башқұрт тілінде	Қ-балк. тілінде
oz	oz озу	oz	oz	uz	uδ	oz
oj	oj ой	oj	oj	uj	uj	oj
orman	orman орман	orman	orman	urman	urman	orman
jol	jol жол	jol	jol	jul	jul	jol

Қазақ тілінің вокализмін жан-жақты зерттеген Ж. Аралбаевтың пікірінше, сөздің анлаут позициясында *o* фонемасы үнемі ашық еріндік дифтонг сипатында айтылады: *wot*, *woraq*, *won*, *woq*. *O*-ның дифтонгке жуық жүзеге асуы қазақ және ноғай тілдеріне де тән болғанымен, бұл құбылыс қарақалпақ тілінде анағұрлым айқын көрінеді, әсіресе екпінді позицияда оның дифтонгтік сипаты күшейе түседі.

Сонымен қатар қазақ тіліндегі *wo* дифтонгының орнына қазіргі чуваш тілінде екі дыбыстың қатар қолданылуы байқалады: қазақ тіліндегі *wot* – чуваш тілінде *vut*, *worun* – *vyran*, *uol* – *vol*, *ool* [11, б. 35].

Owa, *oba* сөздері «үйілген тас, жартас» мағынасын білдіреді. *Owa* тұлғасы куман тілінде ғана тіркелсе, басқа қыпшақ тілдерінде (қазақ, қарақалпақ, қарашай-балқар т.б.) бұл атау *oba* түрінде қолданылады. Ал татар мен башқұрт тілдерінде *o* дауыстысының қысқандануына байланысты (*o > u*) сөз *uba* тұлғасында қалыптасқан.

Қазақ тілінде *oba* сөзінің мағынасы біртіндеп күңгірттеніп, қазіргі әдеби тілде сирек ұшырасады. Дегенмен бұл сөз ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған. Мәселен, XVI ғасырда қалыптасқан «Қыз Жібек» эпосында қособа сөзі кездеседі.

Ö фонемасы. Ö дауыстысы қыпшақ тілдерінің басым көпшілігінде өзгеріссіз сақталған. Тек қыпшақ–бұлғар тармағына жататын татар мен башқұрт тілдерінде бұл дыбыс қысқандану үдерісіне ұшыраған. Аталған екі тілде ашық еріндік, тіл алды (жіңішке) ö фонемасы трансформацияланып, қысаң еріндік тіл алды ü дауыстысына айналған [11, б. 243].

Сөздің анлаут позициясында ö фонемасы *e* және *o* дауыстылары тәрізді үнемі ашық дифтонг вариантында жүзеге асады: *wöš*, *wöt*, *wömir*, *wöz* т.б. Ж.

Аралбаевтың пікірінше, мұндай позициялық ерекшелік қазақ, ноғай және қарақалпақ тілдеріне де тән. Сонымен қатар ғалым *ö* фонемасының осы позициялық вариантында татар, башқұрт және өзбек тілдерінде фонематикалық *ö*-нің орнына *ü*-ге жуық дыбыстың айтылатынын атап көрсетеді [11, б. 35].

Қазақ вокализмінің тарихын арнайы зерттеген М. Томанов *ö* дауыстысы жөнінде былай деп жазады: «Дыбысталу және қолданылу ерекшелігі жағынан *ö* дыбысы өзінің жуан сыңарының іздерін қайталайды. *Ö* дауыстысы татар мен башқұрт тілдерінде бұл сапасында сақталмаған, оның орнына жіңішке қысаң *ü* дауыстысы айтылады: *küz, süz, üt*».

Ғалымның бұл пікірі қыпшақ–бұлғар тілдеріндегі вокализм жүйесінің редукциялық бағытта дамығанын көрсетеді. Сонымен қатар бұл құбылыс еріндік дауыстылардың тарихи эволюциясы әрбір түркі тілінде әртүрлі жолмен жүзеге асқанын дәлелдейді.

Кесте 13 – *Ö* фонемасының қыпшақ тілдеріндегі көрінісі

Жазба ескерткіште	Қазақ тілінде	Ноғай тілінде	Қарақалпақ тілінде	Татар тілінде	Башқұрт тілінде	Қ-балқ. тілінде
öt	öt өт	öt	öt	üt	üt	öt
ökür	ökir өкір	ökir	ökir	ükür	ükir	ökür
böl	böl бөлу	böl	böl	bül	bül	böl
börk	börik бөрік	börk	börik	bürik	bürk	börk

Қазақ, қарақалпақ, ноғай, құмық және қарашай-балқар тілдеріндегі *ö* дыбысы басқа түркі тілдеріндегі осыған сәйкес дыбыстан белгілі бір ерекшелігімен ажыратылады. Аталған тілдерде *ö* монофтонгтен гөрі дифтонгке жуық сипатта жүзеге асып, оның артикуляциясында алдымен жіңішке, қысаң дауысты элемент сезіледі. Алайда бұл ерекшелік тек сөздің абсолют басында айтылатын *ö* дыбысына ғана тән. Ал бітеу буын құрамындағы *ö* дауыстысы таза монофтонг ретінде айқын көрінеді [103]. Ерін үндестігі туралы М. Томановтың пікірін келтірсек, ол былай деп жазады: «*Ö* дыбысының екінші буыннан бастап сөз соңына дейін қолданылуы ерін үндестігі заңдылығымен тікелей байланысты. Ерін үндестігі жақсы дамыған тілдерде *ö* дыбысы екінші, үшінші буындарда және қосымшалар құрамында еркін қолданыла береді. Ал ерін үндестігі жеткілікті дәрежеде дамымаған тілдерде, мысалы қазақ тілінде, екінші буыннан кейін жіңішке езулік дауыстылар айтылады» [11, б. 45].

Сонымен, әртүрлі халықтардың тарихи үдерістер барысында өзара қарым-қатынаста өмір сүретіні белгілі. Осындай байланыстар нәтижесінде

тілдер бір-біріне ықпал етіп, жекелеген тілдік элементтердің алмасуына негіз қаланады. Тіл тарихын зерттеу кезінде туыстас тілдердің материалдарын салыстыра қарастыру белгілі бір тілдегі тарихи өзгерістердің себептерін айқындауға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылып отырған зерттеу болашақта аталған саладағы іргелі ғылыми ізденістерге негіз болып, жаңа зерттеу бағыттарының қалыптасуына ықпал етеді әрі салыстырмалы-тарихи тіл білімінің дамуына лайықты үлес қоса алады. Тарихи фонология саласындағы мұндай зерттеулер түркі, соның ішінде қазақ тіл біліміндегі әлі толық шешімін таппаған күрделі мәселелерді зерделеуге қосымша серпін беріп, жаңа ғылыми тұжырымдардың қалыптасуына жол ашады деп күтіледі.

Тарихи фонологияны жүйелі түрде зерттеу түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи және типологиялық тіл білімінің одан әрі дамуына ықпал ететін болады. Жұмыста алынған нәтижелер түркологияда, көне түркі тілін зерттеуде, түркі тілдерінің салыстырмалы фонологиясында, тіл этимологиясында, сондай-ақ жоғары оқу орындарында қазақ тілінің тарихи грамматикасы бойынша дәрістерде пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеу материалдары магистранттар мен докторанттарға арналған оқу бағдарламалары мен жоспарларын, силлабустарды әзірлеуде де тиімді қолданылуы мүмкін.

Түркі тілдерінің салыстырмалы фонологиясы негізінен синхрондық аспектіде ішінара қарастырылып, оның жекелеген мәселелері арнайы ғылыми мақалаларда, сондай-ақ қазақ тілінің тарихи грамматикасына арналған зерттеу монографияларының құрамында жеке тараушалар деңгейінде зерттеліп жүр. Ал қазақ тілінің фонологиялық жүйесін өзге түркі тілдерімен салыстыра отырып, диахрондық тұрғыдан арнайы және кешенді түрде зерттеген еңбектер қазіргі таңда аз деуге болады.

Салыстырмалы түркология саласында түркі тілдерінің фонологиялық жүйесін салыстыру үшін қазақ тілінің сегментті фонологиясы талданатын ғылыми еңбектердің шағын тараулары да кездеседі. Осы сияқты еңбектер, сонымен бірге белгілі түркітанушы лингвисттердің іргелі зерттеулері мен зерттеу әдіснамасы жұмыстың бастамына алынады. Соңғы кезде түркі тілдерінің салыстырмалы фонологиясын жеке нысанға алып жазылған ғылыми мақалалар жарық көрген, әлі шешілмеген проблемалар жеткілікті және бұл арнайы жүйелі түрде зерттеуді қажет етеді.

Салыстырмалы фонология мәселелері еуропалық және орыс тіл білімінде жүйелі түрде зерттеліп, бұл бағытта іргелі монографиялар мен ғылыми мақалалар жарық көрді. Атап айтқанда, А.М. Щербактың «Сравнительная фонетика тюркских языков» атты еңбегінде түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі кең ауқымда салыстырмалы тұрғыдан талданса, Н.А. Баскаковтың «Историко-типологическая фонология тюркских языков» атты зерттеуінде түркі тілдері фонологиясының тарихи-типологиялық негіздері айқындалады.

Сондай-ақ Л. Базеннің мақалаларында түркі тілдеріндегі дауыстылардың алмасу құбылысы теориялық тұрғыдан қарастырылған [104].

Қазіргі кезеңде Еуразия кеңістігін мекендейтін түркі халықтарының тарихын, рухани және материалдық мәдениетін, әдебиетін, тілін және ділін жан-жақты әрі терең зерттеуге деген ғылыми қызығушылықтың айтарлықтай артқаны байқалады. Тәуелсіздікке қол жеткізген қазақ халқы ұлттық мәдени құндылықтарды жаңғыртуға, ана тілінің тарихи дамуы мен қайнар көздерін айқындауға ерекше мән беріп отыр. Жаһандану үдерістеріне сәйкес түркі елдері де өздерінің ұлттық тарихын қайта зерделеп, өзара ықпалдасу мен бірігу үрдістерін күшейте түсуде. Түркі халықтарын тұрмыс салты мен әдет-ғұрыптарының, салт-санасының ортақтығы, сондай-ақ мәдени және ділдік ұқсастықтары біріктіретіні дау тудырмайды. Халықаралық мәдени-гуманитарлық байланыстардың дамуы әлемдік қоғамдастықтың өркендеуіне ықпал ететіні анық. Сонымен қатар түркі әлемінің жалпыадамзаттық кеңістіктегі өзіндік ерекшеліктері, ұлттық құндылықтарының табиғаты және әлемдік өркениетке қосқан үлесі кешенді ғылыми талдауды қажет ететін өзекті мәселелер қатарында.

Ұлттың тілі, тарихы, мәдениеті, рухани қазынасы мен дүниетанымы өзара тығыз байланыста, тұтастықта қарастырылған жағдайда ғана түркі әлемін шынайы әрі кешенді түрде танып білуге мүмкіндік туады. Сонымен қатар ұлттық тілдің халықтың тарихи дамуы мен қазіргі өркениеттік болмысының қалыптасуында жетекші рөл атқарғаны белгілі. Ұлттық тіл жалпы халықтың өмір-тіршілігінің, қоғамдық тәжірибесінің және тарихи санасының жемісі болғандықтан, оның даму және қалыптасу кезеңдерін айқындау, сондай-ақ ішкі өзгеру тетіктерін тану тілдің бүгінгі күйін тереңірек түсінуге жол ашады.

Тілдің дыбыс жүйесінің функционалдық қырын зерттейтін тіл білімінің негізгі салаларының бірі – фонология. Жалпы тілтанымның қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқаны белгілі. Фонологияның жалпы заңдылықтары, негізгі ұғымдары мен категориялары тіл білімінің теориялық аясын кеңейтіп, оны жаңа ғылыми деңгейге көтерді. Тілдік жүйеде тарихи даму барысында өзгеріске ұшырап, жаңарып немесе қайта қалыптасып отыратын дыбыстардың табиғаты мен эволюциялық жолдарын айқындауда салыстырмалы фонологияның маңызы айрықша. Бұл тұрғыдан алғанда дыбыстар жүйесіндегі дауысты және дауыссыз фонемаларды синхрондық және диахрондық аспектіде қатар қарастыру ерекше мәнге ие. Туыстас түркі тілдерінің вокализм мен консонантизм жүйелерінің қалыптасу, даму тарихы мен кезеңдерін салыстырмалы-тарихи әдістер арқылы сипаттау қазақ тіл біліміндегі өзекті ғылыми мәселелердің бірі болып табылады.

Зерттеуде түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын қысаң дауыстылардың тарихи негіздері айқындалды. Сонымен қатар қазақ, қарақалпақ, татар, башқұрт, қарашай-балқар тілдеріндегі қысаң дауыстылар салыстырмалы түрде талданады. Түркі тілдерінің вокализм жүйесінде қысаң

дауысты дыбыстардың орны ерекше. Француз түркітанушысы Л. Базеннің пікірінше, көне түркі тілдерінің бастапқы вокализм жүйесі екі ғана дауысты фонемадан – <a> және <y> – тұрған. Дивергенция үдерісінің нәтижесінде бұл фонемалардың аллофондары жіктеліп, қысаң <y> инвариант фонемасының аллофондары <i>, <u>, <ü> сияқты дербес фонемаларға айналған.

Фонемаларды сипаттауда ашық–қысаң айырым белгісінің ең көне әрі тұрақты екені байқалады. Ал үндестік заңына тәуелді жуан–жіңішке және езулік–еріндік айырым белгілерінің фонологиялық мазмұны бастапқы кезеңде айқын көрінбейді, сөз мағынасы негізінен ашық–қысаң айырым белгісі арқылы ажыратылған: qas – qys, bol – bul, kün – kōn, dām – dem және т.б. Осыған байланысты ең ежелгі ашық–қысаң айырым белгісі алғаш дербестеніп, фонемалардың оппозиция түзуіне негіз болған деген гипотеза ұсынуға болады. Кейінірек консонантизм жүйесінің дамуымен байланысты жуан–жіңішке және езулік–еріндік айырым белгілері қалыптасып, фонологиялық жүйеде жетекші сипатқа ие болғаны аңғарылады [105].

Қыпшақ тілдеріндегі қысаң дауыстылардың редукция үдерісінің қай аймақта, қай тілдер негізінде басталып, қандай бағытта таралғанын анықтау – уақыттық әрі кеңістік факторлармен тығыз байланысты күрделі мәселе. Зерттеушілердің пікірінше, бұл құбылыс әсіресе бұлғар–чуваш тілдерінде айқын көрініс табады. Хронологиялық тұрғыдан алғанда, қысаң дауыстылардың редукциясы ежелгі бұлғар тілі кезеңінде басталғаны байқалады. Бұған ежелгі бұлғар тіліндегі sabir сөзінің кейінгі ортағасырлық кезеңде suvar формасына ауысуы дәлел бола алады.

Бұл өзгеріс, әуелде бірінші буындағы ашық дауыстының қысаңдануы нәтижесінде (a > u) жүзеге асып, одан кейін қысаң дауыстының редукциялануы (u > ü) арқылы босаған позицияның қайта толуымен сипатталады (sabir → suvar). Аталған дерек қыпшақ және бұлғар тектес тілдердегі вокализм жүйесінің тарихи дамуында редукция үдерісінің маңызды рөл атқарғанын көрсетеді (СИГТЯ, 2002:255).

Еділ бойына бұлғар–суар тайпалары қоныстанған кезеңде бұлғар тіліндегі қысаң дауыстылар редукция үдерісінен өтіп қойғаны, ал сонымен қатар ашық дауыстылардың қысаңдану құбылысының қатар жүргені байқалады. Түркітанушылардың пайымдауынша, бұл құбылыс ескі бұлғар тілінен венгр тіліне енген түркі тектес лексемалар арқылы айқын көрінеді. Атап айтқанда, барлық түркі тілдерінде сөздің бірінші буынында кездесетін a дауыстысы ескі бұлғар тілінде қысаң u дауыстысына ауысқан: tana (бұзау) → ескі бұлғар тілінде tynaw → венгр тілінде tino. Сол сияқты, барлық түркі тілдеріндегі talgy (езгіш) сөзі ескі бұлғар тілінде tylyw формасында көрініс тауып, венгр тілінде tilo түрінде сақталған. Сондай-ақ түркі тілдеріндегі jaz (жаз) сөзі ескі бұлғар тілінде jug формасына ауысып, венгр тілінде ig ретінде тіркелген.

Осы деректер ескі бұлғар тілінде қысаң дауыстылардың редукциясы негізгі кезеңін аяқтап, оның орнына ашық дауыстылардың қысаңдану үдерісі

басталғанын көрсетеді. Аталған өзгерістер бұлғар–қыпшақ ареалындағы вокализм жүйесінің тарихи қайта құрылуымен тікелей байланысты екенін дәлелдейді (СИГТЯ, 2002: 255).

Қыпшақ тілдеріндегі қысаң дауыстылардың редуция үдерісі XIII ғасырдың екінші жартысына дейін байқалмайды. Алайда XIII ғасырдың аяғынан бастап XIV ғасыр бойында Алтын Орда құрамындағы қыпшақ тілді тайпалардың Еділ бойындағы Бұлғария аумағына жаппай қоныстануы нәтижесінде бұл үдеріс белсенді сипат ала бастайды. Қыпшақ тілді қауымдар жергілікті бұлғар халқымен ұзақ уақыт бойы тығыз қарым-қатынаста болып, ассимиляциялық үдерістерге ұшыраған. Бұл жағдайдың ұзаққа созылғанын айғақтайтын деректердің бірі – Еділ бойынан табылған қыпшақ тілді алтынордалықтардың молалары. Құлпытастардағы эпитафиялық мәтіндер араб графикасымен, бірақ бұлғар тілдік нормалары негізінде жазылған. Бұл кезеңде алтынордалық қыпшақ тілінің бұлғар тілінің күшті ықпалында болғаны анық.

Алтынордалық қыпшақ тайпалары Еділдің орта ағысында орнығып, XV ғасырдың басында Қазан хандығын құрды. Осы тарихи кезеңде қалыптасқан қазантатар тілі тек жергілікті бұлғар субстратының ғана емес, сонымен қатар мишар диалектілерінің де ықпалына ұшырап, өз кезегінде оларға әсер ете бастайды. Субстрат құбылысы тілдердің тоғысуы барысында жеңген тілдің жеңілген тілден белгілі бір лингвистикалық бірліктерді, соның ішінде жеке фонемалар мен фонологиялық белгілерді қабылдауымен сипатталады.

Жалпы тілдердің өзара қарым-қатынасы мен ықпалдасуы әртүрлі сипатта жүзеге асады және ұзақ уақытқа созылған тілдік байланыстардың нәтижесінде туыстас немесе типологиялық жағынан жақын тілдерде ортақ құрылымдық белгілер қалыптасады. Зерттеушілердің пікірінше, башқұрт тілінің дауыстылар жүйесі татар тілінің вокализм жүйесінің елеулі ықпалы негізінде қалыптасқан. Ал қазақ тілінің дауыстылар жүйесінде қыпшақ тілдеріне тән стандарттық, консервативті сипат басым сақталғаны нақты тілдік деректер арқылы айқындалады.

У (ы) дауыстысы. Қарама-қарсы қойылатын созылыңқы-қысқа деген айырым белгілер қыпшақ ататілі бөлініп шыққанша жойылған болу керек. Сонымен қыпшақ ататілінде жалғыз дауысты дыбыс у реконструкцияға түсіп отырған. Ол реконструкцияға түсіп отыратындар қыпшақ тілдерінің бұлғар, ноғай топ бөлігінің қысаң, езулік дауысты у қысқа *ў*-ға айналады. Түркі тілдерімен бірге біраз қыпшақ тілдерінде де у дауыстысы *i*-ға айналған (СИГТЯ, 2002 : 230).

Түркітанушылардың пікірінше, дауыстылардың жуан–жіңішке болып жұптасып келуі көне қыпшақ тілдеріне де тән құбылыс болған. Қазақ тіліндегі у – *i* қысаң дауыстыларының жуан–жіңішке оппозициясы, сондай-ақ орта түркі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының тарихи сабақтастығы мәселесін арнайы зерттеген М. Сабыр бұл құбылыстың жүйелі сипатқа ие екенін атап көрсетеді. [98, б. 25]. Зерттеушілер қазіргі қазақ тілінде де, көне және орта түркі жазба

ескерткіштерінің тілінде де аталған дауыстылардың сөздің барлық позициясында қолданылатынын нақты тілдік деректер арқылы дәлелдейді (*buř – piř, jygyz – jis* және т.б.). Қазіргі түркі тілдерінде дыбыстардың жуан–жіңішке болып жіктелуі сөздердің дербес мағынаға ие болуын қамтамасыз ететін негізгі фонологиялық факторлардың бірі болып табылады (*tys – tis*). Бұл мысалдар түркі тілдеріндегі дыбыстардың мағына ажырату қызметін айқын көрсетіп, жуан–жіңішке айырым белгісінің фонемалық әрі семантикалық мәнге ие екенін дәлелдейді. Осы айырым белгісі сөз мағынасының дифференциациясын қамтамасыз етіп қана қоймай, фонологиялық жүйенің ішкі ұйымдасу принциптерін де айқындайды. Сонымен қатар жуан–жіңішке оппозициясының тарихи тұрақтылығы түркі тілдері вокализмінің сабақтастығы мен жүйелік тұтастығын көрсететін маңызды көрсеткіш болып табылады.

Кесте 14 – У фонемасының қыпшақ тілдеріндегі көрінісі

Жазба ескерткіште	Қазақ тілінде	Ноғай тілінде	Қарақалпақ тілінде	Татар тілінде	Башқұрт тілінде	Қ-балк. тілінде
iz	iz із	yz	iz	iz	iz	yz
jylan	žylan жылан	jylan	žylan	jylan	jylan	žylan
tyrnaq	tyrnaq тырнақ	tyrnaq	tyrnaq	tyrnaq	tyrnaq	tyrnaq
qyzyl	qžzyl қызыл	qžzyl	qžzyl	qžzyl	qžđyl	qyzyl

У дауыстысы көбінесе тұрақтылық танытады, мұндай жағдайда оны ататілден келе жатқан тұрақты дыбыс деуге болады. Түркітанушылардың пікірінше, қыпшақ тілдерінің бұлғар және ноғай тармақтарына жататын татар, башқұрт, қазақ, қарақалпақ тілдерінде *u* дауыстысы редукцияға ұшырап, бірнеше мәрте фонетикалық өзгеріске түседі. Аталған құбылысты екінші, яғни қайталама редукциялар деп сипаттауға болады.

Ж. Аралбаевтың айтуынша, қазақ тілінде *u* дауыстысы қосымшада *i* фонемасымен комбинаторлы түрде алмасады және сонор дыбыстардың алдында және сөздің екпінсіз позициясында түрлі редукция басқышына енеді: *q[y]zyl, q[y]cyr, q[y]ryq, p[y]řaq*. Кейде қысандар фонетикалық нөлге айналуынан фонематикалық күшін жоғалтады: *oryn – orny, erin – erni, muryn – murny* [11, б. 40].

Сонымен, у дауыстысы басқа дауысты-дауыссыздарға жанасып палатализациялануға да, реконструкциялануға да түсіп, алға қарай жылжып өзіне кейбір дауысты да, дауыссыз да дыбыстарды қосып түрленіп тұрады. Дауысты дыбыстардың ішінде у дауыстысы а дауыстысымен қатар ең ежелгі қысаң тіл арты дыбысы.

Бұл дыбыстың аллофондары түркі тілдерінің фонетикалық жүйесінің қалыптасуына әсер еткен. У фонемасының а фонемасы сияқты ежелгі ата тілден келе жатқанын мына қыпшақ тілдерінде сақталған мужуқ (мұрт) деген сөз дәлелдейді. Бұл сөз құман, татар, қарашай-балкар т.б. тілдерінде сақталыпты. Қазақ тіліндегі мужуқ деген сөз Мужугунап күлді деген сөйлемде сақталып, қазіргі қазақ тілінде, ол мұртынан күлді, онша ашық күлмеді дегенді білдіреді. Сонда бұл сөз ежелгі қазақ тілінде болып, кейін ұмытылып, мұрт деген сөзге ауысқан. Бұл процесс қазақ тілінің ертеден келе жатқанын көрсетеді.

I дауыстысы. Қыпшақ ататілінде *i* дауыстысының созылыңқы–қысқа түріндегі қарама-қарсы оппозициясы болмағаны белгілі. Батыс қыпшақ тобына жататын тілдерде бұл дауысты барлық кезеңдерде өзгеріске түспей, салыстырмалы түрде тұрақты сақталған. Ал қыпшақ-бұлғар топшасында татар, башқұрт кейде қыпшақ-ноғай топ бөлігіне жататын сөздерде дауысты *i* редукцияға түсіп, қысаңданып *ĩ*-ге ауысып отырған (СИГТЯ, 2002:233).

Кесте 15 – *I* дауыстысының қыпшақ тілдеріндегі көрінісі

Жазба ескерт-кіште	Қазақ тілінде	Ноғай тілінде	Қарақал-пақ тілінде	Татар тілінде	Башқұрт тілінде	Қ-балк. тілінде
<i>Ini</i>	<i>ĩnĩ</i> <i>ini</i>	<i>ini</i>	<i>ini</i>	<i>ĩnĩ</i>	<i>ĩnĩ</i>	<i>ini</i>
<i>Icek</i>	<i>ĩšek</i> <i>кишка</i>	<i>išek</i>	<i>išek</i>	<i>ičäk</i>	<i>ičäk</i>	<i>iček</i>
<i>Jigit</i>	<i>žigĩt</i> <i>жигим</i>	<i>jigit</i>	<i>žigĩt</i>	<i>jĩgĩt</i>	<i>jĩgĩt</i>	<i>žigit</i>
<i>Kiři</i>	<i>kĩři</i> <i>кисі</i>	<i>kisi</i>	<i>kisi</i>	<i>kĩři</i>	<i>kĩři</i>	<i>kiři</i>

Ж. Аралбаев *i* дауыстысының редукциялануына көңіл бөледі. Тіл алды қысаң езу фонемасы *l*, *r* сонорлардың алдында және сөздің екпінсіз позициясында редукцияланады: *b[i]lek*, *t[i]lek*, *t[i]ri*, *b[i]lim*, *k[i]lem*. Сөздің екпінсіз екінші буынында *i* дыбысы фонетикалық нольге айналады: *erĩn* + *I* = *erĩn*, *erik* + *I* = *erki*, *böric* + *I* = *börki* [11, б. 40].

М. Томановтың пікірі бойынша, татар, башқұрт тілдеріндегі *i* қазақ тіліндегі баламасымен салыстырғанда, *e* дыбысына сәл жақындау айтылады. Алайда, аталған тілдер құрамындағы *i* өте қысқа дыбысталады. Бұл дыбыс қолдануы жағынан көне түркі тіліндегі *ĩ* дауысты фонемасына сәйкес. Қазақ,

қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт тілдеріндегі *i* басқа түркі тілдеріндегі *и* дыбысына сәйкес айтылады. Түркі тілдерінің арасындағы *i* – *и* сәйкестігін көруге болар еді. Түркі тілдерінің көпшілігінде айтылатын *и* дауысты фонемасының өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақ, ноғай тілдеріндегі дауысты деп танылатын *и*, анығында келгенде, екі дыбыстың қосындысы немесе дифтонгоид: *siyrek*, әзірбайжан – *seyrek*, түрікмен, қырғыз – *keyrek* т.б. Бұл келтірілген фактілер қазіргі түркі тілдері арасындағы мынадай дыбыс сәйкестігін көрсетеді: *и* – *i* – *iu*. Сонымен қатар, қазіргі түркі тілдері құрамындағы *и*, *i* дыбыстары шығу, қалыптасу тегі жағынан бірыңғай, сондықтан қолданылуы жағынан да сәйкес. Бұл екі дыбыс арасындағы басты айырмашылық – *и* дыбысы тіл ұшының жоғары қарай көтерілуінен жасалады да, сөз созылыңқы естіледі, ал *i* дыбысы барынша – қысаң дыбысталады [104, б. 49].

Моносиллаб құрамындағы *i* дауыстысының өзгерісі жайында М. Ескеева өз пікірін білдіреді. Ескерткіштер тіліндегі *i* дыбысының дифтонг *ij* (*и*) фонемасына өзгеруі негізінен бұлғар, половец топшасындағы тілдерге тән екенін аңғаруға болады дейді. Сонымен, қыпшақ ататілінен келе жатқан дауысты *i* қазақ тілінде татар, башқұрт тілдерімен қатар редукцияланып қысқарады.

U дауыстысы. Қазіргі қыпшақ тілдерінде де, көне жазуларда да *и* дауыстысының созылыңқы-қысқа қарама-қарсы оппозициясы байқалмаған. Аталған сақталған қысаң еріндік тіл арты жуан дауыстыны реконструкциядан кейінгі қыпшақ тілдеріндегі орныққан, тұрақты қалпы ретінде бағалауға болады. Қыпшақ тілдерінің батыс-қыпшақ топ бөлігінде бұл дауыстыда ешбір өзгеріс байқалмайды, ал ноғай топ бөлігіне жататын қазақ тілінде *и* дауыстысы редукцияға ұшырап, татар, башқұрт тілдеріндегі дауыстыға ұқсап, қысқарып *й*-ге айналған (СИГТЯ, 2002 : 245).

Кесте 16 – *U* фонемасының қыпшақ тілдеріндегі көрінісі

Жазба ескерткіште	Қазақ тілінде	Ноғай тілінде	Қарақалпақ тілінде	Татар тілінде	Башқұрт тілінде	Қ-балк. тілінде
ujat	ўjat ұят	ujat	ujat	ўjat	ўjat	ujat
ut	ўt уту	ut	ut	ўt	ўt	ut
buz	mўz мұз	buz	muz	bўz	bўδ	buz
buγa	bўqa бұқа	buγa	buγa	bўγa	bўγa	buγa

Қазақ тіліндегі *u* дауысты фонемасы қысқарып (*u > ü*) татар, башқұрт тілдеріне жақындаған. Бұл жөнінде М. Томановтың пікірі: Қазақ тіліндегі *u* (*ү*) дыбысына әзірбайжан, алтай, балқар, гагауз, қарашай, қырғыз, құмық, тува, түрік, түрікмен, хакас, ұйғыр, шор, якут тілдерінде *u* дыбысы сәйкес айтылады. Қазақ тіліндегі *ү* дыбысына ұқсас, жақын естілетін дыбыс башқұрт, қарақалпақ, ноғай, татар тілдерінде бар. Қазақ тіліндегі *u*-мен *ы*-ның арасында, ал басқа тілдерде, мысалы, ноғай тілінде, *o* мен *u*-дың арасынан жасалатын дыбыс. Қайсысында да *u* дыбысы *ү*-мен салыстырғанда, монофтонгіден гөрі дифтонгiге жақын дыбысталатын фонема. Чуваш тілінде бұл дыбыстың орнына редуцияланатын *a*, *ы* кейде редуцияланатын *e* дыбыстары сай келеді. Осы ерекшеліктерді ескерсек, түркі тілдері арасындағы *ү-у-а* (*ы*) дыбыс сәйкестігін көруге болар еді. Мысалы, қазақ – бұлт, қарақалпақ – бұлт, башқұрт – болот, татар – болыт, әзірбайжан – булут, алтай – булут, қырғыз – булут, тува – булут, түрікмен – булут, хакас – пулут, чуваш – пелет т.б [106].

Ü дауыстысы. Түркі тілдерінің тарихындағы дауыстыларының ұзын-қысқалығы ертеде жойылған, олардан ешбір із де қалмаған. Сондықтан қыпшақ ататілінде редуцияға ұшырайтыны жалғыз жіңішке тілалды, еріндік дауысты *ü*. Бұл дауысты *ü* екі түрлі көрініс табады: батыс-қыпшақ топ бөлігіне қарайтын тілдерінде ешбір өзгеріссіз жүреді. Ал бұлғар және ноғай топ бөлігінде қыпшақ ататілінің *ü* дауысты фонемасы редуцияға ұшырап қысқа *ÿ*-ге айналады (СИГТЯ, 2002 : 249).

Кесте 17 – *Ü* фонемасының қыпшақ тілдеріндегі көрінісі

Жазба ескерткіште	Қазақ тілінде	Ноғай тілінде	Қарақалпақ тілінде	Татар тілінде	Башқұрт тілінде	Қ-балк. тілінде
üz	üz үзу	üz	üz	üz	üđ	üz
ürk	ürk үрку	ürk	ürk	ürk	ürk	ürk
jüzük	jüzik жүзік	jüzik	žüzik	jüzik	jüđük	žüzük
tüwme	tüjme түйме	tüjme	tüjme	tüjmä	tüjmä	tüjme

Ж. Аралбаевтың айтуынша, татар және башқұрт тілдерінде дәл *ü* дыбысы кездеспейді, оның орнында *ö* дыбысына таяу дыбыс айтылады: қазақ тілінде *үш*, татар тілінде *өч*, қазақ тілінде *күл*, татар тілінде *көл*. Сөздің бас шенінде *ü*, *ö* дыбысының біреуі келгенде кейде ауызекі тілде сөздің екінші (сирек үшінші) буынында *ü* еріндігінің айтылатыны байқалады: түлкү (түлкі), күлкү (күлкі), өмүр (өмір), көмүр (көмір). Қазақ тілінде *u* және *ü* дауысты фонемалар көбіне

байырғы сөздердің бас буынында қолданылады: *uly, usta, qural, uşqyn, kün, tün, ülken, bugün* т.б [10, б. 36]. М. Томановтың пікірі бойынша, түркі тілдерінің көпшілігінде жіңішке айтылатын *ü* фонемалық қызмет атқарады, дербес фонема болып жұмсалады: қазақ, қырғыз, әзірбайжан тілдерінде – *бүтүн*, алтай, тува тілдерінде – *бүдүн*, хакас тілінде – *пүдүн* т.б. Ал татар, башқұрт тілдеріндегі түбір құрамындағы *ü* дыбысының орнына *ö* айтылады. Сонымен, түркі тілдері арасында *у - ү – ө* дыбыс сәйкестігі шығады, деп тұжырымдайды [106, б. 47].

М. Ескеева *ü* дауыстысына байланысты оның *ö* дауыстысымен сәйкестігін айтады: «Орхон-Енисей, Талас ескерткіштері тілі мен қазіргі қыпшақ тілдері арасындағы *ü ~ ö* сәйкестігінің *ö* тұлғасы негізінен татар, башқұрт, ішінара ноғай тілдеріне тән. Бұл құбылыс қыпшақ бұлғар топшасындағы тілдердің негізінде жатқан көне бұлғар тілінің белгісі де болуы мүмкін. Қыпшақ-ноғай топшасындағы қазақ, қарақалпақ тілдерінде көне түркілік *ü* тұлғалы сөздер толық сақталған. Моносиллабтар құрамындағы *ü* фонемасының көп өзгерістерге түспеуі, біріншіден, оның біршама тұрақты дыбыстарға жататынын көрсетсе, екіншіден, қыпшақ тілдерінің ноғай-қыпшақ топшасындағы қазақ, қарақалпақ тілдерінің Орхон, Енисей, Талас мұралары тілімен тым жақындығын білдіреді» [107].

Сонымен, түркі тілдерінің тарихи дамуында дауыстылардың ұзын–қысқа оппозициясы ерте кезеңде жойылып, олардың ізі ортағасырлық жазба ескерткіштерде де, қазіргі қыпшақ тілдерінде де, сондай-ақ олардың диалектілерінде де сақталмаған. Тілдік материалдарды кешенді талдау нәтижелері қыпшақ ататіліндегі вокализм жүйесінің қазақ тілінде негізінен елеулі өзгеріске ұшырамағанын көрсетеді. Көне қыпшақ тілінің батыс қыпшақ тобына тән дауыстылар жүйесі тұтастай дерлік өзгеріссіз сақталған деуге болады, ал қыпшақ–бұлғар тобы мен ішінара қыпшақ–ноғай тобына жататын тілдерде кейбір дауыстылардың шектеулі, ішінара өзгерістерге ұшырағаны байқалады. Осы екі топқа жататындардан қазіргі тілдердегі қысаң дауыстылар спецификалық редукцияға ұшырады: *у > ү, і > ї, и > й, ü > й̇*. Бұл өзгеріс қыпшақ–бұлғар топ бөлігіндегі ашық дауыстыларды қысандатады: *о > и, ö > й̇, е > і* - ге өзгертеді және тіларты, езулік *а*-ны еріндікке айналдырады: *а > а°* (СИГТЯ, 2002 : 254).

Қазақ фонологиясын жүйе ретінде туыстас түркі тілдерінің фонологиялық жүйелерімен сабақтастыра зерттеу зерттеудің теориялық маңыздылығын көрсетеді. Фонемалардың морфемалар мен сөздердің, грамматикалық тұлғалардың материалдық негізі болып табылатынын ескере отырып, түркі тілдеріндегі фонетика-фонологиялық үдерістер мен құбылыстарды кешенді түрде сипаттауға, сондай-ақ тіл біліміндегі күрделі әрі әлі толық зерттелмеген мәселелерді ғылыми тұрғыдан талдауға мүмкіндік туады. Себебі қазақ тілі тарихи фонетикасының дыбыс ерекшеліктерін анықтау үшін ең алдымен туыстас түркі тілдерінің және қосымша туыстас емес тілдердің материалдарын ұқыптылықпен қарастыру керек. Болашақта бұл зерттеу осы

бағытта орындалатын жұмыстарға негіз болып, жаңа еңбектерді тудырып, салыстырмалы-типологиялық тіл білімінің дамуына үлес қосады деп ойлаймыз. Сонымен тарихи фонетика аясындағы алынған ізденістер қазақ тілтанымының біраз шешілмеген, күрделі проблемаларына ықпалын тигізіп, жаңа зерттеулерге жол ашатынына сенеміз. Зерттеуде алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарында түркітануға кіріспе, көне түркі тілі, түркі тілінің салыстырмалы фонологиясы, қазақ тілінің тарихи грамматикасы пәндері бойынша дәріс оқуда пайдалануға болады және салыстырмалы фонологиядан студенттерге, магистранттарға, докторанттарға бағдарлама мен силлабус дайындауға болады.

3.3 Түркі тілдеріндегі дауыссыз дыбыстар айырым белгілерінің дамуы мен қалыптасуы

Түркітанушылардың пікірінше, Орхон–Енисей жазба ескерткіштерінде шамамен 15–17 дауыссыз дыбыс арнаулы графемалар арқылы таңбаланған. Кейбір түркі тілдерінде консонантизм жүйесінің көне қалпы салыстырмалы түрде жақсы сақталған. Ал түркі тілдерінің басым бөлігінде субстрат және адстрат тілдердің ықпалы, сондай-ақ өзге тілдермен ұзақ уақытқа созылған қарым-қатынастар нәтижесінде консонантизм жүйесі күрделеніп, дауыссыз фонемалардың саны артқан.

Жаңа фонемалардың қалыптасуы, негізінен, фонологизация үдерісінің нәтижесі болып табылады. Бұл құбылыс тілдің ішкі даму заңдылықтарымен қатар сыртқы, экстралингвистикалық факторларға да тәуелді. Көршілес тілдердің ықпалы арқылы түркі тілдеріне жаңа ұғымдар мен атаулар, кірме сөздер енумен қатар, дыбыс жүйесіне жаңа фонемалар да қосылып отырған.

Тілдегі тарихи өзгерістер туралы білімнің негізгі қайнар көздеріне, ең алдымен, жазба ескерткіштерден алынған деректер жатады. Сонымен қатар басқа тілдердегі жазба мұраларда сақталған жанама айғақтар да ескеріледі, өйткені оларда зерттеліп отырған тілдің ана тілінде сөйлеген халықтың тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық ұйымы, жеке және жергілікті атаулары жөнінде құнды мәліметтер қамтылуы мүмкін. Туыстас тілдердің фактілеріне сүйене отырып, зерттелетін тілдің бұрынғы күйлерін пайымдауға мүмкіндік беретін салыстырмалы-тарихи тіл білімінің деректері айрықша маңызға ие. Осы негізде белгілі бір тілдің тарихын сыртқы реконструкциялау жүзеге асырылады.

Ататүркі кезеңінде қалыптасқан вокализм мен консонантизм жүйесінің эволюциясы жеке фонемалардың оқшау өзгерісі емес, оның құрылымдық ішкі заңдылықтарына тәуелді жүйелік процесс екенін көрсетеді [108].

Диахрондық көзқарас тұрғысынан тілдің әртүрлі уақыт кесінділеріне тән күйлері өзара салыстырыла зерттеледі. Бұл ретте тіл жүйесінің тұтастай алғанда әртүрлі-уақыттық қалпы да, оның дыбыстық жүйесінің әртүрлі-уақыттық күйлері де, сондай-ақ жекелеген тілдік фактілер де салыстырмалы талдаудың нысаны бола алады.

Тілдің қазіргі күйіндегі фактілеріне сүйене отырып, оның бұрынғы дәуірлерден сақталған қалдықтарын айқындауға және лингвистикалық эволюцияның ішкі реконструкциясын жүзеге асыруға болады. Тілдің дыбыстық жүйесін тарихи тұрғыдан қарастырғанда, жекелеген дыбыстардың артикуляциясының баяу, біртіндеп ығысуынан гөрі олардың фонологиялық статусының өзгеруі неғұрлым маңызды екендігін ескерген жөн. Осыған байланысты тарихи фонетикада соңғы онжылдықтарда фонологиялық принцип жетекші орынға ие болды.

Тілдің дыбыстық жүйесі даму барысында үздіксіз өзгеріп отырады. Фонема жүйесіндегі өзгерістер, негізінен, бірнеше түрге бөлінеді: бір фонеманың екі дербес фонемаға жіктелуі; екі түрлі дыбыстың бір фонемаға бірігуі; дифтонгтардың монофтонгизациялануы; сондай-ақ фонеманың аллофондарының фонологизациялануы. Аталған үдерістер тілдің тарихи дамуындағы фонологиялық қайта құрылымдардың негізгі тетіктерін сипаттайды.

Әрбір фонема инвариант ретінде танылады, яғни берілген фонеманың әрбір жаңаша жүзеге асуында, оның барлық варианттарында белгілі бір айырым белгілерінің тұрақты жиынтығы сақталып отырады. Бұл айырым белгілерінің жиынтығы бір ғана фонеманы емес, екі немесе одан да көп фонеманы бір-бірінен ажыратуға негіз болады. Аллофондық айырмашылықтар белгілі бір жағдайда фонематикалық мәнге ие болып, фонологиялық оппозицияның негізін құрайтын дифференциалдық белгіге айналады. Егер мұндай үдеріс жеке бір фонемаға емес, фонемалар қатарына қатысты жүзеге асса, фонологиялық корреляция қалыптасады.

Әр тілде бұл процестердің жүзеге асу жолы өзіндік ерекшеліктерге ие болғанымен, консонантизм жүйесінің дамуына тән жалпы заңдылықтар бар. Аллофондардың дербес фонемаларға айналуы көбінесе соноризация, спирантизация және ұяңдану сияқты фонетика-фонологиялық үдерістермен тығыз байланысты.

Еріндік дауыссыздар: *p, b, m, w*

Түркітанушылардың пікірлеріне сүйенсек, көне түркі тілдерінде *b, m, w* дауыссыздары *p* фонеманың аллофондары болған. Тілдің даму барысында соноризация [*m*] мен спирантизация [*w*] құбылыстардың негізінде аллофондары дербес фонемаларға айналады. Сонымен фонологизация құбылысының нәтижесінде түркі тілдерінде **, *<m>*, *<w>* фонемалар *<p>* архетипінен таратылған [107, б. 75].

Атақыпшақ тілдерінде ассимиляциялық варианттары *p-b-m* түрінде қолданылады. Қазіргі түркі тілдерінде сөз басында *p* қатаң дауыссыздына қарағанда *b* ұяң дауыссызы көбірек ұшырасады. Көне ескерткіштерде *p* қатаң дауыссызы жиі кездеседі. Бұл *p* қатаң дауыссызының көне фонемалардың қатарына жататындығын көрсетеді. Қыпшақ тілдерінің ішінде *p* дауыссызы көбінесе қарақалпақ тілінде қолданылса да *b* дыбысының кездесуі басым.

Ж. Аралбаевтың пікірі бойынша, *b*-еріннің бір-біріне жабысып, кенет ашылуынан жасалатын бар шұғыл ұяң фонема, көбіне сөздің басы мен ішінде келеді де, фонетикалық жағдайына қарай әлденеше комбинаторлық вариантта айтыла береді және сөздің бас шенінде өзінің негізгі вариантын сақтайды: бол, бекем, бүгін, бірге. Ал екі дауыстының ортасында *b* дауыссызы *b* мен *v*-ның аралығында кездесетін жарым шұғылдық-спирант түрінде айтылады: абайла, саба, шабақ, қабан, айта бер. В шұғыл дауыссыздың спиранттық варианты қазіргі қазақ, ноғай және қырғыз тілдерінде де ұшырайды. Қарақалпақ тілінің сөз басындағы *b* ұяңы орнына кейде қазақ тілінде *m* сонанты айтылады: қарақалпақ – бұның, бұны, бұнда, қазақша – мұның, мұны, мұнда (сонымен бірге бұның, бұны, бұнда деген варианты да бар). Тарихи жағынан алғанда *m*-нан басталатын түрі бергі кезде пайда болса керек. Хакас, шор, сары ұйғыр, чуваш тілдерінде ылғи сөз басында *p* қатаңы жұмсалады (*b* ұяңның орнына). Мысалы: қазақ тілі бас, шор. паш, хак. пас, чув. пус [11, б. 45].

Ж. Аралбаев *p* дауыссызы жөнінде: «*P* (*п*) – еріннің бір-біріне нық жабысып, кенет ашылуынан жасалатын бар шұғыл қатаң фонема. *P* фонемасы артикуляциялық орнымен жолына қарай негізінде *b*-мен үйлессе де, дауыс қатынасы жағынан өзгеше: *b* ұяң дыбыс та, *p* қатаң».

Ғалым *p* фонемасы сөздің барлық шенінде келе беретінін көрсетіп, бірақ сөз басында оның қолданылуы кем дейді: пікір, қапы, апа, палуан, қап, мектеп т.б. Қазақ тілінің говорларында *p* мен *b* дыбыстары кей уақыт сөздің бас шенінде жарысып айтыла береді: пышақ-бышақ, пұтақ-бұтақ, пу-бу, жипек-жибек. Қарақалпақ тілінің сөз басындағы *p* қатаңы орнына қазақ тілінде *b* ұяңы қолданылады: қазақша бәки, бал, бітті, бітім, болат, бу, бұта, бұтақ, бұқара, бүтін, қарақалпаша пәки, пал, питти, питим, полат, пу, пұта, пұтақ, пұқара т.б. Екі дауыстының аралығында *p* қатаңы ұяңдап, *b*, *y* дыбыстарымен комбинаторлық түрде алмасады: жап-ы – жа-бы, көп-і – кө-бі, себеп-і – себебі, мектеп – мектеб-і, жап-а – жаба, ек-е – еге, қап алды (қаб алды), көп екен (көб екен), тап-ып – тауып, жап-ып – жауып, теп-іп – теуіп, сеп-іп – сеуіп т.б [11, б. 46].

Қазақ тілінің говорларында анлаут позициясында *p* мен *b* дауыссыздары бір-бірімен алмасып тұрады. Дегенмен, *p* дауыссызы қазақ әдебиет тілінде кездеспейді. Басқа түркі тілдерінде, мысалы түрікмен және түрік тілдерінің диалектілерінде бұл дауыссыздар қатар қолданылады. Мысалы: пішір-бішір, пуз-буз, палта-балта, пу-бу. Инлаут позициясында *b* дауыссызы *v*-ға ауысады. Мысалы: таба ұйғыр тілінде тава, ал өзбек тілінде това т.б.

К. Аханов сөз басындағы *p* мен *b* дыбыстарына қатысты мынандай ерекшелікті көрсетеді: түркі тілдерінің ішінде *b* дыбысымен салыстырғанда сөздері *p* дыбысынан басталатын тілдердің саны анағұрлым аз. Сөз басында *p* дыбысының орнына *b* дыбысының келуі әсіресе башқұрт тілінде өте-мөте басым. Бірсыпыра түркі тілдерінде *b/p* дыбыстары мұрын жолды *m* дыбысына айналып кеткен [102, б. 331].

Еріндік дауыссыздардың ортақ қасиеттері болғандықтан олар бірінің орнына бірі қолданылады. Ұяң мен қатаң дауыссыздардың айырмашылығы олардың бірінің дауыстың қатысы бар, бірінің дауысты қатысы жоқтығы. Қатаң дауыссыздар дауыстылардың арасына түскен кезде ұяңданады және үнді дауыссызға айналуына жол ашады.

Сөз басында *b* ұяң дауыссызызын айтатын тілдердің саны әлдеқайда көп. Бұл топқа оғыз топшасындағы тілмен бірге қыпшақ топшасындағы тілдерді де жатқызуға болады. Қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде сөз басында ұяң *b* дыбысының қолданылуын М. Томанов тарихи тұрғыдан түсіндіреді. Тарихи кезеңдері белгісіз ерте түркі сөздері, негізінен, қатаң дауыссыздардан басталып, екпін сөздің бірінші буынына түскені байқалады. Тілдің даму барысында сөз құрамының күрделенуіне байланысты бірінші буынды бұрынғыдан гөрі күштірек айту қажеттілігі туындады, өйткені негізгі ой мен ақпараттық жүк көбіне осы буын арқылы берілді. Алайда сөз құрылымының одан әрі күрделенуі нәтижесінде екпін біртіндеп сөз соңына қарай жылжып, бірінші буын кейінгі буындардың сапасын айқындайтын ұйымдастырушы қызметке ие болды.

Мұндай жағдайда сөз басындағы дыбыстың және бірінші буынның естілуін күшейту қажеттілігі артты. Бұл қызметті атқаруда қатаң дауыссыздар артикуляциялық тұрғыдан жеткіліксіз болғандықтан, тілдік жүйеде сөз басындағы дыбыстардың ұяңдану үдерісі қалыптасты, яғни дауыс қатысы бар дыбыстарды қолдану үрдісі орнықты [106, б. 62].

А.Байтұрсынұлының пайымдауынша, қатаң және ұяң дауыссыздардың сөз ортасында қолданылуы өзіндік жүйе мен заңдылықтарға ие. Қазіргі түркі тілдерінде бұл дауыссыздардың аталған позицияда жұмсалуды салыстыра қарастырғанда, бірден көзге түсетін ерекшелік – әрбір қатаң дауыссыздың ұяңдану дәрежесі барлық тілдерде бірдей бола бермейтіндігі. Сөз ортасындағы дауыссыздардың қызметі екі түрлі жағдайда айқындалады: 1) екі дауысты дыбыстың аралығында. 2) дауыссыз дыбыстардың қосарлану позициясында [109].

Дауыссыздардың сапалық сипаттамасын айқындауда екі дауысты дыбыстың аралығындағы позиция ерекше мәнге ие. Бұл жағдайда қатаң дауыссыздар толық немесе ішінара, кейде тек жекелеген тілдік ортада ғана ұяңдануға бейім келеді. Қыпшақ, қарлұқ және оғыз тілдерінде түбір құрамында қатаң әрі ұяң дауыссыздардың қатар қолданылуы жүйелі құбылыс ретінде көрінеді. Дауыссыздардың ұяңдануы, негізінен, түбір мен қосымшаның жігінде жүзеге асады. Мысалы, қазақ тілінде: тап – табы, дақ – дағы, оқ – оғы; татар тілінде: бақ – бағы, ақ – ағым.

Бұл жөнінде қазақ тілінің тарихын зерттеген Ғ. Мұсабаевтың пікірі бойынша, орта ғасырлардан бастап қолданылған араб әліппесінде бұл екеуіне ортақ бір ғана таңба болған, дейді. Арабтың өзінде *p* мен *b*-ні ажыратылмаған. Сөздің басында, екі дауыстының аралығында, көбінесе *b* айтылады. Осының керісінше сөздің соңында қазіргі қазақ тілінде тек қана *p* дыбысы айтылады.

Әрине, ол анлаутта, интервокал жағдайда да кездеседі. Қазақ тілінің бір ерекшелігі ешбір сөзді *b* мен аяқталмауында. Осы екі әріптің жазылуы бұрын бір таңба болғандығынан бүкіл түркі халықтарының әрқайсысы өзінше оқыған. Араб-иран әсері тимеген алтай халықтарында *p* дыбысынан басталатын сөз жоқ, мысалы, ойрот тілі дейді ғалым.

Ғалым өз көзқарасын бірнеше тілдерден мысалдар келтіріп көрсетеді. Татар, башқұрт, қырғыз, қазақ қарақалпақ, ноғай, алтай тілдері бір ізде көрінеді. Өзбек, түрікмен, азербайжан тілдерінде *p* дыбысы актив көрінеді. Яғни, бұл тілдерде парсы тілдері әсері күшті, қатаң *p* дыбысы жіңішкеріп, көп айтылады. Мысалы, пуш (бос), пәс (бәсең), парчын (баршын), пақир (бақыр – шелек), пешменті (бешмент), пустәк (бөстек), тағы басқалар. Сөйтіп, ұяң *b* мен қатаң *p* дыбыстары туралы көне заманның өзінде Күлтегін есерткішінің үлкені-кішісі екеуінде бес-ақ сөз, бар болғаны – 12 рет етістіктің *-ын (-in)* көсемшесінде ұшырайды. Әрине, бұл қолдану тым сирек. Талас алфавитінде *p* дыбысына арнайы таңба бар. Оны басқа дауыссыз сияқты жуан-жіңішкеге бөлмеген дейді [110].

Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негіздерін арнайы зерттеген М. Ескееваның пікірінше, дыбыстық тілдің генезисі тұрғысынан қарастырғанда, алғашқы түркі қауымдарының акустикалық-артикуляциялық мүмкіндіктері шеңберінде қатаң дауыссыздардың алғашқылығы туралы гипотезалардың белгілі бір дәрежеде ғылыми негізі бар деуге болады. Ал түркілік баба тілмен (пратюркский) тікелей хронологиялық жалғастықта қалыптасқан көне түркі тілінде анлаут *b*-ның айқын сақталуы түркілік баба тіл дәуірінде-ақ анлаут *b*-ның қолданыста болғанын аңғартады. Себебі өзара жалғасып жатқан хронологиялық кезеңдерді қамтитын бір тілдің даму үрдісінде сабақтастықтың сақталмауы мүмкін емес. Орта ғасыр түркі есерткіштері тілінде де анлаут *b*-ның қолданылғанын тілдік деректер толық куаттайды. Сондықтан теориялық тұрғыдан билабиаль *b* дыбысының қатаң *p* фонемасынан қалыптасу мүмкіндігін қолдай отырып, анлаут *b*-ның түркі тілдері дамуының ерте кездерінде *p* дыбысымен қатар қолданыста болғанын қолдайтын көзқарастардың негізділігін көрсеткіміз келеді [107, б. 75].

С. Омарбековтың көрсетуінше, түркі тілдерінің барлығында дерлік қатаң және ұяң дауыссыздардың жұп сыңарлары сөз басында көбіне араласа қолданылады. Алайда осы тілдердің өз ішінде жеке-жеке қарастырғанда, аталған дауыссыздардың әр сыңарының анлауттағы қолданылу ауқымы бірдей емес. Соның нәтижесінде кейбір тілдерде сөз басында ерін дауыссыздарының белгілі бір сыңарының басым қолданылатыны байқалады. Айталдық, қазақ тілі мен қырғыз тілінде ұяң *b* дауыссызы оның қатаң сыңары *p* - ға қарағанда сөз басында анағұрлым жиі ұшырайды. Кейбір жеке-дара говорларда санамал сөздердің бас шеніндегі ұяң *b* мен қатаң *p*-ның бірде олай, бірде бұлай құбылып, кейде бірінің орнына бірінің қолданылаты бар. Қалайда сөз

басындағы *p*-ның *b*-ға өтуінен гөрі, *b*-ның *p*-ға өтуі – қазақ тілі говорларында тым сирек байқалатын құбылыс [111].

Демек, түркі тілдерінде *p* мен *b* дауыссыздары бір-бірімен алмасып тұратыны фонетикалық еңбектерде дәлелденген мәселе. Аталған фонемалардың функциялары ұқсас болғандықтан, олар белгілі бір позицияларда бірінің орнына бірі қолданылуы мүмкін. Қатаң және ұяң дауыссыздардың басты айырмашылығы дауыс қатысының бар-жоқтығымен айқындалады. Қатаң дауыссыздар екі дауыстының аралығында ұяңдануға, ал кейбір позицияларда үнді дауыссыздарға дейін өзгеруге бейім келеді. Ұяң және қатаң тоғысыңқы дауыссыздардың бір-біріне қатаң фонологиялық оппозиция ретінде қойылмауы ататүркі дәуірінен бастау алатын, атақыпшақ тіліне тән және қазіргі қыпшақ тілдерінің диалектілерінде кеңінен сақталған құбылыс ретінде бағаланады. Мәселен, башқұрт тілінің кейбір диалектілерінде ұяң-қатаң дауыссыздардың айқын жіктелуі байқалмай, бір сөйлеушінің сөзінде олардың араласа қолданылуы жиі ұшырасады.

Сөз басында тоғысыңқы ұяң *b* ататүрк, атақыпшақтан осы күнгі қыпшақ тілдеріне дейін өзгеріссіз келген: қазақ тілінде, қарашай-балқар, қарақалпақ, ноғай тілдерінде *boj*, башқұрт, татар тілдерінде *buј*, қазақ тілінде *pis*, ноғай тілінде *bis*. Ататүрк тілінен келе жатқан *b* / *p*-ның сәйкестігі, бірінің орнына бірі жүре беретіні ескіден сақталған реликт сияқты, қазақ тілінде *pyşaq* / *byşaq*, башқұрт диалектінде *pyşaq*, *palta*. Башқұрт диалектіде *p* / *b* / *m* дауыссыздар бірге қолданылады: *rajtaq* / *majtaq* / *baјtaq* (байтақ, кең дала). Сөздің ортасында, инлаут позициясында *b* дауыссызы атақыпшақ тілінде және қазіргі қыпшақ тілінде жиі қолданылады, қазақ тілінде *ǰalbaǰunu* (жалыну). Қазіргі қыпшақ тілдерінің көбісінде *b* / *p* дауыссыздар екі дауыстының ортасында келгенде спирантизацияланып *w*-ға ауысады. Қазақ, қарақалпақ тілдерінде *saba* > *sawa*. Қазақ, қарақалпақ, башқұрт, ноғай, татар тілдерінде *tabaq* > *tawaq*. Бұл позицияда *b*-ның *w*-ға ауысуы сөздің мағынасын өзгертпейді, олар бір фонеманың факультативті варианты болғандықтан фонологиялық мағына ажырататын оппозиция құрмайды.

Атақыпшақ тілінде, қазіргі қыпшақ тілдерінде де сөздің соңында ұяң *b* келмейтіні белгілі. Кірме сөздерден келген сөз соңындағы *b* қатайып *p*-ға айналады *kitab* > *kitap*, *klub* > *qulup*. Атақыпшақ тілінде, қазіргі қыпшақ тілдерінде де сөздің басында, ортасында, соңында келе береді. Қазақ, қарақалпақ, ноғай, қырғыз тілдерінде *men*, *mal*. Қазақ, қарақалпақ тілдерінде *mys*, *mas*. Қазақ тілінде *m* / *bmunda* / *bunda*. Сөздің ортасында атақыпшақтан келе жатқан *m* сақталған. Қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар тілдерінде *tamur*, *alma*, *jaman*, *tuman*. Атақыпшақтан келе жатқан *m* сөз аяғында барлық қыпшақ тілдерінде сақталған: *kim*, *jem*. Ноғай тілінде *jum*, башқұрт, татар тілінде *jom*, қарашай-балқар тілінде *ǰum*, қазақ, қарақалпақ тілдерінде *ǰum*.

Атақыпшақ тілінде және қазіргі қыпшақ тілдерінде *p>b>m* құбылыс орын алған. Ататілден бастап сөз соңында дауыстыдан келетін *p* атақыпшақтан келе

жатқан барлық қыпшақ тілдерінде сақталды: қазақ тілінде *žар*, башқұрт, татар, қарақалпақ, қарашай-балқар, ноғай тілдерінде *јар*. Түбірге дауыстылардан басталатын аффикстер қосылғанда соңғы *p* ұяңданады $p > b > w$. Қазақ тілінде $žар+yл > žabyл/ žawыл$, $tap+yл > tabыл > tawыл$. Қыпшақ тілдеріндегі *p*, *b*, *m*-дердің сұрау, болымсыз аффикстерде қолданылуы заңды нәрсе: *-pa/-pe/-ba/-be/-ma/-me*: *aјtra, ketpe, kezbe, alma, kelme* [112].

Сөйтіп, түркітанушылардың еңбектерінде *m* дауыссызы *b* мен *p* дауыссыздармен қатар қарастырылатыны белгілі. Олар комбинаторлы түрде бірімен-бірі алмасып тұрады. Ж. Аралбаевтың сипаттамасы бойынша, *m* – еріннің бір-бірімен жабысуымен жасалатын импловивті мұрын жолды сонор не сонант фонема. *M* сонанты бұрын сөз басында сирек қолданылған, ал осы күнгі сөздік құрамда сөздің барлық шенінде айтыла береді: *мен, мал, мол, мұз, міндет, аман, кеме, там, адам*. Говорларда *m*, *b*, *p* дыбыстары түбір сөздің ішінде де жарыса айтылады: *аспан-асбан, батпан-батман, кетпен-кетбен*. Ал кейбір түрік тілдерінде *батман, асман, кетмен, чекмен* түрінде айтылуы норма болып саналады.

Сөз аяғында тіл алды *n* соноры қосымша басындағы *b* ұяңы ықпалынан *m* ерін сонантымен комбинаторлы түрде алмасады: *нан бады – намбады (нанбады), жанба – жамба (жанба)* т.б. Осыған байланысты Б. Сағындықұлы байқағандай, түбірдің соңғы *n* дыбысы *b* мен *p* дыбыстардың алдында тұрса, ол *m* – ға ауысады, мысалы: *сенбе – сембе, Жанпейіс – Жампейіс*. *N* дауыссызы *m* – ға ауысқанын тарихи ескерткіштерден де көруге болады, мысалы: *унутмақ – ұмытпақ, нақыл – мақал* т.б.

С. Аманжолов қазақ тілінің оңтүстік говорларында $p \sim m$ сәйкестіктерін ескеріп, келесі мысалдарды келтіреді: *пеш ~ меш, маң (ай)~паң (ай)* [112, б. 65].

Қазақ тілінде *m* - дан басталынса, түрікмен, азербайжан тілдерінде *b*-дан басталады: *men – ben, mürün – bürün, masaq – başaq* [113, б. 97].

М. Томанов *m*, *b*, *p* ерін дауыссыздарын көне түркі тілдерінде болған фонемалардың қатарына жатқызады. Осы топқа ерін арқылы жасалатын *v*, *f* дыбыстарын да қосады. Алғашқы үш дыбыс түркі тілдерінің көне фонологиялық жүйесінің көрінісі болғандықтан, олар негізінен байырғы түркі сөздерінің құрамында қолданылады, ал соңғылары көбіне басқа тілдерден енген кірме сөздер құрамында ғана кездеседі: *вагон, фабрика*.

Дегенмен, кез келген сөз құрамында айтылған *v*, *f* дауыссыздарын сыртқы әсердің нәтижесінде деп қарауға болмайды., олар кейде тіл құрамында немесе сөз құрамында болған фонетикалық өзгерістердің нәтижесі болып отырады. Мысалы: азербайжан тілінде *var* (бар), *varlyg* (тұрмыс), түрік тілінде *varlyq* (тұрмыс), азербайжан тілінде *govulmaq*, түрік тілінде *kovumak* (құрылу, жер аударылу), азербайжан тілінде *dovşan*, түрік тілінде *tavşan* (қоян), азербайжан тілінде *ovlag*, түрік тілінде *avlag*, (аң аулайтын жер), гагауз тілінде *kufne* (кухня), *tafta* (тақта), *foroz* (қораз), түрікмен тілінде *arfa* (арпа), *yaғу* (қақпа). Шығысқа орналасқан түркі тілдерінде көне дәуірдің өзінде иран тілдерінің

әсерімен, кейінгі замандарда батыс тілдерінің әсерімен f дыбысымен айтылатын едәуір сөздер тобы қалыптасты. Қазіргі түркі тілдерінің құрамында айтылатын саф (саф алтын) сөзінің құрамындағы f мен фабрика сөзінің құрамындағы немесе Фазыл, Федор тәрізді кісі аттарының құрамындағы f дыбыстары – әртүрлі этимологиялық негізден тарағандар [114]. Байқағанымыздай, f дауыссызы түркі тілдерінің оғыз топшасында айтылады, ал қыпшақ топшасында v, f дауыссыздары тек кірме сөздер құрамында кездеседі.

Кесте 18 – Еріндік дауыссыздарының (p, b, m) қыпшақ тілдеріндегі көрінісі

Жазба ескерт-кіште	Қазақ тілінде	Ноғай тілінде	Қарақалпақ тілінде	Татар тілінде	Башқұрт тілінде	Қ-балқ. тілінде
Бағ	bas бас	bas	bas	baş	baş	baş
Бол	bol бол	bol	bol	bul	bul	bol
Мің	muñ мың	muñ	muñ	miñ	miñ	miñ
Тәмір	temir темір	temir	temir	timir	timir	temir
Кәмә	keme кеме	keme	keme	kimä	kima	keme
Бақа	baqa бақа	baqa	baqa	baqa	paqa	maqa
Қар	qar қап	qar	qar	qar	qar	qar
Үм	žum жұм	žum	jum	jom	jom	žum

W еріннің бір-біріне жуысуынан жасалатын ызың (фрикатиф) ауыз жолды сонор фонема. Бұл фонема екі еріннің дөңгелегіне келіп, сүйірленуінен жасалады. W соноры көбінесе сөздің орта және аяқ шендерінде кездеседі, сөз басында қолданылуы сирек: қауын, бауыр, тау, қырау, атау, қадағалау, уәде, уақыт т.б. Анлауттағы ашық дифтонгтің бірінші көмескі компоненті көп жақтан у сонорына жақын тұрады: уол (ол), уон (он), уотыр (отыр) т.б. Қарақалпақ тілінің сөз басындағы уа дифтонгі кей уақыт қазақ тілінде о дауыстысының сапасын береді: қарақалпақ: уатан, уақыя, уайран, қазақ: отан, оқиға, ойран. W – сонанты алды не арты дауыстылармен бірге қосылып, дифтонг сапасын да жасайды: тау, алтау, төртеу т.б. Қазақ тіліндегі сонор w өзге түрік тілдерінде түрліше дыбыстармен беріледі: тау ноғай, татар, башқұрт, құмық тілдерінде, тоо қырғыз тілінде, дағ азербайжан, түркмен тілдерінде. Ескі тіл арты ғ қазақ тілінде w сонорына ауысқан [114, б. 48].

Э.В. Севортян ab/av/aw моносиллабының aw (aŋ, qus awlaw), жабайы qus, quu, qorshaw qawmalaw мағыналарын көрсетеді [115]. Б. Сағындықұлы түркі тілдері дамуындағы у фонемасының төрт түрлі аллофондары: таза у, дифтонг – ұу, үу, сонор у, орта ғасырлық у (w) ажыратып, у ~ у (mau) ~ у (w) ~ п ~ б ~ в сәйкестіктерінің архифонемасы ретінде у дыбысын көрсетеді [116]. Көне түркілік ауслат b қазіргі қыпшақ тілдерінде біршама өзгерістерге түседі, b ~ w сәйкестігі. Av ~ aw охота. Қазақ, башқұрт, татар, қарақалпақ тілдерінде aw. Бұл құбылыс қыпшақ тілдерін толық қамтымаған, мәселен, қыпшақ-ноғай топшасындағы ноғай тілінде v тұлғасымен сақталған av охота [116, б. 21]. Ерінеріндік, сонор (үнді) w дауыссызы басқа фонемалармен фонологиялық оппозицияны құрмайды. Бұл дауыссыз барлық қыпшақ тілдеріне тән дыбыс емес. Түркітанушылардың айтуынша, қазақ тілінде w дауыссызы соноризацияның нәтижесінде пайда болды q > γ > w, taγ > taw, baγ > baw. Қазақ тіліндегі сәйкестіктер: suqaq / suqaw, quqaq / quqaw [117].

W дауыссызы ататүрк тілінде, анлаутта протеза ретінде қолданылған болар. Қазіргі қазақ тілінде сөз басында дауыссыз элемент естіледі: wol (ол), won (он), wotan (отан), wot (от), wömir (өмір), wölim (өлім), öt (өт).

Сөз ортасында (инлаутта) w дауыссызы екі дауыстының арасында келгенде p мен b-ның әлсіреуінің арқасында w-ға ауысады: taba > tawa, sep+e > sebe > sewe. Сөз соңында (инлаутта) w дауыссызының ататүрк тегі γ, k/g дауыссыздар болған: қазақ, қарақалпақ тілдерінде taγ > taw, қазақ тілінде ellik > jelüw, қарашай-балқар тілінде ellik > elliw.

Қазіргі қыпшақ тілдерінің аффиксіндегі w дауыссызы ататүріктегі γ, k/g дауыссыздардың дамуының нәтижесі болар. Жинақтау санесіміндегі γu/gu аффикстер aw/ew-лерге ауысты. Қазақ тілінде: birew (біреу), altaw (алтау), törtew (төртеу), қарашай-балқар тілінде: biräw, törtäw [118].

Тілалды дауыссыздар: t, d, n, l, č, š, s, ž/ž, z/δ, r.

T – тіл алды үстіңгі күрек тіске тиюі арқылы жасалатын шұғыл қатаң фонема. T фонемасы жасалғанда тіл ұшы үстіңгі күрек тіспен жымдасып тұрады дат (имплозиялық кезең пайда болады), содан соң екі мүше бірден кілт ашылып кетеді (эксплозивтік кезең жасалады).

Бұл дауыссыз атақыпшақ тілінен келе жатқан, қазіргі қыпшақ тілдерінің көбінде сақталып сөздің барлық позициясында, басында, ортасында өзгермей қолданылады. Кейбір қыпшақ тілдерінде, диалекттерінде оғыз тілінің әсерінен t > d - ға айналады. Мысалы: алт., каз., ккалп., ноғ., кум., урум тілдерінде tas (тас), tap (тап), til > dil (тіл), taw > daw (гора), tört > dürt.

T > d – сөз ортасында butaq барлық қыпшақ тілдерінде сақталған: d – дыбысы алтай диалектісінде ассимиляциядан кейін пайда болған budaq.

Ататүркіден келе жатқан көптік жалғау қазіргі барлық түркі тілдерінде сақталған: - tar/dar/der/lar/ler: attar, maldar/malnar, sizder/sizler, qyzdar/qyzlar. Атақыпшақ тілінен келе жатқан етістік de оның формалары деген барлық қыпшақ тілдерінде сақталған [119].

Қазақ тілінде *t* дыбысынан басталатын сөздер шет тілдерде *d* дыбысынан басталатыны анық. Мысалы, қазақша *tal*, түрікше *dal*, қазақша *talaq*, түрікменше *dalaq*, қазақша *taldyru*, түрікменше *daldirmek*. Түрік тілінде қазақ тіліндегі сөз соңында келетін *t* дыбысын *d* дыбысына айайналдыру да кездеседі. Салыстырыңыз: қазақ тілінде *at*, түрікше *ad*, қазақ тілінде *qat*, түрікше *qad* [120].

D – Тіл алдының үстіңгі күрек тіске тиюі арқылы жасалатын шұғыл ұяң фонема сөз басында және сөз ортасында ұяң түрде, ал сөз соңында қатаң түрде естіледі. Бұл дыбыс атақыпшақ тілінен бері сақталып келе жатқан, қазіргі қыпшақ тілдерінде сирек ұшырасатын фонетикалық бірлік болып саналады. Қазіргі қыпшақ тілдерінде де сирек кездеседі, көбінесе оғыз тілінің әсерінен келетін дыбыс. Қазақ тілінде *dejın / šejın* бұларға фонетикалық жақын түбір сөздер *dek* пен *sek* мағына жағынан өзге болуы мүмкін.

Бұл *d* қазақ сөздері *dauys*, *durus*, *adyr-budyг* деген сөздерде келеді. *Adyrbek* деген адамның аты да бар. Қазақта *әdirä qalгyг*, есіз қалғыр деген қарғыс бар. Бұл сөздер басқа қыпшақ тілдерінде жоқ болғанына қарай ататүріктен келе жатқан ескі сөздерде болуы керек.

Атақыпшақ және қазіргі қыпшақ тілдерінде инлаут позицияда *d* тек аффикстарда кездеседі: *berdi*, *ajtady*, *qolda*, *jerde*. Егерде *d* ататүрк тілінде болса, ол сол уақытта атақыпшақ тіліне дейін реконструкцияға ұшырап, оның орнына *j* сонанты сол уақытта пайда болуы керек еді.

Қазіргі қыпшақ тілдерінде және ортағасырлық жазбаларда дауыстылардың арасында әр уақытта *d*-ның орнына *j* қолданылады: *d- j ajaq*, *qajun*. *D > j > w* карач-балкар тілін *quwushan* қазақ тілімен салыстыруға болады *qujushan < qudushan*. *D > n* кум. *Tamda > tamna*. *D* - атақыпшақ тілінде ауслаут позициясында қолданылмайды. Реконструкцияға түскен *d* – ның орнына қазіргі қыпшақ тілінде сөз аяғында *j* қолданылады: *qoj*, *quj*, *qui*. Кірме сөздерде *d*, *t*-ға айналады. Орыс тілінен келген завод қазақ тілінде *zawut* болады [120, б. 266].

N - тіл ұшы альвеолға тиюден жасалатын (импловивтік) мұрын жолды сонор фонема. Сөздің барлық шенінде келе береді: *nan*, *noгma*, *qanaғat*, *nasihat*, *paiza*, *qauyn*, *jaуyn*. Бұл дыбыс анлаут позициясында және екі дауыстының арасында нағыз сонант болып естіледі. Атақыпшақ тілінде де, ататүрк тілінде анлаут позициясында *n* қолданылмайды деп есептеледі. Ж. Аралбаев байырғы түбір сөздердің бас шенінде *n*-ның келуі өте аз, көбінде сөздің аяғы мен ішінде айтылады деп мысалдар келтіреді: *kün*, *ton*, *muryn*, *endi*. Қарақалпақ тілінің говорларында *n* дыбысы үндесіп, толық ассимиляцияланады: *künner*, *senner*.

Қазіргі қыпшақ тілінде *ne*, немесе деген сөздер сөздің басындағы дыбыстар қысқарып, тартылғанының арқасында пайда болған. Бұл сөздерді етпе деген сөзбен салыстырып көрейік. Атақыпшақ тілінде *n* сөз ортасында дауыстылардың арасында келеді. Қыпшақ тілдерінің көбісінде (қазақ, татар, башқұрт) *ana* (ана), *sana* (сана). Кейде *n*-нен кейінгі дауысты түсіп қалады, сонда *n* екі дауыстының ортасында болмай қалады: каз. *šanşy*, ног. *šanš*, балқ.,

кум., ктат., карак., çапç. Кейде п дауыссыздан кейін келеді, мысалы, алтай, башқұрт, қазақ, қарақалпақ, карашай-балқар, қарақалпақ, ноғай тілдерінде турна [11, б. 267].

Ататіл өз эволюциясының белгілі бір кезеңінде тарихи және әлеуметтік жағдайларға байланысты тұтастығынан айырылады, ғалымдар бұны әдетте ататілдің соңғы хронологиялық қабатында айқын көрінетінін аңғартады. Хронологиялық әртүрлі кезеңдерде ататілде әртүрлі аймақтық айырмашылықтар пайда бола бастайды, соның салдарынан, біртұтас ататіл аясында аймақтық түркі ататілдерінің қалыптасуына жағдай жасалады дейді.

Қазіргі қазақ тіліндегі түркі түбірлі сөздердегі сөз басы, ортасы, соңындағы т және кейбір сөздердегі сөз басындағы д дыбыстарының архифонемасы ататүркілік т болып табылады, демек бұл позицияда ататүркілік сипат барынша сақталған. Бұл қазақ тілінің түп-тамыры тереңде жатқанын, яғни өте ерте замандағы түркі тайпалар тілінен бастау алғанын дәйектеуге қатысты факт болып саналады [121, б. 140].

Қыпшақ тілдерінде аулаут позициясында п өте жиі кездеседі: алтай, қазақ, башқұрт, ноғай, татар, қарақалпақ, кбалқ тілдерінде: san (сан), sen (сен), ton (тон). Сөз соңындағы п-ге кейбір аффикстер қосылғанда, немесе екінші түбір қосылғанда, оларда дыбыс өзгерістері болуы мүмкін. N > m, қазақ тілінде Qabanbay > Qabambay, kelgenge > kelgenge.

Сөз соңындағы п түсіп қалуы кейбір қыпшақ тілдеріне тән, әсіресе кбалқ. тілінде oqusun > oqusu. Кейбір жағдайларда сөздің өзгеруі сол сөздің өзінің жалғауға айналуынан аффикске дейін өзгеруінде п түсіп қалады: bir+le+n > bile > ile > la/le, және бұл жағдайларда п – нің түсуі де қабаттасып жүретін. Кей жағдайларда шығыс, орталық қыпшақ тілдерінде п-ге аяқталған сөздерге жалғау қосылғанда п сақталады: қазақ, қарақалпақ тілдерінде: menen > men, ноғай тілінде munan т.б.

L – тіл алды альвеолға бір тегіс тиюден жасалатын ауыз жолды, бүйір (латераль) сонор фонема. L-ды айтқанымызда тілдің алдыңғы шені бір тегіс ұзына бойына барып альвеолға тиеді де, фонациялық ауа тілдің екі қапталын аға шығады. Бұл фонема көбінесе сөз ортасы мен сөз аяғында кездеседі. Атақыпшақ тілінде сөздің ортасында және соңында қолданылған, қазіргі қыпшақ тілдерінде де солай қолданылу сақталған. Атақыпшақ тілінде де, қазіргі қыпшақ тілдерінде де l сөз басында бір нәрсеге еліктегенде еліктеуішті көрсететін сөздер де қолданылады: law-law – отқа, жалынға еліктеуде, lek-lek – адамдар қаптап келе жатыр дегенде туралы айтылады. L – дан кейін келетін дауыстылар санаулы ғана: а, е, о, у.

Байырғы түбір сөздердің басында l өте сирек кездеседі. Тегінде l сонантынан басталатын сөздердің алдынан қалайда у, і қосылып, протеза жасайды: қазақ тілінде: ulaј (лай), ulaйуq (лашық), ulaqtar (лақтар), ulaж (лаж), ulaјуq (лайық) [122].

Басқа тілдерден келген сөздердің басында *l* жазылғанмен, оның алдында бір дауысты естіліп, қосылып тұрады: қаз. *laz* > *ulaz*, *laqab* > *ulaqab*, *lenin* > *ilenin*. Кейбір қазіргі қыпшақ тілдеріндегі анлаут позициясында *l* ататүрк тіліндегі *ulaq* > *laq*. Егерде түркі тілдеріндегі аффикстер толық мағыналы сөздерден пайда болса, анлаут позициясындағы *l* еліктеу сөзден ғана шыққан жоқ, ол *t* > *d* > *l* дардың ассимиляциядан пайда болған, *l* деген идеяға тоқтап, *l*-ді сөз басында атақыпшақ тілінің кейінірек дәуіріне тән құбылыс деуге болады. Атақыпшақ тілдерінде де, қазіргі қыпшақ тілдерінде де *l* сөз ортасында екі позицияда жүреді: екі дауыстының арасында және дауысты мен ұяң дауыссыз не сонантың арасында келеді. Мысалы: *kelin* деген сөз қазіргі қыпшақ тілдерінде көбісінде бірдей, *qulaq* деген сөз қазақ тілімен бірге алтай, башқұрт, қарақалпақ, кбалқар, куман, ноғай тілдерінде бар, *bulut* қазақ, қарақалпақ, қырғыз, караим куман, ноғай татар тілдерінде, алтай тілінде *mulut*, қазақ тіліндегі *balta* (балта) караим, қарақалпақ, куман, кумык, татар, башқұрт тағы басқа тілдерінде бірдей, ал алтай тілінде *malta*. *Ala* (ала), *eleu* (елеу), *alma* (алма), *altu* (алты), *alqa* (алқа) деген сөздер қазіргі қыпшақ тілдерінің көбісінде бірдей. Батыс қыпшақ тілдерінің көбісінде *l* дауыссызы қатаң дауыссыздардан кейін келеді: *atlar* (аттар), *saqla* (сақта).

Қазақ тіліндегі түбірде, кейде аффиксте *l* мен *d* ауысып тұрады: *l* > *d* – *manlay*, *manday*, *siŋli*, *siŋdi*, *qorluq*, *qorluq*, *urluq*, *urduq*.

l инлаутта немесе ұяң жуысыңқы дауыссыздың алдында босаңсып, түсіп қалуы қыпшақ тілдерінде жиі кездесетін жағдай. Мысалы, қазақ тілінде: *ol+ua* (барыс септіктің жалғауы) > *oған*, құмық тілінде *ol+uar* > *ouar*, құмық тілінде *talalar* > *taalar*, қазақ, кбалқар тілдерінде *bosa* < *bolsa*.

Ауслаут позициясында *l* ататүрк тілінде де, атақыпшақ тілінде де көп қолданылған. Сол жағдайды қазіргі түркі тілдерінде сақтаған: *al* (ал), алтай, башқұрт, қазақ, кбалк., қырғыз, қалпақ, куман, құмық, ноғай, татар тілдерінде. *Qol* (қол) *kel* (кел) алтай, қазақ, қарақалпақ, кбалқар, куман, құмық, ноғай тілдерінде, ал татар, башқұрт тілдерінде *qul* (қол) және *kil* (кел) болады.

š – тіл алды, қатаң аффрикаттық дыбыс. Аффрикат *š* фонемасы қазақ тіліне басқа тілдер арқылы енген. Бұл дыбыс тек кірме сөздерде кездеседі [123].

Бұл аффрикатта ата қыпшақ тіліне соңғы ататүрк тілінен ауысқан. Сондықтан атақыпшақ тілінде сөздердің барлық позициясында болған. Анлаутта *š* қазіргі қыпшақ тілдерінің көбісінде сақталған: алтай, кбалқар, қырғыз, куман, ктат, қарақалпақ тілдерінде *šuq* (шық). Орталық қыпшақ тілдерінде *š* жиі *š*-ға ауысады. Бұл құбылысты индикатор ретінде қабылдауға болады. Мысалы: қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде *šuq* (шық), *šar* (шап), карашай тілінде *šaj* > *šaj* 1 [123, б. 71].

Татар және башқұрт тілдерінде *š* > *š* *šar* (шап). *Š* > *š* сөз басында және аяғында болу орталық қыпшақ тобындағы қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің ерекшеліктері болып табылады. Қырғыз тілінде бұндай өзгерістер болған жоқ. Қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде *rušaq*, *ašuq*. Сонымен қатар

аталған тілдердің диалектілерінде ежелгі *č* да сақталған. Қазақ тілінде *č* ұғу, *č*оқ, жазуда *š*ұғу, *š*оқ.

Ş фонемасы тіл алды таңдайдың алдыңғы бөлегіне жуықтауынан жасалатын спирант, екі фокусты қатаң фонема. Қазақ тілінде *š* фонемасы сөздің барлық шенінде келе береді: *šaš*, *qašan*, *šelek*. Қазақ тіліндегі *š* фонемасы орнына кейбір түркі тілдерінде *č*, *s* дыбыстары қолданылады: қазақ тілінде *üš* азербайжан, қырғыз, түркмен, ұйғыр тілдерінде *üč*, қазақ тілінде *š*уғар қырғыз тілінде *š*уғар.

Атақыпшақ тілінде сөздің барлық шенінде келген. Әуақытта қатаң түрінде қолданылалды, ұяндауы сирек кездеседі. Атақыпшақ диалекттерінде *s* дауыссызбен алмасады. Анлаут позициясында *š/s* кезектесіп қолданылған. Бұл құбылыстың көрінісі орталық қыпшақ тілдерінде байқалады. Мысалы қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде *sol*, ал татар тілінде *šul*. Біраз түркітанушылар түрік ататіліндегі сөздің басында *š* дауыссызы кездеспейді дейді. Олардың пікірінше, бұл атақыпшақ тіліндегі *č* – нің рефлексі, мысалы, қазақ, қарақалпақ тілдерінде *šaš* (шаш), *šeš* (шеш). *š/s* – қазақ тілінің диалектісінде де, жазба әдебиет тілінде де келе береді: *šora/sora*-(сұра), *šerik/serik* (серік).

Сөз басында *š > 0*, нольге ауысады. Ескі түркі тілінде *šiš*, қазақ тілінде *iš* (ісік). Сөз басында қазақ тілінде дауыссыздың алдында дауысты дыбыс қойылады, яғни протеза құбылысы орын алады. Қарақалпақ, құмық тілінде *š*и, қазақ тілінде *osu*. Атақыпшақ тілінде инлаут позициясында *š* жиі қолданылады. Қазіргі қыпшақ тілдерінде де сол сақталған, әсіресе екі дауыстының арасында: ескі түркі, қарақалпақ, қарашай-балқар, қырғыз, қырым-татар тілдерінде *kiši*, құмық тілінде *giši*, башқұрт, татар тілдерінде *keše*, қазақ тілінде *kisi* (кісі). Қырымтатар тілінде *teşik*, қазақ тілінде *tesik* (тесік). Қырғыз, қарақалпақ, қарашай-балқар, тілдерінде және жазба ескерткіште *beşik*, башқұрт, татар тілдерінде *bişik*, қазақ тілінде *besik* (бесік).

Кесте 19 – Ş фонемасының дауысты мен қатаң дауыссыздың ортасында келуі

Жазба ескерткіште	Қазақ тілінде	Ноғай тілінде	Қарақалпақ тілінде	Татар тілінде	Башқұрт тілінде	Қарашай-балқар тілінде
<i>kiši</i>	<i>kisi</i>	<i>kiši</i>	<i>kiši</i>	<i>keše</i>	<i>keše</i>	<i>kiši</i>
<i>beşik</i>	<i>besik</i>	<i>beşik</i>	<i>beşik</i>	<i>bişik</i>	<i>bişik</i>	<i>beşik</i>

Ş фонемасы кейде дауысты мен қатаң дауыссыздың ортасында келеді. Мысалы, қазақ, қарақалпақ тілдерінде *eški* (ешкі). Сөздің инлаут позициясында қазақ тілінде алмасулар байқалады. Мысалы: *mysuq / muşuq* (мысық), *başqar / başqar* (басқар), *tösök / tōşök* (төсек). Бұл құбылыс атақыпшақ тілінде *š/s*

дауыссыздардың қолданылуы дифференциялбағанын және фонологиялық айырмашылық болмағанын көрсетеді.

Атақыпшақ тілінде аулаут позициясында ʃ тұрақты түрде қолданылған. Бұл ʃ қазіргі қыпшақ тілдерінің көбісінде сақталған. Мысалы: қарашай-балқар, қырғыз, құмық, қырымтатар тілдерінде *baʃ* (бас), *boʃ* (бос), *iʃ* (іс). Қазақ тілінің диалектісі мен жазу тілінде ʃ / *s* қолданылады: *baʃ* / *bas* (бас), *beʃ* / *bes* (бес), *alpuʃ* / *alpus* (алпыс).

К. Мұсаевтың пікірі бойынша, орталық қыпшақ тілдерінде және қараим тілінің галиц диалектінде сөз соңында ʃ > *s*-ға ауысқан. Мысалы: қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде *bas* (бас), *is* (іс). Орталық қыпшақ тілдерінің аффикстерінде ʃ -ның орнына *s* келген. Мысалы: *uʃ* > *us*, *iʃ* > *is* (іс). Қарашай-балқар, қырғыз, қырымтатар, құмық тілдерінде *aluʃ*, *keliʃ*, қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде *alus*, *kelis* (алыс, келіс).

S фонемасы тілдің ұшы астыңғы күрек тіспен жабыспай, жуысуынан жасалатын фрикатив бір фокусты қатаң фонема. Сөздің барлық шенінде келе береді: сан, сазан, сүрен, масақ, таса, айтыс, т.б. қазақ тілінің говорында кейде *s*, ʃ дыбыстарының жарысып айтылуы жоқ емес: *tas-taʃ*, *eʃek-eʃek*, *bas-baʃ* т.б. [122, б. 20].

Атақыпшақ тілінде *s* сөздің барлық шенінде қолданылатын. Сол жағдай қазіргі барлық қыпшақ тілдерінде сақталған. Анлаут позициясында атақыпшақ тілінде *sal*, қазақ, қарақалпақ, қарашай-балқар, қырғыз, қараим, қрымтатар, ноғай, татар, құмық тілдерінде де *sal*. Атақыпшақ тілінде *süt*, қазақ, қарақалпақ, қарачаево-балқар, қырғыз, қараим, қрымтатар, ноғай, құмық тілдерінде де *süt*. Татар тілінде *söt*. Инлаут позициясында *s* екі дауыстының ортасында не қатаң дауыссыздармен қатар қолданылады. Атақыпшақ тілінде *bosa*, қазақ, қарашай-балқар, қырғыз, қарақалпақ, қырымтатар, құмық, ноғай, татар тілдерінде де *bosa*, татар тілінде *busa*, қазақ тілінде *asa* (аса), *astar* (астар).

Алтай тілінде *s* дауыссызы *z* дауыссызына айналған. Анлаут позициясында *s* дауыссызы жиі кездеседі. қазақ, қарашай-балқар, қырғыз, қарақалпақ, қырымтатар, құмық, ноғай, татар тілдерінде *as* (ас), *es* (ес). Башқұрт тілінде *s* дауыссызы ʃ -ға айналған. Мысалы: *as* > *aʃ*, *es* > *eʃ*. Кейде ассимиляцияның арқасында, мысалы қарачай-балқар тілінде *s* дауыссызы ʃ -ға ауысады: *basquʃ* > *baʃquʃ*.

J фонемасы тіл алды таңдайдың алдыңғы бөлегіне жуықтауынан жасалатын фрикатив, екі фокусты ұяң фонема. *J* фонемасы сөздің барлық шенінде келе береді: *jaŋa*, *je*, *jaŋma*, *aŋar*, *maŋjan*. Қазақ тілінде спирант *j* фонемасының ʒ аффрикат түрінде айтылатын варианты бар. Бұл аффриката кейбір қыпшақ тілдерінде сақталған: қырғыз тілінде *ʒel* (жел), *ʒer* (жер), *ʒaj* (жаз), татар тілінде *ʒir* (жер), қарашай-балқар тілінде *ʒur* (жыр). Қазақ тілінің диалектінде ʒ аффрикаты айтылады: *ʒajlaw* / *ʒajlaw*, *ʒuj* / *ʒuj*, *ʒorga* / *ʒorga*. Сөздің инлаут позициясында екі дауыстылардың арасында және соңғы буында да кездеседі: *baʒa*, *kenʒe*. Ж. Аралбаевтың пікірі бойынша, ʒ аффрикаты қазақ

тіліне қарағанда қарақалпақ тілінде жиі қолданылады, көбіне сөздің басында сақталады, сөз ішінде (илаутта) келуі сирек: *žyl, žaqsy, žürek, žeti, žulan, žauryn, žaga, maržan, aržagynnda, olža* т.б.

Атақыпшақ тілінде де барлық шенінде келе береді. Анлаут позициясында көбінесе *j* дауыссызы *i*-мен ауысып тұрады [11, б. 272].

Атақыпшақ тілінде сөздің ортасында, соңында қолданылған, сөздің басында кездеспеген. Қыпшақ аффикстерінде *z* – ның жоқтығы түркі тілдерінің диалектілері пайда бола бастап, онда аффикстердің көбейе түскен кезінде бұл *z > j* – ге айналып кеткен дейді К. Мұсаев.

Z фонемасы тіл ұшы астыңғы күрек тіске жуысуынан жасалатын фрикатив, бір фокусты ұяң фонема. Сөздің барлық шенінде келе береді: *zäre, zian, azamat, aiaz, jaz*.

Ататүрк тілінде сөздің ортасында, соңында қолданылған *z* қазіргі қыпшақ тілдерінде де сол шенінде кездеседі: қазақ, қараим, қарақалпақ, қырғыз, қырымтатар, құмық, ноғай тілдерінде *quzul, uzun, bezgek, qazuq, az, quz*. Кейбір қыпшақ тілдерінде *z* мен *j* сәйкес келеді. Мысалы қазақ тілінде *žaj – žaz, žajlaw*. Бұл жағдай *z*-ның позицияға байланысты соноризация және спирализацияға ұшырауын көрсетеді [122, б. 69].

Бұл ататілден келе жатқан *z*-ның *j*-ға көшу процесінің кей жағдайларда әлі бітпегенін көрсетеді. Н. Сауранбаев оны келесі мысалмен дәлелдейді: ескі түркі тілінде «*qarɣum tozdu*», ал қазіргі қазақ тілінде «*qarɣum tojdu*» (қарным тойды).

R фонемасы тіл ұшы таңдайға дірілдеп тиюден жасалатын вибрациялық (діріл) ауыз жолды сонор фонема. Көбіне сөз аяғы мен ортасында қолданылады: *qara, ara, sary, terek, jür, otur, bar*. Сөз басында бұл дыбыс атақыпшақ тілінде және қазіргі қыпшақ тілінде қолданылмайды. Анлаут позициясында *r* көбінесе басқа тілдерден келген сөздерде кездеседі, жазба тілінде олардың алдында *y* (ы) естілсе де жазылмайды: *rahmet – urahmet*.

R дауыссызы тіл ұшы таңдайға дірілдеп тиюден жасалатын вибрациялық (діріл) ауыз жолды сонор фонема. Көбіне сөз аяғы мен ортасында қолданылады: *qara, ara, sary, terek, jür, otur, bar*. *R*-дан басталатын сөздердің дені негізінде қазақ тіліне өзге тілдерден енген сөздер: *rahmet, rüqsat, raqat, raport, reñ, radio*.

R фонемасы сөз ортасында атақыпшақ тілінде де кәзіргі қыпшақ тілінде де екі дауыстының арасында жиі кездеседі: *ara*. Мұндай жерде буынға бөлгенде *r* екінші буынның басында келеді: *qa-ra, qa-ɣyn*. *R*-дың алдында дауыссыз дыбыс болғанда *r* содан кейінгі буынды бастайды: қазақ, қарақалпақ, ноғай, қараим, қырымтатар *quj-ɣuq* (күйрық), татар, башқұрт тілдерінде *qoj-roq*. Сөз соңында *r* дыбысы ататүрк тілінде де атақыпшақ тілінде де түбір сөздерде жиі қолданған. Сол жағдай қазіргі қыпшақ тілдерінде сақталған: қазақ, қарақалпақ, ноғай, қырымтатар, қарашай-балқар тілдерінде *bar*, татар, башқұрт тілдерінде *bär*. Қазақ, қарақалпақ, қырымтатар, ноғай, қарашай-балқар тілдерінде *kör*, татар, башқұрт тілдерінде *kür* [124].

Біраз ғалымдардың айтуынша ескі тілдердің кейбіреулерінде сөз аяғында *г* түсіп қалатын болған. А.А. Чеченовтың айтуынша, қазіргі қарашай-балқар тілінде түсіп қалады. Түркі тілдерінде кейде *г* түсіп қалатынын Махмуд Кашгари сөздігінде бар. Көптік жалғаулар *la/le* де *г* түсіп қалады. Қарашай-балқар тілі мен құмық тілдерінде *г* – нің кейде түсіп қалатынын Н.К. Дмитриев те айтып кетіпті. Ал Чеченов қарашай-балқар тілінде *г* – нің түсіп қалуы шығыс иран субстратының әсері депті.

Тілортасы дауыссыздар (*k, g, q, γ, j, ž, h*)

К фонемасы – тіл ортасы қатты таңдайға нық тиюден жасалатын шұғыл қатаң фонема. Түркі тілдерінде *к* дыбыстың табиғаты біркелкі емес. Мәселен, қарақалпақ, қазақ, ноғай түркі тілдеріне қарағанда қарлұқ, оғыз тобындағы түркі тілдерінде *к* қатаңы алдыңғы артикуляциямен айтылады. *К* фонемасы жіңішке дауыстылармен бірге келеді: *kün, kel, eki, terek*. Бұл фонема сөздің барлық шенінде болады: *kök, köz, kerek, tülki*.

Кейбір фонолдогтар *к* мен *қ* – ны бір фонема дейді. Атақыпшақ тілінде *к* сөздің барлық шенінде қолданылады. Анлаут позициясында бұл фонема барлық қыпшақ тілдерінде сақталған. *Kel* (кел) қазақ, қарақалпақ, карачаевобалқар, ноғай, қырымтатар, қырғыз тілдерінде, *kił* татар, башқұрт тілдерінде бар. Қазақ, қарақалпақ, карачаевобалқар, ноғай, қырымтатар, қырғыз тілдерінде *küz* (күз), *ker* (кеп), *kör* (көп), *kök* (көк), татар, башқұрт тілдерінде *kür, kük*. Екі дауыстының арасында екінші түбірді бастаған *к* ұяңдап *г* – ге ауысады қазақ тілінде: *bu+kün>bugün, bul+künde>bulgünde*. *Ker+en>kebenek* (кебенек) [114, б. 275].

Ж. Аралбаев *к* қатаңы комбинаторлық түрде *г* – мен алмасуын көрсетеді: *terek-i – teregi, kök egis - kög egis, balasy keldi - balasy geldi, qara köz - qara göz*. Сөз ортасында *к* сақталған. Қазақ, қарақалпақ, қарашай-балқар, ноғай, қырымтатар, қырғыз, құмық тілдерінде *eki*, татар, башқұрт тілдерінде *iki*. Кейде *к* дауыссызы *г* – ге ауысады: қазақ тілінде *egiz* (*егіз*), *segiz* (*сегіз*).

Ауслаут позициясында ататүркілік *к* қазіргі қыпшақ тілдерінде сақталған: қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде *etek, erkek, kürek*. Соңғы дыбысы қатаң *к* болып келетін түбірге дауыстыдан басталатын аффикс қосылса, оның алдында келетін қатаң дыбыс ұяңға айналады, қазақ тілінде: *erkek>erkegi, bek>begi, bekzat>begzat*. Ж. Аралбаев қазақ тілінің сөз басындағы *к* қатаңы орнына оғыз тобындағы тілдерде *г* ұяңы қолданылатынына назар аударады: қазақ тілінде *kir*, түркмен тілінде *gir*, қазақ, қарақалпақ тілдерінде *köl*, түркмен тілінде *göl*, қазақ, қарақалпақ тілдерінде *kel, kün*, түркмен, азербайжан тілдерінде *gel, gün*. Оғыз тілдеріндегі дыбыстық өзгешеліктің бірі *к* мен *г* дыбысының алмасуы. Кейбір фонетикалық құбылыстар жеке тілдердің ерекшелігі болып табылады.

Г фонемасы тіл ортасы қатты таңдайға нық тиюден жасалатын шұғыл ұяң фонема, *к* қатаңының ұяң жұбайы.

Кейбір фонологтар *г* мен *γ* бір фонемаға жатқызады. Ататүрк тілінде бұл фонемалар бір-біріне қарама-қарсы келмеген болар. Атақыпшақ тілінде *г*

анлаут позициясында кездеспейді, сөз ортасында ғана кездеседі. Сондықтан g дауыссызын k – ның ассимиляция құбылысы негізінде пайда болған фонема деп есептеуге болады. Бұл фонема екі дауыстылардың арасында кездеседі, қазақ тілінде: bu+kun >bugun (бүгүн), keşe+keldi>keşegeldi (кеше келді). Ж. Аралбаев қазақ тілінің сөз басындағы k орнына қарақалпақ тілінде кейде g дауыссызы айтылады деп, келесі мысалдар келтіреді: kilem – gilem, kereң – gereң, keude – geude, köže – göže, kürek – gürek, küzet – güzet [11, б. 20].

Инлаут позициясында атақыпшақ тілінен қалған g дауыссызы көбінесе екі дауыстының арасында қолданылады. Қазақ, қарақалпақ, қарашай-балқар, ноғай, қырымтатар, қырғыз, құмық тілдерінде ege, татар, башқұрт тілдерінде иге. Қазақ, қарақалпақ тілдерінде egiz, kelgen.

Ататүрік тілінен келе жатқан g дауыссызы атақыпшақ дәуірінен бастап і(й)-ге айналуға ұмтылған: böğür>böjür, қазақ тілінде бүjür (бүйір). Böğürek>böjürek, қазақ, қарақалпақ, карачаевобалқар тілдерінде бүjrek (бүйрек). Карачаевобалқар тілінде процесс одан әрі жалғасып і(й) түсіп қалады: бүjrek >büräk, жүgür>жүrä (жүгіру) [114, б. 215].

Анлаут позициясында атақыпшақ тілінде g дауыссызы болмаған, реконструкция ұшыраған g сөз соңындағы k – ның ұяндаған варианты болып табылады. Сонда да кейбір түркологтар сөз ортасындағы g дауыссызы і(й)-ге ауысқан дейді. Қазақ, қарақалпақ, карачайбалқар, ноғай, қырымтатар, қырғыз, құмық тілдерінде teg>ti(й). Егерде ататүрік тілінде ауслаут позициясында g дауыссызы болса, ол атақыпшақ тіліне дейін і(й) -ге ауысып кеткен болу керек.

Q – тілдің түбі таңдайдың артқы шеніне тиюден жасалатын шұғыл қатаң фонема. Ғалым Ж. Аралбаев сөйлеу тілінде q мен h дыбыстары сөз ішінде жарысып та айтыла береді, ал интервокаль позициясында q қатаңы мен ү ұяңы комбинаторлы түрде алмасады деп, мысалдар келтіреді: taqta – tahta, toqsan – tohsan, toqta – tohta, šyqty – šyqty және aq-y – ayy, oraq-y – oraqy, aq ala – ay ala, az qara – az gara. Ғалым қазақ тіліндегі тіл арты q дыбысының орнында қазіргі чуваш, хакас, және тува тілдерінде үнемі h спиранты айтылады: қазақ тілінде qabyrga, хакас тілінде habyrqa, қазақ тілінде qaғaz хакас тілінде haғaz қазақ тілінде qazan, хакас тілінде hazan, қазақ тілінде qar тува тілінде har, қазақ тілінде qol тува тілінде hol, қазақ тілінде qar тува тілінде har сәйкес келеді дейді [11, б. 59].

Кейбір фонологтар q мен k-ні бір фонема деп санайды. Атақыпшақтық q сөдің басында, ортасында, аяғында қолданыла береді. Анлаут позициясында қазақ, қарақалпақ, қарашай-балқар, ноғай, қырымтатар, қырғыз, құмық тілдерінде qoj (қой), татар, башқұрт тілінде quj (қой). Q дауыссызы артикуляция жағынан айтуға қолайсыз дыбыс болғандықтан, кейбір қыпшақ тілдерінде ол k, h-ға ауысқан: koj, kara, kar; har, hum. Инлаут позициясында атақыпшақтық q қазіргі қыпшақ тілдерінде сақталған. Қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, қырғыз, құмық тілдерінде buqa (бұқа), baqut (бақыр) т.б.

Батыс қыпшақ тілдерінде *q* дауыссызы *ğ*, *h*-ға ауысқан. Мысалы, құмық, қарашай-балқар тілдерінде *buqa* (бұқа), *bağur* (бақыр); *tohsan* (тоқсан), *ahça* (ақша), *qoçhar* (қошқар), *ashaq* (асқақ). Ауслаут позициясында ататүркілік *q* дауыссызы қазіргі қыпшақ тілдерінің көбінде сақталған. Мысалы, қазақ, қарақалпақ, қарашай-балқар, ноғай, қырымтатар, қырғыз, құмық тілдерінде *aiaq* (аяқ), татар, башқұрт тілдерінде *äiäq* [119, б. 278].

Ğ – тілдің түбі таңдайдың артқы шеніне тиюдан жасалатын ызың ұяң фонема. Бұл дауыссыз сөз ішінде қолданылады, ал сөз басында сирек айтылады: *ağa*, *jağa*, *tağa*, *mağan*, *suğardy*, *ağza*. Қазақ тілінің сөз басындағы *q* орнына қарақалпақ тілінде *ğ* қолданылады: қазақ тілінде *qayrat*, қарақалпақ тілінде *ğayrat* қазақ тілінде *qayra*, қарақалпақ тілінде *ğayra*, қазақ тілінде *qaz*, қарақалпақ тілінде *ğaz*. Қыпшақ тобындағы түркі тілдерінің оғыз тобындағы түркі тілдерінен бір фонетикалық ерекшелігі – сөз басында көбіне қатаң дыбыстар қолданылады. Ал оғыз тобындағы түркі тілдерінде сөз басында ұяң дыбыстар айтылады. Ж. Аралбаевтың пікірі бойынша, қатаңдардың *g*, *ğ* комбинаторлық ұяң варианттары тіліміздің даму барысында дербес фонемаға айналған болуы керек. Осы күнгі тілімізде *k* мен *g*-нің *q* мен *ğ*-ның сөздің кейбір позициясында фонематикалық жағынан дифференциация жасалынбауы о бастағы бір туыстық жағдайдан болуы керек. Кейбір фонологтар *ğ* мен *g*-ні бір фонема деп есептейді [11, б. 85].

Атақыпшақ тілінде *ğ* дауыссызы сөздің ортасында кездеседі. Тарихи ассимиляцияға түскен, ол *q* дауыссызының ұяңдаған варианты деп есептейді. Қазіргі қыпшақ тілдерінде анлаут позициясындағы *ğ* кірме сөздерде кездеседі: қазақ тілінде *ğalym* (ғалым), *ğulum* (ғылым). Инлаут позициясында *ğ* дауыссызы тарихи ассимиляцияға түскен *q* дауыссызының ұяңдаған варианты болып жиі қолданылады. Қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде *ağa* (аға), *jağa* (жаға). Атақыпшақ тілінен екі дауыстының арасында *ğ* дауыссызы сақталған. Ол айналасындағы дыбыстардың әсерінен спиранттарға ауысқан: *ğ>v>w>j>o*. Көне түркі тілінде *bağur*, татар, башқұрт тілдерінде *bavur*. Қазақ, қараісі-балқар, қарақалпақ, құмық, ноғай тілдерінде *bawur*, *awuz*. Татар, башқұрт тілдерінде *bâwur*, *âwuz*. Қырғыз тілінде *boor*, *ooz*. Қазақ, құмық, қарашай-балқар тілдерінде *bağla>bawla> bajla*, *suğur>syiur*. Ауслаут позициясында ататүркі тілінен келе жатқан *ğ* дауыссызы оғыз тілдерінің әсерімен сақталып *v* мен *w*-ға ауысады: қазақ, қарақалпақ, құмық, ноғай, қарашай-балқар тілдерінде *jağ> jaw*, *bağ> baw*, *tağ> taw* [20, б. 59]. Түркологтардың пікірлері бойынша, атақыпшақ тілінде *ğ* дауыссызы мен *g* дауыссызының және *q* дауыссызы мен *k* дауыссызының фонематикалық айырмашылығы болмаған.

I(й) – тіл қатты таңдайға жуысуынан жасалатын спирант (бір фокусты) ауыз жолды сонор фонема. Бұл дауыссыз дыбыс көбіне сөздің аяғы мен ортасындаушырайды: *aiaq*, *saia* (сая), *qaiyq*, *tai* [11, б. 56]. Говорларда кейде *j* (дж), *i(й)* дыбыстарының сөз басында жарысып айтылуы жоқ емес: *jaqsy* – *iahşy*, *joq* – *ioq*, *jol* – *qol*, *jyl* – *iyl*. Сөз басында кейде *j* / *i(й)* дыбыстарының

алмасып келуі тілдің тарихымен тығыз байланысты дейді ғалым. Спирант і(й) сөз аяғында дауыстымен бірге келгенде, тұйық дифтонгтарды жасайды деп, мысалдар келтіреді: tai, toi, süi. Сөздегі і(й) спирантының орнында кейбір түрік тілдерінде басқа дыбыстар айтылады: қазақ тілінде aiaq, шор, хакас тілдерінде azaq, якут тілінде атаq, Орхон-Енисей тілінде адаq. Қарақалпақ тілінде qūıyūq, шор тілінде kuzuruk, тувин тілінде kuduruk, якут тілінде huturuk. Түркі тілдерінде і(й)/z/d/t/u дыбыстарының алмасып айтылуы тілдердің даму тарихымен байланысты, деп қорытады ғалым.

Анлаут позициясында і(й) дауыссызы ортағасыр қыпшақ ескерткіштерде және қазіргі қыпшақ тілдерінде кездеседі. Қазіргі қыпшақ тілдерінің кейбіреулерінде і(й) дауыссызының орнына одан да бұрын түрк ататілінде болған j, ž сияқты ескі дыбыстар қолданылған. Мысалы, қазақ, қарақалпақ, қарашай-балқар тілінің диалектінде žyl, jyl, татар, башқұрт, ноғай тілдерінде iyl. Қырғыз, алтай тілдерінде сөз алдындағы і(й) түсіп қалған: жуғ>уг (жыр), угда (жырла). Қазақ тілінде сөздер j-дан басталынса, өзбек тілінде і(й)-дан басталады: jaqsu – iaqsu, jyl – iyl, jol – iol [119, б. 97].

С. Омарбековтың пікірі бойынша, қазақ тілінің диалектінде і (й) j, ž дауыссыздар қолданылады: і(й)as, jas, žas; і(й)at, jat, žat; jarum, і(й)arum. Қарашай-балқар диалектінде і(й)-ға d, j, č, c сәйкес келеді: dulduz, žulduz, čajqa, sajqqa (шайқа). Келтірген мысалдарға қарағанда, ататүрк тілінде сөз басында бірнеше дыбыстар қолданылған және олардың фонематикалық маңызы жоқ екенін көруге болады [109, б. 37-65].

Түрколог Ғ. Мұсабаев j/č дыбыстары көне түркі Талас алфавитінде бір ғана таңба болған дейді. Сөз ыңғайына қарай č таңбасы čyға болмаса, жуға болып оқылған. Қыпшақтың тікелей мұрагерлері қазақ тіліндегі j дыбысын аффрикат деп қарауы - традициялық қалыптан аса алмауы деу керек. Қазақ тіліндегі ž аффрикаттық қалыптан әлдеқашан алыстап кеткен. Ертеде яғни XII – XIV ғасырларда аффрикат дәрежеде болуы мүмкін. Ойткені, сол кездегі Жетісу мен Сырдың ортасын кешіп өткен қарлұқтар VII ғасырға дейін шығыста болып, ž аффрикаттымен сөйлегені байқалады [122, б. 73].

Инлаут позициясында ататүрк тілінде, атақыпшақ тілінде, қазіргі қыпшақ тілдерінде і(й) дауыссызы екі дауысты дыбыстардың арасында да немесе өзінен кейінгі сонор, қатаң дыбыс болса да қолданыла береді: алтай, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, ноғай тілдерінде moiun (мойын), татар, башқұрт тілдерінде miun, қараим, қарачаевбалқар, құмық тілдерінде boiun.

Ғ. Мұсабаевтың пікірінше, і(й) ертеде жалаң дыбыс болып, бертін келе созылып айту қасиеті арқылы қосынды дыбысқа, дифтонгойдке айналғанға ұқсайды. Соның нәтижесінде и (ій, ый) е (йе), я (йа), ю (йу) бар. Тарихи тұрғыдан қарағанда, орта ғасырдың өзінде і(й) мен j қатар өмір сүре бастаған деп, ғалым келесі кестені ұсынады:

Кесте 20 – Орта ғасырдағы і(й) мен j дыбыстарының қатар келуі

Жазба ескерткіште	Қазақ тілінде	Ноғай тілінде	Қырғыз тілінде	Қарақалпақ тілінде	Татар тілінде	Башқұрт тілінде	Қ-балк. тілінде	Өзбек тілінді
yumsaq	жұмсақ	yumşaq	жұмсақ	жұмсақ	йомшақ	йомшақ	yumsaq	юмшоқ
yük	жүк	yük	жүк	жүк	йөк	йек	yük	юк
jas	жас	jas	жаш	жас	йәш	йаш	jas	еш
yip	жіп	yip	жип	жип	еп	еп	yip	ип
jaylaw	жайлау	jaylaw	жайлоо	жайлау	жәйләу	йөйлеу	jaylaw	яйлоу

Ауслаут позициясында і(й) дауыссызы атақыпшақ тілінде де, қазіргі қыпшақ тілінде де қолданылы береді. Барлық тілдерде ai (ай), toi (той), татар, башқұрт тілдерінде tui. Ғ. Мұсабаев j, d, i(й) дыбыстарының тарихы ортақ, j-ның қалыптасуы қараханидтер тұсынан көп бұрын басталған дейді.

М. Оразовтың пікірі бойынша, d, z, i(й) өзара сәйкес келуі ерте басталған, оны Орхон-Енисей ескерткіштерінен көруге болады. Кейбір ескерткіштерде адаq/azaq/aiaq үш форманың қатар қолданылуы байқалады дейді ғалым У. Нематов өзбек тілі тарихында z дыбысының i(й) дыбысын тілден шығара бастауы XIV ғасырдың бірінші жартысында басталған [125].

Сонымен, анлауттағы і(й) дауыссызының басқа дыбыспрмен ауысып тұратынын және оның инлаут пен ауслауттағы өте тұрақтылығын байқауға болады. Бұл тұрақтылықты і(й) дауыссызының осы позициядағы ең соңғы кезең екенін дәлелдейді дейді түркологтар: $\check{z} > \check{c} > s > j > d > n > i$.

Ñ – тілдің артқы шені түпкі таңдайға нық тиюден жасалатын имплозивтік мұрын жолды сонор фонема. Бұл дыбыс атақыпшақ тілінде инлаут пен ауслаутта кездеседі. Инлаут позициясында ñ дауыссызы атақыпшақ және қазіргі қыпшақ тілдерінде қолданылады. Қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде кеñes, татар, башқұрт тілдерінде kiñäš, қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде айñу (аңшы), айñуз (аңыз), теñиз (теңіз). Тіл алды n соноры k, g, γ үнсіздерінің алдынан тіл арты ñ сонорымен комбинаторлы түрде алмасады: tuiñgi – tuiñgi (түңгі), azañgy – azañgy (азаңғы).

Ñ дауыссызы екі дауыстының арасына түскенде кейде метатеза пайда болады: teñir/teñri, täñir/täñri. Дауысты мен дауыссыздың арасында ñ дауыссызы n-ға ауысады. Мұндай құбылыс орталық және батыс қыпшақ тілдеріне тән. Мысалы, қазақ тілінің диалектінде: tañda/ tanda (таңда), qalyñyraq/ qalynyraq (қалыңырақ). Ататүрк тілінің ñ дауыссызы қазіргі қыпшақ тілдерінде ğ мен j

дауыссыздарға ауысады. Мысалы: таñ/ тағ (таң/тау). Ататүрк тілінде söñük, қазақ, қарақалпақ, құмық, ноғай тілдерінде sűjök. Ататүрк тілінде köñlek, қазақ, қарақалпақ, құмық, ноғай тілдерінде köilök. Ауслaut позициясында атақыпшақ тілінен келген ñ дауыссызы қазіргі қыпшақ тілінде де қолданылады. Мысалы: қазақ, қарақалпақ, алтай, башқұрт, карачаевобалқар, ноғай, құмық тілдерінде таñ (таң) [126].

Ж. Аралбаев ñ соноры чуваш тілінде ешбір қолданылмайтынына, оның орнына тіл алды п келетініне көңіл бөліп, келесі мысалдар келтіреді: қазақ тілінде: аñ, жеñ, теñiz, таñ, туñла, қалуñ, жеñil, чуваш тілінде an, jen, teniz, tan, tynla, qalyn, jenil. Кейбір қыпшақ тілдерінде ñ дауыссызы п-ға ауысады. Қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде tereñ, татар, башқұрт тілдерінде tirän. Бұл құбылыс талай қыпшақ тілдерінің диалектінде кездеседі. Мысалы қазақ тілінде: qaluñ/qalyn (қалың), tereñ/teren (терең), ierteñ/ierten, (ертең) qaiyuñ/qaiyn (қайын). Атақыпшақ тілінде ñ дауыссызы аффикстердің соңында болатын. Осы жағдай қазіргі қыпшақ тілінде ілік жалғауында сақталған: туñ/ дуñ/ нуñ [11, б. 62].

Н тілдің түбі мен артқы таңдайдың жуысуынан жасалатын увуляр, спирант қатаң фонема. Н спиранты мен q шұғылының ерекшелігі негізінде артикуляциялық жолында: q – ны айтқанда тілдің артқы бөлегі таңдайдың артқы шеніне нық жабысуынан жасалады, ал h фонемасы тілдің артқы бөлегі мен таңдайдың артқы шені жуысуынан жасалады. Сондықтан q шұғыл да h ызың Н дауыссызы ататүрік пен атақыпшақ тілінде одағайлардың ғана аяқ жағында қолданылатын. Мысалы қазақ тілінде Ah! Oh! Uh! Ол фонологиялық оппозицияны тек увулярлы фонемалармен құрайды. Мысалы қазақ тілінде: aq (ақ), oq (оқ), uq (ұқ). Сөйлеу сөзде әр дыбыс сөз құрамында болып, қасындағы көрші дыбыстармен қатынасқа түсіп ассимиляция, диссимиляция процесіне ұшырап басқа дыбысқа айналуы мүмкін. Сондықтан ататүрк, атақыпшақ тіліндегі дыбыс варианттарынан бізге керек вариант қайсысы екенін білу қиын. Түркітанушылардың пікірлері бойынша, h фонемасы араб-иран тілдерінен енген сөздерде айтылады: habar, hat, hyzmet, dihan, ashana [127].

Ж. Аралбаевтың айтуынша, түркімен, татар, құмық, ноғай тілдеріне қарағанда, қазіргі азербайжан, өзбек, ұйғыр тілдерінде h ызыңы араб-иран тілдерінен енген кірме сөздерде жиі айтылып, дербес фонема сапасында қолданылады. Яғни сөздің мағынасын ажыратуға себебі бар – фонемалық дыбыстың бірінен саналады. Ал екінші бір топ түркі тілдерде (чуваш, хакас, тува, алтай, гагауз, қырғыз, қараим, балқар тілдері) спиранты дербес фонема сапасында қолданылмайды. Өзге түркі тілдерінің байырғы сөздерінде келетін s қатаңы қазіргі башқұрт және якут тілдерінде көбіне h спирант түрінде айтылады: башқұрт тілінде: hau (су), hajlau (сайлау), hin (сен), hary (сары), hakał (сақал), habyn (сабын), han (сан), якут тілінде: kisi (кісі), basy (басы), qyhyn (қысын). Күншығыс тілдерінен ауысқан сөздерде h спиранты қазіргі қазақ тілінде бірде қатаңданып тіл арты q дыбысқа ауысса, бірде түсіп қалып айтылады: азербайжан тілінде – hazyr, өзбек тілінде – haivon, ұйғыр тілінде –

haiuan, қарақалпақ тілінде – haiuan, қазақ тілінде – qaiuan [11, 66]. Түркітанушылар атақыпшақ дауыссыз фонемаларының құрамын келесі кестеде көрсетеді. Түркітанушылар қыпшақ тілдеріндегі дауыссыз дыбысқа қатысты заңдылыққа назар аударады. Ол дауыссыз дыбыстардың жасалу орнына қарай бір топқа жататындары бір-біріне ауыса алатынығы айқын көрінеді.

Кесте 21 – Атақыпшақ дауыссыз фонемаларының құрамы

	еріндік	тілалды	тілортасы	Увулярлы көмей
Жабысыңқы қатаң ұяң	<i>p</i> <i>b</i>	<i>t</i> <i>d</i>	<i>k</i> <i>g</i>	(<i>Q</i>) (<i>γ</i>)
Жуысыңқы қатаң ұяң	<i>w</i>	<i>z</i>	<i>s, š</i> <i>j</i>	(<i>h</i>)
Аффрикат қатаң ұяң		<i>č</i> <i>ž (ž)</i>		
Сонант бүйір (созылыңқы) Үнді діріл	<i>m</i>	<i>n</i>	<i>l</i> <i>r</i>	<i>ŋ</i>

1. Еріндік дауыссыздар: $p > b > m > w > 0$;
2. Тілалды дауыссыздар: $t > d > l > n, t > d > th > i(\text{й}) > 0, \check{z} > c > s, c > \check{z} > \check{z} > j > 0; \check{z} > \check{z} > z, r > z$.
3. Тілортасы дауыссыздар: $q > \gamma > \eta, k > g > \eta, \gamma > j > 0, g > j > 0, \eta > j$.

Ал жасалу орнына қарай басқа топқа жататын дыбыстардың бір-біріне ауысуы өте сирек кездеседі: $\gamma > w > 0$.

Түркітанымдық зерттеудің өзекті тұстарының бірі туыстас тілдердің лексикалық құрамын, грамматикалық құрылымын, синтаксистік жүйесін өзара бір-бірімен салыстыра зерттеу болып табылады. Түркі тілдерінің грамматикалық құрылымы, лексикалық құрамы, коммуникативтік жүйесі бір-біріне қаншалықты жақын болғанымен де, әрқайсысының дыбыстық жүйесінде тарихи түрлі жағдайларға байланысты қалыптасқан өзіндік айырмашылықтары бар екені де белгілі [128].

Қазақ және түркі тілдеріндегі дыбыстық өзгерістер тілдің жалғамалық құрлысымен, үндестік заңы, дыбыстардың дивергенция мен конвергенция, фонологизация тағы басқа да дыбыстық құбылыстармен байланысты қарастырылады [129].

Түркі тілдерінде барлық дауыстылар мен дауыссыздардың пайда болу тарихын шыққан тегі, арғы тегі, түпкі тегі болады.

Дыбыстарды тексеріп білудегі негізгі белгі – оның акустикалық қасиеті, яғни оның ұяң және қатаң болуы. Сонымен дыбыстар бір-бірімен тығыз байланыста өмір сүреді, бөлек-бөлек емес және алғашқы болып жүретін – ол қатаң дауыссыз дыбыстар [130]. Сонымен, түркі тілдерінің консонантизм

жүйесі даму барысында тарихи өзгеріске ұшырайтынын көрдік. Барлық тілдерге тән универсалды фонологизация құбылыстарының негізінде дыбыстар фонематикалық статусқа көтеріледі. Дыбыстардың позицияға байланысты аллофондары жеке фонемаларға айналып, мағына айқындау қасиетіне ие болады.

Үшінші тарау бойынша тұжырым

Бұл тарауда түркі тілдеріндегі вокализм және консонантизм жүйелерінің тарихи эволюциясы айырым белгілер теориясы негізінде талданып, дауысты және дауыссыз фонемалардың қалыптасу жолдары мен жүйелік сипаттары анықталды. Зерттеу нәтижелері түркі тілдерінің фонологиялық жүйесі тарихи дамудың әр кезеңінде айырым белгілердің қайта ұйымдасуына тәуелді болғанын, фонемалардың артикуляциялық және акустикалық параметрлерінің жүйелі өзгеріске ұшырағанын көрсетті.

Түркі тілдеріндегі айырым белгілердің тарихи өзгерістері қарастырылды. Ескі түркі дәуірінен қазіргі кезеңге дейін фонологиялық жүйеде орын алған жуан-жіңішке, еріндік-езулік, ашық-қысаң, қатаң-ұяң-үнді дәрежесі сияқты негізгі оппозициялардың тарихи даму динамикасы айқындалды. Тарихи фонетикалық құбылыстардың (редукция, диссимиляция, палатализация, лабиализация, қатаңдану, ұяңдану) айырым белгілердің жүйелік сипатына ықпал еткені дәлелденді. Айырым белгілердің тұрақты әрі инварианттық сипаты түркі тілдерінің ішкі генеалогиялық тұтастығын көрсетсе, олардың өзгермелі қырлары тілдердің жеке тармақтарға жіктелуінің негізін құрайтыны анықталды.

Дауысты фонемалардың айырым белгілерінің қалыптасуы мен дамуы талданды. Түркі тілдерінің вокализм жүйесі тарихи тұрғыдан жуан-жіңішке және еріндік-езулік оппозициясы арқылы ұйымдасатыны, бұл белгілердің ататілдік деңгейде негізгі айырым белгі екені анықталды. Уақыт өте келе кейбір тілдерде еріндік дауыстылардың шектелуі немесе айырым белгісі яғни дифференциациясы, жіңішке дауыстылардың күшеюі, сондай-ақ ашық-қысаң белгілердің қайта жіктелуі сияқты өзгерістер орын алғаны айқындалды. Дауыстылардың артикуляциясын тарихи тұрғыда сингармония жүйесінің әртүрлі түркі тілдерінде әрқилы деңгейде сақталуына ықпал еткені дәлелденді. Осылайша, дауысты фонемалардың айырым белгілері түркі вокализмінің типологиялық ерекшелігін айқындайтын негізгі фактор ретінде бағаланды.

Дауыссыз фонемалардың айырым белгілерінің тарихи дамуы сипатталды. Консонантизм жүйесінде жасалу орны, жасалу тәсілі, қатаң-ұяң оппозициясы, үнділік дәрежесі сияқты көпөлшемді айырым белгілердің қалыптасуы мен өзгеру жолдары қарастырылды. Ескі түркі кезеңінде қатаң-ұяң айырым белгісі үндіге қарағанда алғашқы болып табылады. Оған түркі тілдеріндегі тілдік деректер мен зерттеулер дәлел бола алады. Сол сияқты түркі тілдеріндегі

дауыссыздардың тарихи сипатында морфонологиялық алмасулардың рөлі зор екені, олардың айырым белгілердің сақталу немесе әлсіреу үрдістеріне ықпал ететіні нақтыланды.

Жалпы алғанда, түркі тілдерінің вокализм және консонантизм жүйелерінің тарихи эволюциясы айырым белгілер теориясы тұрғысынан дәйекті сипатталды. Дауысты және дауыссыз фонемалардың айырым белгілер жүйесінің тарихы, қайта құрылуы түркі тілдерінің фонологиялық типологиясын анықтайтын басты критерий ретінде танылды. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер түркологиялық фонологияда фонемалардың тарихи моделін құруға, айырым белгілерге негізделген салыстырмалы талдаулар жүргізуге және түркі тілдерінің дыбыстық жүйесін кешенді сипаттауға ғылыми тірек болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі кезеңде қазақ тілінің фонологиясы, фонетикасы және интонологиясының ғылыми негіздерін қалыптастырып, жүйелеуге айрықша үлес қосқан зерттеушілер қатарына Б. Қалиев, С. Мырзабеков, Т. Галипов, Ә. Жүнісбеков, М. Жүсіпов, Ж. Әбуов, Н. Уәли, З. Базарбаева, С. Исаев және басқа да ғалымдарды жатқызуға болады. Сонымен қатар Қ. Күдерінова, О. Жұбаева, А. Фазылжан, С. Ақымбек, Ж. Жұмабаева, Н. Әміржанова сияқты зерттеушілердің еңбектері қазақ тілінің фонетикасына қатысты көптеген өзекті мәселелердің теориялық және практикалық тұрғыдан талдануына негіз болып отыр.

Қазіргі қазақ тіл білімінде сегментті және суперсегментті бірліктердің табиғатын, олардың артикуляциялық, акустикалық және функционалдық сипаттарын анықтауға бағытталған кешенді зерттеулер жүргізіліп келеді. Бұл бағыттағы еңбектерде қазақ тілі материалдары түркі тілдерінің ғылыми деректерімен салыстырмалы түрде қарастырылып, дыбыс жүйелерінің синхронды және диахронды құрылымы анықталуда.

Түркі тілдерінің дыбыстық жүйесі тарихи тұрғыдан ортақ фонетикалық заңдылықтарға негізделгенімен, әр тілдің жеке даму жолы ондағы фонологиялық процестердің өзіндік ерекшеліктері бар. Әрбір түркі тіліндегі фонологиялық құбылыстардың әртүрлі жолдармен дамуы сол тілдің ішкі эволюциялық механизмдері мен сыртқы тілдік-әлеуметтік факторлардың әсерінен туындайтыны белгілі. Сондықтан түркі тілдері тек қызметі жағынан ғана емес, құрылымы мен фонологиялық жүйесінің құрамында да айтарлықтай айырмашылықтарға ие. Бұл ерекшеліктер олардың тарихи қалыптасу кезеңдері мен тілдік өзгерістердің бағыттарына байланысты анықталатын күрделі жүйелі құбылыстар ретінде қарастырылады.

Тіл білімінің фонетика саласындағы басты мәселелердің бірі – айырым белгілер теориясы. Тілдің дыбыс құрамын анықтап, оның дыбыс жүйесін сипаттау тек айырым белгілер теориясы арқылы орындалады. Айырым белгілер теориясының барлық тілдер үшін маңызы зор. Өйткені осы күнге дейінгі қазақ фонетикасына арналған оқулықтар мен оқу құралдарында, монографиялар мен ғылыми еңбектерде қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық сипаттамасы ішінара берілгенімен, жүйе ретінде дыбыстардың айырым белгілері немесе айырым белгі теориясы профессор Н. Уәли, академик З. Базарбаеваның еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Яғни қазақ тіл білімінде айырым белгілер теориясын қалыптастырып, соның негізінде қазақ тілі дыбыстарының айырым белгілер құрамын анықтап шығу өзекті болып табылады. Тіл дыбыстарының айырым белгілері фонологиялық бірліктер болғандықтан, оның құрамы әр тілдің өзіне лайық болады. Сондықтан да қазақ тіл дыбыстарының айырым белгілері қазақ тілінің өзіне ғана тән белгілі бір заңдылықтары бойынша

фонологияда анықталады. Себебі айырым белгілердің бәрі фонологиялық негізден туындайды.

Түркі тілдеріндегі фонемалардың айырым белгісінің ортақ және өзара ерекшеленетін белгілері бар. Кез келген айырым белгі ішінен өзара жіктеледі. Мысалы: дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып жіктелуінің өзі олардың айырым белгілерін көрсетеді. Егер фонологиялық белгі бір дыбысқа тән, ал екінші дыбысқа тән болмай шықса, онда оны айырым белгі деп атаймыз. Фонологиялық белгі бір не бірнеше дыбысқа тән болса, онда оны ортақ белгі деп атаймыз. Фонологиялық белгі дыбыстардың жұптасуына қарай ортақ болуы да, айырым болуы да мүмкін. Сол себепті де ең алдымен жұмыс аппараты ретінде фонема деген ұғымды анықтап алуға тура келеді. Соңғы жылдардағы еңбектерде «фонема» ұғымына мынадай анықтама беріліп жүр. Сөз ағымында әртүрлі дыбыстар айтылады, олардың айтылу түрі көп, шегі жоқ, бірақ олар орайласып бір дыбыс типін құрайды, оны біз фонема дейміз. Демек, фонема – тілдің ең шағын функционалды бірлігі, сөз мағынасы мен сөз тұлғасын ажырататын және оның құрамында болатын дыбыс типі. Осымен байланысты фонема ең алдымен сөз мағынасын ажырату керек, сөз жасалуы керек, жеке тұрғанда белгілі бір айырым белгіге ие болуы керек.

Фонемалардың ортақ қасиеттері бар екені белгілі, сонымен қатар олардың жеке тілдерге тән айырым белгілері де байқалады. Түркі тілдерін туыстас белгілері мен генеалогиялық классификациясына сүйене отырып топтастыру маңызды болып табылады, бұл олардың дыбыс жүйесін диахрондық перспективада фонетика-фонологиялық тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді. Қазақ тіліндегі фонология мен тарихи фонетиканың тіл біліміндегі орны мен рөлін айқындау қажет, сонымен қатар фонемалардың айырым белгілер теориясының маңыздылығы мен фонема қалыптасуындағы қызметін көрсету маңызды. Салыстырмалы-тарихи әдістерді қолдана отырып, түркі тілдеріндегі вокализм және консонантизм жүйелерінде көрінетін фонемалардың айырым белгілерін зерттеу, олардың қазіргі қалпын, тарихи даму жолдары мен кезеңдерін анықтау мүмкін болады. Туыстас түркі тілдеріндегі фонемалардың айырым белгілерінің тарихын сипаттауда синхрондық кезеңді талдау маңызды рөл атқарады, сонымен қатар жазба тарихи материалдар, оның ішінде Орхон-Енисей жазбалары мен басқа да ескерткіштер зерттеуде негізгі материал болды. Қазақ тіліндегі фонемалардың айырым белгілер теориясын қалыптастыру барысында басқа туыстас тілдердің материалдары салыстырылды. Сонымен қатар барлық тілге тән универсалды фонологизация құбылыстарының механизмі көрсетіліп, фонема қалыптасуында айырым белгінің фонологиялық қызметі анықталды.

Фонема айырым белгілер арқылы сипатталатыны белгілі. Фонеманың құрылымдық жағынан айырым белгілері арқылы ғана ерекшеленеді. Бұл белгілер басқа фонемалармен ортақ және ерекше болып келеді. Осымен байланысты кейбір белгілер фонеманың өзіндік ерекшелігін танытып, өзгеше

фонемалардан ажыратуды мақсат етеді. Демек, фонемаларды белгілеу және дифференциалды белгілерді айқындау маңызды болып табылады. Осы жағынан алғанда зерттеуде фонемалар тең дәрежелі емес екені, яғни жүйе құрылымының бірізді еместігі жан-жақты қарастырылды.

Түркі халықтарының өзіне тән даму, қалыптасу тарихы бар. Ешбір тайпа, халық және ұлт тарихсыз болмайды. Әрбір халық ұлт болып қалыптаспас бұрын әртүрлі тарихи кезеңдерді бастан кешіретіндігі белгілі. Қай халықтың фонологиясы зерттеу нысаны етіп алынса да, алдымен оның жазуының ерекшелігі мен тарихын назардан тыс қалдыруға болмайды. Түркі тілінің тарихында ең алғашқы жазумен байланысты зерттеулер Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін негізге алады. Сол себепті зерттеу жұмысымызда де ең алдымен жұмысымызда осы күнгі фонологияның негізі қайдан басталады және олар белгілі бір тілдің дыбыстық жүйесін бере ала ма, өзінің даму тарихы барысында қандай дыбыстық өзгерістерге ұшыраған деген мәселеге мән бере отырып, дыбыстардың айырым белгісі қарастырылды.

Жұмыста фонемалардың айырым белгілер теориясы түркі тілдердің материалында диахрондық аспектіде алғаш рет қарастырылды. Фонемалардың тарихи кезеңдердегі позициялық өзгерістердің негізінде фонологизацияланған түрлері айқындалып, қазақ тілі фонологиялық жүйесінің эволюциясы көрсетілді. Фонемалардың айырым белгілері тілдің дамуына сәйкес мағына айқындау қасиетіне ие болатыны анықталды. Бірөлшемді және көпөлшемді айырым белгілердің еліктеуіш сөздерден келуі қазақ тіл білімінде алғаш рет дәлелденді. Дыбыстардың позицияға байланысты аллофондары жеке фонемаларға ауысуы зерттеліп, айырым белгілердің дамуының негізінде дыбыстардың фонематикалық статуска көтерілуі көрсетілді. Түркі тілдеріндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың ерекшелігі мен ұқсастықтарын салыстыру негізінде көне түркі тіліндегі айырым белгілердің өзгеру процестері айқындалды. Қазақ тіліндегі фонологиялық құбылыстар ретроспекция және проспекция арқылы салыстыра қарастырылып, олардың қызметі мен заңдылықтары анықталып, айырым белгілердің ерекшеліктері сипатталды.

Бұл зерттеулерде түркі тілдерінің түп негізін жобалау, ортақ даму заңдылықтарының бүгінгі түркі тілдеріне қатысы туралы мәселелер мен түркі тілдері салыстырмалы грамматикасына қатысты тың пікірлер туыстас тілдерге ортақ негізде қарастырылды. Зерттеуде түркі тобына жататын тілдердің қыпшақ тобындағы – қазақ, қырғыз, оғыз тобындағы – түрік, әзербайжан және қарлұқ тобындағы – өзбек, ұйғыр тілдерінің бір-бірінен ортақ түркілік ұқсастықтары мен әр тілдің өзіне тән қандай да бір айырмашылықтарын көрсетуге, тілдік себебін анықтауға тырыстық.

Қазіргі қазақ тілі мен түркі тілдерінің материалдарын, жазба ескерткіштер тілінің, қазақ тілі мен көршілес қырғыз және түрік тілдері материалын салыстыра отырып, қазақ тілі дыбыстық жүйесіндегі айырым белгілерінің тарихи негіздері анықталды. Тілдің даму процесімен бірге дивергенция

құбылысының нәтижесінде дыбыстардың позицияға байланысты аллофондары айырым белгілердің негізінде жеке фонемаларға ауысатындығы қарастырылды. Туыстас түркі тілдерінің вокализм мен консонантизм жүйелерін бір-бірімен салыстыра отырып, олардың ұқсастығы мен ерекшеліктері айқындалды және соның нәтижесінде фонетикалық жүйелердің тарихи даму кезеңдері белгіленді. Айырым белгілердің даму жолдарын анықтау үшін синхронды және диахронды лингвистика зерттеулердің басын қосып, тілдің диахронды фонологиясы мен оның фонетикалық жүйесінің тарихы қарастырылды. Диахрондық фонологияның нысанына айналған дыбыстардың фонологизациялану құбылысы айырым белгілердің жүйесін қайта қалпына келтіру негізінде анықталды және дивергентті құбылыстардың негізінде айырым белгілердің даму жолы көне түркі тілінен келе жатқан дыбыс жүйесін тарихи кезеңге жіктеу арқылы түсіндірілді. Қазақ тілінің фонологиялық жүйесінде бірөлшемді және көпөлшемді айырым белгілер сөздерде және сөзтұлғаларда мағына ажыратушы қызмет атқаратындығы дәлелденді.

Зерттеу жұмысында айырым белгі теориясы түркі тілдердің материалында диахрондық аспектіде қарастырылды. Сондай-ақ фонемалардың айырым белгілері тілдің дамуына сәйкес мағына айқындау қасиетіне ие болатыны анықталды. Бірөлшемді және көпөлшемді айырым белгілердің еліктеуіш сөздерден келуі қазақ тіл білімінде алғаш рет дәлелденді. Осыған сәйкес түркі тілдеріндегі дыбыстар бірден фонема деңгейінде жұмсалмағандығы дәлелденіп, дыбыстар айырым белгілерге қарай бірден жіктеле қоймағандығы анықталды.

Қорыта айтқанда, қазақ тілінің тарихи фонологиясын туыстас қыпшақ тілдерімен салыстырмалы-тарихи аспектіде қарастыру зерттеудің теориялық мәнін айқын көрсетеді. Мұндай салыстыру қазақ тіліндегі фонетикалық құбылыстардың төркінін, олардың эволюциялық бағыттарын, прототүркі және орта түркі дәуірлерімен сабақтастығын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің практикалық маңызы тарихи фонологияның нәтижелері тарихи грамматика, тарихи лексикология, этимология салаларындағы шешімін таппаған мәселелерді анықтауға, олардың даму жолдарын түсіндіруге және жалпы түркітанудағы реконструкция жұмыстарын толықтыруға жол ашады. Осылайша, тарихи фонологиялық талдау қазақ тіл білімінің әрі теориялық, әрі қолданбалы бағыттарына тікелей үлес қосатын маңызды ғылыми негіз ретінде бағаланады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. – М., 1963. – Т. 1. – 391 с.
- 2 Щерба Л.В. Фонетика французского языка. – М., Высшая школа 1957. – 309 с.
- 3 Трубецкой Н.С. Основы фонологий. – М.: Аспект Пресс. 2000. – 351 с.
- 4 Реформатский А.А. Из истории отечественной фонологии. – М., Наука, 1970. – 527 с.
5. Аванесов Р.И., Сидоров В.Н., Очерк грамматики русского литературного языка: Фонетика и морфология. – М., Наука, 1945. – 236 с.
- 6 Батманов И.А. Фонетическая система современного киргизского языка. – Фрунзе, 1946. – 164 с.
- 7 Кобалаева И.З. Понятие фонемы в языкознании и принципы фонологического анализа: дисс. ...док. филол. наук: 10.02.02 – казахский язык. – Тбилиси, 1985. – 386 с.
- 8 Байтұрсынов А. Тіл-кұрал. – Қызылорда, 1925. – 73 б.
- 9 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
- 10 Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – 312 б.
- 11 Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алма-Ата: Ғылым 1988. – 144 б.
- 12 Жунисбек А. Проблемы сингармонической фонологии и фонетики // Тілдік жүйе және құрылым. – Алматы: Ғылым, 1991. – 170 б.
- 13 Джусупов М. Фонемография А. Байтұрсынова и фонология сингармонизма. – Ташкент: Узбекистон, 1995. – 176 с.
- 14 Базарбаева З. М. Қазақ тілі: интонология, фонология. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 324 б.
- 15 Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы: оқу құралы – Алматы, Дәуір-Кітап, 2013. – 220 б.
- 16 Уәлиев Н. Графика. Орфография. Орфоэпия. – Алматы, 2018. – 250 б.
- 17 Қазақ тілінің энциклопедиясы. – Алматы, 1988. – 257 б.
- 18 Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1961. – 162 с.
- 19 Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казах-киргизского языка. Фонетика и этимология. СПб., – М.: 1894. – Ч I. – 72 с.
- 20 Радлов В.В. Фонетика северных тюркских языков. – М.: Лейпцих, 1883. – 96 с.
- 21 Хусаинов К., Радлов В.В. и казахский язык. – Алма-Ата, 1981. – Наука, 170 с.
- 22 Шнайдер В.А. Радлов В.В. және қазіргі қазақ тілі фонетикасы. – Алматы, ҚДА, 2003. – 29 б.

- 23 Будагов Л.З. «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» – М.: 1869. – 800 с.
- 24 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика. – Алматы, Мектеп 1975. – 302 б.
- 25 Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Ленинград, Наука, 1984. – 204 с.
- 26 Базарбаева З.М. Қазақ фонологиясының негіздері. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 120 б.
- 27 Базарбаева З.М. Фонема туралы бірер сөз // Хабаршы. 2004. – №3. – Б. 25-28.
- 28 Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – М.: Наука, 1988. – 207 с.
- 29 Аманжолов С. Памятники древнетюркской письменности в их отношении к современным тюркским языкам // Орхонские надписи. – Семей: Дәуір, 2001. – С. 131-133.
- 30 Жұмабаева Ж. Түркі тілдеріндегі дауыстылардың фонологизациялануы: филол. ғылым. канд. ...дисс. 10.02.06 – түркі тілдері. – Алматы, 2006. – 130 б.
- 31 Киекбаев Д. Г. О передвижении гласных в башкирском языке // Учен.зап. Башк.пед. ин-та., VIII. Серия филологическая, №2. – Уфа, 1956. – 222 с.
- 32 Базарбаева З. Фонологизация құбылыстарының тарихи негіздері // Академик Рәбиға Сыздық және қазақ тіл білімінің мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2004. – Б. 32-36.
- 33 Омаров Е. О сочетании звуков казакского языка // 1920-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Қарғанды, 1994. – Б. 23-32.
- 34 Щерба Л.В. Теория русского письма. – Ленинград. 1983. – 119 с.
- 35 Аванесов Р.И. Фонетика современного русского литературного языка. – М.: Издательство Московского университета, 1956. – 240 с.
- 36 Большой энциклопедический словарь. Языкознания. – М., 1998. – 685 с.
- 37 Закиев М.З. О тюркской морфонологии // Советская тюркология, 1984. – №1. – С. 86-94.
- 38 Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. – Алматы, Ғылым, 1986 – 192 б.
- 39 Жүнісбеков Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2018. – 368 б.
- 40 Ахманов О.С. Фонология, морфонология, морфология. – М.: Издательство МГУ 1966. – 108 с.
- 41 Зиндер Л.Р. Общая фонетика. – М.: Высшая школа, 1979. – 312 с.
- 42 Кукушкина О.В. Морфонология современного русского литературного языка: Учебник. – М.: Издательство Московского университета, 2016. – 337 с.
- 43 Касевич В.Б. Морфонология. – Л., 1986. – 261 с.

- 44 Аронсон Г. Морфонология болгарского словоизменения. – М., 1974. – 261 с.
- 45 Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы. – Алматы, Санат 1995. - 136 б.
- 46 Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы мен лексикологиясы. – Алматы, 2006. – 272 б.
- 47 Уәлиев Н. Қазақ грамматикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері: Филол. Ғылым.канд...дисс: 10.02.02 – қазақ тілі. – Алматы, 1993. – 162 б.
- 48 Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тілбілімі // Профессор. Құдайберген Жұбановтың 90 жылдығына арналған конференция – Алматы, 1990. – 61-69 бб.
- 49 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. – М.-Л., 1951. – 451 с.
- 50 Ескеева М.Қ. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері және қазіргі қыпшақ тілдеріндегі моносиллабтардың құрылымдық ерекшеліктері. филол. ғылым. док. ...дисс. 10.02.06 – түркі тілдері. – Алматы 2007. – 300 б.
- 51 Нұрмаханова Н.Ә. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1971. – 300 б.
- 52 Қортабаева Г.Қ. Қ 66 Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы: оқу құралы / Г.Қ. Қортабаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 302 б.
- 53 Қайдар Ә., Оразов. М. Түркітануға кіріспе. – Алматы, 2004. – 360 б.
- 54 Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, Мектеп, 1986. – 180
- 55 Баскаков Н.А. Тюркские языки. – Москва, 1960. – 286 с.
- 56 Түймебаев Ж., Ескеева М. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық жүйесі (VI-IX ғғ.) Ж.Түймебаев, М.Ескеева. Екінші басылым. - Алматы, 2016. – 368 бет. ISBN 978-9965-22-513-0.
- 57 Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России: Дооктябрьский период. – Ленинград: Наука, 1982. – 360 с.
- 58 Сравнительно-историческое грамматика тюркских языков. Региональные реконструкция / Отв.ред Э.Р. Тенишев. – М.: Наук, 2002. – 797 с. ISBN 5-02-022639-6.
- 59 Исхаков Ф.Г. Общая характеристика тюркского вокализма // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Фонетика. – Москва: Изд. АН СССР, 1955. - Ч.1. – 334 с.
- 60 Қаржаубай С. Орхон мұралары. 1 кітап. Астана: Күлтегін баспасы, 2003. – 392 б.
- 61 Жапаров Ш., Сыдыкова Т. Азыркы кыргыз тилинин фонетикасы. Оқу китеби. – Бишкек: МТМИ, 2013. – 337 с.

- 61 Айдаров Ғ., Томанов Құрышжанов Ә. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 272 б.
- 62 Закиев М. З. Современный татарский литературный язык. Фонетика и морфология. – Казань: Татарское книжное издательство, 1963. – 140 с.
- 63 Якобсон Р.О. Избранные работы. – М.: Прогресс, 1985. – 454 с.
- 64 Юдахин К. К. Грамматика киргизского языка. Фонетика и морфология. – Фрунзе: Илим, 1965. – 471 с.
- 65 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. – М.-Л., 1951. – 451 с.
- 66 Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Региональные реконструкции / Отв. ред. Э.Р. Тенишев. – М.: Наука, 2002. – 767 с.
- 67 Реформатский А.А. Введение в языкознание. - М.: Аспект Пресс, 1996. – 536 с.
- 68 Трубецкой Н.С. Основы фонологий. – М.: Аспект Пресс. 2000. – 352 с.
- 69 Базарбаева З.М. Фонема теориясы туралы бірер сөз // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл мен әдебиет сериясы. – Алматы, 2004. - № 3. – Б.20-28.
- 70 Строй казахского языка. Фонетика. – Алматы, 1991. – 120 с.
- 71 Zhumabayeva Zh.T.; Ospangaziyeva N.B.; Bazarbayeva Z.M.; Fazylzhanova A.M.; Amanbayeva A.Zh. The historical change of the vowels a/ə/e in turkic languages. // Theory and Practice in Language Studies, Vol. 14, No. 7, pp. 2037-2045, July <https://tpls.academypublication.com/index.php/tpls/article/view/8427>
- 72 Бондарко Л.В., Зиндер Л.Р. О некоторых дифференциальных признаках русских согласных фонем // Вопр языкознания, 1966. - №1. – С. 50-57.
- 73 Жүнісбеков Ә. Қазақ фонетикасының ғылымикурсын жасаушы // Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. – Алматы: Ғылым, 1990. – Б.191-196.
- 74 Реформацкий А. А. Введения в языкознания. – М., 1967. – 536 с.
- 75 Үсәналиев С. Кыргыз тилинин справочниги. – Бишкек: «Турар», 2010. – 23 с.
- 76 Ergin M. TürkDilBilgisi. İstanbul, 1994. – P. 300.
- 77 Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. – М., 1955. – 502 с.
- 78 Jakobson R. Typological studies and their contribution to historical comparative linguistics. Selected writings, I. s-Gravenhage, 1962. – 531с.
- 79 Кузнецов П.С. О деференциальных признаках фонем. – М., 1970. – 493
- 80 Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград, 1970. – 204 с.

- 81 Гаджиева Н.Г., Серебренников Б.С. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. М., – 1986. – 74 с.
- 82 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Фонетика, морфология. – Алматы, 1981. – 180 б.
- 83 Айдаров Ғ., Томанов Құрышжанов Ә. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 272 б.
- 84 Сағындықұлы Б. Қазақ тілінің тарихы. Жаңа курс. – Алматы, Қазақ университеті, 2011. – 145 б.
- 85 Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Ч.1. Фонетика и морфология. – М., 1952. – 542 с.
- 86 Базарбаева З.М. Қазақ тілі: интонология, фонология. – Алматы, 2008. 284 б.
- 87 Соколова В.С. О вариантах фонемы. – Л., 1948. – 350 с.
- 88 Кузнецов П.С. Об основных положениях фонологии. – Вop. языкознания, - М.: Наука, 1959. – №2. – С. 28-35
- 89 Ряснен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. – М., 1955. – 220 с.
- 90 Bazarbayeva Z.M., Zhalalova A.M., Ospangaziyeva N. Comparative and typological features of consonant system in Turkic languages // Turkic Studies Journal. 2025. Vol. 7. No 3. P. 166-185. DOI:<http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-3-166-185>
- 91 Сағидолда Ғ.; Жамбулова Қ:Қ. Түркі лексикографиясының теориялық-методологиялық негіздері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – №2. – Б. 28 –37.
- 92 Кузнецов П.С. О дифференциальных признаках фонем. – М., 1970. – 493 с.
- 93 Бондарко Л.В., Зиндер Л.Р. О некоторых дифференциальных признаках русских согласных фонем. // Вop. Языкознания. – 1966. – №1. – С. 179-185.
- 94 Қазақ тілінің шығу тарихы: Фонетика. – Алматы, 2013. – Т.1. – 344 б.
- 95 Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1988. – 115 б.
- 96 Ахметов З. Қазақ фольклоры мен әдебиетінің түркілік негіздері. – Астана: Елорда, 2002. – 448 б.
- 97 Топоров В.Н. Сравнительно-историческое языкознание // Большой энциклопедический словарь. Языкознание. – М.: Большая Российская энциклопедия, 1998. – С. 486-490.
- 98 Джунибеков А. Гласные казахского языка. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 92 с.
- 97 Томанаов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 20002. – 616 б.

- 98 Сабыр М.Б. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIVғасыр жазба ескерткіштері негізінде): Монография. – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2004. – 316 б.
- 99 Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – М., 2002. 180 с.
- 100 Түймебаев Ж., Ескеева М. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық жүйесі. – Астана: ТОО «Prosper Print», 2013. – 336 б.
- 101 Томанаов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 20002. – 616 б.
- 102 Аханов К. Тіл білімі негіздері. – Алматы, Ғылым, 2002. – 264 б.
- 103 Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – М-Л., 1956. – 570 с.
- 104 Гаджиева Н.Г., Серебренников Б.С. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – М., 1986. – 74 с.
- 105 Базарбаева З.М. Фонеманың айырым белгілері // А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. 2008. – №2. – Б. 36-45.
- 106 Томанов М. Историческая грамматика казахского языка: Фонетика, морфология. – Алма-Ата: Мектеп, 1981. – 207 с.
- 107 Ескеева М. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі – Алматы, 2007. – 360 б.
- 108 Bazarbayeva Z., Ospangaziyeva N., Zhalalovac A., Koptleuova K., Karshigayeva A. Syllable Theory and Diachronic Phonology: Vocalism and Consonantism in Turkic Languages // Eurasian Journal of Applied Linguistics 10 (1) (2024) 50-59 pp, 2024 (Scopus). <https://ejal.info/menuscript/index.php/ejal/article/view/685/224>
- 109 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.
- 110 Мұсабаев Ғ.Ғ. Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан. – Алматы: Мектеп, 1969. – I бөлім. – 155 б.
- 111 Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. – Алматы, 1965. – 195 б.
- 112 Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – М-Л., 1956. – 570 с.
- 113 Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – А., 2002. – 368 б.
- 114 Чеченов А.А. Историческая фонетика карачаево-балкарского языка. – М., 1966. – 334 с.
- 115 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. –1989. – Т. 1. – 768 с.
- 116 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Павлодар: С.Торайғыров ат. Павлодар мемлекеттік ун-ті, 2010. – 262 б.
- 117 Ақымбек С.Ш. П.М. Мелиоранский және қазақ тілі фонетикасы: 10.02.02 – қазақ тілі. филол. ғылым. канд. ... дисс. – Алматы, 2003. – 130 б

- 118 Исхаков Ф.Г. Общая характеристика тюркского вокализма // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Ч.1 Фонетика. – М.: Изд. АН СССР, 1955. – 334с.
- 119 Базарбаева З.М. Түркі (қыпшақ) тілдеріндегі дауысты дыбыстардың (вокализм) эволюциясы. // Тілтаным – Алматы, 2023. – № 1 (89). – Б. 25-30.
- 120 Ölmez M. Old Turkic Script System // Türkoloji Araştırmaları. Çukurova Üniversitesi, 2016. P. 1-9
- 121 Фазылжанова А. Ататүркілік *t дыбысының қазақ тіліндегі рефлексациясы // Тілтаным – Алматы, 2010. – № 4 (40). – Б. 136-141.
- 122 Мусаев К.М. Кыпчакская группа (Введение, Консонантизм, Гармония звуков, Морфология) // Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Региональная реконструкция. Под ред. Э.Р.Тенишева, М.: Наука, 2002 – 767 с.
- 123 Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – Алматы, Ғылым 1998. – 216 б.
- 124 Сауранбаев Н. Грамматика казахского языка. Учебник для педучилищ. – Алма-Ата, 1944. – 27 с.
- 125 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.
- 126 Айдаров Ғ. Орхон ескерткішінің тексті. – Алматы Ғылым, 1990. – 220 б. ISBN 5-628-00534-7.
- 127 Раева Г. Түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктері. Монография. Алматы: ЖК «LP-Zhasulan» 2021, – 154 б.
- 128 Күркебаев К.К. Қазақ және татар тілдерінің салыстырмалы лексика-грамматикалық жүйесі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – №5 (163). 2016. – Б. 87-91.
- 129 Базарбаева З.М. Қазақ фонологиясының негіздері. – Алматы, «Everest» 2022, – 460 б.
- 130 Сағындықұлы Б. Түбіртек теориясының негіздері // Тілтаным – Алматы, 2010. – № 2 (38). – Б. 3-17.